

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

4 ТОМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ

«ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН»
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

IV ТОМ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

НҰР-СҰЛТАН
2020

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ АВТОРЛАРЫ

Павлодар облысы

Қайыров Е.М.

Әбенова М.Қ.

Солтүстік Қазақстан облысы

Мәмбеталинов Р.М.

Баймүсенов Ж.О.

Маликова С.З.

Шығыс Қазақстан облысы

Сабырбай Қ.

Жүнісханов А.

Редакциялық алқа төрағасы:
Ақтоты РАЙЫМҚҰЛОВА

Бас редакторы:
Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ

Редакция алқасы:
АРТЫҚБАЕВ Жамбыл
АЯҒАН Бүркітбай
ӘЖІҒАЛИ Серік
ЕСІМ Ғарифулла
КАБУЛЬДИНОВ Зиябек
МҰХАМЕДИҰЛЫ Арыстанбек
ОЗҒАНБАЕВ Өмірзақ
САМАШЕВ Зайнолла

ӘОЖ 94(574) (031)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)я2
Қ15

Қасиетті Қазақстан. Төртінші том / Құраст.: А. Екімбаева, Г. Шауенова. –
Қ15 Нұр-Сұлтан, 2020. – 224 б.

564396

ISBN 978-9965-23-585-6

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында жазылған бұл еңбек рухани құндылығымызды жаңғыртатын бастама болмақ.

«Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясының төртінші томына Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының қасиетті орындары мен кешендері, киелі жерлері мен табиғи ландшафт ескерткіштері, ел тұтқасы болған тарихи тұлғалары енгізілді.

ӘОЖ 94(574) (031)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)я2

ISBN 978-9965-23-585-6 (Т. IV)
ISBN 978-9965-23-585-6

© «Туған жер» Қазақстандық
өлкетанушылар бірлестігі»
қоғамдық бірлестігі, 2020

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

Бүгінгі жаһандану заманында ұлттық мәдениетімізді жоғалтып алмай, оны дамыту өте маңызды. Мәдени сананың дамуы қоғам мен келешек ұрпақты жаңа сатыға көтерері анық. Ғасырлар бойғы ұлтымыздың сан қилы тарихының куәсі болған атамекеніміздің қойнауында халық ерекше қастерлейтін киелі жерлер көптеп саналады. Еліміздегі қасиетті нысандарды ұлттық құндылықтар қатарына енгізу ұлттық сананы жаңғыртудың бір жолы екендігі дау туғызбайды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Біз халықтың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап қалатын символдық қалқанымыз, ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы және бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі», – деп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі көздеген мақсаты – қасиетті орындар ұғымын халықтың жадына сіңіру арқылы қоғамдық сананы, ұлттық құндылықтарды жаңғырту, ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру екендігін баса көрсеткен болатын. Қасиетті жерлерді насихаттау арқылы қоғамдық, тарихи сананы қалыптастыруда атқарылып жатқан жұмыстардың маңызы ерекше. Қасиетті жерлердің тізіміне енген, мемлекет пен ұлттың тарихында үлкен рөл атқаратын, халықтың санасында қалған және әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алатын нысандар кітап болып жарыққа шығып, жинақталған деректер мен материалдар заманауи ақпараттық технологиялар, БАҚ өкілдері арқылы жұртшылыққа кеңінен насихатталуда. Бұл мәселе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасымен іске асуда.

А. РАЙЫМҚҰЛОВА,
ҚР Мәдениет және спорт министрі

РЕДАКЦИЯДАН


Алаштың ұлан-байтақ даласы қашанда киелі мекен, құтты қоныс аталып, әр сүйем жері қасиетті саналған. Ата-бабаларының әруағын сыйлап, шежірені қастер тұтатын халқымыз көне дәуірдің көзіндей болған әрбір тау-тасын, жазық даласын, үңгірін, өзен-көлін, қасиетті деп біліп, ерекше киелі жерлерге тағзым етіп келеді. Елдің тарихы мен тамыры әр ұлыстың, аймақтың сол жерді мекен еткен халықтың өткен өмір естеліктерінен құралатыны белгілі. Далалық мәдениетті қалыптастырған ата-бабаларымыз топырақ пен судың қадірін біліп, жер түгін тоздырмау үшін көшіп-қона жүріп, сайын даланың экожүйесіне бейімделді, табиғат ескерткіштерін сақтауды, табиғи сұлулықтың шырқын бұзбай, кие тұтуды, табиғатты тірі деп қабылдауды қалыптастырды. Сөйтіп, ұрпақ санасына туған жердің қайталанбас образын орнықтырды. Замана келбеті ғарыштық жылдамдықпен өзгеріп бара жатқан осы бір кезеңде барың мен жоғыңды безбендеп, тарихыңды түгендеу – ұлттық тұғырыңды бекіту жолындағы атқарылуы тиіс шаруаның негізгі міндеті болса керек. Ал оның астарында болашақ бағдарыңды айқындап, ұлт болып ұйысудың ұлы мұраты жатыр.


Ұлы Дала ұлт рухының негізі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан аумағындағы киелі жерлердің маңыздылығына тоқталған «Ұлытау – 2019» халықаралық форумында: «Біз, қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет», – дегеніндей, осы рухпен тәрбиеленер жас ұрпақ ұлт тарихына деген мақтаныш сезіміне бөленіп, оған айрықша құрметпен қарайтыны сөзсіз.


Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл энциклопедиялық еңбек Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары өңірлерінің тарихи-табиғи және ғылыми мәні зор мәдени мұраларын, әлеуметтік-саяси өмірлерінде маңызды орын алатын нысандары мен кешендерін, ел тұтқасы болған тарихи тұлғаларын қамтиды. Қазақстанның табиғи-географиялық бітім-болмысы, өзінің алуан түрлі қасиеттерімен қайран қалдырады. Уақыт озған сайын сол қасиетті мекендердің құпия сыры түрлі тылсым дүниеге, тарихи тұлғалары күшті рухқа айналады. Дала сахнасының төрінен көрініп, әлемді мойындатқан қазақтың ойшыл тұлғалары Абай, Шәкәрім, Мұхтар дүниеге келген Шығыс Қазақстан облысы тамырын тереңге тартқан тағылымды тарихымен ғана емес, талай дара тұлғалардың таба-

нының ізі қалған сырға толы шежіресімен де қастерлі. Шығыс Қазақстан өңірінде Алтай тауының ең биік шыңдарының бірі – Мұзтау тауы, өзіндік тарихы мен аңыздық сырға толы нысан – Қоңыр әулие үңгірі, сақ дәуірінен сақталған тарихи ескерткіш – Берел қорымы, көшпелілер тарихының куәсі – Шілікті мекені, сәулет өнері ескерткіші – Қозы Көрпеш – Баян сұлу күмбезі, т.б. сияқты аса құнды тарихи орындар көптеп саналады. Ал Асан қайғы бабамыздың «Ат ерін алмайтын жер екен. Бір түней кетемін деген адам, бір жұмаға қалады» деп сипаттама берген Кереку-Баян жері көз сүйсінер әсем табиғатымен ғана емес, топырағында аңызға айналған әулиелер мен ғұламалар дүниеге келген құт мекен ретінде ерекшеленеді. Бұл өңір Абылайды Сабындыкөл жағасында ақ киізге көтеріп, сұлтан қылып сайлаған, Бұқар жырау, Мәшһүр-Жүсіп, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаев сынды тұлғаларды тудырған, тарихи кезеңдердің куәсі «тастар қалашығы» мен өзінің бітімімен қайталанбас өзен-көлдері бар қазақ елінің алтын қазынасы болып табылады. Сол сияқты топырағында талай дүлдүл мен талант дүниеге келген қасиетті мекен Солтүстік Қазақстан облысы – тұнып тұрған тарих. Төрт мыңға жуық көлі бар, ата-бабаларымыздың жаз жайлауы, қыс қыстауы болған бұл аймақ табиғатымен де ерекше. Мұндағы 50 ғасыр бұрын қолға үйретілген жылқылардың арбаға жегілгені, қымыз ашытылғаны мойындалып, әлем ғалымдарының назарын өзіне аударған Ботай қонысы, б.д.д. 5-ші ғасыр жәдігерлеріне жатқызылған, скиф, сақ тайпалары өмір сүрген дәуірді дәлелдейтін археологиялық қазбалар табылған Байқара қорғаны, іргетасы XVIII ғасырда қаланып, ел жадында «Абылайханның ақ үйі» ретінде жатталып қалған кешенді музей сияқты ескерткіштер тарихи маңызға ие.

Қолдарыңызға тиіп отырған осы басылымда текті бабаларымыздың өмір жолын дәріптейтін қастерлі орындары, халық тарапынан ерекше құрметке ие сан ғасырлық тарихы бар киелі өлкелердің тарихи-мәдени мұралары мен әлеуметтік-саяси өмірлерінде маңызды орын алатын кешендері, ежелгі ескерткіштері, сонымен қатар этностар мен мәдениеттерді тоғыстыратын, ұлтқа, дінге байланыспайтын қасиетті нысандары ескерілді. Кітапқа ғалымдардың, аймақтық өлкетанушылар мен жазушылардың еңбектері пайдаланылды. Еңбектің жарыққа шығуына атсалысқан Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарындағы мәдениет басқармаларына, жергілікті тарихшылар мен өлкетанушыларға және тарихи-өлкетану музейлеріне алғысымызды білдіреміз.




ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ



ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ – Қазақстан Республикасының солтүстік-шығысында орналасқан. Сарыарқаға жататын Ертістің Павлодар өңірі – таңғажайып және қайталанбас тарихы бар көне өркениеттің бір бөлігі. Облыс аумағы көлемі орташа еуропалық мемлекет немесе тіпті Аустрия мен Швейцария сияқты екі ел сыйып кететін 124,7 мың шақырымды алып жатыр. Облыс солтүстікте Ресей Федерациясының Омбы, солтүстік-шығыста Новосібір облысы, шығыста Алтай өлкесімен, оңтүстікте Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарымен, батыста Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарымен шектесіп жатыр. Облыс шекарасының жалпы ұзындығы 2100 шақырым, оның ішінде 800 шақырымы Ресеймен арадағы шекара.

Павлодар облысының құрамына Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалалары, 10 аудан орталығы, 165 ауыл округі, 408 ауыл енеді. Облыс аумағында 1200-ден астам көл бар, олардың көпшілігі – тұзды, жүзге жуығы – тұщы көлдер. Ең ірі тұзды көлдер: Сілеті – 965, Жалаулы – 398, Қызылқақ – 180, Үлкен Әжболат – 110 шаршы шақырым.

Ертіс өңірінің жауһары, Қазақстанның ең көрікті аймақтарының бірі – Баянауыл. Ол Павлодар қаласынан 230 шақырым қашықтықта облыстың оңтүстік бөлігінде орналасқан. Бұл жердің табиғатының кереметіне таң қалмай тұра алмайсың: дөңесті дала, ежелгі обалар, мұнар үйірілген көгілдір таулар. Таулары биік емес, бірақ ерекше. Таулардан небір қалыптағы бітімдер ұшырасады. Кейбір тұстардан сақталған жартас жазулары мен ежелгі адамның қолтаңбасын көруге болады.

Сабындыкөл, Жасыбай, Торайғыр көлдері де сұлулығымен көз тартады. Көлдер мен бұлақтардағы су көздің жасындай мөлдір. Ел аузындағы аңыз-әңгімелердің бірінің желісі бойынша, Жаратушы жер бетіндегі барлық өңірлерге табиғат байлығын таратып болған соң, соңында қалған ең шұрайлы табиғатты Баянауылға сыйға тартқан деп айтады.

Бұл өлке – түркі халқының алтын бесігі болған Түркі қағанатының (551-603), Батыс Түрік қағанатының (603-704) құрамына кіріп, Ұлы Даланың даңқын әлемге әйгілі еткен көшпенділердің ізі қалған қасиетті жер. Ертістің орта тұсында IX-XI ғасырларда Қимақ қағанатының астанасы Қимақия қаласы орналасқан. Қимақтардың ірі 16 қаласы болған, олардың көпшілігі Ұлы Жібек жолы керуенінің солтүстік тармақтарында бой көтерген. Ал, XI-XIII ғасырларда Павлодар облысының аумағы әйгілі Қыпшақ мемлекеті – «Дешті Қыпшақтың» бір бөлігі болған. Сол кезеңде және одан кейін де бұл жерлерде қыпшақтар, наймандар, керей-уақтар көшіп-қонып, дәстүрлі тұрмыс кешкен.

Қазіргі облыс аумағында тас құрал-саймандардың, жебелер мен найзалардың шақпақ тас ұштарының табылуы ежелгі адамдардың палеолит кезеңінде (ескі тас дәуірі) пайда болғанын дәлелдейді. Ежелгі адамның қаңқалары Ертістің оң жағалауындағы құмда, Аққулы ауданының орталығы маңынан да табылған. «Ертіс өңірі адамының» жасы ТМД аумағында сирек кездеседі, 30 мың жыл деп бағаланады. Облыстың түкпір-түкпірінде бұдан да ерте замандарға тиесілі қабірлер зерттелу үстінде. Ғалымдар қола дәуірі мен ерте темір дәуірінде Өлеңті, Шідерті және Ертіс өзенінің сол жағалауы аңғарларындағы Баянауыл таулы-орманды алқабының айналасына шоғырланған Тасмола археологиялық мәдениетінің дамыған орталығы болғандығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді.

Ертіс өңірінің сол жағалауындағы ұсақ шоқылардың геологиялық шөгінділерінен адам мәдениетінің көне іздері байқалмайды, алайда беткі жатысында ашық типті тұрақтардың ескерткіштері мол. Ескі Екібастұз, Ақбидайық қонысы, Құдайкөл мен Құрама көлдерінің маңындағы тұрақ-шеберханалар мен қоныстар кешені солардың айғағы. Тыңғылықты зерттеулердің арқасында фауна қалдықтары бар шаруашылық және өндірістік қызмет нышандары сақталған бөлшектенген тұрақтардың қатары көбеюде. Сондай ескерткіштердің бірін палеонтолог Л.Л. Гайдученко 1972 жылы Павлодар қаласының дәл ортасында өзенге баратын соқпақ жол бойынан тапқан. Бұл жерде хайуанаттардың қаңқасы мен сүйектері, біраз тас бұйымдар жинал-

ды. Топтама жеті шақпақтастан тұрады. Сүйек қалдықтарының ішінде мамонттың, бизон мен жылқының сүйектері бар.

Қазақстан аумағындағы көне қорымдар қатарына Железинка ауылының маңындағы және Шідерті-3 тұрағындағы обалар жатады. Железинка обасынан банка пішінді, түбі сфера тәрізді үш ұсақ қыштан жасалған және ірі ыдыстардың сынықтары табылды. Сол секілді обадан қабанның азу тісінен жасалған әшекей, бір жағы бұрғыланған, екінші жағы дөңес келген екі тесікті алқа, (сарғыш түсті минерал бояу) боялған екі құланның сүйегі шыққан.

Ертістің Павлодар өңірі аумағында ғұн-сармат дәуіріне қатысты табылған ескерткіштер: сабы сақина және көбелек пішінді темір қылыштар, жүзі жалпақ қысқа қанжарлар, кең сына тәрізді қысқа жүзді қылыш-ақинақ. Ал, Баянауыл ауданы Бірлік ауылында тас жәшіктермен жерленген қорғантас типті обалар зерттеліп, сондай молалардың бірінде жауынгердің бас жағынан құрбандыққа шалынған 8 жылқы, 16 қой мен ешкінің бас сүйектері табылған. Мүрденің оң жағында жылқының жауырыны қабырғасымен және темір пышақ, сәл төмен қола дулығасының түймесі жатыр, белінде қола құты, сол жақ тізесінде 4 темір жебенің ұшы бар. Археолог Ф.Х.Арсланованың қазба зерттеулерінде қимақ-қыпшақ мәдениетінің болғандығы жайында дәлелдер келтіреді. Ертіс өңірі (Боброва, Тереңкөл, Покровка, Трофимовка, Тегістік, Ждановка) ескерткіштерінің бір тобы қимақ-қыпшақ кезеңіндегі көшпелі тайпалардың шаруашылығы, тұрмысы, діни сенімі туралы құнды мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

1731 жылы Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін ұзақ уақыт бойы бұл өңірдегі негізгі өнеркәсіптік сала – тұз өндіру болып табылды. Ертіс өңіріне алғашқы орыстар XVII ғасырда келіп, бұл жерден олар Ямыш (Жәміш) көлінен тұз алған. Кейін, патша үкіметі империяның шекарасын кеңейтуді көздеген отарлау саясаты басталып, әсіресе XVIII ғасырдың басында қарқынды жалғасын тапты. XVIII ғасырда Ресей Патшасы Петр Біріншінің қаулысы бойынша Ертісте Ямышевская, Железинская сынды қамалдар салынды. Соның ішінде Коряков қамалы, содан 1720 жылдан Павлодар қаласының тарихы басталады. Қамалдан алыс емес жерде екі тұзды көл бар. Олар жөнінде Дмитрий Приймактың «Баянауыл заповедный» кітабында: «Көлдегі судың тұнықтығы сондай, түбі көрінеді, ал тұзының тазалығы сондай, қар мен мұздай мөлдір, өте дәмді, әрі тәтті», – делінген.

XIX ғасырдың соңында Екібастұзда тас көмір өндірумен айналысатын «Воскресенск тау-кен өнеркәсібі» қоғамы құрылды. Мұнда қазақтар мен орыстар, тіпті тұтқындар мен жер аударылғандар жұмыс істеді. Осы кезден бастап қазақ халқы басынан талай қиындықты, зобаланды өткізді. Бірақ мойымады, өзінің табиғи қалпын, ұлттық негізін сақтап, тәуелсіздіктің ақ таңына кешегі өткен жаужүрек ата-бабаларымыздың ел мен жерге деген зор сүйіспеншілігінің арқасында жеткен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, салт-дәстүрлерімізді сақтап, өскелең ұрпаққа жеткізді.

Еліміздің басты индустриалды өңірлерінің бірі саналатын Павлодар облысында минералдық және көмірсутекті шикізатты игерумен айналысатын кәсіпорындардың орны бөлек. ТМД-ның экономикалық кеңістігіндегі аса ірі аумақтық-өндірістік кешен жолы қалыптасқан. Отанымыздың энергетикалық жүрегі – Екібастұз электр стансалары, Ақсу ГРЭС-і, сондай-ақ Павлодар өнеркәсіп кешенінің энергияны қажетсінетін кәсіпорындарына қызмет ететін бірқатар жылу орталықтары бар. Сондай-ақ аймақта ауыл шаруашылығы өнімдерінің шикізат базасы мен оларды өңдеуге арналған өндірістік қуаттылықтар да жеткілікті.

Өңірде халқымыздың өткен тарихына қатысты әдеби, мәдени, ғылыми маңызы жоғары көптеген жобалар өз жалғасын табуда. Елдің қасиеттерін бойына жинаған алқалы билер Едіге мен Шоңның, шешен-ділмарлар Бұқар мен Көтештің, ел іргесі сөгілер тұста ерлігімен ел қорғаған Малайсары мен Жасыбай, Баян мен Дербісәлі, ұлт болып ұйысу жолында көш бастаған Ілияс Жанқараұлы мен Темірғалы Нүрекенұлы, біртуар тұлғалар Мәшһүр-Жүсіп Көпеев пен Жүсіпбек Аймауытовтың, ақтаңгер ақындар Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Иса Байзақовтың, әсем сазды әншілер Майра Шамсутдинова мен Қали Байжановтың, Иманжүсіп Құтпанұлы мен Жарылғапберді Жұмабайұлының, данышпан оқымыстылар Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұланның, бармағынан бал тамған дәулескер күйші Рүстембек Омаров пен Момын Әмірбековтың кіндік қаны тамған, дарынға да, данаға да бай, киелі өлке.

Жыл сайын өткізілген экспедициялардың арқасында есімі жалпақ жұртқа танымал, дін, білім, мәдениет, әдебиет жолында қайталанбас із қалдырған бабаларымыздың жатқан жерлері анықталып, тың деректер жарыққа шығуда. Облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен Железин, Тереңкөл, Ақтоғай аудандарында болып, Дербісәлі, Өмір батырлардың, қоғам қайраткері Ілияс Жанқараұлы сынды көптеген асыл бабаларымыздың жатқан жерлері анықталып, киелі орындар тізіміне енгізілді. Жалпы облыс бойынша республикалық 7 және өңірлік 36 киелі нысан тіркелген.

Тарихи-мәдени мұраға жан ашу – жас ұрпақты, әрбір саналы азаматты отаншылдыққа, шынайы ізгілікке баулудың ең тиімді, әрі ықпалды жолы болып табылады. Жергілікті ғалымдардың археологиялық қазбаларынан анықталғандай, еліміздің тарихы, рухани мұрасының тұнық қәусарының бұлағы «киелі де қасиетті тарихи орындар» өңірдің бұрындары мәлім болмаған этнографиясын, тұрғындардың әдебі мен дәстүрін, жалпы дүниетанымдық ерекше қабілеттерін айқындай түседі. Осы арқылы туған жердің табиғатын, шырайлы жерлерін, тарихи орындар мен маңызды тұлғаларын барша жұртқа таныстырудың бірден-бір жолы. Тыңғылықты атқарылған әрбір рухани еңбектер ұлттық сананың, аса құнды ежелгі дәстүрлі тәрбие үдерісінің өміршең тәуелсіздігін әлемге паш ететін құбылыс.

АБЫЛАЙ ЖАЙЛАУЫ – Май ауданы Баскөл ауылынан 12 шақырым жерде орналасқан мекен. XVIII ғасырда Ертіс өзенінің Ақсу тұсынан қазақ жеріне басып кірген қытай-шүршіт әскерімен Жарлы аңғарында Абылай бастаған халық батырлары ірі шайқастар жүргізіп, шүршіттерді елден түре қуып тастаған шешуші шайқас осы тұста орын алған деген деректер өлкетанушы Тілеке Жеңістің «Ертіс-Баян өңірінің шежіресі» еңбегінде келтірілген.



Жан берісіп, жан алысқан талай шайқастың куәсі болған бұл өңірге жауының туын жығып, мысын басып, жеңіске жеткен Абылай сұлтан жанындағы 500-ге тарта жауынгерлерімен Шабанбай байдың жайлауына келіп түседі. Одан бұрында Шабанбайдың жомарттығы мен әділеттілігі туралы естіген сұлтан оны сынамақшы болады. Алыстан мен мұндалаған Абылайдың ақ туын танығаң Шабанбай төре тұқымын қадір-дәрежесіне сай күтіп алуға дайындалады. Тез арада құдықтар қаздырып, биелер саудырып, қымыз сапыртып, арнайы сойыс малдарын дайындап, 2-3 күндік ұзақ ұрыстан арып-шаршаған сұлтанды және онымен келген батырлардың бабын тауып, күтеді. Елдің бірлігін, халқының жомарттығын көрсетіп, бір сүйем жер үшін, қара қазан, сары бала қамы үшін шайқасқан қазақ жауынгерлерінің ерлігіне тәнті болған бай батыр қонақтары аттанар уақытында Абылайға және оның жанындағы 500 батырға бір-бір су жорғадан жетектетеді. Абылай сұлтан байдың қонақжайлығына риза болып, жорықта қолға түскен қалмақ тұтқындарының арасынан бір құл мен күнді сыйға тартады. Осы оқиғадан кейін Абылайды күтіп алған жайылым «Абылайдың жайлауы» атанып кеткен.

АЙҚЫН АПА ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Железин ауданы Мыңкөл станциясынан 10 шақырым жерде Бұлақтысор және Қызылтұз көлдерінің ортасында орналасқан. Жерленген жері темір қоршаумен қоршалып, қара мәрмәрдан құлпытас орнатылған. Ертеректе шұңқыр орны ғана болған, өйткені адамдар топырағын алып, емге қолданған.

XVIII ғасырда өмір сүрген Айқын апа – емшілік, көріпкелділігімен танылған, жас шағында Бұқарада білім алған, құранды жатқа білген адам. Өзі келіп қоныстанған жерде



халқының қамын жасауға тырысқан. Айқын апаға қатысты тек ел аузында сақталған деректер ғана бар. Халық арасында апаны Исабек ишанның туған қарындасы дейді.

Айқын апаның басына Қазақстаннан ғана емес, Ресей, тіпті Германиядан да адамдар келіп, түнеп, ем қабылдайды. Осындай сәттердің бірінде, түн ортасында жанындағы Қызылтұздың үстінен қызыл шар тәрізді от жанып, сәл уақыттан кейін жоғалып кеткен. Бұл күн мен түннің ауысатын уақытында болатын құбылыс. Халық оны «Айқын апаның киесі» деп біледі. Осы құбылысты тек бойына ем қонған адамдар көре алады. Халық Айқын апаны Бұлақтысор мен Қызылтұз көлдерінің киесі дейді. Олай деуге негізгі себеп – бір жылдары қос көлдің суы тартылып қалғанда көпшілік жұрт апаның басына барып, құран бағыштап, құлшылық еткен соң, 4-5 күннің арасында көлдердегі су қайтып оралған.

2000 жылдарға дейін басында қу ағаш болған. Ұлты өзге адамдар «соншалықты қандай қасиеттілігі бар?» деп ағашты кескен. Екеуі сол жерде жан тәсілім етіп, біреуі мүгедек болып қалған екен.

АҚБАЛЫҚ ХАЗІРЕТ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Май ауданы Ақшиман ауылы Түндік өзеніне жақын Сарытау жанындағы Шыңырау деген жерде орналасқан кесене. Кесененің биіктігі 11 метр, жаңбыр мен аңызақ желден шыдамды ақ ұлу тастардан салынған.

Ақбалық хазірет – Сарыарқа даласында ислам дінінің белгілі уағыздаушысы, сауатын діни білім орданларында ашқан. Шамамен 1833 жылы дүниеге келген деген дерек бар. Хазіреттің шын есімі – Әбділда. Бірақ хазірет аққұба өңді болғандықтан, халық арасында оны Ақбалық деп атап кеткен. Атасы Келден табиғаттағы құбылыстарды терең зерттеп, алдын ала болжап, елді хабардар етіп отырған. Ал әкесі Быты беделді, дәулетті адам болған.

Хазіреттің жасы 20-ға толған кезде елде үлкен жұт басталып, ол туған жерімен қоштасуға мәжбүр болады. Жаз айларында бір сартта жалдамалы жұмыс істеп, Ташкентке мал айдайды. Сөйтіп жүріп, Ташкент медресесіне оқуға түсіп, 3 жыл оқиды. Бұхара медресесінде 12 жыл білім алып, 44 жасында «хазірет» атағына ие болады. Бұхарада 2-3 жыл қызмет атқарғаннан кейін, сұранып елге оралады. Бестаудың жанынан (Сарытауда) 1902 жылы мешіт-медресе



салдырып сол өңірдегі ауыл балалары мен ел-жұртқа ислам дінін уағыздап, имандылықты оқытады.

Ақбалық хазірет жас кезінде ақ патшаға қарсы көтерілген мұсылман топтың туын ұстаған. Өмірден өткенінше Керекудің полиция жандармериясының бақылауында болған. Өз заманында Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытов сынды біртуар азаматтармен тығыз қарым-қатынаста болған. 1875 жылы өткен Қарамола съезінде Абайға қарсы әрекет білдіріп отырған Зайсанның Рақыш есімді биін сөзден жығып, Абайдан кешірім сұратқан. Осы съездің орнын белгілеп, қалың бұқараны жұмылдыруда Ақбалық басшылық жасағандығы туралы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы Рамазан Тоқтаров «Абайдың жұмбағы» романында жазған. Хазірет қазақ халқының ағартушылық, дін бағытында адал қызмет атқарып, ұлт болып ұйысу жолында мол еңбек сіңірген адам.

АҚБИДАЙЫҚ ПЕТРОГЛИФТЕРІ – Баянауыл ауданы Майқайың станциясының оңтүстігінен 3 шақырым, Екібастұз әкімшілік аумағына қарасты Ақбидайық жартасының шығыс жақ тас блоктарында орналасқан ескерткіш.

Ескерткіш – тас, қола және ерте темір дәуірлеріндегі Сарыарқаның ежелгі аңшылары мен малшыларының рухани мәдениеті мен бейнелеу өнерін сипаттайтын адамдар мен жануарлардың жартас суреттері бар ежелгі қасиетті жер болып табылады. Тас суреттері қызыл түске боялған және қыртыстағы тастың бетіне салынған. Петроглифтердің ең көне тобы антропоморфты суреттердің басым бөлігі – кең қолды және аяқтары бейнеленген, билеп



564396

жатқан адамдар. Олардың жанында мифтік жануарлар бейнеленген. Петроглифтердің бұл тобы мезолит дәуірінің (ж.с.д. 10-7 мыңжылдық) ескерткіштеріне ұқсастығы бар. Ұзын мүйізді, басын төмен түсіріп тұрған бұқалардың суреттері энеолит дәуіріне, ал қозғалыс үстіндегі бұқалардың бейнесі дамыған қола дәуіріне жатады. Келесі суреттердің хронологиялық тобы ерте темір ғасырының скиф-сақ дәуірімен байланысты: тауешкінің, мүйізсіз бұғының бейнелері. Ақбидайық галереясының ең көркем суреттері – бұрынғы кезеңдердің жеке суреттері мен сюжеттерінің үстіне салынған жылқылардың бейнесі.

Ескерткішті алғаш 1990 жылы археолог В.К.Мерцтің басшылығымен облыстық археологиялық экспедициясы анықтап, кейіннен бірнеше рет зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ақбидайық петроглифтері туралы зерттеу материалдары С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің археологиялық зерттеу орталығында сақтаулы.

Бұл орын бүгінгі күні көпшілік тамашалайтын ашық аспан астындағы музей болып табылады.

«АҚКЕЛІН» – ТАРИХИ-МЕМОРИАЛДЫҚ КЕШЕНІ: МҰСА ШОРМАНОВ КЕСЕНЕСІ – Баянауыл ауданының Мұса Шорманов (бұрынғы Теңдік) ауылынан 1 шақырым жерде Ақкелін тауының баурайында орналасқан кешен. Кешеннің алдыңғы жағында қоғам қайраткерінің өмірінде негізгі орын алған оқиғалар мен замандастарының жазып қалдырған асыл сөздері тас беттеріне түсірілген.

Мұса Шормануұлы (1818-1884) – Баянауыл сыртқы округінің аға сұл-

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА



таны, би, шешен, ағартушы. 1835-1841 жылдары Аққелін болысының және округтік приказдың басқарушысы қызметін, 16 жыл бойы Батыс-Сібір губернаторлығының кеңесші лауазымдарын атқарған. Сібір қазақтарының депутациясы құрамында Санкт-Петербургте болып, онда оған «есаул» шені берілді. Алтын медаль тағылған Анна лентасымен наградталған. Сібір қазақтарының депутаты ретінде ақ патшаның тәж киіп, таққа отыру салтанатына қатысып, майор шеніне ие болып, 1869 жылы полковник шеніне дейін көтерілген. «Станислав әулие» орденімен, Императордың бейнесі бар гауһар таспен әшекейленген жүзік және куәлік, Императордың атынан алтын күміспен апталған тостағанға ие болған. Халық арасында абырой беделі жоғары болып, «мырза» атанған. Әкімшілік қызметімен қатар ағарту ісімен де өмір бойы айналысқан. Ағартушылықтың жарқын өкілі ретінде Павлодарда, Омбыда қазақ балаларына арналған мектептерді ашуға көмектескен. Соның арқасында XIX-XX ғасырларда Баянауыл өңірінен көптеген ғалымдар мен педагогтардың, мәдениет және өнер саласында аса көрнекті қайраткерлердің шығуына ықпал еткен.

Мұса Шормануұлы кесенесі Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті орындарының тізіміне енді.

АҚКӨЛ-ЖАЙЫЛМА ҚАЛАШЫҒЫ (Әулиекөл археологиялық кешені) – Екібастұз ауылдық аймағының Қаражар ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 2 шақырым жерде. Ескерткіш Өлеңті және Шідерті өзендерінің төменгі ағысындағы ұлан-байтақ Аққөл-Жайылма атты жерде, ал қалашықтың өзі Өлеңті өзенінің Әулиекөлге құятын жерде орналасқан. Шұрайлы жайылымдары мен табиғи су көздерінің

молшылығымен ерекшеленетін бұл аймақ Сарыарқаның ең таңдаулы жазғы жайлауларының бірі болды. Өңірдің географиялық нысандарының атаулары дала философы Асан қайғы есімімен байланыстырылады және «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» хикаясы аясында түсіндіріледі.

Қалашық құрылысы XIV ғасырда бой көтерген. Аққөл-Жайылма жөнінде ақын, фольклоршы М.Ж.Көпеев «Қазақ шежіресі» еңбегінде жазса, XX ғасыр бас кезінде Ф.Щербинаның басқаруымен экспедиция жүргізілген, ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тарих ғылымдарының докторы, Ж.Артықбаев қалашыққа зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Хан сайлаулары өткен тарихи орын жайлы ортағасырлық деректер мен тарихи жазбаларда кездескен мәліметтерге қарап Аққөл-Жайылманың қазақ тарихындағы орны Баянауыл, Қарқаралы, Ұлытау сияқты тарихи орталықтардан кем емес екенін аңғаруға болады. Шыңғыс хан ұрпақтарының ордасы орналасқан жер ретінде халық арасында белгілі. Ерте заманда Аққөл-Жайылма жерінде хан сайлаулары да өтіп тұрған. Соның бірі – 1817 жылғы 30 мамыр күні Барақұлы Бөкейдің Орта жүздің ханы болып сайлануы. Абылай тұқымының беделін түсіру үшін бұл жиынға Ресейдің әскер қолбасылары келеді, олар өзге қазақ сұлтандарының жиналуына тікелей ықпал еткен. Жалпы, киелі Аққөл-Жайылма туралы аңыз-әңгімелер аз емес.

Бұл кешен Сарыарқа шекарасындағы ең ірі археологиялық құрылыстардың бірі. Жерлеу исламға дейінгі жерлеу рәсімдері элементтерімен мұсылман жоралары бойынша жүзеге асырылған, негізінен XIV-XV ғасырлардағы жерлеу рәсімдеріне тән. Батысқа бағыттап жерлеу дәстүрі, ағаштан жасалған табыттар, құрал-саймандардың аз болуы, құрбан тамағының болмауы, отқа табыну және басқа да белгілердің



жоқтығы – ислам дінінің белгілеріне жатады. Ортағасырлық әміршінің орда базарында қажет ішкі инфрақұрылым болды: дін жолындағы тұлғалар, емшілер, шеберлер, қызметшілер, күзетшілер, сауда-айырбаспен айналысқан сатушылар көп еді. Осы аймақта тауар-ақша айналымы қатынастарының даму белгілерінің бірі – археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған Алтын Орда дәуірінің теңгелері. Бұл археологиялық кешенді – солтүстік-шығыс Қазақстанның көшпенді тайпалары енген ортағасырлық ұлыс басшыларының жазғы ордасы ретінде қарастыруға болады.



АЛТЫН ТӨБЕ ЖЕРЛЕУІ – Железин ауданы Екішек ауылынан 13,8 шақырым, Жұлдыз ауылынан солтүстік-батысқа қарай 20 шақырым жерде орналасқан орын. Жерлеу бес үйінді обадан тұрады. Олардың барлығы солтүстікке қарай тізбектеле орналасқан, жалпы көлемі: 21-ден 73 метрге дейін, ал биіктігі 0,5-тен 2,5 метрге дейінгі шамада.

2018 жылы «Археолог В.К.Мерцтің басшылығымен облыстық археологиялық экспедициясы және Павлодар мемлекеттік университетінің «Марғұлан» орталығы Т.Смағұловтың жетекшілігімен «Алтын төбе» жерлеу орнында қазба жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде сақ дәуіріне жататын архитектурасы күрделі культтік-мемориалдық құрылыс анықталды. Оны салу үшін ежелгі тұрғындар жақсы көріністі қамтамасыз ететін және маусымдық сулардан шайылмайтын биік төбені таңдаған. Құрылыс ежелгі некропольдің аумағында орналасқан. Онда құрбандық тасы және діни рәсім үшін қолданған жануарлардың мүшеленген бөлшектері мен сүйектері табылды. Құрбандық тастар Еуразия даласындағы ежелгі көшпенділердің діни құрылымдарымен тығыз байланысты және жерлеу барысындағы қолданған заттар көптеп кездеседі. Олардың кейбірі шөптерді өртеуге немесе темекі шегуге арналған болса, енді бірі таңбалар салу үшін минералды бояуларды үгітуге арналған құралдар.

Зерттелген құрылыс Ертіс өңірі археологиясында алғаш рет сипатталып, Железин ауданы аумағында скиф-сақ әлемінің ежелгі көшпенділерінің дүниетанымы мен діни тәжірибесін қалпына келтіруге үлкен септігін тигізді. Қорған өлшем-

дері, құрылыс технологиясы осы аумақтағы ірі көшпелі қоғамның табынатын орындары екенін дәлелдейді.

АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ – Павлодар қаласына кіре берістегі ескі мұсылман зиратының алдында орналасқан орын. Бұл зиратта 1932-1933 жылдары ашаршылықтан қаза болғандар жерленген. Ескерткіш 2012 жылғы 31 мамырда ашылды. Онда аштықтан өлген әйелдің арша-арша қабырғаларының үстінде жылап отырған оның кішкентай ұлы бейнеленген. Мүсіннің авторы – Марат Абылқасымов.



Жалпы, облыс бойынша аштық құрбандары жерленген 40-тан астам орын бар. Қазақстанның басқа да аймақтары секілді Павлодар өлкесі XX ғасырдың тоталитарлық жүйе езгісінің кесірін бастан кешірген аймақ. Тоталитарлық жүйенің қазақ халқына, оның ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық қалпы мен кәсіптік дәстүрлеріне қарсы бағытталған жаппай отырықшыландыру, ұжымдастыру және өнім қабылдау жоспарлары бойынша саясаты мен іс-шаралары қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған аштыққа алып келді. Осы аштықтың кесірінен көп адам қырылып, үлкен ұлттық трагедияға ұласты. Ашаршылық жылдары Павлодар облысында аштықтан 300 мыңнан аса адам көз жұмған.

Ескерткіш – облыс тұрғындарының аштық жылдары қаза болған туыстары мен ата-бабаларын еске алып, зиярат ететін орындардың бірі.

ӘБЖАЛАП ӘУЛИЕ МАЗАРЫ – Баянауыл ауданы Торайғыр ауылынан батыс-солтүстікке қарай 27 шақырым жерде орналасқан бейіт.

Әбжалап әулие (Жұматай Тышқанбайұлы, XVIII ғ.) – көріпкелдік қасиет пен үлкен күштің иесі. Әулие өте шапшаң, көзді ашып-жұмғанша алыс-жақын жерлерге қатынап, біреуге көмек қажет болса бірден сезіп, тез арада дұрыс бағыт-бағдар беріп отырған. Ол әйелдің қашан жүкті болатынын, баланың жынысын алдын-ала біліп қана қоймай, сәбиге ат қойып кететін болған. Диуана медицина әдіснама-

сы мен құралдарын пайдаланбай-ақ, тіпті, туғалы тұрған малдың ішіндегі төлінің түр-түсін, жынысын да дәл айтып берген. Әбжалап жас кезінде молдадан білім алып, құранды жатқа білген, тәрбиелі, жомарт болған деседі. Сүрінгенге сүйеніш, ауырғанға жұбаныш болған әулие жын буып ауырған жандарды да құранның күшімен жазыпты. Ол құран оқығанда бір орнында отырмай, жүріп, жатып оқыған.

XX ғасырдың басында Әбжалап диуана қайтыс болып, оның денесін арулап жуу кезінде Мәшһүр-Жүсіптің өзі шәйнекпен су құйып тұрып: «Мына төбеміздегі шоқ бұлтты көрдіңіздер ме, ол бізге көлеңкесін түсіріп тұр. Әбжалап тегін кісі емес» депті. Кейін бейіт басына барып, диуананы ораған киізді ашқан сәтте Әбжалап әулиенің денесі жоқ болып шығады. Сонда Мәшһүр Жүсіп: «Әбжалаптың денесі көрде жатпайды, менің мүрдем бүлінбес» деген екен.



М.Ж.Көпейұлы «Ғылым мен дін» деген әңгімесінде: «Сүйіндікте диуананың көптігі жұртқа жайылды» деп жаза келіп, Әбжалап диуананы әйел затының піріне теңейді. Себебі, Әбжалап әулие перзентке зар болған жандардың қамқоршысы болған. Жерлеу орны ақ матамен жабылған қасиетті орынға келіп зиярат етіп, тілек тілейтіндер қарасы өте көп.

ӘУЛИЕБҰЛАҚ – Баянауыл ауданы Торайғыр ауылында орналасқан киелі бастау.

Бұлақтың сарқырап аққан суы шипалығымен белгілі. Халық ертеден бері бұлақтың емдік қасиетін біліп, оны «Әулиебұлақ» деп атап кеткен. Ел ішінде айықпас дертке шалдығып шаршаған талай адам осы бастаудың суын ішіп, осы суға жуынғанда жазылып кетіпті-мыс.

Ел арасында Әулиебұлақ түрлі тері аруларына да дауа болады деген сенім бар. «Бірде екі өкпеден қысып, бір кісінің тынысы тарылыпты да, осы бұлақтың суын аузына тамызғанда сергіп сала беріпті.



Кейін құлан-таза айығып, Алланың жерде жаратқан осындай шипалы бұлағына шүкірлік еткен екен», «жаугершілік заманда жараланған жауынгерлер жарасына жағып емделген, тіпті, батырлар жорыққа шығар алдында тұлпарларын суарып, өздері беті-қолдарын жуып аттанады екен» деген сарында аңыз-әңгімелер бар. Бұлақтың суының құрамы минералдар мен микроэлементтерге өте бай.

Ертеректе бұлақтан су ішпек болған ару қыз байқаусызда күміс шолпысын түсіріп алған. Бұлақтан қыз бұйымын алып шыққанда таңғаларлық жағдай болған, шолпы бұрынғысынан да жарқырай түсіпті. Ықылым заманнан жеткен аңыздар, бұлақтың қасиеті халықтың наным-сенімін дәлелдей түскендей. Сондықтан бұл қайнардың басына арнайы ат басын бұрып, суынан ішіп, өзімен бірге ала кететін жұртшылық нөпірі әлі күнге дейін толастаған емес.

Бүгінгі күні Әулиебұлақ жергілікті туризмнің қайнар көзі, жыл сайын осы жерге мыңдаған туристер келіп, бұлақтың шипалы суымен денсаулықтарын сауықтыруда.

ӘУЛИЕБҰЛАҚ (АҚБУРА ӘУЛИЕЛЕРІНІҢ МЕКЕНІ) – Баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округінің Ж. Шанин ауылынан солтүстікке қарай 25 шақырым жерде орналасқан бұлақ.

Әулиебұлақ суында дертке дауа, емге шипа болатын қасиет бар. Ал бұлақтың табиғи ерекшелігіне келер болсақ, әдеттегідей бір емес, үш көзі



бар. Бұлақтың үш көзінен үш түрлі дәм және қасиеті үш түрлі су ағады. Бұлақ суы қыста қатпайды. Күн суықта ішсең, тамағыңды қарымайды, ішуге жеңіл, жұмсақ. Таңғалдыратыны, қаңтардың сақылдаған сары аязында келер болсаңыз, бұлақ маңында шөп өсіп тұрғанын көресіз. Бүгінде Әулиебұлаққа арнайы тәу етіп, суынан дәру іздеушілер қатары көбейіп келеді.

Жеті әулиенің мекені болған Әулиебұлақ ғылыми тұрғыдан толықтай зерттелмеген нысандардың қатарына жатады. Әулиебұлақ туралы мағлұматтар тек жергілікті мерзімді басылымдарда Жанар Қадырова және Күркелі елінің өлкетанушысы Нығмет Жәминовтың танымдық-өлкетану естеліктерінде кездеседі.

Аңыздарға сүйенсек, ерте кезде бұл жерге тәу етушілер көп келген. Оларды осы жердің киесі мен иесі жетектеп әкелетін болған. Қажылыққа жол жүретіндер осында тәу етіп барып, жолға шыққан. Бұлақтың әулие атануын көпшілік осы өңірді мекендеген жеті әулиемен байланыстырады. Күркелі елінің шежіреші қарттарының бірі Нығмет Жәминов әулиелердің атын:

«Тәшмағанбет, Төлембек пен Жаулыбайды, Дәнсат абыз, әулие Мұратайды, Қажы Лекер баласы Исабаймен – «Жеті әулие» деп Мәшһүр елге жайды» деп тізеді. Үлкендердің айтуынша, бұлақ басы ертеде әулие аталарымыздың дұға оқып, азан шақыратын мекені болған екен.



БӘЙТЕРЕК ӘУЛИЕ – Железин ауданы Ақтау ауылынан күнбатысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан қос ағаш. Аққайың қойнауларының ортасында өсіп тұрған қос ағашты ел арасында «Әулие терек» деп те атайды. Үлкен терек ағашын адам құшақтаса құшағы жетпейді. Терек ағашының ортасынан жоғары қарай бас жағы аққайың – бұл да табиғаттың сиқыры.

Ерте заманда осы жерге Бәйтерек есімді әулие қоныс теуіп, халықты емдеумен айналысқан. Бірақ жолын қуған баласы қатты сырқатқа душар болып, Бәйтерек әулие бар күш-жігері мен білімін, емшілік қасиетін қолданса да баласының еміне дауа таба алмай, баласы қайтыс болады. Жалғызынан айырылған әулие қайғыдан құса болып, өмірден озған. Аманаты бойынша баласының қасына жерлеген. Біраз уақыт өткен соң екеуі жерленген жерге қос ағаш шыққан. Ең алғаш қасиетті жердің сырын ашқан Барлық есімді бай. Қай жерге қоныс аударса да малына тиген жұттан арыла алмай, бір күні осы ағаштың маңына жылқысын жайып, арып-ашқан бай қатты ұйқыға кетеді. Таңертең оянса, барлық жылқы ешбір шығынсыз жайбарақат жайылып жүргенін көріп, таң-тамаша болады. Екінші күні түсіне Бәйтерек әулие еніп, батасын берген екен.

Бүгінгі күннің өзінде адамдар Бәйтерек әулиенің басына келіп, тәу етіп, түнеп, ем қабылдап, жерге түскен ағаштың қабықтарын жинап, қайнатып, тұндырып, тіл-көз тиген балаларын ұшықтап, түрлі ауруға ем ретінде қабылдайды (тіпті жапырағының өзі емге дауа болған деседі). Кеңес үкіметі кезінде колхоз басшылары ол жердің топырағын тасып, қотыр тиген малдарының үстіне шашып, емдеген. Бәйтерек ағашқа табынушылар қатары көбейген соң, үкімет бұл жерге келуге тыйым салған. Содан қос ағаш солып, құрап қалған. Кейін, тәуелсіздік алған соң, халық әулие басына барғаннан бері, қос бәйтерек қайтадан гүлдеп, жайқалып өсіп тұр.

ҒАБДЫЛ УАХИТ ХАЗІРЕТ КЕСЕНЕСІ – Шарбақты ауданында «Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты аумағында орналасқан. Кесенеде бәйбішесі Бөпежан-ана бірге жерленген. Хазірет өмірден өткен соң қарағайлы орман арасында ең алғаш бөренеден мазар



тұрғызылған. Өрттен қауіптендіктен ағаш кесенені кірпішпен алмастырған. Бүгінгі күні бұл бөрене мазар жанында тұр.

Ғабдыл Уахит Тіленшіұлы (1853-1926) – хазірет, ислам дінін насихаттаушы, медресе салдырған ұстаз. Өзінен тараған Қарақұл, Сарықұл, Сабанқұл есімді үш ұлы екінші дүниежүзілік соғыста қайтыс болды. Ең алғаш ауыл молдасынан, кейін Семей өңірінде білім алып, 1873 жылы Бұхарада «Мір-Араб» медресесінде он бес жыл білім алып, кейін «Хазірет» атағын алып, елге оралады. Туған жерінде ислам дінін насихаттай жүріп, Шарбақты ауданының Есілбай ауылында медресе ашып, шәкірт оқытумен айналысады. Өмірінің соңғы жылдарында Шарбақты ауданының Арбиген ауылының оңтүстік-шығысындағы «Келіқыз» жайлауына мешіт салдыртып, ұстаздықпен айналысқан. Мешіт 1922 жылдан бері хазіреттің атымен аталып келеді.

Ғабдыл Уахит хазірет қасиетті адам болған. Сырқат жандарды емдеп, болашақты болжап, мұқтаждарға қолынан келген жәрдемін аямаған.

Кеңес билігі дәуірінде зұлым адамдар хазіретті «діншіл, арандатушы, халық жауы» деп жала жауып, домалақ арыздар жазады. Осыны тексеріп, шыққан үкімді орындауға ішкі істер комиссариатының адамдары үйіне келгенде хазірет намаз оқып отырады. Тергеушілердің бірі Құранның бетін жыртып, одан папирос жасап шеккен уақытында аузы қисайып қалады. Ештеңеге көңіл аудармаған хазірет, намаздан соң: «мен әзірмін» дейді. Қарағайдың ортасына алып барып, хазіретті атпақшы болған тергеушілердің бірінің мылтығы атылмай, екіншісінің екі қолы жансызданып қалады. Осы оқиғадан кейін хазіретті ешкім мазаламаған.

ДАЛБА ТАУЫНДАҒЫ ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИДІҢ «СӨРЕ ТАСЫ» – Баянауыл ауданы, Мұрынтал ауылынан 2-3 шақырым жерде Далба тауының Теректі бұлақтың жанында орналасқан киелі тас табыт.

Қаз дауысты Қазыбек (1667-1755) –XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ халқының үш биінің ішіндегі Орта жүздің атақты биі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Қазыбек би XVIII ғасырдың 40-шы жылдары Сырдария жанындағы жайлаулардан Сарыарқа даласына қоныс аударады. Егде тартқан шағында саяси істерден алшақтап, барлық билігін ұлы Бекболатқа береді. Алдымен Сарыарқаның Қарқаралы, кейін Далба тауларын мекен етіп, Далба тауындағы қыстауында өмірден озады.

Қазыбек би дүниеден өтер алдында Тайкелтір биге өсиет айтып,



өзін Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апарып жерлеулерін тапсырады. Мезгіл қыс айы болғандықтан жолға шығу қиынға түсіп, бидің мәйітін көктемге дейін сақтауды жөн санайды. Ол үшін бидің қыстауының жанында екі тас стелаларды жинап алып, бидің мәйітін ақ жауып арулап, аманат айтып, қыс бойы сақтайды. Сөре тас бес бөліктен тұрған. Әсіресе, айқыш-ұйқыш көлбеулете қадалған төрт қада тастың үстіне қойылған тас табыт болған. Шебердің қолымен жасалған тас табыт ағаштан жонып шығарылғандай етіп жасалған. Ит-құс бидің мүрдесіне зақым келтірмеуі үшін мүрдені жерден едәуір биікте орналастырған. Қайтыс болған адамның денесін сақтау техникасы қазақтарға таныс еді, өйткені мәйітті туған жерге немесе басқа орынға жеткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда осы әдіс қолданылған. Қазыбек бидің ұлы Бекболат бастаған ұрпақтары көктемде мәйітті Түркістанға, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апарып жерлеген. Қазыбек бидің сөретасы – тарих куәгері. Осы жерді қоныс қылып, билік еткен, даңқы бүкіл қазақ даласын жайлаған Қазыбек бабамыздың сүйегі тиген сөре тастар халық санасында киелі деп саналады.

ДЕРБІСӘЛІ БАТЫР ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Железин ауданы Марқатай ауылынан 5 шақырым жердегі Қарамайлы мекенінде орналасқан. Батыр дүниеден озғанда басына жылқының қылы араластырылып, саман кірпіштен күмбезді кесене тұрғызылған. Кесененің қабырғалары жарты ай бейнесінде салынған. Кеңес уақытында батыр кесенесіне табынушылар көп болғандықтан және оның есімін тарихта өшіру үшін кесене жермен-жексен етіп бұзылып, үстіне мал бағылған. Кейін, ұрпақтары батырдың басына Баянауылдың табиғи тасынан құлпытас-ескерткіш орнатып, темір шарбақпен қоршады.

Дербісәлі батыр (1701-1771) – Абылайханның кеңесшісі, бүкіл қазаққа билік айтқан төбе билердің бірі, XVIII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық жорығын ұйымдастырып, Қара Ертіс бойымен Ом және Обь өзендері бойын азат еткен ірі қолбасшы.

Ғалым, тарихшы Шоқан Уәлиханов: «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар» еңбегінде Дербісәлі батыр жөнінде айтқан Абылай ханның текті сөздерін келтірген: «... Біздің заманымыздағы ерлерден екі кісіге таң қалуға болады. Оның бірі – 90 туысын Қалдан Сереннің тұтқынынан құтқарған Қазыбек, екіншісі – тұтқындағы туысын құтқарған Дербісәлі. Алғашқысы Қалданға барып туыстарын босатып алса, екіншісі ауылында отырып, жауын қорқытып туыстарын қайтарып алған».



Тарихшы З.Тайшыбайдың «Батыр Баян туралы жазба деректер» еңбегінде: «...Қошқарбай батыр «Бараба татарлары» деген атпен белгілі Қытай мен орыс екеуіне салық төлеп тұрған Таутелек болысын 1759 жылы шауып алғанда, сол жорыққа Дербісәлі батыр да қатысқаны құжаттарда кездеседі» деп жазып, деректер келтірген. Батыр дүниеден өтерінде: «мен күн мен түннің арпалыс уақытында өмірден озамын. Егер күн батқанға дейін көз жұмсам, ұрпағым ірі болады, күн ұясына кіргеннен кейін өтсем ұрпағым ұсақ болады, өзге елге бодан болады депті», – дейді.

ДРАВЕРТ ҮҢГІРІНДЕГІ ПЕТРОГЛИФТЕР – Баянауыл ауылының солтүстік-батысына қарай 5,5 шақырым, Жасыбай көлі жағалауынан оңтүстік-шығыс қарай «Кристалл» демалыс орнынан солтүстікке қарай 150 метр қашықтықта орналасқан белгілер. Үңгірдің төбе жағындағы суреттер қызыл жосамен салынған. Осы өңірдегі алғашқы қауымдық мәдени ескерткіштердің ең белгілісі, суретті шамамен 1 метр аумақта көруге болады.

Ескерткішті 1926 жылы геолог П.Л.Драверт ашып сипаттап жазған. Үңгірге өлкетанушы С.А.Музалевский, Л.М.Сафонова, палеонтолог Л.Л.Гайдученко және В.К.Мерцтің басшылығымен Павлодар археологиялық экспедициясы бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Жасыбай көлінің жағасындағы тас суреттерін зерттеген Петр Драверт былай деп жазған: «Бұл суреттерден 15 фигураны байқауға бола-

ды. Олардың оншақтысы әртүрлі кейіпте тұрған адамдардың суреттері, олардың үшеуі ерлердің суреттері екені анық. Үңгірдің шағын көлемі бір адамға лайық баспана болғаны да ықтимал. Үңгірдің күмбезі тазалығымен ерекшеленеді. Ал осы үңгірдің күмбезінде орналасқан суреттердің діни немесе магиялық маңызы болғаны анық».

1960 жылдардың басынан жергілікті туристердің жиналатын жеріне айналды, ал бұл жағдай бұның сақталуына кері әсерін тигізді. Сондықтан суреттер қазіргі күні нашар көрінеді. Оларды Н.Л.Дравертің «Грот с писаницей на озере Джасыбай в окресностях Баян-Аула» атты еңбегінде суреттер жиынтығын көруге болады. Бұлар үңгірдің төбе жағындағы бірнеше антропоморфты бейнелер, олар төңкеріліп салынғандай әсер қалдырады. Сондықтан оларға қабырғалардың ішкі жағынан тұрып қарау керек, сонда ғана бейнелер айшықтанады. Негізінен, суреттер руналық жазбаларды еске салады, тек олар бір сызық бойында емес, бір жерде шоғырланған. Осындай бейнелерді кездестірген ата-бабаларымыз «сиқыры мол бұл жерді қорласа, зияны тиеді» деп алшақ жүруге тырысқан. Бұл бейнелердің бүгінгі күнге дейін сақталып қалуы да осы сеніммен байланысты.



ЕСТАЙ АҚЫН ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Ақтоғай ауданы Мүткенов ауылынан шығысқа қарай 4 шақырым жерде орналасқан. Ең алғашында бұл жерге бесбұрышты жұлдыз бен жарты ай салынған құлпытас орнатылған, төменгі жағында: «Халық ақыны Беркімбайұлы Естай 1874-1946 жж. 72 жасында қайтыс болды» деп жазылған. Қазіргі күні тас кесененің ішінде орналасқан. 1969 жылы дөңгелек пішінде үш стела орнатылып, жоғарғы жағына ақынның бейнесі, төменгі жағында лира аспабы, домбыра және өрнек салынған. Ақын бейітінің үстіне ақ кірпіштен төртбұрышты, төрт жағында ай бейнесі орнатылған күмбезді кесене бой көтерген.

Естай (шын аты Есмағамбет) Беркімбайұлы (1874-1946) – әнші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. Екібастұз ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Кезінде Иса деген бай Маралды еліне құдалыққа баратын болып, ол Ақкөлдің болысы Әбілқасым Шыманұлына хат жазып, ақын Естайды ала келуді тапсырады. Сол заманда Маралды болысы Ұрық ауылында Сұңқар, Сұлтан деген белгілі адамдар болады. Сұлтанның Құсни және Қорлан есімді екі қызы бар екен. Естай келіпті дегенді естіген Сұлтан ауылының қыз-бозбаласы жиналып, той-думан ұйымдасты-



рады. Осындай көңілді кештердің біріне Құсни мен Қорлан да келеді. Естай сол жерде ай қабақ, алтын кірпік ару қыздарды көріп, жақын келіп танысып, Қорланға ғашық болады. Екі жас бір-бірін ұнатып, қалай болса да қосылу жолдарын әңгіме етеді. Қорланның немере жеңгесі Жәміш екі жасқа жанашыр болады. Естай Қорланды алып қашпаққа бел байлайды. Алайда жастардың бұл құпиясы жария болып, жолдары кесіледі. Екеуінің арасындағы махаббат белгісі ретінде Қорлан Естайға жүзігін сыйлайды. Қатты сырқаттанып қалған Естайды өзінің: «О дүниелік боп кетсем сүйегімді елге сүйремей, осы жерге қойыңдар, Қорлан берген жүзікті бірге жерлендер» деп аманат еткен елге жерленген.

Ақындық және музыкалық орындаушылық өнерді Жарылғапберді, Біржан-сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Шашубайдан және т.б. үйренді. «Қорлан» әні ақынды кеңінен танымал етті. Бұл әннің әуені М.Төлебаевтың «Біржан-Сара», Е. Брусиловскийдің «Ер Тарғын» операларында қолданылды. Ақын сал-серілер дәстүрін жалғастырушы. Оның «Шолпан қаққан», «Жайқоңыр», «Назқоңыр», «Майда қоңыр», «Қорлан», «Сандуғаш», «Бір мысқал», «Ғашық», «Қаракөз», «Құсни-Қорлан» әндері – қазақ музыкасының алтын қорына енген мұра. Естайдың мұрасы қазақ халқының мәдениеті мен ән дәстүрін байытты.

Ақынның кесенесі – киелі, әрі өнер адамдарының тағзым ететін орындардың бірі.

ЖАЗЫ БАТЫР ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Ертіс ауданы Қызылағаш ауылы Жазы төбесінде. Жазы батырдың ескерткіші 1995 жылы орнатылған. Сақталған аңыздар бойынша, Жазы батыр өзінің туған жері – Ертіс өңірі үшін жоңғарлармен шайқаста зеңбірек оғының жарылуынан қаза тапқан.

Жазы Беткейұлы (XVIII ғ.) – Абылайдың атақты батырларының

бірі. Ол туралы дерек ауызекі тарихи мәліметтер түрінде мол болғанымен, қағаз бетіне түсіп сақталғаны аз. Жазы батыр туралы қолжазба деректерін сақтаған – Мағзұм Ахметұлы. Оның арабша жазылған шежіре дәптерінде мынадай әңгімелер бар: «Жазы мен Малайсары батырлар Абылайдың соғысында садақ тартып, батырлық көрсеткен. Абылайда бұл екеуінен күшті, асқан батырлары болмаған. Жазы батыр садақ тартқанда оның оғы небір тас темірден өте шығады екен. Бір күні Абылай Жазының күшін сынау үшін жеті балтаны қатар қойып, осыдан атыңдар дегенде, Жазының оғы барлық кедергіден тіке өте шығып, басқа батырлардың оғы бір-екі балтадан кейін тоқтапты. Алып күштің иесін әрі қарай сынамақ болып, Абылай ішіне шеге мен жүн араластырып тігіп, қына артқан жеті түйені қатар қойғанда да, батырдың оғы одан да өте шыққан.

Жазы 19 жасында ат үстінде отыру шеберлігімен танылған. Бір соғыста қалмақтың Шарш батырына қарсы қазақтан Жазы батыр шығады. Бұрыннан «менің бетіме кім шығады» деп биманас жүрген Шарш «мен, мен» деген тәубесіз біреу екен, бір салып жығамын» деп ойлап, найзасын бір сермей өте шығады. Жазы аттан жығылмайды. Шарш Жазының аман қалғанына таңырқап, «Сен қай баласың, менің ұрғаныма шыдап баққан?» дейді. «Менің кім екенімді қайтпексің, менің есімім Жазы, арманда қалмай естіп кет» деп, қос қолдап тұрып көк желкеден ұрғанда Шарш өкіре құлап, аты ойнап шыға



келеді. Бас батырының өлгенін көрген жау жан-жаққа бытырап қашқан. Қазақтар қалмақты соңынан қуып, қойдай қырып, жеңіске қол жеткізіп, олжалы қайтқан.

Бірде Жазы батыр қапылыста жау қолына түседі. Сонда қалмақ батыры Ежен «әу, Абылайдың батырлары, Шарш батырды қайсың өлтірдің?», – деп сұрағанда, Жазы батыр: «Шарш, Шарш жұлып алғандайсың, Шарш батырыңды салып, омақата құлатып, мойнын үзіп, жанын тозаққа жіберуші – мен!» – деп, ұшып тұра келгенде, Ежен Жазының батырлығына сүйсініп, басын бұлғап «мон-мон» депті. Қалмақтың «мон-моны» «жөн-жөн» дегені екен.

ЖАЛАУЛЫ КӨЛІ – Ертіс және Ақтоғай аудандарының шекарасында, Ертіс ауданының оңтүстік-батысында орналасқан ірі тұзды көлдердің бірі. Жалаулы осы өңірдегі Сілеті мен Қарасу өзендерінің ала-

бында, теңіз деңгейінен 73 метр биіктікте орналасқан. Көл күрделі кескіндемемен алғанда жалпақ шұңқыр іспетті. Оның түбі орталығына қарай құммен қалыңдайды. Жалаулы көліне Қарасу өзені құяды. Кей жылдары осында қызғылт қоқиқаздың мекен етіп, ұя салғаны белгілі. Жағалауы батпақты, құмды. Суы тұзды, Қарасу өзені қосылатын солтүстік-шығыс жағы мал суғаруға оңтайлы, ал алқабы шабындық, шүйгін жайылым ретінде пайдаланылады.

Жергілікті өлкетанушылардың зерттеуінде Жалаулы көлі ертеде арқа даласын мекендеген қазақ руларының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұрыс кезінде жиналып, бас қосқан орны ретінде аталған. Көлдің тарихы жөнінде халық аңыздары сақталған. Сол секілді, М.Жаманбалинов және А.Бәделханның еңбектерінде көрсетілген. Ал белгілі өлкетанушы ғалым Т.А.Еңсебаев ел аузындағы батырлардың тарихи болмысын анықтауда жүйелі түрде зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Жалаулы көлі – қилы заманда қазақ халқының тағдыры шешілген көлдердің бірі. Ел аузындағы аңыз бойынша, жоңғар шапқыншылығы кезінде Абылай бастаған алты мыңға жуық қазақ қолы Ертіс бойымен осы өңірге келген, одан әрі өтіп Көкшеге жетпек болған. Бұл сәтті пайдаланған және жақсылыққа жорыған Түгел, Жазы және Қошқарбай батырлар қол жиып, Абылай туының астына жиналған. Осы жорықта Ертістің оң және сол жақ жағалаулары жаудан азат етілген. «Абылайдың ақ жолы» деп ақсарбас сойып, ұлан-асыр той жасап, жаудан түскен олжаны Абылай сұлтанға тарту еткен, «халқымның азаттығынан басқа маған ештеңенің керегі жоқ, барлығын елге бөліп, таратып беріңдер» деп жарлық қылған.



Алыстан мен мұндалап, қазақ халқына үміт пен ерлік сыйлап, жауға қорқыныш ұялатқан көл жағасында тігілген Абылай туының құрметіне «Жалаулы көлі» атанған екен.

ЖАНТЕМІР ҚАЖЫ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Железин ауданы Дүйсеке ауылында орналасқан. Хазіретке қойылған құлпытаста «Жантемір Айтуарұлы 1856-1916 жж. Жеті мәрте қажылыққа барған» және арабша сөздер қашалып жазылған.

Жантемір Айтуарұлы (1856-1916) – қажы, Қызылжарда білім алып, бос уақытында жақын жердегі ауылдарда ұстаздықпен айналысқан адам. Жасынан білімге құштар құймақұлақ баланы қай ауылға барса да жасына қарамай, құрметпен қарсы алған. Бірде Құтпанбайдың баласы Қасым бала оқытушы Жантемірді ауылына ертіп келіп, арнайы киіз үй тіктіртіп, ауыл балаларын оқыттырады. Жантемір өзінің оқуы басталар кезде байдан рұқсат алып, аттанарда жолдасы Қасым: «Келесі жылы



да осы ауылға кел, медресе салдыртамын, бала оқытуыңды жалғастыр», – деп еңбекақысын беріп, шығарып салады. Бір қыс оқып, көктем аяқталысымен Жантемір асығыс жолға шығып Құтпанбайдың ауылына келеді. Өкінішке орай, жолдасы Қасым фәниге аттанып кеткен екен. Байға көңіл айтып, аруаққа құран бағыштап, енді кеткелі отырған уақытында, үнсіз отырған Құтпанбай: «Қарағым, Жантемір! Балам дүниеден өтер алдында саған тапсырған аманаты бар еді. Қасым баламның атынан Меккеге бәдел қажылыққа бар, жол ақыңды көтеремін», – дейді.

О дүниелік болған жолдасының соңғы аманатын орындау үшін Жантемір жолға шығады, Омбы арқылы Қара теңізбен Меккеге жетіп, сол жақтан бәдауи жалдап, қажылыққа алғаш осылай барады. Осыдан кейін Жантемір жаяу-жалпылап жеті мәрте қажылыққа барған сапарлар арасында білімін тереңдетіп, Хазірет атағына ие болған. Сөйтіп өзінің туған ауылында медресе ашып, ағартушылық қызметпен айналасқан. Қажы өмірден өткеннен кейін халық бейітінің басына түнеп, ем қабылдаған, тіпті жол іздеген жандардың түсіне еніп, аян беріп, адасқанға жол көрсеткен.

Бүгіндері бұл орын көпшілік тәу етіп, басына қонып, ем-дом қабылдайтын қасиетті орынға айналды.

ЖАРЫЛҒАПБЕРДІ ЖҰМАБАЙҰЛЫ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Баянауыл ауданы Күркелі ауылынан 11 шақырым солтүстік-шығыста орналасқан.

Жарылғапберді Жұмабайұлы (1851-1914) – белгілі суырып салма ақын, қазақ музыка өнерінің тарихында жарқын өнерімен өшпес із қалдырған арқаның дәстүрлі ән мектебінің айтулы өкілі. Баянауылдан 35 шақырым қашықтықтағы Жылыадыр деген жерде дүниеге келген. Арабша сауат ашқан, шығыс поэзиясын жақсы білген. Ел арасында жыр, қиссаларды жатқа айтып, саятшылықпен айналысқан, палуандар сайысына да қатысқан. Шыңғыс Уәлиханов пен Мұса Шормановтармен араласа жүріп Көкшетау, Қызылжар, Омбы өңірінде шыққан әндерді Баянауыл мен Ертіс бойына жеткізген. «Әнді ерттеп, күйді мінген» жампоз Жарылғапберді әнді асқақтатып кө-



тергенде аспандағы құс қайырылған ғаламат дауыс иесі болған өнерпаз.

Жарылғапберді кезінде ғашықтық әндерді көп шығарған. Халық жадында тек «Шұбартау», «Шама», «Қаракөз», «Ардақ» әндері сақталған. Бұл әндерді Балабек пен Сапарбай Ержановтар, Қ. Байжанов орындап бүгінгі күнге жеткізді. Жарылғапбердінің өз алдына әншілік мектебі болды. Жарылғапберді ақын жасы ұлғайған шағында шаруашылыққа ден қойып, дін жолына түсіп, қажылыққа барған. Осы діни сапарынан кейін «Жарылғапберді қажы» атанады. Ақын мұрасының ішіндегі бізге әлі де бейтаныс дүние – «Жарылғапберді сарыны». Бұл жөнінде музыка зерттеушісі Затаевичтің жинағында бұл сарынның төрт түрі бар делінеді. Осылайша, оның ғажап әндері хатқа түсе бастады.

«Азаң» әнін А.В. Затаевич өте жоғары бағалап, «музыка өнеріндегі құнды олжа» деп атаған. А. Жұбанов Жарылғапбердіні «ұлттық ән өнерінің ірі өкілі» деп жоғары бағасын берген. Қазіргі кезде Жарылғапберді Жұмабайұлы әуендерінің сиқырлы күші, киелі мағынасы халық жадында сақталған және оның музыкалық мұрасын жазушы, өнертанушы, сазгер І.Жақанов, дәстүрлі әнші Е.Төлеутайұлы зерттеп, одан әрі жетілдірілуде.

ЖАСЫБАЙ БАТЫР ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Баянауыл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан бейіт.

Жасыбай Өміруұлы (XVIII ғ.) – жоңғар басқыншыларына қарсы



күрескен қазақтың әйгілі батыры, жас кезінен құралайды көзге атқан мерген, жауырыншы. XVIII ғасырдың 40-жылдары жоңғарлар Баянауыл аймағына шапқыншылық жасап, жаулап алмақ болады. Қазақтар жауға қарсы дереу қол жинап, Жасыбай батыр жасақтары ең бірінші болып, жауды тау тасасынан тұтқиылдан шабуылдап, тойтарыс береді. Осы соғыста аңдаусызда Жасыбай батырдың сауытының желке тұсындағы ашық жерінен қалмақтың оғы тиіп, мерт болады. Батырдың мәйіті лайықты әскери құрметпен Шойындыкөлдің жағасында, өзі жан тапсырған жерге жерленеді. Батырдың сарбаздары о дүниелік болған батырдың бейітіне кішігірім тастар әкеліп, үйінді етіп, үстіне бір уыс қайың бүршігін сепкен екен. Сол бүршік қайың болып, Жасыбай зиратының үстінде жайқалып өсіп тұрған.

Туған жерін, елін ата жаудан қорғауда сан мәрте ерлік көрсетіп,

сол жолда қаза тапқан Жасыбай батырдың есімін халқы Баян тауының батыр қорғаған асуын «Жасыбай асуы», ал Шойынкөлді – «Жасыбай көлі» деп атаған. Баянауылдағы Жасыбай асуындағы батыр моласын этнограф-ғалым Шоқан Уәлиханов өз еңбегінде сипаттап жазып кеткен. Батырдың ерлігі, қолбасшылық қасиеттері халық жадында сақталып, елі үшін, жері үшін қиян-кескі ұрыста жанын пида еткен ерлікті ел халқы мақтан етіп, пір тұтады.

ЖАЯУ МҰСА ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Баянауыл ауданы Мұрынтал ауылынан 10 шақырым жерде орналасқан бейіт. 1972 жылы биіктігі 3 метр абылайша тектес киіз үй тәрізді жаңадан мазар тұрғызылды. Мазардың сырт келбетінде ақынның барельефі орнатылып, астыңғы жағында аты мен өмір сүрген жылдары көрсетілген темір платина қойылған.

Жаяу Мұса Байжанұлы (1835-1929) – Баянауыл ауданы Жасыбай көлінің жағасындағы Ақшоқы алқабында дүниеге келген қазақ халқының композиторы, ақын. Болашақ өнерпаз домбыра, қобыз тартып, талантты әнші, ақын адамдардың қасында еріп жүріп, олардың ән-жырларын, әңгімесін тыңдап, көкейіне түйіп, ер жетті. Ауыл молдасынан білім алды, Қызылжарда оқуын жалғастырды. Кейін Омбы қаласында түрлі өнерпаздардың өнерін бойына сіңіріп, скрипка, сырнайда ойнап үйренді. Омбы кітапханасында Санкт-Петербург, Мәскеу, Қазан, Орынбор және басқа да қалалар-



да шығатын газет-журналдарды, кітаптарды оқып танысты. Шоқан Уәлихановпен кездесіп, қасында болып, кейін Шоқанды Баянауылдағы Қоңыр әулиеге апарған.

Түрлі жала жабылып, әскер қатарына алынған Жаяу Мұса патша әскерінің қатарында Польша және Литвада болды. Елге оралған соң аты қазақ даласына кеңінен танылады. Өзінің өткір тілі мен бойына дарыған ақындығын мойындатқан ақын халық арасында тараған қиянатқа қарсы жазылған «Ақ сиса» әнімен танылды. Жаяу Мұса «Хаулау», «Толғау», «Бұзау зары», «Тұтқын зары», «Сүйіндік», «Баянауыл», «Жаздың күні», «»Жазда», «Ұлытау», «Сарын», «Тұрымтай», «Қаршыға», «Көгершін», «Құлбай», «Қазан қыздары», «Сұрша қыз», «Шолпан», «Сәулем қыздар», «Гауһар қыз», «Ләйлім», «Келдіс Сапар басыңа» атты әндерінің және «Қыз күйі», «Қызбала күйі», «Қызқарқара», «Қамшылау» күйлерінің авторы.

ИСАБЕК ИШАН КЕСЕНЕСІ – Екібастұз қаласының Ақкөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай

15 шақырым жерде орналасқан кешен. Ақтастан салынған екі кесенеден, мешіт және табынушылар үйінен құралған кешенді құрылыс. Үш күмбезді кесенеде Исабек Ишанның өзі және оның жалғыз ұлы Нұрмұхамед пен бауыры Мұхаммед Нияз жерленген. Қасындағы бір күмбезді кесенеде ұрпағы Жандарбек қожа жатыр.

Исабек ишан хазірет (1792-1871) – ислам дінін таратушылардың бірі, діни қайраткер, белгілі философ, ағартушы. Ол еліміздің оңтүстік аймақтарында мекендеген атақты Саид қожадан тарайды. Исабек ишанның әкесі Мұрат ишан алғашқылардың бірі болып XVII ғасырдың аяғында Сарыарқа жеріне келген. Исабек ишан бала жастан оқуға, діни білімге құмартып, 7 жасында медресеге түсіп, 14 жасында «ишан» атанған. Білімін одан әрі Бұхара қаласында жетілдірген.

XIX ғасырдың басында Аққөл-Жайылма өңірінде медресе ашып, мешіт салып орта жүзде діни, ағартушылық қызмет атқарды.

Исабек ишанның жасаған кереметтері халық аузында бүгінге дейін айтылады. Жазғытұрым тасып жатқан Шідерті өзенінен өтпек болып, бір топ адам өзен тұсындағы талдың түбіне келген уақыттарында тал арасынан ұры-қарақшылар шыға келіп ат-көліктері мен киімдерін алмақшы болады. Сонда әлгі адамдардың бірі оларға: «Заттарымызды алсаңдар да, мына жігіттің заттарына тиіспеңдер, ол – әулие адам» дейді. Бұл сөзді растау үшін және сынамақшы болған қарақшылар аспанда ұшып бара жатқан бір топ аққуды алдарына қондыруын сұрайды. Сонда Исабек ишан отыра қалып, күбірлей дұға оқып, аққуларды төмендете бауырлай ұшырып, әлгілердің алдына қондырады. Шынымен, ке-



ремет күштің иесіне таңғалып, әрі қорқып қалған қарақшылар әлгі бір топ адамның өзеннің арғы жағына өтулеріне көмектеседі. Өзеннің келесі жағына жете бергенде Исабек ишан: «Қап, қателік жасадым! Сендер білмейсіңдер! Аққу менің киім еді, оларды дұғамен матап, әлгілерге тұтқын еттім. Күндердің күнінде менің ұрпағым тұтқын болады» деген екен. Әулиенің айтқаны дөп келіп, 1937 жылғы зұлматта Исабек ишанның ұрпағы түрмеге түскенде, халық оның көрегендігі мен әулиелігіне, болжағыштығына қайран қалыпты.

Исабек ишан кесенесіне елдің түпкір-түпкірінен адамдар келіп, әулие ишан аруағына құрмет көрсетіп, тәу етеді.

«КЕМПІРТАС» АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШІ – Баянауыл ауданы, Торайғыр ауылының жанындағы Кемпіртас жартасының маңында орналасқан құрылыс.



Кемпіртас жартасының маңындағы алқапты аймақта таспен көмкерілген мазарларға жүргізілген зерттеулер осыдан 3,5 мың жыл бұрын осы маңда металл қорыта бастағандығын дәлелдейді. Табылған артефактілер андрон мәдениетіндегі тайпалардың өмірі мен көзқарастарын жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді.

Археологиялық ескерткіш тігінен жерге қадалған он екі дөңгелек және шеңбер тәрізді тас плиталар және 5-8 метр болатын қоршаулардан құралған. Қоршау ортасында төртбұрышты тас сандық орнатылған. Жерлеуден табылған материалдар солтүстік Сарыарқа малшылары мен метталургтерінің ежелгі тұрмыс-тіршілігінен сыр шертеді. Тасты дуалдар геометриялық оюлармен өрнектелген. Ал табылған керамикалық ыдыстардың түбінде қызғылт дақ белгісі, ал ішінде ертеде шалынған құрбандық асының қалдықтары табылған. Қабірлерде жатқан сүйектерге қарап жерлеу рәсімі андрон мәдениетіне сай, адамдардың жерленгенін және бас сүйектері батысқа қарай бағытталғанын байқауға болады. Сол кездегі наным-сенімге қарай өлілер мекені батыс жақта және өлген адам қайтып осы өмірге оралатынына орай ана құрсағында жатқан қалпында жерлеген.

Павлодар мелекеттік педагогикалық университетінің «Марғұлан» орталығының археологтары бірнеше жерлеу нысандарына зерттеу жүргізді. Алдағы уақытта зерттеу жұмыстары жан-жақты тереңінен жүргізіліп, көптеген жағдаяттардың басы ашылатыны белгілі.

КЕНТАУШЫ ҚОСЫМ ПІШЕНБАЕВ МАЗАРЫ – Баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округі Ж.Шанин ауылынын оңтүстік шығысында 25 шақырым жерде орналасқан бейіт. 1994 жылы Қосым Пішенбаевтың мерейтойына байланысты «Екібастұзкөмір» кәсіпорны оның зиратында мазар көтеріп, рулық зиратқа қоршау жасады. Мазар төртбұрышты, ақ кірпіштерден қаланған, алдыңғы бөлігінде аты-жөні, өмір сүрген жылдары жазылған құлпытас орнатылған.

Қосым Пішенбаев (1844-1932) – атақты қазақ кен іздеушісі. Ол Қызылтау тауының етегінде орналасқан Сәрсенбай бұлағының маңында дүниеге келген. Ірі денелі, батыр тұлғалы адам болған. Ең алғаш Нұрғали



Таушабаев ашқан діни медреседе білім алған, арнайы білімі болмаса да туа біткен дарындылығының арқасында көптеген жаңалықтар ашты. Алғаш рет Майбұлақ деген жерден мыс кеніштерін ашып, осы кешен туралы орыс көпесі С.И.Поповқа хабар береді. Осыдан кейін жас Қосым әртүрлі кәсіппен (ауыл ұстасы, зергер, жер өлшеуші, кен іздеуші, егінші) айналысады. 1904-1906 жылдары Майбұлақ кенін екінші рет қайта тауып дәлелдейді, содан кейін қорғасын кені ашылып, өзі де осы кеніште қызмет етеді. Сарыарқа даласындағы Берікқара, Екібастұз, Жартас, Жосалы, Көктас, Қазанауыз, Майкүбі, Майқайың мыс, көмір, қорғасын, алтын кендерін алғашқы болып ашса, Екібастұз жерінде көмір қорын тапты. Кенші Қосым бұл жерлерді металлургтердің ізімен анықтап, рудалардың жер бетінде жатуы және сол өңірдің өсімдіктер әлемін салыстыру арқылы тыңғылықты еңбегінің арқасында анықтады.

Атақты қазақ кен іздеушісі туралы мәліметтерді алғашқы болып жинатқан – Қ.Сәтбаев, Ш.Шөкин, Ә.Нұршайықов, Қ.Исабаев, А.Жақсыбаев. Қосымның Екібастұз көмір кенін ашқаны туралы деректерді жинақтап, дәлелдеген майдангер-жазушы Қалмұқан Исабаев еді.


Бүкіл қазақ даласына танымал Қосым Пішенбаев Тоқсанның шілігі деген ауылға жақын Мақаш қыстауына жерленген.

КҮРЕҢБАЙ СЫНШЫ – Екібастұз ауданы Төртүй ауылының солтүстік-шығысында 4 шақырым

жерде орналасқан. Саман кірпіштен қаланған алты қырлы, қабырға биіктігі 3 метрге дейін жетеді. Жанында құлпытас орнатылған.

Күреңбай Бекқұлұлы (1840-1896) – тұлпар болар құлынды дәл таныған сыншы, қызыл тілді, орақ ауызды шешен. Ол бала жастан тай үйретіп, ат баптағанды ұнатқан, жүйрік аттарды сынап, баға беріп, бәйге алдында жараған аттарды байқап көріп, қайсысы қай орынды иемденетінін болжаған, тіпті сәйгүліктің қырдың немесе таулы жердікі екенін, жақын не алыс қашықтыққа шабатынын айтқан. «Тай мін, тай мінсең жасына қарай мін, болдырып өлсе де үшжасарды аяма. Төртжасарға ерік бер, бесжасарды бәйгеге қос, егер алдынан келмесе, басын шап...» дейді екен.

Күреңбай сыншының жүйрікті тану үлгісі: «Жүйріктердің бас бітімі жай аттардың басынан ерекшеленіп тұрады. Қазақ жүйріктері тәует бас болып келеді. Құлағы тік, «қамыс құлақ» болғанда, жұтқыншағы қойдыкіне ұқсайды. Сағағы кең, үңірейіп, ерні салбырап тұрады. Бастың өзі кем жарым болса да, одан кесім ет шықпайды. Танауы талыстай, кеңірдегі кең болады. Қазмойын сұлу көрінгенімен, шабуға жаралған жүйрік үшін жайсыз. Аламан бәйгеде мұндай мойын тез талады. Нағыз жүйріктің мойны ұзын емес, бұланның мойнындай жұмырланып келеді. Жалы қалың да емес, сұйықта емес, құланның жалындай майда келеді. Оны ел арасында «құлан жал» деп те атайды. Жаясы жазық келеді. Жоны жұмырланып, қоян жонданып тұрады...».



Оның өмірінде ең үлкен оқиғалардың бірі – І.Жансүгіровтің поэмасында суреттелетін Сағынайдың асында өзі сынап, жоғары бағасын беріп, бәйгеге шауып, аты аңызға айналған Құлагердің өлімі.

Күреңбай сыншының мазары көпшілік барып тәу етер киелі орын.

ҚАЗАНҒАП БИ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Ақсу қаласы Жолқұдық ауылынан 4 шақырым жерде орналасқан. Қазанғап би дүниеден озғанда, оның көмекшісі Рамазан Қызылжар және Омбы қалаларынан арнайы күйдірілген қызыл кірпіштер әкеліп, басына кесене тұрғызып, ақ мәрмәр тастан оның жетістіктері жазылған тас орнатқан. Өкінішке орай, күмбез бүгінгі күнге дейін сақталмаған, Кеңес үкіметі кезінде бұзылып, кірпіштері құрылыс материалдары ретінде фермаларға таратылып жіберілген.

Қазанғап Сатыбалдыұлы (1771-1856) атақты би, Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны. Ол Ресей әкімшілігімен жергілікті рубасылар арасында келіссөздер жүргізіп, Қалқаман тұзының сатылуын дамытқан. Кезінде казак әскерлерінің үлесіндегі жерге мал жіберіп, 29 мың сотық жердің шөбіне зиян кел-



тіргендіктен, казак әскерінің Корякковский, Выдрин сынды өкілдері қазақтардан айыппұл төлеуді талап еткенде Қазанғап би Омбы қаласына барып, қазақтарға араша түскен.


Қазанғап 1808 жылы Санкт-Петербург қаласында ақ патшаның қабылдауында болып, старшын шенін мен 50 сом ақшалай сыйақы алған. 1833 жылы майор атағын алса, 1842 жылы Владимир лентасына тағылған алтын медаль, 2 жылдан кейін алтынмен апталған күміс тостаған иеленген.

2008 жылы жерленген жеріне табиғи тастан арнайы стела орнатылып, маңы абаттандырылды. Бүгіндері басына мәуелей өскен ағашты киелі санаған адамдар ақ шүберек байлап, тілек тілейтін киелі жер, әрі үлкен қызығушылық пен танымдық құндылығымызды көрсететін мұра болып табылады.

ҚАЙСА НҰРҒАЗЫҰЛЫ КЕСЕНЕСІ – Май ауданы Ақшиман ауылында орналасқан ақ кірпіштен бедерлі етіп қаланған құрылыс.

Қайса Нұрғазыұлы (1888-1976) – Май ауданында дүниеге келген көріпкел, емші. Арғы атасы Елқонды аруақты бақсы болған. Қайса атаның емшілік қасиеті 49 жасында бойына қонған. Қыстың қақаған аязды күні жалаң аяқ далаға жүгіріп шығатын болған. Әуелде ауылдастары «жынданды» деп сырттай сөз еткенімен, кейін көріпкелдік, емшілік қасиеті тез арада ел арасына тарап, оған әртүрлі мұқтаждықтары, сырқаттары бар адамдар көмек сұрап үздіксіз көп келетін болған. Қайса ата өзінің ғажап күшін тек игілік істер үшін ғана қолданған.

Бірде әулие бабалары түсіне еніп, аян берген соң, Байкөшеден деген жердегі бабасының зиратына барып түнеп, бата алған. Осы оқиғадан кейін бақсылықтан гөрі сәуегейлік, емшілікпен айналысады. Ата алыстан келе жатқан жолаушының жай-күйін сезіп-біліп, дастархан жайдырып, ас-су дайындауды алдын ала хабарлап отырған. Тіпті, шаршап, сусағандардың алдынан қымыз-айранын арқалатып, ұлын жіберіп, бағыт-бағдарларына қарай жол сілтеген. 1959 жылы Үлкен Ақжар ауылының тұрғыны Оралбек Байдәуіров есімді азамат Күйгенқо-



ра деген жерге көлікпен асығып жем-шөп апара жатып, жолда ат-арбасымен кетіп бара жатқан Қайса атаға сәлем бермек түгіл, басын бұрмай өте шыққанда, көлігі тоқтап қалады. Соңынан жеткен атадан кешірім сұраған уақытта «Жарайды, бара ғой» дегенде көлік от алыпты.

Бір күні Қайса бақсы мен Мүбәрак киіз үйде әңгімелесіп отырғанда бір әйел мешел болып, жүре алмай қалған, шамамен он жастағы баласын алып келеді. Оны көрген бақсы қасындағы Мүбәракты «Мал жақты аралап қайтсаңшы» деп, жұмсап жібереді. Ал, Мүбәрак «бақсы не істер екен?» деген оймен ауыл шетіне шығып, атын байлайды да, ешкімге көрінбей киіз үйдің жабығынан сығалап, бақылайды. Бақсы болса мешел баланы жылжытып әкеліп, үйдің қақ ортасына отырғызады да, әйелге өзінің қамшысын беріп, «баланы ұр!» деп әмір етеді. Ана байғұс баласына жаны ашып, аяп, жөнді ұра алмайды. Сол кезде бет-әлпеті бұзылып кеткен бақсы әзірейілше ақырып: «әй, осылай ұра ма екен?! Әкел қамшыны, ұрудың көкесін мен көрсетейін» деп, қамшыны жұлып алып, тап бергенде, онсызда еріндері кезеріп, жылырман болып отырған бала зәре-құты қалмай бақырып, есікке қарай тұра қашады. Жерқорқақ болып қалған баланың осыдан-ақ жазылып, аяғына тұрып кеткенін көрген Мүбәрак бір жағынан таңданып, екіншіден бақсыға риза болып, атына қарай аяңдаған екен.

Қайса ата кесенесі – көпшіліктің тәу етіп, ата аруағына сиынатын киелі орын.

ҚАЛАБАЛҒАСЫН МҰНАРАСЫ – Май ауданы Қызыл Еңбек ауылының маңында орналасқан ескерткіш.

Жазба деректерде Ертіс бойындағы ескерткіштердің ішінде «Қалабалғасын мұнарасы» жайлы жиі айтылады. Осы ескерткіш туралы алғаш рет Қытайдағы орыс елшісі Ф.Байковтың еңбектерінде былай жазылған: «Қалмақ тілінде – Кабал-Гасун (Қабан-Гусан), ал орыс тілінде – кірпішті палата. Кірпіштен күйдірілген, қуыс, көне іс». Ескерткіш жөніндегі мәліметтер қатарына С.Ремезовтың картасындағы сұлбалық бейне жатады, оның қарсысында: «Мешіт, Кабан-Гусан – бос шатқал» деген жазу бар. XVIII ға-



сырда орыс зерттеушісі Г.Ф.Миллер мұнараның толық түсіндірмесін жазған. Көптеген қызықты әңгімелерді жазып алған. Құрылысты өз көзімен көруге мүмкіндік болмаған соң, суретші Люрсениусты ескерткіштің суретін салу үшін мұнараға жібереді. Суретші оның бейнесін салады. Сол кездегі өлшем бойынша мұнара қабырғаларының биіктігі 9 метрге дейін, іргетасы төртбұрышты, барлық қабырғаларының ұзындығы бірдей. Күмбез 20 қырлы бұрышты, түсі әдемі көк сиялы, мұнараның сол уақытта 12 қыры сақталған. Қабырғасын бекіту үшін салынған бөренелер әр жерден көрініп тұрады, іші ерекше құрамды балшықпен ақталған. Жоғарғы жағындағы күмбезде бір-біріне қарама-қарсы екі терезе орналасқан. Табылған ескерткіш материалдары дұрыс 25х25х25 формадағы үлгіні елестетеді. Қазба жұмыстары барысында Ертістің сол жақ жағалауында тарихи деректердегі аталған Қабал-ғасұн, Джалин-обо немесе Қалбасын мұнарасы – Жошы ұлысы кезеңі кесенелерінің қалдықтары екені және біздің заманымыздың XIV-XVI ғасырларына жататыны нақты анықталды. «Қалабалғасұн мұнарасы» туралы И.Гмелиннің, И.Андреевтің, Г.Спаскийдің, А.Щекатовтың, К.Риттердің еңбектерінде кездеседі. Аталмыш формадағы үлгі құрылыс материалдары, кірпіштер дайындау дәстүрі Қарахандық өркениеттен (X-XII ғғ.) бастау алады. Мысалы: Айша бибі, Бабаджа хатун кесенелері іспеттес. Ескерткіш бүгінгі күні сақталмаған. Қазақтар мен қалмақтар бұл ескерткішті киелі санаған.

ҚАЛМАҚҚЫРҒАН ТАУЫ – тарихи деректерде XVIII ғасырдағы қазақтар мен жоңғарлардың шешуші шайқасқан жері. Май ауданының Ақшиман ауылынан 4 шақырым жерде тұр. Қалмаққырғанның аласа таулары қазақ-жоңғар дәуіріндегі шайқастардың басты алаңы болған. Деректер бойынша, қазақ пен жоңғар арасындағы Баянауыл тауларындағы XVIII ғасырдың ортасындағы қақтығыстар Серектас тауларына ауысады. Осыдан Олжабай, Баян, Малайсары, Дербісәлі сынды батырлар басқарған қазақ жасақтары жоңғарларды осы тауларда қоршап, жан сауғалап ұлардай шулаған жауды қырып салады. Қалмақтар бейберекет қашып, өліктері жолдың ұзына бойына шашылған жер болғандықтан, осы тауды кейін Қал-



маққырған атаған. Әулие Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының еңбегінде: «Біздің қазақ бұл Сарыарқаға келіп, ие болғаны – Абылай хан заманынан аз-ақ ілгері. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп, ие болған жоқ. «Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» жаннан кешіп, кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында қалмақпен жаудай алысып, жаттай салысып, шыбын жанын нысанға байлап, не маңғаз сарбаздары жау жолында оққа ұшып, өлгені өліп, қалғаны қалып, сөйтіп алған жері еді.

«Қалмаққырған» – қазақтың қалмаққа күйрете тойтарыс беріп, қыра жойған жері. Қолбасшы Олжабай бас болып аттанып, қалмақты сол жерде қойдай қамап, иіріп қойып, қырып, сонан «Қалмақ қырған» атанған. Қалмақ қайтып бұл Арқаны көре алған жоқ» дейді. Қалмаққырған тауларында үлкен үңгір бар. Халық аңыздары бойынша, аталған үңгірде қалмақтар шайқас кезінде тығылып отырған.

Қазақ халқы Қалмаққырғанды ерекше тарихи орын ретінде қарап, киелі жер санайды. Бұл жер ата-бабамыздың қаны төгіліп, құнды жеңістерге қол жеткізген орын болып табылады.

ҚАРАМАН АБЫЗ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылынан 12 шақырым қашықтықтағы Тотия тауының бауырайында орналасқан.

Шүрек ұлы Қараман абыз Далба тауы өңірінде XIX ғасырда өмір сүрген. Оның дүниеге келген және дүниеден қайтқан жылдарынан дерек жоқ. «Жас шамасы Құрманбай абызбен шамалас» деп Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазған екен. Қараман ислам діні және оның негізгі ережелерінің білгірі болған. Орта Азиядағы Ташкент, Бұхара, Қарнақ және Дамаск қаласында діни білім алып, «Жын-пері оқуы Хасиданы бітірген адам». Білімін сәтті тәмамдаған Қараман абыз өз еліне оралып, халық арасында өзінің қабілеті үшін үлкен құрметке бөленіп, «абыз атанған». Халық әулие санаған абыз жайында ел аузында көптеген аңыз-әңгімелер сақталған. Солардың бірінде арбасына шайтанды жеккен дейді, ол қайтыс болған соң қасиетті Рамазан



айында зиратында шырақ жанып тұрады екен.

Өз заманының білгірі, ру, ел арасындағы кикілжіңдердің алдын алып, бітім жасастырып, елдің берекесі мен тыныштығының сақшысындай болған. Қараман абыздың діни білімділігі, ақылдылығы, парасаттылығы ел аузында аңыз болып, «қара суды теріс ағызған дұғаменен, айтқан сөзі жанға шипа болған ем» деген сөздер қалған, тіпті оны «асыл әулие», «абыз баба» деп те атаған. Бір күндік жерде келе жатқан адамның мінез-құлқын, жай-күйін сезініп, талқыға салынар тақырыптың жай-жапсарын алдын ала шеше білген. Батыр жорыққа, би кеңеске аттанарда оң батасын беріп, жауын жауырынына, қарсыласын қапыда жеңгізер күш сыйлап, аттандырған.

Қазақ қоғамында абыз институтының маңызы ертеден жоғары болған. Бұл институттың түркі заманынан бері қалыптасып, дамып келе жатқан институт екенін байқаймыз. Абыз – түркі тілдерінің төл сөздерінің бірі, елдің тәу ету жоралғыларына басшылық жасайтын әрі жаугершілік жағдайында жорыққа шығарда бата беретін, болжам жасап, жорамал айтатын, қоғамда қалыптасқан әлеуметтік тәртіптің нормалары мен қағидаттарын жетік меңгерген беделді тұлғаны атайды. Қараман абыздың өмір сүрген жылдары қазақ қоғамындағы абыз секілді ежелгі әлеуметтік институттардың әлі де болсын үлкен беделі болғанын байқаймыз. Осы дәуірде сиқыр, ерекше қасиет иелерін халық абыз атап, ерекше құрмет еткен еді.

ҚОҢЫР ӘУЛИЕ ҮҢГІРІ – Баянауыл ауданы Торайғыр ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 10 шақырым жерде орналасқан қасиетті орын. Үңгір таудың биік жағында, солтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Соңғы бөлмесінде су жиналатын қазандық орналасқан. Қазандық үнемі мөлдір таза шипалы суға толы. Үңгір тектоникалық жік түсуден, гранит тасына табиғи сыртқы күштердің (жел, күннің қызуы, су шаю, т.б.) әсерінен пайда болған деседі. Қоңыр әулие үңгірінің қасиетіне табыну – тас дәуірінің көне қатпарларынан келе жатқан адамзат баласының ең көне ғұрыптарының бірі. Қай уақытта болмасын үңгір жанына Жаратушыдан жалбарынып перзент сұраған әйелдер қонған және сәби тілеген армандары шынымен де орындалған. Белгілі ғұлама Мәшһүр Жүсіп бұл жердің киелілігін дәріптеп, «Әулиелердің Алладан пәрмен сұрайтын жері» деп атап кеткен.

XVIII ғасырдың аяғында бұл үңгір жайлы мәлімет еуропалық және ресейлік патша шенеуніктерінің жазбаларында кездеседі. 1790 жылдары «Оренбургская топография» кітабының авторы П. Рычков Қоңыр әулиеде болғанын жазады. Сонымен



қатар, Шоқан Уәлиханов пен Григорий Потанин жазбаларында кездеседі. Әулиетас киелі үңгірі туралы белгілі өлкетанушы Н.Коншин XIX ғасырдың соңында «Керекуден Қарқаралыға дейін» деп аталатын жол жазбасында тамсана жазады. «Әулиетасқа науқастар мен кедей қазақтар сыйынады, ең бастысы, баласыз әйелдер нәресте сұрап келеді. Әдетте кешкұрым және түнге қарай келеді, түнді үңгірде немесе соның маңында өткізеді. Бай адамдар қой сойып, үңгірдің аузында от жағып, қазанға су толтырып, қой етін асады. Суды тек үңгірден алады, сол суды ішеді, әсіресе денесінің сырқат тұстарын сол сумен жуып, шайынады. Қазақтардың пайымдауынша, бұл судың емдік қасиеті өте күшті.

«Қоңыр әулие» үңгірі жердің, жануарлар мен құстар әлемін қорғаушы Нұх Пайғамбар заманынан бар. Бүкіләлемдік су тасқыны кезінде үш көріпкел Нұх Пайғамбардың кемесінен қалып қойып, содан үш бақанды бір-біріне жалғап, Нұхтың кемесіне байлапты. Тасқын сумен ағып келе жатып үлкен әулие Құланның бөренесі Қызылтау маңында тасқа соғылып, жұлынып кетеді. Екінші әулие Қыранның бөренесі Ақбеттауға соғылады. Ағын су толастап, таулар мен шоқылардың басы көріне бастағанда кенже әулие Қоңырдың бөренесі үңгірге жақындап, ол сол жерді тұрақтап қалған деген аңыз бар. Сол себепті бұл үңгір киелі орынға табыну боп саналады.

Бүгіндері қасиетті үңгір қалың жұртқа сая болып, киелі орынға айналып отыр.

ҚОШМАН БАТЫР ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Тереңкөл ауданы Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 7 шақырым жердегі Қоржынкөл көлінің жанында. Ұрпақтары басына жеті метрлік тас белгі орнатып, онда батырдың аты-жөні жазылған.

Қошман (Қошмұхамет) Теміруұлы (1864-1934) – батыр, кешегі жаугершілік заманда Абылайханның адал сардары Есенқұл (Жалаңбас) батырдың ұрпағы. Әкесі Темір алып денелі, атағы шыққан палуан, әрі сөзге шешен адам болған. Бала Қошман әкесінің қасында жүріп, халқының ауыр, қиын өмірлерін көріп ерте жетілді, әке-шешесінен айрылып жетімдіктің ауыртпалығын тартты. Патшалық Ресейдің халқына көрсетіп отырған қысымына, жергілікті бай-шонжарлардың озбырлығына шыдай алмай оларға қарсы шықты. Аш-жалаңаш отырған қазақ ауылдарына бір түнде мал айдап әкеліп, аштықтан аман алып қалып отырған. Халықтың алғысына бөленіп, дара батырға айналған Қошманды әкім-қаралар «қарақшы, барымташы» деп жала жауып, қолдарына шам алып, ізіне түседі. Қош-



ман өзі жайлап отырған мекендегі Әжболат сорын паналаған. Қару-жарағы, күнделікті керек құрал-саймандарын осы маңға жасырған. Ал Әжболат сорын мәңгілік тұман басып тұратын болған, ортасындағы аралға өтетін жол тек батырдың бір өзіне аян болса керек.

1908-1909 жылдары қазақ жігіттерінен қол жиып, ақ патшаға қарсы шыққан, Омбы кадет корпусының казактарымен шайқасып, әскери тәртіппен бапталған жирен қасқа атты жетегіне байлап елге ала келеді. Осы қақтығыстан кейін жолдасы Тілеуберді қажының баласы Жақыпты казактар Қошман деп аяқ-қолын матап, сабап, соңында атып өлтіреді. Досының кегін алу үшін жігіттердің жиналғанын күтпей, түнделетіп жол жүріп казактар орналасқан хуторға жеткен соң, өзімен бірге ала келген бір қап мысықтың құйрығына мата байлап тұтатып, қоя береді. Жан ұшыра жүгірген мысықтар үйден-үйге, қорадан-қораға тығылып, қас қағым уақытта бүкіл хутор отқа оранады. Бұл кезде қалған казактар хутор шетінде Жақыптың мәйітін ортаға қойып, өздері от жағып айнала отырады. Алыстан бәрін ойлап-пішіп болған Қошман батыр жирен қасқаның жүгенін сыпырып алып, жайдақ отырып, ортадағы жолдасының мәйітін көтеріп алып, сол шапқан қалпы қараңғы түнде жоқ болады. Әскерилердің өзі не болғанын түсінбей қалса керек, осы оқиғадан кейін «елес» деген лақап есім берген.

Кейін «Қошман ұсталынсын» деген патша бұйрығы шығып, ауыл ақсақалдарының ақылымен Қошман қажылыққа барып, аман-есен оралған соң елде қайтыс болады.

ҚҰРМАНБАЙ АБЫЗ МАЗАРЫ – Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылы «Тайжеген» қыстағында орналасқан, ірі тастардан қаланған төртбұрышты қоршау. Батыс жағында ай суреті бейнеленген және арабша, одан кейін қазақша мәтін келтірілген: «Байқонақ ұлы Құрманбай абыз 1821 жылы туып 1891 жылы қайтты. Орнатушы шөбересі Қадрахим».

Құрманбай Байқонақұлы (1821-1891) – діни қызметкер, абыз, XIX ғасырдың көрнекті. Алғашқы ұстазы Қызылжар қаласындағы Сейфол-



ла хазірет сабақ берген, медресені аяқтаған соң, Бұхара қаласындағы Көкілташ медресесіне оқуға түседі, ол жерде араб және парсы тілдерін үйреніп, жолдасы Жанқозы абызбен Дамаск (Сирия) қаласында білімін жалғастырады.

Қасиеттілігі мен өнегелігі үшін Баянауыл округінің аға сұлтаны Мұса Шорманов бір бай адамнан Құрманбай абыз үшін қыстақ сатып алады, ол жер «Тайжеген» жері деп аталады. Осындай жер атауын ха-

лық былай түсіндіреді: «Құрманбай абыз көп мал ұстамаған, келген қонақтарды ренжітпей жақсы қарсы алып отырған, үнемі тай сойып берген екен», сондықтан ол қыстаған жер «Тайжеген» болып аталып кетті. Өз қыстағында жалғыз өзі қысы, жазы түнейтін. Абыз үшін «13» саны қасиетті, 13-тен артық қой ұстамайтын, қыздарын 13 жасында ұзататын. Сонымен қатар ол психикалық ауруға шалдыққан адамдарды емдеген, аруақтармен араласып, түс жорып, болашақты болжаған. Ол туралы келесі әңгіме сақталған: «Имантай Сәтбаевқа 50 жас, жолдасы Сәлимаға 37 жас болғанда дүниеге Қаныш Сәтбаев келеді. Қазақ дәстүріне сай жеті айлық балаға азан шақыртып есімді Құрманбай абыз қояды. Жарқын болашақ тілеген абыз есімді Құраннан алып, арабшадан «Алланың жоғарғы және мәңгі құлы» деген мағына беретін Ғабдұл-Ғани деген ат береді. Анасы баланы Ғани, Ғаныш деп еркелетіп атаған. Мектепке барған кезде орыс тілінің мұғалімі орысша Қаныш деп жазған екен».

Бұл нысан – киелі орындардың бірі. Ұрпақтары Құрманбай абыздың пайдаланған қайрақтасын көздерінің қарашығындай сақтап келеді.

ҚЫЗ ТАМЫ – Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылынана 12 шақырым жердегі Бабыр қорығында орналасқан күмбезді құрылыс. Там жылқының жал-құйрығы мен тобылғы араластырылып, биенің сүтіне иленген саман кірпіштен қаланған. Үстіңгі күмбезі ашық, шаңырақ тәрізді, кіре беріс жағы батысқа қаратылған. Құрылыста екі құлпытас тұр. Сондай-ақ, үш жағынан терезелер болған, ол күннің шығуы мен батуына орайластырылып, ішіне жарық түсіп тұратындай етіп салынған. Ғалымдардың пайымдауынша, ескерткішке 300 жылдан аса уақыт өткен.

Ертеректе дәулетті, абыройлы байдың жаугершілік заманда ұлдарының барлығы соғыста қайтыс болып, жан дегенде жалғызы, айдай сұлу, парасатты, қызы болған. Әкесімен бірге ел басқарып, халқының қамын жеп, бойындағы жауынгерлік рухы асқақ қыз сабырлылығымен, ақылдылығымен адасқанға жол сілтеп, қиналғанға медеу болып, оның атақ-даңқы шартарапқа тарап, ел құрметіне бөленген.



Жаз жайлауға көшер уақытында көшті бастап, Қарқаралыдан Шідертідегі жайлауына көш басын бұрады. Көш қозғалған күні қыз айықпас дертке душар болып, жаны қиналады. Әкесі уайымға салынып, жан-жаққа ат шаптыртып, қаншама тәуіп әкелдірсе де, емге дауа таба алмайды. Ауырып жатса да халқын ойлаған қыз көшті тоқтатпауын сұрай-

ды. Көш біраз жүргеннен кейін, көз жұмады. Барлық халық аза тұтып, қызды арулап, аққа орап, қара жер қойнына беріп, басына кесене орнатады.

Кесене – адам бойындағы адалдық пен ақылдылық қасиеттерінің тоғысқан мекеніндей бүгіндері алыстан менмұндалап тұр.

МАЛЫБАЙ КӨЛІ – Аққулы ауданы Малыбай ауылының жанында орналасқан.

Ел аузында Малыбай көлінің пайда болуы туралы аңыз бар. «Заман, заман, заманда, елдің басы аманда, бақ дәулеті жер жарған Малыбай деген бай болыпты, бір балаға зар болыпты. Ол түсінде таңғажайып іс көреді. Малыбайға су перісінің қызы ғашық болады. Малыбай телегей-теңіз отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап үйленеді. Қыз Малыбайға шарт қояды: «Қандай қиыншылық, құрғақшылық болмасын су киесіне тиіспе, тиіссең мерт боласың да, мен ұшып кетемін» дейді. Малыбай «Уәде-уәде» дейді. Бір жылы қатты құрғақшылық болып, Малыбайдың сансыз жылқысы шөлден қырылуға тақау қалғанда, амалы құрыған Малыбай әйеліне жалынады: «Мені мына құрғақшылықтан құтқарудың амалын айт, сен су перісінің қызы емеспісің?» дейді. Сонда әйелі: «Менің айтқанымды істесең, малыңды аман алып қалудың амалын айтайын. Сол аумаққа он үйір жылқыңды айналдыра шап, сонда дүңгірлеген жерлерден айнала он құдық қаздыр, мол сарқылмас су шығады, малың да, жаның да аман қалады. Бірақ есіңде болсын, шөлден суындаған қара жирен айғырдың үйірі сендерге бой бермей, ортаға қарай шапқанда жердің дүңгірі тіпті анық шықпақ, бірақ суы мол құдық болар деп ол жерді қаздырма, судың киесі атады, мерт боласың» дейді. Малыбай әйелінің айтқанын жасайды. Құдықтар қазылып, жылқы суға тояды. Бір мезетте қара жирен айғыр үйірін ертіп алып, қазіргі көлдің дәл ортасына шабады, қайтаруға дес бермейді. Соңынан қуған жылқышылар жердің дүңгірін анық естіп, Малыбайға айтады: «Ана жерде тіптен мол су бар екен, жер дүңгірлеп дыбыс беріп тұр» деп. Малыбайдың есіне әйелінің ескертпесі түсіп: «Қанағат, осы он құдықтың суы жетер» дейді.



Мал төлдеп, бас молаяды. Он құдықтың суы бір тартылып, бір толып тұрады. Бұған Малыбай мазасыздана бастайды. Жылқышылары он құдықтың орта тұсында мол су бар деуін қоймайды. Малыбай бір күні: «Әйелдің тілін алып, малымды қырмақпын ба» деп он құдықтың қақ ортасынан құдық қаздырып, өзі жұмысты бақылап тұрады. Бір кезде Малыбайдың тұрған жеріне көленке түседі: «Аспанда бұлт жоқ еді ғой» деп басын көтерсе, қанатын кең жайып ұшып бара жатқан су перісінің қызы – әйелін көреді. Ол қанатын

қағып-қағып, «Қош» деп ұшып кетеді. Құдықтан мол су шығады, бәрі мәз. Кенет су құдықтан аспанға атылады. Көзді ашып-жұмғанша Малыбай мал-жанымен су астында қалады. Сөйтіп Малыбай көлі пайда болған екен.

МӘҢГІЛІК АЛАУ ЖӘНЕ ДАҢҚ ЕСКЕРТКІШІ – шейіт болған мыңдаған сарбаздың ерлігіне құрмет көрсететін киелі орын. Павлодар қаласы Қайырбаев-Бектұров көшелерінің қиылысындағы Жеңіс саябағында орналасқан. Ескерткіш 1975 жылы 9 мамырда ашылды. Биіктігі 24 метрлік жаяу, әуе және теңіз-флот әскерін бейнелейтін үш қырлы ескерткіштің төменгі жағында қола гүл шоғы және жанып тұрған мәңгілік шырақты бейнелейтін бес жұлдыз бар. Мұнда «1941-1945 жж.» деп жазылған, жанында Кеңес Одағы батырларының (13) және I-II-III дәрежелі Даңқ орденінің толық иегерлерінің кеуде мүсіні қойылған. Аллеяның оң және сол жақ қанаттарында «Ешкім де ұмытылған жоқ, ешкім де ұмытылмайды» деген жазу қазақ және орыс тілдерінде жазылып, Ұлы Отан соғысы орденінің барельефтерімен айшықталған. 1985 жылы Жеңістің 40 жылдығына бұл бетон қабырғаларда 90-нан астам мемориалдық тақталар орналастырылып, онда соғыста қайтыс болған павлодарлықтардың есімдері жазылған. Павлодар облысынан соғысқа 46 мыңнан астам адам аттанған. Олардың 13 мыңы ұрыс даласында қаза тапса, 12 мыңға жуық боздақ хабарсыз кеткен.



Жұртшылық бүгінгі бейбіт мамыражай заманға осынау тас тақталарда есімі жазылған ерлердің қанымен, жанымен жеткендігін терең сезінеді. Сондықтан бұл орынға ерекше құрметпен қарап, барынша тазалап, жөндеп отыруға тырысады. Бұл алаң түнгі уақытта ерекше жарықтандырылған және тұрақты бақылауда.

МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ КЕСЕНЕСІ – республикалық маңызы бар киелі орындардың бірі. Кесене Баянауыл ауданы Жаңажол ауылына жақын Ескелді деген жерде орналасқан.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы (1858-1931) – ақын, жазушы, философ, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы, фольклортанушы. Бес жасынан молдадан хат танып, Бұ-



харадағы діни жоғары оқу орнында білім алды. 1887-1890 жылдары Самарқанд, Бұхара, Ташкент, Түркістан т.б. қалаларын аралап, араб, парсы тілдерін үйреніп, Шығыстық классикалық әдебиетпен етене танысқан.

1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспасынан «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» үш кітабы жарық көрді. М.Ж.Көпеев Шығыс поэзиясын терең меңгергендіктен, шығыс мотиві бойынша «Гүлшат-Шеризат», «Ғибратнама», «Ер Көкше», «Сайын батыр» жыр-дастандарын жазды. Бұқар жырау, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Жанақ, Сақау секілді ақын-жыраулардың әдеби асыл мұраларын хатқа түсірген.

1920 жылдары Мәшһүр Жүсіп «Сарыбұлақ» деген жерге келіп, қыстаудың алғашқы қазығын қағады. Қыстаққа «Жердің иесі келді» деп жаңа атау беріліп, кейіннен ел арасында «Ескелді» атанып кетті. Ақын Мәшһүр-Жүсіп көзі тірісінде, яғни 1930 жылы мәңгілік мекенін екі бөлмелі етіп салдырып, төр бөлмесіне жерді қаздыртып, бетін бөренемен жапқызып, өзін соның ішіне ашық қойып, «Мен өлгеннен кейін қырық жылға дейін денем бұзылмайды. Тірі адам көзі көреді, серт етемін. Тек жаздың ыстық айлары ақыретімді айырбастап отырыңдар, қыс керегі жоқ. Сонда көздерің жетеді» деп өсиет етеді. Жатар орнын қаздырып дайындап жатқанда биіктігі бір жарым, ені бір кезге таяу, қалыңдығы 20-30 сантиметр шыққан көк тасты басына белгі тас етіп қой-

ғызып, оған аты-жөнін және «жетпіс үшке дейін балталасаң да өлмеймін, одан әрі сүйресең де жүрмеймін» деп жазғызады да, «мен өмірден озғанда, маған келіп бата жасамақ түгілі әркімнің басына туар «тұрымтай басына» заман болады. Мен көрмеймін, сендер көресіңдер, көресіңдер де көнесіңдер» дейді.

Мәшһүр-Жүсіп 1931 жылдың күз айында мәңгілік сапарға аттанады. Әулиенің денесі жиырма жылға дейін бұзылмайды, тек, 1952 жылы құзғын саясаттың зұлымдық әрекет-кесірінен Мәшһүр атаның қабірі, үйі қопарылып тасталған. Кейін, ақынның артында қалған ұрпақтары 1954 жылы саман кірпіштен, 1975 жылы ақ кірпіштен кесене тұрғызды.

Ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп бабамыздың кесенесі 2006 жылы қайта жаңартылып, бой көтерді. Кесене құрылысы көне түркі сәулет өнері, ислам дінінің өзіндік өрнектерімен ерекшеленеді. Кесене зиратхана және қабырханадан тұрады. Кесенеден 73 баспалдақ төмен түсіреді, ол Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген жасымен сәйкес келтірілген.

МЕРҒАЛЫМ МҰХТАРИХАНҰЛЫ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Аққулы ауданы, Майқарағай ауылдық округі Мерғалым ауылындағы ауылдық зиратта орналасқан. Жерленген жерінде 1986 жылы ескерткіш көтерілді.

Ғабдуллин Мерғалым Мұхтариханұлы (1935-1985) – Аққулы ауданы Қорт ауылында дүниеге келген белгілі сыныкшы. Мерғалымның шипагерлік жолы 12 жасынан басталып, ел ішінде «емші бала», «сыныкшы бала» атанып кеткен. Жасаған 51 жыл ғұмырының 40 жылын алдына келген мұқтаж жандарға риясыз көмек көрсетіп, сыныкшы салуға арнаған. Тек қазақстандықтар ғана емес, шетелдерден де келіп, алдынан өткен. Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев Мерғалым ата туралы: «Әлсізге медет, күштіге айбар, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, асқанға тоскан, сасқанға сая, ұрпаққа ұстаз, ұлысқа ұран, ел иесі, жер киесі Мерғалымдай пір атаға қанша тағзым қылсаң да, артық емес!» деген. Белгілі ғалым, абайтанушы Ғарифолла Есімнің соғыста сол жақ көзінен айырылған әкесі Ғабдыжаппар колхоз жұмысында жүріп, шөп таситын ағаш шананың астына түсіп қалып, оң қолы мен иығы үгітіліп сынады.



Сыныкшы Мерғалым Ғабдыжаппардың сүйектерін жинап орнына салып, елу алты күн орнында тапжылмай, қозғалмай жатуын айтады. Бұл уақытта Ғабдыжаппар 56 жаста екен. Айтқаны айдай анық келіп, емі қонып, Ғабдыжаппар 80-нен асқан шағында дүниеден озған. Мерғалым сыныкшының бойындағы асыл қасиеттер бабасы Өзбекханның бәйбішесі Айша анасынан тараған. Айша ана (кейбір мақалаларда Ғайша деп жазылған) сыныкшы адам болған. Аз ғана ғұмырында бойындағы барлық киелі қасиетті халық шипалығына арнаған Мерғалым атаның сыныкшылығы туралы аңызға айналған көптеген әңгіме деректер сақталған.

Мерғалым атаға деген құрметтің, елдің оған деген ризашылығы ел зердесінде сақтаулы. Оған дәлел – ел адамдарының аузында айтылып жүрген Мерғалым ата жайлы аңыз-әңгімелер. Жерлестері атаны шипасын төккен қасиетті тұлға деп біледі. Қайырымы мол, көңілі ізгілікке толы, жомарт, дархандығы шексіз, көпшіл атаның жатқан жері көпшілік зиярат ететін орындардың бірі.

МҰХАМЕДЖАН ЗОР МОЛДА ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Тереңкөл ауданы Тегістік ауылынан 700 метр жердегі ауыл зиратында орналасқан саман кірпіштен тұрғызылған қоршау. Басында қара мәрмәр тастан құлпытас орнатылып, онда: «Айғазыұлы Мұхамеджан 1961 жылы 20 маусым айында 92 жасында жерленді» деген жазу бар.



Айғазыұлы Мұхамеджан (1869-1961) – көріпкел әулие. Мұхамеджан ауыл молдасынан алғаш білім алып, кейін Сейілда хазірет медресесінде оқып, құранды толық меңгеріп, ғалым, әулие Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлынан тәлім-тәрбие алған. Болашақты болжаған әулиені ел «зор молда» деп атаған. Өзінен тараған он баланың барлығы шетінеп, жалғыз қызы Сәтжанды Құсеттің баласы Құсайынға ұзатады. Қанша уақыт өтсе де олар бір перзентке зар болып, қызы әкесінің көмектесуін сұрайды. Сонда зор молда: «Бәрі де Алланың қолында, Аллаға сиынып, жарым жан болса да перзент бер деп тілеңдер. Сол баладан өсіп-өніп өркендейді ұрпақтарың, Мен де дұға қылайын» дейді. Тоғыз ай, тоғыз күн дегенде Сәтжан дүниеге бір қолы жарымжан бала әкеледі. Есімін Аманжол деп қояды, бүгіндері ол кісіден тараған ұрпақтары Павлодар облысы аумағында тұрады.

Кешқұрым уақытта, ауыл ортасында уағыз айтып отырған зор молдаға ауылдастары болашақты болжап беруін өтінеді. Сонда Мұхамеджан әулие «қазір құран оқимын, табиғат құбылып, түрлі адамдар мен

аңдардың дауысын естисіңдер, бірақ қорықпаңдар, көздеріңді ашушы болмаңдар. Содан кейін ұйқыға кетесіңдер, түстеріңде көргендерің сендердің болашақтарың» дейді. Әулиенің айтқаны дәл келеді, жантүршігерлік түрлі құбылыстар болып, бәрі ұйқыдан оянған сәтте зор молда жоқ боп кетеді. Бір-бірінен көрген түстерін сұрағанда барлығының көргені бір болады: жарылған бомба, атылған оқ, әскери адамдар, ауыл адамдары қара жамылып, жоқтау айтқан әйелдер. Бұл 1939 жылы еді. Әулие 1941 жылғы соғысты болжаған.

НАЙЗА МЕКЕНІ – Ертіс ауданы Тоқта ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 15 шақырым жерде.

Аңыз бойынша, Тоқта шатқалының маңы қазақ-жоңғар бәсекелестігінің Ертістегі айқын үлгісі болып табылады. Ертіс даласы үшін болған шайқастардың біріне Абылайдың өзі тікелей қатысып, оның әскері осы шатқалға демалуға тоқтаған деген оқиға айтылады. Сілетінің маңайындағы жайлауға келген Абылайды жергілікті ауқатты ел ағалары күтіп алады. Орта жүздің он жеті мыңға дейін жылқы ұстаған, шалқыған байы Мұрат әскерін жорыққа бастап келген Абылай ханға асыл тұқымды жорыққа дайын 400 жылқы сыйлаған. Сөйтіп дәстүрге сай төре тұқымына құрмет, сый-сияпат көрсетіп, жолға аттандырған екен. Қазақ әскерінің тұрақтаған жерінде ұзақ уақыт бойы Абылай ханның найзасы қадалып тұрған. Сол өңірдің жұртшылығы «осы найзамен аймақтың құты кіріп, қазақтың бағы ашылды» деп санап, бұл жерді «Найза мекені» деп атап кеткен.



Найза жері халық аңыздарында сақталып қалған. Ұлт болып қалу жолында найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен қорғалған ұланбайтақ қасиетті мекеннің жергілікті халық үшін аты да, заты да қымбат. Көпті көрген қариялар, өлкетанушылар ұрпаққа ұлы сананы ұмыттырмай киелі жерімізде, тарих бетінде жаңғырып келе жатқан қадірі терең де жатқан орындарды барынша насихаттауда. «Найза мекені» – жоңғар жорығы мен орыс отаршылдығынан найзалы батырларымыз бен намысты даналарымыздың жойылып кетуден аман алып шығып, бізге аманаттаған жері. Бұл мекеннің қастерлі де киелі екенін ешқашан ұмытпауымыз керек.

НҰРҒАЛИ ХАЗІРЕТ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Павлодар ауданы Әйтім ауылында орналасқан ақ кірпіштен көтерілген зират. Зираттың үстіңгі жағында темірден шаңырақ тәрізді күмбез орналастырылған.

Нұрғали хазірет Боташұлы (1832-1918) Ертіс өзенінің бойындағы Басқұдық болысының Қамырау жерінде дүниеге келген. Көзі тірісінде халықтың сый-құрметіне ие болған. Халық есімін атамай, «Ғазиз

Атекем», «Қасиетті Ата» мәртебесін берген. 15 жасында Бұхара шаһарына барып, «Мір-Араб» медресесіне оқуға түсіп, 20 жыл өмірін дін жолына арнап, білімін жетілдіру мақсатында Самарқанд, Хиуа, Хорезм



секілді әлемге танымал шаһарларда болып, білімін тереңдетеді.

Ұзақ жылдарғы дін жолындағы төзімділігі, сабырлылығы, ізденіс пен еңбекқорлығы, бұл бағытта жұмсаған қажыр-қайраты, өмірден алған тәлім-тәжірибесі арқасында Нұрғали Мекке-Мәдинеге барып, қажылық борышын өтеген. Көп жылдар бойы туған жерінің тұрмысынан тыс болған хазірет қайта оралып, туып-өскен жерінің мүшкіл халін көрді. Қазақ даласында жүргізіліп жатқан Ресейдің саясатына қарсылығын білдіргісі келген ол өзінің діндарлық қызметіне кірісіп, Баскұдықтың болысы Жәлидиденге өтініш қылып, Маралды жерінде мешіт және медресе ашылуының себепкері болған. Нұрғали хазірет осы мешіттің имамы, медреседе сабақ беріп халфе атанды. Сонымен қатар әртүрлі сырқаттарды дұғалармен емдеген. Діни емшілікте дұға оқи отырып, шипагерлік тәсіл-амалдарды қолданған. Бірде атқосшысы Мұхамеджан Уәлиұлы әулие хазіретті Ертістің ар жағындағы ауылдарға апарады. Хазіретпен қауышуға құштар ел атақты діндар, шипагерді қастерлеп, босатпай кідірткен екен. Енді қайтуға Ертістің жағасына келсе, онда сатыр-сұтыр сең жүріп жатады. Нұрғали хазірет не істерін білмей, біраз қапылыста болып, ақырында атқосшысына қолын сілтеп «Тәуекел, айда!» дейді. Сөйтіп, ат-шанамен көзді ашып-жұмғанша келесі жақ жағалауға жетеді. Атқосшысының шошынған түрін көрген хазірет, бұл жағдайды ешкімге айтпауын нықтап тапсырады.

Нұрғали хазіретті халық ертеден әулие санаған. 1909 жылы сүйікті ұлы Мағзұмның қазасынан кейін, дүниені тәрк етіп, ел-жұртымен тек перденің сыртынан байланыс жасап отырған.

Хазірет 87 жасқа қараған шағында Баскұдық жерінде фәниден бақиға аттанды.


ӨЛЕҢТІ ЖАЗБАЛАРЫ – Өлеңті өзенінің оң жағындағы тік жарының баурайында, Екібастұз қаласы Тай ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 5 шақырым жерде.

«Өлеңті жазбалары» Өлеңті өзенінің аңғарында қоныстанған ежелгі адамдардың өміріндегі маңызды оқиғалармен байланысты. Бұл жер – неолит пен энеолит дәуірінің мекені, қола дәуірінің жерлеу орны мен ежелгі темір дәуірінің көшпенділер қорғаны. «Өлеңті жаз-

баларын» 1972 жылы ең алғаш геолог О.Молем тапқан. Кейін Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайы мен В.К.Мерц бастаған облыстық археологиялық тобы, Ә.Х. Марғұлан атындағы археологиялық институтының арнайы тобы зерттеу жұмыстарын жүргізді.

«Өлеңті жазулары» – Ертістің Павлодар өңірі ескерткіштерінің ішіндегі ертеден келе жатқан көркем өнер туындысы болып табылады. Өлеңті өзенінің оң жағалауына қарсы қараған террасаның баурайында ірі ақшыл қоңыр түсті палеогендік құмдақтың беті ашылған бейнесі бар тастар террасаның баурайында жатыр, олар түстен кейінгі уақытта жарық болып көрінеді. Мұндағы суреттердің барлығына ұзына бойы сызу технологиясы қолданылған, немесе жер бедерінің 0,5-0,7 см дейінгі тереңдікте бедерлі ойма сызықтармен (гравировка) көмкерілген.

Хронологиялық тұрғыдан үш кезеңге бөлуге болады: энеолит, қола және ерте темір дәуірі. Ескерткіш Солтүстік-Шығыс Сарыарқаның энеолит, қола және ерте темірі дәуірлерінің солтүстік-шығыс тайпаларының жартасқа сурет салу мен рухани мәдениетін сипаттайды.



Ескерткіш ежелгі малшылардың салт-жоралық орыны болып табылады. Бұл жерді халық ата-баба аруақтарының мекені, ерекше қасиетті орын деп қастерлейді.

ӨМІР БАТЫР ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Железин ауданы Айғыраткан ауылындағы қорымда орналасқан. Саманнан көтерілген мазары бұзылып, басына алты метрлік стела орнатылған.

Өмір Байдаулетұлы – XVIII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық жорығын ұйымдастырған қайраткер, Абылай ханның сенімді батырларының бірі. Батыр туралы мәліметтер орыс зерттеушілерінің ғылыми еңбектерінде көп кездеседі. Орыс офицері И.Андреевтің «Орта орда қырғыз-қайсақтарының тарихы» еңбегіндегі Өмір батыр туралы көптеген деректер келтірген. Батырдың жоңғарлармен келіссөз жүргізуде елші болғаны, екі халық қатынастарының ушықпауына көп еңбек сіңіргені айтылады. Өмір батырдың ерен еңбегіне разы болған қалмақ ханзадасы оған бағалы сыйлықтар тарту еткен. Оның ішінде ат әбзелдері, алмас қылыш және құндыз жағалы, оюы алтынмен апталған шапан болған.

Ел аузында Өмірдің батырлығы жөнінде көптеген әңгімелер бар. Жау қарасы қазақтардан көп болған шайқастардың бірінде арнайы жоспар құрылып, Абылай ханның тапсырмасымен Өмір батыр қасақана жау қолына тұтқынға түседі де, қалмақтарға «Абылай хан қосымша қалың қол күтіп отыр, осы ұрысқа



қазақтың ең атақты батырлары жиналмақ» деген жалған мәлімет береді. Ал жау әскерінің арасында «қазақтар бар әскерін жиып, орыстың зеңбірегімен қаруланып, осы ұрыста сендерді түбегейлі құртуға келіп отыр» деп үрей тудырады, сөйтіп түн ортасында қарауылды өлтіріп, тұтқыннан қашып шығады.

Бұл сәтте Есенқұл батыр өзіне қарасты жауынгерлермен жау шебінің ту сыртынан келіп, Өмір батыр белгі бергенде жау тұрағына лап қояды. Сөйтіп, бірнеше мәрте шабуылдап, түні бойы жаудың құтын қашырып, әлсіретеді. Ертеңінде болған ұрыста таң атқанша көз ілмеген, қалжыраған, әрі рухы басылған жау көп шығынға ұшырап, жеңіледі.

САБЫНДЫКӨЛ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЖЕРЛЕУ КЕШЕНІ – ғұрыптық жерлеу құрылыстарының қалдықтары сақталған орын. Кешен Баянауыл ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 500 метр, Сабындыкөлдің солтүстік-шығысына құйылатын бұлақтың оң жақ жағасында орналасқан.

Кешеннің арасында көзге түсетіні – тікбұрышты дуалы қашалған қиыр тастар. Кешен – қола дәуіріндегі адамдардың арасында басталған әлеуметтік жіктелудің анық көрінісі. Бұл дәуірде тайпалар арасында ауқатты, бай көсемдердің қорғандары пайда болды. Тұлға жерленген орнының көлемі оның дәрежесін көрсетуге бағытталған.

Негізінен бұл археологиялық кешен белгілі бір рудың жерлеу-ғұрыптық орны болып саналады. Ата-баба аруақтарына сиыну, оларды еске алып, құрбандық шалу дәстүрінің көріністері анық байқалады. Сойылған құрбан малдың дәмін татсын



деп ата-бабалардың жерленген жеріне арнайы ас тарту дәстүрі болған. Бұл үшін жерлеу кешенінде арнайы құрбандық орны да бар. Ал солтүстік-батысына қарай кішкене плиталардан дәліз құралған. Солтүстікке қарай 30 м қашықтықта диаметрі сопақша шұңқыр орналасқан. Қоршаудың шығыс бөлігінде меридиан тізбегінде орналасқан 5 қорған бар. Оңтүстік қорғанның оңтүстік-баты-

сында диаметрі 3 метрді құрайтын үш шағын қоршау тұр.

Тағы бір қорған солтүстік қорғаннан шығысқа қарай орналасқан. Қорғанның жер-тасты үйіндісі бар. Үлкен тікбұрышты қоршаудың типологиясы Қазақстанда аз зерттелген, Моңғолия өңірінде кең тараған керексұр қорғандарына ұқсас. Бұл тарихи ескерткіш қола дәуіріндегі адамдардың діни наным-сенімдерінің көрінісін анық сипаттайтын нысандар қатарына жатады.

САРЫ БӘЙБІШЕ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Аққулы ауданы, Шақа ауылдық округі, Шоқтал ауылынан Шығысқа қарай 15 шақырымда, Бәйімбет алаңы маңында орналасқан бейіт. Басындағы кесене бұзылғандықтан, ағаш қоршаумен қоршалған, қара мәрмәрдан құлпытас орнатылған.

Сары бәйбіше (шамамен 1720-1790) – емші. Шын есімі – Бибісары, ауыл-аймақ «Сары ана», кейін ол кісінің емшілігі мен әулиелігіне, ел арасындағы абыройына орай «Сары бәйбіше» атап кеткен. Балалық өмірі табиғаты әсем Көкше өңірінде өткен. Кейін Ерейментауға қоныс аударып, сонда сырқаттанып қалады. Ауру күн сайын өршіп өмірден түңіле бастаған шақта, түсіне күміс сақалды әулие еніп: «Бұл жер саған құт болмайды. Еліңді жинап, көш бастап, Сарыарқадан әрі ассаң, Бозкиік деген жер бар. Сол жер сенің мекенің болады. Үрім-бұтағың өсіп-өніп, өркейесің. Ауруыңнан құлан-таза айығасың. Отардың соңында үнемі маңырап жүрген сары бас қой бар, сойып етін



елге тарат. Оң жақ жауырыны саған өмірде адасқанда жол көрсетер, ем іздегендерге шипа бергізер қасиетің болмақ», – дейді. Сары бәйбіше әулиенің айтқанын орындап, қазіргі Бәйімбет алаңына елін орналастырып, өзі жерленген жерге қазық қағып, «мына жерде менің отауым тігілсін, дүниеден өткенде де осы жерге жерлеңдер» деп аманат еткен.

Сары бәйбіше жауырынмен тылсым дүниенің тілін біліп, болашақты, ауа райы құбылыстарын болжап, халыққа бағыт-бағдар көрсеткен.

1970 жылдары бейіт маңында мал қыстағы болған. Сол жылдары қыстақта аға малшы болып қызмет атқарған Нұрғалиев Мүлік жұмыскерлерімен бірге қысы-жазы мал қыстағы маңында шөп арасынан будың шыққанын байқайды. Уақыт өте бу ауаға тарай бастаған. Бұл құбылысты қыс уақытында көруге

болады екен. Малдың өзі бейіттің қасына жайылып оттамайды. Ел бұл жерді қасиетті орын санап, Сары бәйбішенің басына түнеп, ем-дом қабылдайды. Сары бәйбіше қолданған «жауырын» Нұр-Сұлтан қаласында тұратын ұрпақтарында сақтаулы.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛҒАН МЕМОРИАЛ – Павлодар қаласы Қайырбаев-Астана көшелерінің қиылысында орнатылған.

«Мәңгі есімізде» деген сөз 40 тілде тасқа түсірілген. Аралары тікенек сымдармен жалғастырылып, қара мәрмәр тақталарға жеті кезең: 1916 жыл, 1918-1921 жж., 1927-1933 жж., 1937-1938 жж., 1937-1944 жж., 1951-1953 жж, 1986 жылғы 16 желтоқсан көтерілісі жазылған.

Саяси репрессия жылдары Павлодар облысы бойынша 5 мыңдай адам зардап шеккен, оның 2450-і Ішкі істер халық комиссариаты «Үштік» сотының үкімімен бас бостандығынан айрылып, 932-сі атылған.

Ескерткіш осы құрбандардың есімін ел жадында мәңгі сақтау үшін халық игілігіне берілді. Кешеннің ортасында көне түркілердің сегіз қырлы белгісі пішініндегі табантас орналастырылып, бетіне әлемдік төрт діннің нысандары: Исламның жарты айы, Христианның айқышы, Иудейлердің Дәуіт жұлдызы, Буддизмнің өмір дөңгелегі бедерленген. Бұл белгі-нысандар сол кезеңде түрлі жағдайда келіп қоныстанған 4 әлемдік төрт дін өкілдері де зардап шекті деген ұғымды білдіреді. Жеті қара тақтайшада қазақ халқының тарихындағы «қаралы жылдар» жазылған. Яғни, XIX ғасырдағы халықтың бостандыққа деген қозғалысынан бастап, ашаршылық, жаппай репрессияға ұшыраған, ұлт зиялыларының қуғынға ұшыраған жылдары.



Өлкенің көптеген отбасылары қуғын-сүргінге ұшырады. Сондықтан өлке тұрғындары ата-баба аруағына тағзым етіп, ескерткіш алаңына жиналып, гүл шоқтарын қойып, еске алып, тағзым етеді.

СЕЙІЛДӘ ХАЗІРЕТ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Тереңкөл ауданы, Жаңақұрылыс ауылдық округі, Трофимовка ауылынан 6 шақырым жерде.

Хазірет Сейілдә (шын есімі – Шайдолла) Түйтебекұлы (1874-1925) – көрнекті дін қайраткері. Бала жастан білімге құштар, зерек болып, ауылда молдадан хат танып, Уфа қаласына аттанып, дәрежесі жоғары діни оқу орнымен пара-пар «Ғалия» медресесінде білім алды, шығыс тілдерін меңгерді.

Туған жерінде Сейілдә хазірет Омбы қаласынан арнайы құрылысшылар мен ұсталар алдыртып, мешіт

және медресе салдырған. Мешіттің алғаш іргетасы қаланған күннен әркім өз шамасына қарай көмек көрсеткен, алтын білезік, алқа, сақиналарын берген. Жиналған алтын балқытылып, мешіт күмбезінің басына алтыннан ай орнатылған. Ай орнатылмастан бұрын Сейілдә қажы қырық күн, қырық түн құран оқып барып қырық бірінші күні айды орнатқан. Дәл осы күні күнбатыстан алапат өрт шығып, жолындағыны жайпап мешітке жақындағанда Сейілдә әулие құраннан бірнеше аяттар оқып, алапатты өртті тоқтатқан.

Мешіт жанынан бой көтерген медреседе 500-ге тарта шәкірт білім, тәлім-тәрбие алған. Алыстан мен мұндалаған мешіттің, медресенің тағдыры көпке бармады, өмірі қысқа болды. Сонау ашаршылық заманда қызыл үкіметтің ұйғаруымен бұзылды. Мешіт күмбезінің басындағы ай ел аузында айтылып жүргендей бүгіндері де сақтаулы, егер мешіт қайта бой көтеріп, басына алтын ай орнатылса, сол өңірдің құты қайта кіреді деген сенім бар. Көріпкел Сейілдә Түйтебекұлы болашақты болжап, «заманымыз дұрыс болады деп, бұрыс болар жайы бар. Біреулер келер, біреулер кетер. Кеткеннің күні қайтып келмес, бүгінгі күнгі көрген жақсылығың көзден бұлбұл ұшар, келгеннің кеңірдегі кең болар, келместің күні туар... ел ішінде алапапыран заман болады, туысқандар бір-біріне жат болады, бір кесек нан тұрмақ, көк шөпке зар болады» деп кеңес үкіметінің озбырлығы мен алдағы нәубат-аштықты айтып кеткен.

Сейілдә хазірет өзі салған мешіттің жанына жерленген. Бүгінгі күні



Сейілдә әулиенің басына түрлі аурудан ем іздеп, перзентке зар болған адамдар келіп түнеп, зиярат етеді.

СҰЛТАНБЕТ СҰЛТАН ҮЙ-ЖАЙЫ – Павлодар қаласының тарихи бөлігінде орналасқан үй. 2017 жылы «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында мұрағаттардан табылған сұлтан ордасының түпнұсқа жобасы бойынша жүргізіліп, үйдің үлгісі ағаштан салынды. 1776 жылғы тиесілі құжатта үй көлденеңінен 6 метр, ал ұзындығы 25 метр деп жазылған. Үй-жайда орналасқан экспозицияларда Сұлтанбеттің саяси қызметі мен оған қатысты құжаттар, сол кезеңде тұтынған заттар қойылған.

Сұлтанбет Жәңгіруұлы (1710-1790) – батыр, саяси және мемлекет қайраткері, қазақ хандығының Ре-

сеймен ынтымақтастық қарым-қатынасын орнатқан дипломат. Есім ханның шөбересі, Салқам Жәңгірдің немересі, Абылайханның немере ағасы. Сұлтанбет – қазақ-қытай арасындағы келіспеушілікті шешуде мәмілегер ретінде танылған тұлға. XVIII ғасырда ол басқарған қазақ әскері Ертіс жағалауында жоңғарларды ойсырата жеңген. 1771 жылы ертістік Сұлтанбет және оның ұлы қазақ-жоңғарлар арасындағы шешуші соғыста жеңіске жеткен.

Сұлтанбет 60 жасында баһадүр атанып, есімі жер-жаһанға танылған. Саяхатшы Христофор Барданес сұлтанның шаңырағында қонақта болып, «баһадүр 60 жаста» деген жазба қалдырған. Орынбор мен Омбы мұрағаттарынан 450-ден аса сұлтанға қатысты құжаттар табылған. 1794 жылы жазылған құжаттардың ішінен төрт хат бар. Хаттардың бірін сұлтан өз қолымен омбылық генерал Штрандманға жазып, хатта ауырып қалғанын жеткізген. Қалған үш хат-хабар сұлтанның ұлдары Сейіт пен Қараштан келген. 3 жылдан соң жазылған хатта Сейіт әкесінің көз жұмғаны туралы қаралы хабар жеткізген.

Бүгінде бұл ғимарат республикалық қасиетті жерлер картасының тізіміне енгізілген. Үй-жай ғылым мен білімнің ордасына айналды.



СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ КЕСЕНЕСІ – Баянауыл ауданы Торайғыр ауылынан 3 шақырым шығысқа қарай орналасқан. Оның бейітін алғаш рет әкесі Шоқпыт ағаштан көтерген. Ал 1958 жылы ақынның зиратына құлпытас қойылып, темір шарбақпен қоршалған. 1993 жылы ақынның мерейтойына орай ұлутас блоктарынан бір күмбезді кесене бой көтерді.

Кесененің алдыңғы маңдайшасында «Сұлтанмахмұт» деп қашалып жазылған. Сондай-ақ кесенемен қатарлас: Торайғыр шөбересі Шоқпыт Бөкетұлы, Шоқпыт анасы Монтай, Торайғыр немересі Ыбырай мен Шоң бидің, Кирбасұлы Мұхтар шөбересіне орнатылған құлпытастар бар.

Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920) – алаш қайраткері, қазақ халқының ой-дүниесінде аз жасап, көп іс тындырған халқымыздың біртуар аяулы перзенттерінің бірі. Ол Сәкен жыр еткен Арқаның кербез сұлу Көкшетауында дүниеге келген. Сұлтанмахмұт 4-ке толғанда әкесі Шоқпыт ата-бабасының мекені Баянауылға оралады. Арғы атасы Торайғырдың билік айтқан сөз сардары болғаны Сұлтанмахмұттың осал тұқымнан емес екенін дәлелдей түседі.

Алғаш әкесінен хат танып, ауыл молдаларынан білім алып, Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдерінде әдеби кітаптар мен газет-журналдармен танысады. 1912 жылы Троицкідегі Ахуан Рахманқұли медресесіне түсіп, бір жылдай білім алып, сырқатына байланысты аяқтай алмайды. Троицкі қаласын-

дағы «Айқап» журналына жауапты хатшы болып орналасып, «Өлең һәм айтушылар», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Қазақ тіліндегі өлең



кітаптары жайынан», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», т.б әңгіме, мақалаларын жариялайды. Шығыс Қазақстанда жалданып бала оқытып, 1916 жылдың күзінде Қатонқарағайда, кейін Зайсанда болады, орысша үйренеді. Томскіде орыс тілін оқиды.

Терең ойлы, ұшқыр қиялды, нәзік сезімді, өткір тілді, шешен сөзді, сұлу талғамды ақын өзінің аз ғұмырында көптеген әңгіме, очерктер, әдеби-сын мақалалар жазды, екі роман («Қамар сұлу», «Кім жазықты?»), төрт поэма («Таныстыру», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс») жариялады.

Ақынның кесенесі – поэзия сүйер қауымның құрмет көрсететін киелі орны.

ТАЙМАС ӘУЛИЕ КЕСЕНЕСІ – Ертіс ауданының Шұбарат ауылынан 15 шақырым жерде, «Күнек» деген көлдің жағасында орналасқан. Кесене төртбұрышты күмбезделген. Әр бұрышында ай орнатылып, күмбездің басында темірден шаңырақ қойылған. Кесененің оңтүстік бөлігінде арабша сөздер жазылған құлпытас тұр, қабіртасы табиғи жабайы тастармен қаланған. Кіре берісіне арнайы жабдықталған сөреде кесене құрылысы кезінде табылған құран қойылып, астына: «Қызығыңа мың жылда тоймас елім, Сенемін мен, аруағымды жүдетіп қоймас менің (Түгел батыр)» деген сөздер қашалып жазылған. Кіре беріс жақтан оңға қарай қасиетті ағаш өсіп тұр.

Халық арасында Таймас әулие атанып кеткен Таймас Түгелұлы – XVIII ғасырдың орта кезінде өмір сүрген Қобыланды батырдың ұрпағы. Ол жоңғарға қарсы ұлт-азаттық күресте ту ұстап, қол бастаған қыпшақ тайпасынан шыққан қазақ батыры Түгел батырдың ұлы. Аты аңызға айналған батыр бабаның тоғыз әйелінен тараған 16 ұлдың арасынан халық арасында ерекше сый-сияпатқа ие болғандары – Байсерке абыз бен Таймас әулие. Халық арасында Таймас көріпкелдік қасиетпен танымал болған. Емшілікпен қатар ағарту ісімен де айналысқан. Бірде жолға шыққан Таймас әулие өтіп бара жатып, жақын жердегі ауылда жаны қиналып жатқан адамның бар екенін сезеді де, сол ауылға ат басын бұрады. Ауылдың көпшілік жиналып тұрған тұсына келгенде, бір адамның жаңа ғана дүние салғанын біледі. Әулие шаршы топты қақ жарып үйге кіреді де, мәйітті айналып, қасиетті қамшысымен сырмақ үстінен тартып-тартып жіберген сәтте, «қыңқ» еткен үн шығады. Көзге көрінбейтін бірдеңені қуып жүргендей, сыртқа шығып үйді айнала



қамшылайды. Содан кейін, маңдайынан терін сүртіп үйге кіргенде, өлді деген адам көзін ашқан екен. Таймас әулиенің жерленген жері көпшілік тәу ететін қасиетті орынға айналды.

ТАМАКӨЗ БАТЫР ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Успен ауданының Карл-Маркс ауылынан 14 шақырым жердегі қорымда орналасқан. Ертеректе басында төртқұлақты саман кірпіштен мазар болған.

Баймырзаның жалғыз қызы Тамакөз – XVIII ғасырда жоңғарлармен соғыста көзге түскен батыр. Баймырза өз заманында би болған. Өзінен тараған төрт ұлы жаугершілік заманда соғыста қаза табады. Сөйтіп, би өзінің қызы Тамакөзді жастайынан ұлша тәрбиелеп, атқа отыру, қару-жарақ түрлерін қолданып, шайқаса білуге үйретіп, батыр етіп тәрбиелейді. Уақыты келіп, қызын ұзатып тұрып: «Қызымсың, әулетімсің, жүрегімнің жанысың. Ұлдай етіп тәрбиеледім, шаңырағыңыздың құтын кіргізіп, батыр ана болар. Жолың ашық болсын! Менің ғана емес, қазақтың маңдайына біткен жансың» деп батасын беріп, ұзатқан екен. Тамакөздің ұзатылған жері батыр Байдәулеттің шаңырағы. Ұзатылғанына көп уақыт өтпей, сүйген жары Есдәулет батыр шайқаста қапыда қаза табады. Өмірі шайқаспен өтіп, жақын туғандарынан айырылған Тамакөз қолына қару алып, атқа қонып, жауға қарсы аттанады. Алғаш рет 24 жасында Қоржынкөл маңында жоңғарлармен өткен соғысқа қатысып, Олжабай, Малайсары, Дербісәлі батырлармен иық тіресіп жауға тойтарыс берген. Тамакөз Баймырзақызының өңкей қыздардан құралған жасағы болған. Сонымен қатар Құлынды маңындағы шайқастарға қатысқан деген деректер бар.

Бала кезден ат жалын тартып мініп, арқасына садағын, қынабында қылышын сақтап, ақылы мен қайсарлығын танытқан Тамакөз батыр қорамсадан жебесін алып, нысанасын көздеп, бар күшімен садағын тартқан шақта, астындағы тұлпары алапат күшке шыдай алмай тізерлей



кетеді екен. «Тамакөз ұл боп туғанда, астындағы аты нар болар еді, ел қамын жеген ер болады» деген сөз бар.

Тамакөз батыр туралы Железин ауданында тұрған Нәжімиден Хамитовтың қолжазбалары мен шежірелерде деректер жазылған. Қолжазба Нәжімиден ақсақалдың немересі Аманжол Хамитовтың қолында сақтаулы. Сол секілді ел аузында батыр анамызға қатысты «Отыз қыздың ойраны» атты әңгіме сақталған.

ТЕМІРҒАЛЫ НҮРЕКЕНОВ КЕСЕНЕСІ – Шарбақты ауданы Есілбай ауылында орналасқан. 2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ақ ұлутастан салынған, төртбұрышындағы бағаналары күмбезделген. Алдыңғы мандайшасында «Темірғалы» деп қашалған жазу мен қара мәрмәрдағы тақтайшада аты-жөні, тегі жазылған.

Темірғалы Түйтейұлы Нүрекенов (1856-1919) – дін және Алаш қозғалысының қайраткері, Меккеге тұңғыш барған қазақ және қажылық сапарында 100 орынды қонақ үйдің салынуына қомақты үлес қосқан Нүрекеннің немересі.

Темірғалы 1905 жылғы Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың, әрі осы құжатты орыс тіліне аударғандардың бірі болып табылады. 1907 жылғы 12 ақпанда ол Семей облысынан Мемлекеттік Думаның II шақырылымына Алаш зиялысы Әлихан Бөкейхановтың ұсынуымен депутат болып сайланған. Сонымен қатар, Думада жұмыссыздарға көмек



көрсету мәселесі бойынша жарыс-сөздерге қатысқан.

Темірғалы Түйтейұлы Есілбай ауылында өз қаражатына 150 орындық намаз оқитын бөлмесі, жатақханасы мен асханасы бар медресе салдырған, орыс, парсы, араб, татар тілдерін жетік меңгерген өте сауатты адам болған.

Ресей мемлекеттік кітапханасында «Члены Государственной Думы» атты кітапта Темірғалы Нүрекеновтің де есімі жазылған. Бүгінгі күні ел арасында елағасы Темірғалыдан қалған: «Еліңде жақсы болса, пайдасы тиер, кең қолтық қоғамшыл болсаң халқы сүйер...» деген өнегелі сөздері кеңінен тараған. Темірғалының ақылы, білімі және таңғажайып адамгершілік қасиеттері туралы М.Ж. Көпеев «Темірғалы есімі Мәскеу мен Қазан қалаларына дейін әйгілі, оны Медине, Мекке, Стамбұл да біледі» деп жазған және өлеңдерінде жырлаған.

ТОРАЙҒЫР САҚ ҚОРҒАНДАРЫ – Баянауыл ауданы Торайғыр ауылынан шығысқа қарай 2 шақырым және Торайғыр көлінің шығыс жағалауынан 500 метр жерде дема-

лу аймағында орналасқан. Зерттеулер нәтижесі бойынша, қорғандар салт-жоралық құрылыс екендігі анықталды. 2002 жылы осы қорғанның шығыс бөлігінде қазба жұмыстары жалғастырылып, стелалардың бөлшектері табылды, олардың біреуінде сақиналар бейнеленген. Зерттелген қорғандар қола дәуірінен ерте темір дәуіріне (ж.с.д. VIII-VII ғғ.), өтпелі кезеңіне жатады. Бұл археологиялық нысан тек жерлеу орны ретінде ғана емес, сонымен қатар, салт-жоралық тағзым ету орны болып табалады. Торайғыр көлінің жағасындағы сақ қорғандары сақтардың діни наным-сенімдерін анық көрсетеді. Көл жағасындағы мұртты обалар – археология үшін үлкен жұмбақ.

Мұрт түріндегі қорғандардың тізбері орталыққа қарай созылады. Онда колонна түріндегі пұт тастары бар ғұрыптық алаң орналасқан. Осындай тастарды сақтар арнайы дайындап, қасиетті деп саналған жерге әкеліп қойғаны көрініп тұр. Осындай колонна түріндегі пұт тастарды ғылымда «меңгір» деп атайды. Меңгірде күн бейнесіндегі шеңберлер бейнеленген. Ежелгі заманда



стела шығысқа қарай, күннің шығатын жағына қаратып қойылған. Тастың басы қойдың басындай көрінгендіктен, оларды «қой тас» деп атап кеткен екен.

Бұл кешеннің маңыздылығы – сақтардың дүниетанымындағы күнге табыну дәрежесін, пұтқа табынудың діни салтын, олардың діни-ғұрыптық дәстүрлерін анық көрсетуіне тоғысқан.

Сақтар бұл жерді киелі деп санап, туысқандарын жерлеген. Торайғыр көлінің сақ қорғандары қазақ даласында бұрын-соңды кездеспеген ерекше археологиялық ескерткіш ретінде саналады.

ТҮГЕЛ БАТЫР ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Ертіс ауданы Қызылағаш ауылының маңындағы Құмдыкөл көлінен алыс емес Жуантөбенің биігінде орналасқан.

Түгел – жоңғар басқыншыларына қарсы күресте Ертіс бойындағы бірнеше ұрысқа қатысып, жауды жеңіп қанжығасын майлаған, қазақтың шұрайлы жерлерін қайтарып беріп, аға батыр атанған тұлға.

XVIII ғасырдың басында Сілеті бойында орныққан қазақтарды орыс отаршылдары ығыстырып шығарады. Қырға қарай жол жоқ, Жалаулы, Сілеті бойында қалмақтар. Екі оттың ортасында қалған қазақтар амалсыз Сілеті бойындағы қалмақтармен соғысып, ата-қоныстарын қайтарып алуға бел буады. Осы мақсатта батырлар Түгел, Жазы, Қошқарбай бас қосып ақылдасады да, әрқайсысы ел арасында қол жинауға аттанып кетеді. Түгел батыр




Жалаулы көлі маңына әскер жиып, жауға қарсы соққы беріп, Бестөбе маңынан Сілеті өзенінің бойымен қуады. Осы ұрыста Түгел батыр жоңғар батырымен жекпе-жек шайқасқа шығып жеңіске ие болды. Жау қолынан босаған Сілеті өңірінде қыпшақ руының қазақтары қайтадан қоныс тепкен. Жеңіске жеткен жер қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігінің туындай жайқалып жатыр.

Сілеті бойындағы шайқаста есесі кеткен жоңғар қазақты жеңе алмасын түсініп, олардың бас батырын құртпақ ниетте қазақтың өз ішінен бір жесір әйелді алтынмен баурап, батырды өлтіруді тапсырады. Түгел батыр Жуантөбе деп аталатын дөңестің етегіндегі шағын ауылға жиі соғады екен. Осы ауылға ат басын бұрып келіп, үйге түскен уақытта, арамза әйел батыр ерінің үзеңгісіне у жағып кетеді. У-ды аңғармаған аңғал батыр, атына отырып, аяң жүріске салып кетіп бара жатып, ат жалын құшып әлсіреген бойын жиып, ауылға қайта оралып, жантәсілім етеді. Халқы батырды арулап Жуантөбе дөңіне жерлейді.

ҮКІБАЙ БИ КЕСЕНЕСІ – Баянауыл ауданы Көкдомбақ ауылы маңында орналасқан. Алғашында мазар саман кірпіштен қаланып, батыс жағында М.-Ж.Көпейұлының биге арнап жазған: «Қазақта аты шыққан – би Үкібай, дүниеге екі айналып келмес деймін» сөздері жазылған граниттік стела орнатылған. Бүгінгі күні бидің басына алтындатылған күмбезді жаңадан кесене тұрғызылды. Кіре берісі мен терезелері аркалы, метал торлармен әсемделген.

Үкібай (1778-1856) – би, сөзге тапқыр, от ауызды, орақ тілді шешен, елдің ішкі және сыртқы әлеуметтік-саяси жағдайларына белсене атсалысқан дара тұлға. Ол Шоң мен Шорман билердің замандасы болған. Қаржас пен Қанжығалы рулары арасында 1831 жылғы Ереймен қыраттары үшін үлкен дау шығып, талас кезінде жеті адам мерт болады. Әкімшілік билігіне арқа сүйеп, заң жүзінде екі тарапты бітімге келтіре алмаған орыс жағы бұл істі қазақтардың өзіне қарастыруды тапсырады, билердің келісімімен бұл даулы мәселені Үкібай шешкен екен.

1852 жылы Қарқаралыда Құнанбай қажы салғызған мешіттің ашылу рәсімі болып, оған жер-жерден игі жақсылар шақырылады. Баянауылдан Мұса Шорманов пен Үкібай би де қатысады. Бас қосуға жиналған жұрт алдында «Мешіттің есігін ал-



дымен ашу құрметіне кім ие болуы керек?» деген сұрақ туады. Сонда тобықты жағы: «Құнанбай әрі аға сұлтан, әрі өзі салдырған мешіті, жол сол кісінікі ғой» дейді. Ал қаракесек жағы: «Ата қонысында бой көтерген Құдай үйі болғаннан кейін оның есігін алдымен ашып, жұртты намазға шақыру Алшынбай бидің жолы» дейді. Осылайша екі ру адамдары таласқа түскенде, Үкібай би топ алдына шығып: «Алланың қасиетті үйінің есігін алғаш ашатын адамның тұла бойында ешқандай кемістік болмауы керек» деп, аят оқып, мешіттің есігін өзі ашқан екен.

ҮМІТ АПА ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Павлодар ауданы Үміт апа ауылында орналасқан. Жерлеу құрылысы төртбұрышты, ақ кірпіштен салынған. Құрылыс шеттері бағаналармен тұрғызылып, жоғары жағында жарты ай бейнеленген. Алдыңғы бөлігінде өсімдік тектес

оюмен безендірілген есіктің жоғары бөлігі қызыл кірпішпен қаланған екі аркалы және пирамидалық пішінде қаланған.

Үміт Суботылова (1929-2005) – халық емшісі. Аққулы ауданы Қорт ауылында дүниеге келген. 1986 жылы қазіргі мекеніне көшіп халық емімен айналыса бастады. Алғашында көрші-қолаң, жақын жекжат жүгіне бастайды. Уақыт өте келе оған тек қана Павлодар облысы емес, Қазақстанның аймақтарынан, Ресей мен Германиядан дертіне дауа іздеген адамдар келді. Ел арасында Үміт апа есімі үлкен құрметке ие.

Ол Республикалық емшілердің орталығы болып есептелетін Павлодардағы филиалына 1991 жылы Халық емшісі ретінде тіркеліп, сынақтан өтіп, «Халық емшісі» деген атағын алды. Одан кейінгі үш жылдың ішінде 70 орындық емделушілер үшін жатақхана, оларды қабылдайтын орталық, монша, асхана салынды. Жылына 1200 адамды қабылдап, орташа шамамен 30-35 мың адамды емдеді.

Үміт апа бала көтере алмайтын әйелдерді, арбаға таңылған мүгедектерді емдеп, үйлеріне өз аяқтарымен қайтарған. Павлодар қаласындағы «Самал» оңалту орталығының мүгедек балаларына ем-дом жасап, олардың кейбірінің сауығып, құлан-таза айығып кетулеріне себепші болды.

ШАЙХЫ АТА ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Павлодар қаласы Кенжекөл ауылынан 9 шақырым жерде орналасқан.

Азан шақырып қойылған аты Ырыспек Сопыұлы (1871-1954) – Баянауыл ауданы Қызылтау жерінде дүниеге келген емші. Қырық жасқа толған шағында бойына қасиет дарып, өзінің көріпкелдігі және емшілігімен ел арасына таныла бастаған. 1938 жылы өзінің отбасымен Кенжекөл ауылына көшіп келіп, Жарық және Қарақұдық мал фермаларында қоныстанып, колхозда еңбек еткен. Ол ауырған адамдарды, әсіресе жын соққан, есінен танып қалған адамдарды бабасынан қалған қасиетті қамшысымен емдеген.


Ел ауызындағы әңгімелерде жын буып, аузынан ақ көбік ағып, қол-аяғы матаулы келген науқасты Шайхы ата қолындағы сары қамшысымен арқасынан тартып жіберіп, қол-аяғын босатқанда, жын буған





адам жуасып қалатыны айтылады. Ырысбек Сопыұлынан ем алып, ауру-сырқаудан жазылған жұртшылық өздерінің ризашылығын білдіріп, емшіні «Шайхы ата» деп атап кеткен. Шайхы ата құлағы естімегендіктен, адамдармен өзінің тасбихы арқылы сөйлескен.

Кенжекөл ауылында Шайхы ата атындағы мешіт және мәдениет үйінде жеке мұражай ашылған. Мұражайда Шайхы атаның сары қамшысы мен қолжазбалары көпшілік қауымның назарына ұсынылған. Ырысбек Шайхы атаның жатқан жері қасиетті орын деп санаған ел жұртшылығы басына барып зиярат етеді.



ІЛИЯС ЖАНҚАРАҰЛЫ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Успен ауданы Тимирязев ауылынан 20 шақырым солтүстік-батысқа қарай орналасқан.

Ілияс Жанқараұлы (1847-1924) – қоғам қайраткері, ағартушы.


Өзінен халқының мүддесін жоғары қойған, өзге елге бодан болмай, ұлт болып қалу жолында аянбай еңбек еткен Ілияс Жанқараұлы 1905 жылы Дала аймағының саясаткері ретінде Қарқаралы пстициясының өмірге келуіне күш салады. Кейін осы мәселе жөнінде Омбы генерал-губернаторы Надаровтың басшылығымен өткен жиынға Ы.Бердалин, А.Жолшарин, Т.Нүркеновпен бірге қатысып, Ресейдің I және II дума сайлауында қазақ мүддесін қорғау үшін жоғары мінберден сөз сөйлеген.

Ілияс Жанқараұлы болыс болған Тереңкөлге қазіргі Железин, Успен аудандарының аумағы енген. Тереңкөл, Успен аудандары жерлерінде сол кездері білім, мәдениет дамыту жолында мектептер ашқан. Ең алғаш болып Омбы қаласында Ресейдің тақ мұрагерін қарсы алуда киіз үй тіккізіп, оның ішіне тұрмысқа қажетті заттар, зоология, батырдың сауыт-саймандары сынды қазақ халықының мол мәдениетінен сыр шертетін жәдігерлерден музей ұйымдастырған. Келген қонақтар мен барша орыс халқын таң қалдырғаны соншалық, бұл жөнінде Санкт-Петербург қаласында арнайы кітап шығарылды және фотолар мен кейбір заттар музейлерінде сақтаулы.

Ілияс Жанқараұлы 1917 жылы Орынбор қаласында өткен жалпы Алаш съезіне қатысқан. Ол туралы Сәкен Сейфулиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында жазылады. Ілияс С.Торайғыровтың оқуға баруына қаржылай көмек көрсетіп, Шәкәрім Құдайбердіұлымен қажылыққа барған. Оның қол қоюымен куәландырылған №34 құжат сақталған.

1928 жылы алашордашылар қолдады деген желеумен мал-мүлкі тәркіленіп, Ақтөбеге жер аударылып, жазасын өтеп елге оралған.


Абылай ханның Резид



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



Солтүстік Қазақстан облысының картасы

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы – ежелгі кезеңде көшпелі мәдениеттер мен отырықшы өркениеттерді біріктіріп, өзінің бірегейлігімен ерекшеленетін еліміздің әдемі аймақтарының бірі. Қазақстанда өзінің ерекше табиғатымен, өндірістік және ауылшаруашылық кәсіпорындарымен негізгі рөл атқаратын бұл өңірде бірнеше ғасырлар бұрын қалыптасқан ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлері әлі күнге дейін сақталып, өркениет қазынасына қосқан орасан зор үлесін растайды. Солтүстік Қазақстан облысы шекарасы шегінде 13 ауылдық әкімшілік округ, 5 қала, 2 ауыл, 203 ауылдық округ, 759 ауылдық елдімекеннен тұрады.

Аймақта орналасқан археологиялық ескерткіштер туралы алғашқы ақпаратты «Сібір сызба кітабы» мен сондағы атласынан кездестіруге болады. Аталмыш кітапты 1701 жылы Семен Ремезов құрастырып, кейін 1937 жылы КСРО Ғылым Академиясы қайта басып шығарған. Аймақтың ежелгі ескерткіштері мен археологиясы туралы қызықты мәліметтер Ресей Ғылым Академиясы ұйымдастырған Солтүстік экспедициялар жұмыстарының есептерінде үнемі жазылып келеді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімі және Археологиялық комиссия аймақты зерттеуге белсенді қатысады. Бірінші кезеңде комиссия жұмысы жанама сипатта болды, олардың баспа беттерінде ежелгі ескерткіштер немесе кездейсоқ табылған заттар туралы сирек жазбалар ғана жарияланып отырған. 1862 жылы ежелгі Қазақстан дәуірін зерттеудің жаңа кезеңі басталып, ескерткіштер арнайы зерттелді. Осындай ескерткіштердің бірсыпырасына ғалым В.В.Радлов өз еңбектерінде сипаттама берді, оның көптеген археологиялық зерттеулерінің нәтижелері кейіннен «Сибирские древности» атты еңбекте көрініс тапты. Осы кездері И.А.Кастанье, А.И.Добромыслов, И.Т.Поспавский және т.б. сияқты көне артефактілерді жиюшылардың біразы Түркістан археология әуесқойларының үйірмесі мен Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының мүшелері қатарына енді. Бұл қоғамдардың жұмысы еліміздің орталық археологиялық мекемесі қызметімен тығыз байланысты болды. Комиссия атынан 1911 жылы Ю.П.Аргентовский Петропавл қаласының маңында қазба жұмыстарын жүргізіп, қола дәуіріне жататын алты қорғанды ашты. Сол жылы Петропавл қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 8 шақырым жерде Н.Я.Бортвин археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ осы аймақта Қазақстан тарихына қатысты ескерткіштерді зерттеп, топтама жинаумен айналысқан В.В.Радлов, П.С.Савельев, В.Розен, В.В.Бартольд және археологтар Н.В.Веселовский, А.А.Спицын, В.А.Городец сияқты белгілі шығыстанушы ғалымдар мен қазақтың тұңғыш шығыстанушы ғалымы Ш.Уәлиханов та ежелгі ескерткіштерге баса назар аударды.

Облыстың тас дәуіріне қатысты алғашқы мәліметтер 1930 жылдары жергілікті тарихшылар мен әуесқой археологтардың жұмыстары нәтижесінде алынды. В.Д.Солочинский Дамса өзеніндегі бірнеше тұрақтарды ашты. Бұл топтама екі мыңнан астам кремнийден жасалған бұйымдар мен қыш фрагменттерінен құралды. Материалдар баспа беттерінде жарияланған жоқ, бірақ Целиноград облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырылды. Топтама туралы мәліметті көрсеткен К.А.Ақышев оны энеолит дәуіріне жатқызады. Қазақстанды зерттеу тарихындағы ерекше кезеңге 1954-1956 жылдар жатады. Осы жылдар аралығында тың жерлерді игеру аудандарында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізілді. Аталмыш зерттеу жұмыстары Қазақстанның археологиялық картасына қосымша материал жинақтау барысында зор үлес қосты. Нәтижесінде тарихтың ежелгі кезеңдеріне жататын жүздеген жаңа ескерткіштер табылып, картаға түсірілді. 600-ге жуық қорған қазылды, соның ішінде Солтүстік Қазақстанға да қатысты ескерткіштер анықталып, қазақ этногенезін зерттеуге пайдасын тигізетін ауқымды антропологиялық материал жиналды. 1967 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Петропавл педагогикалық институты бірлесіп, Г.Б.Здановичтың басшылығымен Солтүстік Қазақстанға археологиялық экспедиция ұйымдастырылды. Осы сәттен бастап Солтүстік Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін толыққанды зерттеу жұмыс-

тары басталды. Экспедицияның қырық жылдық тарихы ішінде тас дәуірінен орта ғасырға дейінгі жүздеген ескерткіштер зерттелді: тас дәуірі мен дамыған қола дәуірінің мәдениеттеріне, ерте темір дәуірінде және ерте орта ғасырларда өмір сүрген тайпалардың тарихына жіктеу жасалды. Солтүстік Қазақстанның тас дәуірі материалдары негізінде В.Ф.Зайберт Атбасар неолиттік мәдениетінің екі түрін анықтады (тельман және явленский), сонымен бірге Ботай энеолит мәдениетін жан-жақты зерттеді. Г.Б.Зданович пен С.Я. Зданович Андронов тарихи-мәдени қоғамының петровский (ерте Алакөл) және саргарин (соңғы) кезеңдерін анықтау бойынша және нақты хронология мен мәдениеттерді кезеңдеуде бірқатар ауқымды жұмыстар жүргізді. А.А.Плешаков және Т.А.Даниленко археологиялық құралдарға кеңейтілген трасологиялық зерттеу жүргізді. Бұл ежелгі тайпалардың тас және сүйек индустриясын сипаттауға мүмкіндік беріп, соған қоса полеоэкономикалық индустрияны жан-жақты әрі нақты зерттеуге өз септігін тигізді. Бұл қадам Солтүстік Қазақстанның ежелгі мәдениетін зерттеудегі жаңа бастама болып саналады. В.И.Заитов кремнийден жасалған құрал-жабдықтарға нақты жіктеу жасап, тас құралдарын жасаудың технико-технологиялық сипатын жіктеп зерттеген болатын.

Солтүстік Қазақстан облысының бірегей археологиялық нысандарының бірін 1980 жылы археолог Виктор Зайберт ашты. Бұл – Ботай қонысы. 250-ден астам тұрғын үйден құралған қоныс облыстың оңтүстігінде орналасқан. Қоныста жүргізілген қазба жұмыстарының алғашқы күнінен бастап ғалымдар жылқы сүйегінің көптігіне таңғалды. Зерттеу жұмыстары барысында 133 мыңға жуық жылқы сүйектері зерттелді. Нәтижесінде өте маңызды мәліметтер алынды: Ботай жылқылары бұрын белгілі болған ешбір жылқы түріне жатпайды. Ғалымдар 6 мың жыл бұрын Қазақстанда алғаш рет жылқы қолға үйретілді деген тұжырымға келді. Бұл далада жайылып жүрген жабайы жануарлар емес болатын. Ежелгі адамдар жылқыны бағып, аң аулау кезінде, үй шаруашылығында қолданған. Бұл ерекше жаңалық болып саналды, себебі осы күнге дейін жылқының қолға үйретілуі кейінгі уақытта орын алды деген көзқарас қалыптасқан еді.

Солтүстік Қазақстандағы маңызды археологиялық зерттеулердің бірі ретінде 1997-1999 жылдары Сергеевка қаласы маңындағы Байқара қорымы мен үлкен қорғанында жүргізілген қазба жұмыстарын айтуға болады. Бұл қола, ерте темір дәуірі және ерте, кейінгі ортағасырларға жататын қорымды алғаш рет 1956 жылы Қ.А.Ақышевтің жетекшілігімен Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жасағы зерттеген болатын. Кейінгі жылдары В.Ф.Зайберт пен А.Плешаковтың басшылығымен Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының барлау тобы ескерткішке екінші рет инспекциялық тексеру жұмыстарын жүргізді. Қорым далалық зерттеулер маусымы кезінде Герман археологиялық институтының Еуразиялық бөлімі (Берлин) тарапынан Г.Парцингер басшылығымен және Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы тарапынан В.Зайберттің басшылығымен Біріккен

Герман-Қазақстан археологиялық экспедициясы барысында қазылды. 2005 жылы СҚАЭ-ның барлау тобы қайтадан түгендеу жұмыстарын жүргізді. Нысанда жүргізілген қазба жұмыстары күтпеген нәтиже әкелді: қорған жерлеу емес, скиф дәуірінің діни ғимараты – ғибадатхана болып шықты. Бұл біздің жыл санауымызға дейінгі V ғасырда түрлі материалдардан, яғни тас, ағаш, шым кесектерінен, балшықтан қаланған күрделі сәулет ғимараты еді. 2004-2019 жылдар аралығында екі археологиялық нысанға археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Біріншісі – В.Ф.Зайберттің басшылығымен зерттеу жұмысы жүргізілген «Ботай қонысы», екіншісі – А.Плешаковтың басшылығымен жүргізілген нысан – «Долматовское қалашығы (Ақ-Ирий), ерте темір ғасыры» .

Солтүстік Қазақстан облысының тарихи-мәдени мұрасы алуан түрлі. Аймақта 597 тарихи-мәдени ескерткіш бар, соның ішінде 8 ескерткіш республикалық мәртебеге ие, 436 – археология, 161 қала құрылысы және сәулет ескерткіштері. Бүгінгі таңда «Киелі Қазақстан» арнайы жобасына 33 нысан енгізілді: 8 ескерткіш жалпыұлттық мәртебеге ие және 25 жергілікті маңызы бар ескерткіш болып табылады.

АБЫЛАЙ ХАН РЕЗИДЕНЦИЯСЫ – «Абылайдың ақ үйі» – Петропавл қаласы, Кәрім Сүтішев көшесінде орналасқан тарихи ескерткіш.

Қазақстанның солтүстік аймағын отарлауды жүзеге асыру үшін 1752 жылы Есіл өзенінің жағалауында орналасқан Қызылжарда Әулие Петр бекінісінің құрылысы басталды. Өз кезегінде бұл елдер арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды жолға қоюға ықпал етті. Осыған байланысты казак әскерлерінің қазақ даласына рейдтері, қазақтардың малдарын айдап әкету және жер телімдерін басып алу барысында туындаған мәселелерді талқылау үшін ханның арнайы резиденциясын салу қажеттілігі туындады. Архив материалдары мәліметтерінде «оның өтініші бойынша, оның келуі үшін Енқыстау тауларында Есіл өзенінің бойымен жоғары, 1765 жылы ағаш үй салынған» делінген (Солт. мемлекеттік мұрағаты. Қаз. Обл., ф.158, оп.1-т., 295, 33-б.). Қазақ тілінде «Енқыстау» – қыстауға арналған кең алқап. Осылайша, «Абылайдың ақ үйі» тек тұру үшін ғана емес, даулы мәселелерді шешу үшін арнайы салынды. Ғимараттың орналасқан жері туралы әртүрлі болжамдар бар. Оның бекіністен 2-3 шақырым қашықтықта, «таудың» астында болғаны (жердің төмендегенін білдіреді), ол кейіннен (XX ғасырдың 2-ші жартысынан бастап) қала шегінде болғаны анықталды. Қалада болған өрттердің бірі кезінде ағаш үй жанып кетті, ал 1829 жылы оның орнында екі қабатты тас ғимарат салынды. 2003 жылы



Мәскеу, Омбы, Алматы қалаларының архивтерінде XVIII-XIX ғасырлар аралығында орыс-қазақ қатынастарының тарихы бойынша құжаттар зерттеліп, Абылай хан резиденциясының Петропавл қаласында орналасқаны расталды.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі және облыс әкімі, саяси ғылымдарының докторы Т.А.Мансұровтың бастамасымен 2004-2005 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылған «Абылай хан резиденциясын» қайта жаңғырту және қалпына келтіру бойынша жоба әзірленді. Құрылысты қалпына келтіру жұмыстары 2005 жылдың сәуірінде басталды, қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылды. 2008 жылдың 21 тамызында қала үшін ғана емес, бүкіл республика үшін маңызды оқиға – «Абылай хан резиденциясы» музей кешені ашылды. Ғимараттың тарихи-мәдени құндылығы – бұл қаланың таулы бөлігіндегі (жоғарғы форштадт) алғашқы тас құрылыстардың бірі. Ғимарат құрылысының тарихы қазақ елін XVIII ғасырда қайта біріктірген Абылай ханның Қазақстан тарихындағы өмірі мен қызметі туралы аңыздар және әңгімелермен тығыз байланысты. Ескерткіш-ғимараттың тарихы қызықты. Өткен ғасырдың 20-шы жылдары бұл ғимаратта түрлі әскери бөлімдер орналасқан, оның құрамында белгілі қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов жұмыс істеді. Республикалық маңызы бар тарихи ескерткіш 1982 жылы мемлекеттік қорғауға алынды.

АЙЫРТАУ – ИМАНТАУ – ШАЛҚАР ТАБИҒИ КЕШЕНІ – Айыртау ауданында орналасқан демалыс аймағы.

Айыртау ауданының табиғаты өте әсем. Орман-дала өсімдіктері мен қарағайлы ормандар, көлдер, тау-қалдықтары мен қазаншұңқырларының таң қаларлық мүсіндері бар толқынды-увалды биіктіктер көз тартады. Аудандағы 20-дан астам көлдің ең ірілері – Шалқар, Имантау, Лобаново. Физика-географиялық жағынан аудан Қазақ ұсақ шоқысы аумағында орналасқан, сондықтан желдену нәтижесінде «Өткір», «Котелок», «Обозрение» сияқты пайда болған шоқылар көп.

«Имантау» атауы жайылым жердің иесі Иман есімімен байланысты. Аңыз бойынша, Иман жан-жағына батылдығымен, әділдігімен танымал болған өте ауқатты әрі тәуіптігі бар жан екен. Сонымен қатар, ол елін, жерін қорғау үшін жоңғарлармен соғысып өткен батырлардың бірі. Өлгеннен кейін Иманды қасиетті деп санаған жұрты мен осы жерге қоныс аударушылар Иман бай туралы естелікті сақтап, оның есімімен қонысын атай бастайды. 2015 жылы шоқының етегінде атақты бабаға ескерткіш орнатылды.

Ежелгі замандардан бері «Айыртау» шоқысының шығу тегін түсіндіретін аңыз сақталған. «Ежелгі



уақытта бұл жерлерге жан-жақтан жаулар шабуыл жасайды. Оларға ағайынды қос батыр қарсы тұрды. Күні-түні шайқасқан батырлар басқыншыларды елінен қуып шығады. Бірақ өздеріне жебе тиіп қаза болған олар шоқыға айналып кетеді. Олардың қарындасы қайғырып жылауы салдарынан тұзды көл пайда болған. Аңызға сүйенсек, «жаулар қанша қаза тапты, шоқылардың беткейіндегі ағаштар сонша өсті, қан тамшыларынан жидектер өскіні пайда болды» дегенге саяды.

Бұл жерлер Азаматтық соғыс туралы аңыздарға да бай. Қызыл Армиядан жеңіліс тауып, шегініп, жергілікті тауларда Ресей империясының қазыналарын жасырған адмирал Колчак туралы аңыздар да кездеседі. Тарихшылар бұл әңгімелерге күмәнмен қарайды, дегенмен Имантауда қалың ағашы бар Ақсоран тауында алтын жасырылған деген әңгімелер таралған.

АҚАН СЕРІ ЗИРАТЫ – Айыртау ауданы Тереңкөл ауылынан солтүстікке қарай 9 шақырым жерде орналасқан. Кешегі кеңес заманында Ақан серінің басына орнатқан ағаш зират жермен-жексен болған соң, 1993 жылы ақынның жамбасы жерге тиген жерге күмбез орнатылды.

Ақан сері (Ақжігіт) Қорамсаұлы (1843-1913) – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Қоскөл ауылында дүниеге келген қазақтың халық ақыны, әнші-композитор. Заманында ауқатты адам болған әкесі Қорамса Ақанды 13 жасында Петропавлдағы медресе-

ге оқуға жібереді. Діни догмаларға деген қызығушылығы оянбаған ол қалада орыс тілін біраз үйреніп, үйіне оралады. Ақан жас кезінен бастап музыка мен поэзияға деген құштарлығын танытты. Оның мерекелер мен жарыстарға үнемі қатысуы оған «сері» сөз тіркесінің қосылуына себеп болды. Әкесі оған даланың белгілі мүшесі болуы үшін барлық атрибуттарды берді. Ол кейіннен атақты Құлагер атын, Базарала тазын, Қараторғай бүркіті мен Көкжендет қаршыға құсын сатып алуға көмектесті. Ақынның даңқына мықты аңшы атағы да қосылды. Көп ұзамай Ақан сері бүкіл далаға танымал болады.

Ақанның өмірі мен өлеңдері қазақтың атақты ақын-жазушыларының шығармаларына арқау болған. Атақты ақын Ілияс Жансүгіров «Құлагер» атты дастан, Сәбит Мұқанов «Ақан өмірі» атты мақала, Ғабит Мүсірепов «Ақан сері – Ақтоқты» атты трагедия, Сәкен Жүнісов «Ақан сері» атты роман-диалогия жазған, ал оның әндерін таспаға түсірген А.Затаевич еді. Сәкен Сейфуллин Ақан



серінің өлеңдер жинағын құрастырып, алғы сөз жазып 1935 жылы жарыққа шығарған. Атақты композитор Сыдық Мұхамеджанов «Ақан сері-Ақтоқты» операсын және «Балқадиша» әнінің тақырыбы бойынша вариациялар жазды. Композитор Евгений Брусиловский «Жалбыр» атты шығармасында «Құлагер» және «Балқадиша» әндерін пайдаланды.

Ақынның ең танымал шығармалары: Желдірме, Маңмаңгер, Сырымбет, Құлагер.

АҚ-ИРИЙ ЕСКІ ҚАЛАСЫ – Солтүстік Қазақстан облысының Долматово ауылында Есіл жазығы мен Батыс Сібір ойпатының түйіскен жерінде орналасқан. Қалашықты 1968 жылы ғалымдар ашқан болатын, алайда ұзақ жылдар бойы бұл жерде жүйелі зерттеулер мен қазба жұмыстары жүргізілген жоқ, тек 2003 жылдан бастап тұрақты қазба жұмыстары басталды.

Ақ-Ирий қалашығы жыл санауымызға дейінгі V ғасырға жатады, бұл – сақ дәуірі. Ежелгі қоныс дала мен орман тұрғындары арасындағы өзіндік алдыңғы шеп қызметін атқарды. Мұнда маңызды құрылыстардың ішінен қорғаныс орлары, үйінділер және басқа да фортификациялық құрылыстар табылды. Ғалымдар жан-жақты нығайтылған қаланың ішінде тұрғын үйлерді, сондай-ақ ұсталық шеберханалар мен қыш дайындайтын өндіріс қалдықтарын тапты. Қазба барысында Есіл өзенінің оң

жақ жағалауының биік жерінде орналасқан ескерткіш алаңы егжей-тегжейлі зерттелді. Қалашық екі жағынан да қол жетпейтін және жеке қорғаныс құрылыстарымен бөлінген биік үшбұрыш мүйісінде орналасқан. Ежелгі қалашықтың ауданы шамамен жиырма бес мың шаршы метрді құрады. Археологтар оған «Ақ-Ирий» атауын берді, бұл «Ақ жұмақ» дегенді білдіреді. Зерттеушілердің болжамы бойынша, қалашық діни-шаруашылық және қорғаныс мақсаттары үшін салынған. Бекініс құрылыстары дала сақтарына тиесілі, олар отқа табынып, зороастризмді ұстанды. Зороастризм діні Еуразия даласында қола дәуірінде қалыптаса бастап, жыл санауымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта толықтай тарады. Ғалымдар Ақ-Ирийдің нақты архитектуралық құрылысын болашақ қазба жұмыстары барысында анықтайды деген болжам бар. Бүгінгі күні белгілі мәліметтер бойынша, ол бұрын зерттелген Ақтау қалашығына сәйкес болуы тиіс. Бұл қалашық іс жүзінде Петропавл территориясында орналасқан. Онда аумағы 35-45 шаршы метрді құрайтын, бұрыштарында және қабырғаларының ортасында шатырды тіреу үшін қолданған бағандары бар тұрғын үй аумағы қазылды. Қабырғалар бұтақтардан, шыбықтардан тұрғызылып, сазбен сыланып бекітілген. Бұл технология Ақ-Ирийде де қолданылған, оған көптеген күйдірілген кірпіштер дәлел бола алады. Қалашықтың орталық жер бетінде сәл ойылған кең ой-



ықтар бар. Қаланың орталық бөлігінде кең, күн сәулесі сияқты бірнеше бағытқа бағытталған жыралары бар тереңдетілген аумақ ерекше көзге түседі. Ол бекініс қабырғасымен жанама жол арқылы байланысады.

Қала халқы, табылған заттарға қарағанда, темір дәуірінің ерте кезеңінде өз дамуының шарықтау шегіне жеткен. Ескерткіште өндірістік алаңдар нақты көрсетілген, мұнда күйдірілген кірпіш фрагменттері мен металл қалдықтары кездеседі. Металл балқытуға арналған пештердің қалдықтары табылды. Бұл ежелгі сақтардың металлургиялық өндіріс технологиясымен жақсы таныс болғанын растайды. Қазіргі таңдағы жоғарғы биіктік бетінде бір метрге дейінгі бекініс дуалы және тереңдігі шамамен бір метрді құрайтын қорғаныс шұңқырлары толықтай көрінеді. Қазба барысында негізгі (орталық) жолдар, сонымен қатар қала аумағына қосымша (бүйірінен) кіру жолдары анықталды.

Қалашықтың аумағында жапон, Жерорта теңіздерінде кездесетін каури ракушкалары табылды. Олар ақша функциясын орындады деген

болжам айтылады. Демек, сақтардың сыртқы қарым-қатынастарының географиясы өте ауқымды болды. Тағы бір қызықты мәлімет: бекініс дуалының іргетасында гидрооқшаулағыш материал ретінде қайың қабығы қолданылды. Сондай-ақ балшықты күйдіру және металл қорытуға арналған пештер де табылды.

Бірегей олжалар сақ тайпаларының осы территорияны мекендеген және сақтардың бұған дейінгі тарихи кезеңдер мәдениетімен тығыз байланысы бар деген болжам жасауға мүмкіндік береді.

АРХИСТРАТИГО-МИХАЙЛОВСК ӘЙЕЛДЕР МОНАСТЫРЫ – Пресновкадан шамамен 60 шақырым, Жамбыл ауданы Пресноредут ауылында орналасқан діни ғимарат. Бұл жерде ауыл, патша қорғаны, көл, монастырь шаты сақталғаны қызығушылық тудырады. Осы уақытқа дейін киелі орынға адамдар келіп, тәу етіп тұрады. Мұнда түрме, дін қызметшісі үйінің қабырғалары, ғимараттар мен құрылыстардың іргетастары сақталған.

Монастырьдың негізін есаул Алексей Казиннің жесірі Анна Кузина қалады. Ол 1857 жылы діни қызметкер отбасында дүниеге келген. Тұрмыс құрып, жас кезінен жесір қалған Анна күйеуі қайтыс болғаннан кейін, тағдыры Құдайға және адамдарға қызмет ету деген шешімге келді. Кезінде жақсы білім алған ол монастырды мүмкіндігінше жабдықтап, өзінің жинаған қаражатын осы іске жұмсайды. Анна Александра Федоровна патшайымнан көмек сұрап, 5 хат жазған. Патшайым өз тарапынан материалдық көмек көрсеткен. 1902 жылы ғибадатхананың аумағында қасиетті Троицаның атымен ағаш храмының дәріптелуі өтеді. Осы іс-шарада Анна шашын қидырып, оған Евпраксия есімі беріледі. Монахиня қатарына өтіп, монастырь игумены дәрежесіне көтерілді. Бұл жақсы ұйымдастырылған және реттелген шаруашылығы бар ірі әйелдер монастыры болды.



Монастырда жетім балаларға арналған мектеп салынды. Онда 60 қыз тұрды. Қазақстанда көтеріліс толқыны басталғанда, игумен өзінің уақыты келгенін, яғни өміріне қауіп төніп тұрғанын сезеді. 1921 жылы ғибадатхана меңгерушісі мен оның жақтастарын ерекше жасақ бөлімдерінің мүшелері (ЧОН әскері) атып тастайды. Атылған адамдардың денесі монастырь аумағында жерленді. Кейіннен монастырь тоналып, оның құрылыстарының бірінде «Труд»

Социалистік ауылшаруашылық артелі ұйымдастырылды. Кейінірек «халық жауы» деп айыпталғандардың балаларына арналған үй ашылды. Балалар үйі өткен ғасырдың 60-шы жылдарына дейін жұмыс жасады. С.Н.Виниченконың «Пресногорьковские были» кітабында былай деп жазылған: ...бір жерде, шіркеу қуысында есаул Казиннің және жазықсыз өлтірілген монах әйелдердің мәйіті жатыр». Бұл жерде бұталар және жас қайыңдар өсіп, басып кеткен түрлі құрылыстардың іргетастары байқалады.

ӘЙЕЛДЕР ГИМНАЗИЯСЫ – Вознесенская 42 көшесінде орналасқан сәулет ескерткіші. Ғимарат екі бөліктен тұрады. Оның оң жақ қанаты кейінірек салынған. Бұл жоба авторының жоғары шеберлігі мен ғимараттың осы бөлігін орындаудың жоғары көркемдік деңгейі туралы айтуға мүмкіндік береді. Негізгі қасбеттерінде ойықтарды көмкеретін бедерлі элементтер бар. Ғимараттың оң жағындағы терезе ойықтарын жиектейтін пилястралардың құмыра тәрізді пішіні ерекше қызықты. Осы пилястраларға терезелердің жартылай дөңгелек бедерлі арқалары бекітілген. Ғимараттың оң жақ бөлігінің кірпіш қабырғалары көлденең жолақтармен кесілген. Бұл қасбеттің айқын бөлшектенген бейнесін береді. Ғимараттың оң жақ бөлігі безендірілген, бірақ оның элементтерінің пропорциясы ұсақ және көркемдік жағынан нақты көретілмеген. Қала



тұрғындары арасында бұл ғимараттың жертөлесінде Есіл өзеніне шығатын жер асты жол бар деген аңыз бар.

1864 жылы Петропавл қаласында бұрынғы Революционная көшесінде арнайы салынған ғимаратта прогимназия құрылып, 1904 жылы әйелдер гимназиясы ретінде ашылды. Әйелдер гимназиясы Петропавл басқармасының қазынасынан және өзге де жерлерден қаражат алды. Кеңес заманында бұл ғимаратта педагогикалық училище орналасты. Осы кезеңде ғимарат Халыққа білім берудің қалалық бөлімі теңгерімінен Петропавл педагогикалық училищесінің теңгеріміне берілді. Кейін ғимаратта жеңіл атлетика бойынша қалалық балалар спорт мектебі орналасса, қазіргі уақытта ғимарат жеке иелікке берілді және онда металл бұйымдар зауыты цехтарының бірі жұмыс істейді.

Ғимарат XIX ғасырдың 70-ші жылдарындағы сәулет ескерткіші ретінде қызығушылық тудырады. Бірақ оның тарихи құндылығы одан да маңызды болып табылады. Бұл Солтүстік Қазақстандағы педагог кадрларды дайындайтын алғашқы шеберхана еді.

ӘУЛИЕ АПОСТОЛДАР ПЕТР МЕН ПАВЕЛ ШІРКЕУІ – Петропавл қаласындағы Коминтерн көшесінде орналасқан сәулет ескерткіші. Шіркеу қалада сақталған ескі ғимараттардың бірі болып табылады. Алғашында шіркеу 1803 жылы салынды, алайда 1812 жылы оны бөлшектеп қиратып тастайды, ал 1813 жылы 22 қазанда сол жерде, бірақ кейбір өзгертулермен көлемін кішірейтіп, жаңа шіркеудің негізі тастан қаланды.



1838 жылғы өрттен тас қоңыраухана қатты зардап шекті. Оны 1839 жылы бөлшектеп, орнына 1844 жылы шіркеуден бөлек тұрған, бірақ тас дәліз арқылы байланысатын жаңа қоңыраухана салынды. Қоңырау құрылысы 1848 жылы аяқталды. Шіркеу шойын торлы тас қоршаумен қоршалған. Ол келушілердің қаражатына салынған. Оның құны жүз мың рубльге жуық. 1938 жылдан 1946 жылға дейін Покровка шіркеуі облместпром қарамағында болды. Мұнда нан, бәліш пісіріліп, май өндіру үшін тұқымдар сақталды. Кейінірек Подгорное храмының шіркеуі ғимаратында көк темекі шығара бастады. 1946 жылы Петропавл атқару комитетінің облыстық кеңесі Подгорное ғибадатханасының ғимаратын діндарлардың қауымына берді. Сол кезде ғибадатхана жағдайы мүшкіл болды. Алтарь және иконостас талқандалған, көптеген иконалар мен киоталар аяусыз бұзылған. Қабырғадағы суреттер күйе және кір қабаттарымен ластанған. Орталық алтарь алдында күмбезге дейін үлкен мұржа орнатылған. Никольск бөлмесінде кірпіштен жасалған үлкен пеш болды.

Шіркеу ескіріп, жартылай талан-таражға түсті, крест пен қоңырау алып тасталынды. Шіркеулік емес құрылыстардан ғибадатхананы қалпына келтіру және тазалауға діндарлар белсенді түрде қатысты. Олар бұл құрылыстарды жөндеп, кірпіш пен құрылыс қоқыстарын тазалады. 1947 жылдың жазында діндарлардың күшімен покровкалық шіркеуге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сол жылдан бастап Құдайға құлшылық ету басталды. 1952 жылы храм толығымен қалпына келтірілді. 1988 жылдың шілдесінде ғибадатханада орыс Православие шіркеуінің мыңжылдық мерейтойы салтанатты түрде аталып өтті. Мерекеге Алматы және Қазақстан епископы Евсевий келді. Адамдар шіркеу туралы көбірек біле бастады, келушілер қатары өсті.

Ғибадатхананың жанында тұрған және халық арасында «У Христа за пазухой Мәсіхтің арқасында» деп аталатын ескі мекеме дәмхана орнында азаматтар

мен ұйымдардың садақасына кірпіштен ғимараты тұрғызылды. Мұнда ғибадатхананың жаңа басшысы Сергии (Снопкове) кезінде 1997 жылдың 16 маусымында Пятидесятница мерекесіне орай ғибадатханадағы шоқындыру тағы аласталды. Крест шіркеуінде ересектерді шоқындыру кезінде толық суға түсіру үшін мәрмәрдан жасалған әуіті бар баптистерий орнатылған. Шіркеу жанында шоқынуға дайындалатындарға арналған институт жұмыс істеді. Оқу арнайы бағдарлама негізінде жүргізілді: діни мәселелер бойынша дәрістер оқылып, храм, шіркеудің құпиялары туралы бейнефильмдер көрсетілді, сонымен қатар дін қызметкерлермен әңгімелер өткізілді. 1995 жылы қоңырауларды қалпына келтіру жұмыстары басталды. 2001 жылдың қарашасында қоңырау күмбезі нитро-титан қапталды.

БАЙҚАРА ХРАМДЫҚ КЕШЕНІ – Шал ақын ауданында орналасқан қорым. Кешен қола дәуірі, ерте темір ғасыры, ерте және кейінгі ортағасырды қамтиды.

Кешенді алғаш рет 1956 жылы Қ.А.Ақышевтің жетекшілігімен Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының жасағы зерттеді. Одан кейінгі жылдары В.Ф.Зайберттің және А.А.Плешаковтың басшылығымен Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының барлау жасақтары бірнеше мәрте инспекциялық тексеру жұмыстарын жүргізді. 1997-1999 жылдардағы далалық маусымда қорымда Парцингер (Герман археологиялық институтының Еуразиялық бөлімі, Берлин) және В.Ф.Зайберттің басшылығымен Біріккен Герман-Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеулер жүргізді. 2005 жылы қорымды СҚАЭ-ның барлау тобы тағы бір мәрте зерттеді. Бұл нысанда жүргізілген қазба жұмыстары күтпеген нәтиже әкелді – қорған жерлеу емес, скиф дәуірінің діни ғимараты, өзіндік ғибадатхана болып шықты. Бұл біздің жыл санауымызға дейінгі V ғасырда түрлі материалдардан (тас, ағаш, саз кесектері) салынған күрделі сәулет ғимараты болды.



Ескерткіш Солтүстік Қазақстан тайпаларының қола, ерте темір ғасыры, ерте және кейінгі орта ғасырлардағы материалдық және рухани мәдениетін сипаттайды.

БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ЗИРАТЫ – Ақжар ауданының орталығынан 5 шақырым жерде жерленген.

Байтайлақ батыр (1695-1745) – XVIII ғасырдың басындағы «Ақтабан шұбырынды» кезінде қазақ даласын жаудан қорғаған белгілі тарихи тұлғалардың бірі, орта жүз батыры. Байтайлақты Абылай хан



ерекше құрметтеген, ал оның ерлігі мен батырлығына Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Наурызбай батырлар тәнті болған. Байтайлақ батырлар әулетінің ұрпағы, оның арғы аталары және әкесі Бәйімбет те кезінде батыр ретінде танылған.

Байтайлақ батырдың атақты жоңғардың батыры Тұмыржаппен күресі туралы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист Сағидолда Икеновтың еңбектерінде жазылған. Ол «ежелгі заманнан бері халық арасында Байтайлақ дүшпан жоңғар батырының басын қалай кесетіні туралы аңыз бар. Бұл шайқас Қазіргі Зағыржап ауылына жақын болған» дейді.

Байтайлақ батыр өлімінің себебі аңыздарда келтірілген: «Шешуші үлкен шайқаста қазақтар да, қалмақтар да көптеген жауынгерлерін жоғалтты. Ақырында, қалмақтар жеңіліс тапты. Олардың қалдықтары қамыс пен ағаштар арасына тығылып, қашып бара жатты. Байтайлақ батыр сол шайқастан үзеңгілес достарымен келе жатқанда, Қара Оба жеріндегі ағаштар арасында жасырынып жүрген қалмақ жауынгерлері садақтан бірнеше рет атып, жебе батырдың жауырыны арасына тиеді. Жебенің ұшын шығарып алу мүмкін болмады, соның салдарынан батыр ауыр жарақат алады. Жарақат алған жер оның қазіргі жерлеу орнына жақын орналасқан. Байтайлақпен бірге бірнеше жауынгер жарақат алды және қаза тапты. Өлімін сезген Байтайлақ батыр: «мені су жетпейтін төбеде жерлеңдер. Мен осы биіктіктен қалмақтардың іздері қалмас үшін қадағалаймын» деген екен.

БЕКЕН (БЕКМАҒАМБЕТ) ЖҰМАБАЕВ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Петропавл қаласындағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің саябағында.

Қазақтың ұлы ақыны Мағжанның әкесі Бекен (Бекмағамбет) Жұмабаев – би, болыс, сері, ел арасында әділдігімен танымал болған тұлға. Жас шағында сауда-саттықпен айналысқан ол 1906-1910 жылдары би, 1911 жылдан бастап үш жыл болыс болған. Одан бергі өмірінде елдің қабырғалы ақсақалы боп келген. Бекен Қызылжар қаласында тұратын керей Әшірбек деген саудагердің Гүлсім деген қызына үйленеді (Әшірбектің ағасы Құрманбайдан Мағжанның бола-

шақ әйелі Зылиха туған). Бекен өзінен тараған 7 ұл, 2 қызына хат танытқан, оқытқан.

1930 жылдан бастап Бекен ауылы қиын кезеңдерді басынан кешіреді. Ауылдың орнына «Келімбет» колхозы ұйымдастырылады. Бекеннің мүлкі толығымен тәркіленіп, балалары бүкіл ел бойынша шашырайды. Бекен мен Гүлсімнің балаларымен байланысы үзіліп, ұлы Салтай және оның әйелі Бибізайыптың қолында қалады. Тәркілеуден кейін Бекен елден кетуді шешеді. Ұлы Салтай әкесімен және анасымен Қырғызстанға барады. Олар Қалижан мен Сабыржан оқыған Фрунзеге (қазіргі Бішкек) дейін әрең жетеді. Кеңестік Қырғызстанда жақсы орналасқан екі ұлы ата-аналарына қамқорлық жасайды. 1931 жылғы аштық кезінде Бекен Петропавлға оралады. Оның келіні Бибізайып: «Әкеміз жиі ауыра бастады. Бір күні ол «мені үйге алып барыңдар, туған жеріме жету керек» деді. Бекен ата менің ағаларыммен бірге Қызылжарға дейін бір поезда барды. Қызылжарда Әбу Мүслімнің үлкен ұлы Махмұдтың үйіне барады. Жас жігіт оны танымай «бұл кім?» деп сұрайды. Бекен: «Сен әкеңді танымадың ба?» де жауап қатады. Сол кезде атасын көтеріп, үйге кіргізеді. Сол үйде үш күннен кейін Бекен қайтыс болды. Ол мұсылман зиратында жерленген» (қазіргі Петропавл қаласының Мәдениет және демалыс саябағы), – дейді.



БОТАЙ ҚОНЫСЫ – Айыртау ауданының Никольск ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым қашықтықта орналасқан энеолит дәуірінің археологиялық ескерткіші (ж.с.д. 4-3 мыңжылдық). Иманбұрлық өзенінің оң жағасында 15 га көлемді алып жатыр. Үстіңгі қабатында бірнеше тұрғын-үйлерден қалған ойықтар көрінеді. Қазба жұмыстары нәтижесінде 10 мың м^2 қазылып, 100 үй зерттеліп, 300-ден артық артефакт және жүздеген сүйектер табылды. Бұл сүйектердің, негізінен, 99 % жылқыға тиесілі. Сонымен қатар шаруашылық құрылыстар, ошақтар, қазаншұңқырлар, сүйектер және құралдар табылған.

Ескерткішті алғаш рет 1980 жылы В.Ф.Зайберттің басшылығымен Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы анықтаған (барлау тобының құрамында В.И.Заитова, О.И.Мартынюк болды). Осы жылдары зерттеу, сақтау жұмыстары жүргізілді. Бірнеше жылдық зерттеу нәтижесінде В.Зайберт Еуразия даласында алғашқы атты қолға үйреткен Ботай мәдениетін анықтады. Бүгінгі таңда Ботай шатқалының

негізгі кеңістігін бетегелі дала, ал тұрақтың солтүстік жағын массивті қарағай орманы алып жатыр. Бұл орман реликті болып саналады және шатқал топырағының геоморфологиялық қасиетіне байланысты ғана сақталған, мұнда сыртқы және жер асты суларымен толысатын далалық көлдер кездеседі.



Палеографиялық зерттеулер көрсеткендей, ботайлықтар ылғалды ауа-райы жағдайында өмір сүрді, бұл тұрақты экологиялық негіздің қалыптасуына септігін тигізді. Қоныста кем дегенде 250 тұрғын үй болған. Үйлердің аумағы 20-70 м^2. Барлық құрылыстар тұрғын үй және шаруашылық сипатта. Шаруашылық құрылыстар шеберхана, немесе мал ұстайтын қора ретінде бөлінген. Құрылыс жерге кіргізіліп салынған, формасы бірнеше қырлы, дөңгелек немесе шаршы тәрізді. Қоныстың әр жеріндегі тұрғын үйлер түрлі формалы және көлемі де әртүрлі болып келеді. Бұл бөлмені пайдалану мақсатына байланысты болды деген болжамды тудырады. Тұрғын үйлерден табылған құрал-жабдықтар көп емес: қырғыштар, пышақтар, қыш, ретушерлер, бұрғылар, ұштар, сүйек құралдар. Қоныстың шаруашылық территориясындағы құрал-жабдықтар қатары әртүрлі, әсіресе, қыш бұйымдар және тас өндірісінің қалдықтары көп. Сүйектен жасалған бұйымдар ретінде жылқының төменгі тісінен жасалған тұйықтар, орақтар және өрімдер, жер қазатын құралдар, ағаш өңдеу құралдары, инелер, шильдер, кочедкалар, мөртабандар, гарпундар және басқа да бірқатар бұйымдарды кездестіруге болады. Сонымен қатар қыштан жасалған бұйымдар да табылды. Формасы жартылай жұмыртқа тәрізді ашық және жабық мойыны бар ыдыстар кездеседі. Қыш бұйымдар сылау техникасымен жасалды. Ыдысты ішінен тегістеп, әрлеу үшін тарақты штамп, мата пайдаланылды. Көп жағдайда ыдыстың барлық сыртқы беті оюмен қапталды, соның ішінде түбі мен мойыны да өрнектелген. Көптеген ыдыстардың ауызы «шынжырлы» етіп немесе шынжырлы штамппен безендірілген. Топтама ішінде импорттық ыдыстар да кездеседі. Олар уралдық энеолит қыштарының баламасы.

Ботай мәдениетінің ерекшелігі: шаруашылықта жылқыны көп пайдаланған. Мұнда жылқының 70 мыңнан астап сүйегі табылды. Ботайлық жылқыны қолға үйрету мәселесі де маңызды болып саналады. Остеологтардың айтуы бойынша, жылқыны қолға үйретудің ортақ морфологиялық сипатын анықтауға мүмкіндік жоқ. Бұл жылқылардың

өмір сүру аймағының біркелкі болуына (ерте кездерден осы күнге дейін) байланысты анықтау үшін қиындық туғызады (жыл бойы малды бағу, қысы-жазы тамақтануы; малдың жиі қозғалуы). Соған қарамастан, көптеген остеологиялық материалға анализ жасау негізінде ботайлық жануарлардың құрамы мен оның сипатына белгілі бір көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді. Остеологиялық материалдар ішінде келесі аңдардың сүйегі бар: жабайы өгіз, бұлан, елік, ақбөкен, бұқа, аю, түлкі, қарсақ, құндыз, суыр, қоян және қабан. Қоныс үйлерінде ит қаңқа сүйектері де жиі кездеседі. Ботай жылқыларының негізгі жасы 40-50 ай және одан да жоғары. Жас жылқылар аз. Ботайлық жылқы бойы 128-ден 152 см-ге дейін барады. Табын біркелкі болып келеді. Бұл жылқылар орташа бойлы, аяқтары нығыз болған. Тамақты шайнайтын тістердің жоғарғы қабаты біркелкі және қабаттардың әлсіз екеніне қарап, жылқылардың қатты дақылдармен қоректенгенін айтуға болады. Егер де остеолог мамандар Ботай қонысында табылған материалдық қалдықтардың (артефактілердің) жалпы сипаты мен осы территорияның қола және темір дәуірі ескерткіштеріндегі жылқы сүйектері негізінде қарастыратын болса, онда Ботай жылқысы бұған дейін қолға үйретілген деген болжамды айтуға болады.

Ботай қонысы Қазақстанның киелі жерлерінің тізіміне кіреді.

БІРІНШІ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ҒИМАРАТЫ – XIX ғасырдың соңында тұрғызылған бір-біріне жапсарлас салынған екі және бір қабатты кірпіш ғимараттардан тұратын сәулет ескерткіші.

Екі қабатты ғимараттың бүйір қасбеті кірпіштен салынған, тікбұрышты терезелер, қабатаралық перде илгіштер ғимаратты екі тең емес көлденең бөлікке бөледі. Ғимараттың бір қабатты бөлігінде арка терезе ойықтары бар және төрт қырлы тіреумен жабдықталған. Шатыры екі жағынан да құламалы, темірден жасалған. Ғимарат жоспары аймақтық көпестік қалалар үлгісі болып табылады. «Өнеркәсіп, сауда және кооперация. КСРО 1925» анықтамалық кітабында: «1913 жыл. Петропавлда электр станциясы салынды, оның 714 шаршы аршинді қыздыру беті бар үш қазандығы және 240 ат күшіне ие «де Лавал» жүйесінің 2 турбинасы бар. Электр генераторларының қуаты 160 киловатт» деген сипаттама берілген. 1920 жылы станция қосалқы бөлшектерінің және жабдыққа күрделі жөндеу жүргізу мүмкін болмауына байланысты тоқтатылды. Оны 1928 жылы қайта іске қосты. 1936 жылдың қаңтарында қалалық электр



станциясында (Советская және Пролетарская көшелері) қуаты 400 аттың күші бар дизельді қондырғы іске қосылды. Кейінірек, ЖЭС-1 іске қосылғаннан кейін, бұл жерде қалалық электр желілері басқармасы негізделе бастады.

ВЛАДИМИР ШАТАЛОВ БЮСТІ – ғарышты дамытуға үлес қосқан тұлғаға арналып мәрмәр тұғырында орнатылған қоладан жасалған ескерткіш. Мүсін Петропавл қаласындағы мәдениет және демалыс саябағының кіреберісінде 1979 жылы орнатылды. Мүсіннің авторлары – сәулетші В.Б.Бухаев, мүсінші В.Э.Полевой.

Владимир Александрович Шаталов – 1927 жылы туған кеңес ғарышкері, авиация генерал-лейтенанты, Кеңес Одағының Екі Мәрте Батыры, КСРО еңбек сіңірген спорт шебері, техника ғылымдарының кандидаты (1972). Айдың артқы жағындағы кратерлердің бірі В.А. Шаталовтың атымен аталады. Владимир Александрович 1945 жылы Қарағандыда, кейіннен Липецкте эвакуацияда болған Воронеж ӘӘК 6-шы арнайы мектебін бітірді. Шілде айында ұшқыштарды оқытатын алғашқы Әскери авиациялық мектепке оқуға түсті. 1949 жылы училищені бірінші дәрежемен аяқтап, ұшқыш-инструктор болды. 1956 жылы КСРО ӘӘК Қызылтулы Әскери-әуе академиясының Командалық факультетін бітірді. Сол жылдың қараша айынан бастап эскадрилья командирі, ал 1960



жылдың мамыр айынан бастап ӘӘК саптық бөлімдерінде авиациялық полк командирінің орынбасары қызметін атқарды. 1963 жылы 10 қаңтардағы № 14 ӘӘК бас Комитетінің бұйрығымен Ғарышкерлерді даярлау Орталығына (ҒДО) тыңдаушы-ғарышкер ретінде қабылданды. 1965 жылдың қаңтарына дейін жалпы ғарыштық дайындықтан өтті. «Восток 3А», «Восход», «Восход 2», «Союз» кемелерінің жүйелерін, конструкциясын және пайдалану ережелерін зерттеді. 13 қаңтар күні «ӘӘК ғарышкері» біліктілігін алды. 23 қаңтар 2 жасақ (әскери ғарыш бағдарламалары) космонавты лауазымына тағайындалды.

В.Шаталов Кеңес ғарышкерлерінің ішінде А.С.Елисеевпен бірге алғашқы үш ғарыштық ұшуды жасады. 1971 жылғы 25 маусымнан бастап ғарыштық ұшуды дайындау және қамтамасыз ету жөніндегі ӘӘК бас Комитетінің көмекшісі (ӘӘК

бас комитетінің Ғарыш жөніндегі орынбасары) болып қызмет етті. 1972 жылы 28 сәуірде Ю.А.Гагарин атындағы ӘӘА-да диссертация қорғап, техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. 1987 жылдың 3 қаңтарынан 1991 жылдың 19 қыркүйегіне дейін Ғарышкерлерді даярлау орталығының бастығы болып қызмет етті.

ВСЕХСВЯТСКИЙ ШІРКЕУІ – 1890-1894 жылдар аралығында салынған, Петропавл қаласының Алтынсарин көшесінде орналасқан ғимарат.

1885 жылы Петропавл әкімшілігі қалада жаңа зират ашу қажеттігі туралы мәселе көтереді. Әулие Вознесения ғибадатханасында болған ескі зират аумағының кеңейіп кетуіне байланысты қаланың солтүстік шетінен жаңа зират үшін орын бөлінеді және оның жанында барлық әулиелердің құрметіне шіркеу салу туралы шешім қабылданады. Ғибадатхана кеме формасы түрінде салынған, оның үстіне діңгек сияқты 6 күмбез бар. Ғибадатханаға қоңырау салынып, кіреберістің төбесінде орналастырылды (қазіргі уақытта сақталмады). Омбы Епархиялық ведомостволары, епархия приходтарының жағдайы туралы мәлімет бере отырып, былай деп хабарлады: «Всехсвятский шіркеуіне келетін адам жоқ. Оған кіріс әкелетін капиталдар мен алқаптар жоқ. Шіркеуге тиесілі жер телімдері де жоқ. Қала әкімшілігінің шіркеуге бөлген 3000 шаршы сажень территориясында Хлебников мырзаның қаражатына бір қабатты, темірмен шатырланған үй салынды». Бүгінгі күні ғибадатхананың ең басты қасиетті жәдігерлерінің бірі – афон хатының Құдай Анасының Ивер иконасындағы бейнесі. Бейненің, шын мәнінде, киелі тауда салынғанын иконаның алдыңғы және артқы жағындағы екі жазу растайды. 1898 жылы салынған суретті Греция ғибадатханаларынан қажылыққа барған бай петропавлдық әкелген болуы мүмкін.



Мұндағы барлық әулиелердің киелі заттарын сақтайтын ыдыста (мощевик) әртүрлі жәдігерлер бар: Иерусалимнен әкелінген жер, Синай тауынан әкелінген тас, Ганина шұңқырынан алынған жер (II Николай патша отбасы атылған шұңқыр), сондай-ақ Мамврийлық еменнің бір бөлігі де бар. Бұл емен жанында барлық сенушілердің әкесі – Авраам Киелі Үштік туралы Құдайдан аян алды, ал христиандар үшін аян алу – діннің негізі болып саналады. Палестинаның ең ескі қаласы – Хевроннан әкелінген, аңызға айналған емен де бар. Иудей тарихшысы Иосиф Флавия заманында (Христостың Рожде-

ствосынан I ғасырда өмір сүрген) бұл емен әлемді жаратқан сәттен бастап тұр деп есептеледі.

Ғибадатханаға келушілер Афон тауынан әкелінген Симеон Мироточивое жүзім тұқымын да киелі санайды. Бұл жүзім Хипендар монастырында өседі. Соборлық шіркеудің қабырғасынан, жерден бір жарым метр биіктікте Симеонның бос табытынан жүзім бұтағы өсіп шығады. Жүзім сегіз ғасыр бойы, күні бүгінге дейін жеміс береді. Бір қызығы, осы жүзім жемістері ерлі-зайыптыларға бедеуліктен арылуға көмек береді деген сенім бар. Ежелгі уақыттан осы күнге дейін ғибадатхананың бауырластығы «үміт хаттарын» дайындап, бедеу жұбайларға жібереді. Монахтар өз хаттарына тек бір жауапты ғана күтеді: туған нәрестенің фотосын жібергенін қалайды және Симеонның әр нәрестесі үшін құлшылық жасайды.



ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ АТЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ НЫСАНДАР КЕШЕНІ

Ғабит Мүсіреповтің музей-үйі – жазушының өмірі мен қызметіне арналып 1992 жылы ашылған музей. Залда Ғ.Мүсіреповтың өмір жолын сипаттайтын жазушының жеке заттары, құжаттары, фотосуреттері орналастырылған, жазушының анасы Дина Оңғарбайқызының, ағалары мен әпкелерінің фотосуреттері қойылған. Этнографиялық залда XX ғасырдың қазақ тұрмысын сипаттайтын заттар: самауыр, торсық, әйелдер мен ерлердің ұлттық киімі, жермай шамдары және т.б. көрсетілген.

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов (1902-1985) – жазушы, ақын, аудармашы, әдебиет сыншысы, драматург, қоғам қайраткері. Сонымен қатар, ол Қазақ КСР ҒА академигі (1985), Қазақстанның Халық жазушысы (1984), Социалистік Еңбек Ері (1974), Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы (1956-1962 және 1964-1966), КСРО ЖО хатшысы (1959 жылдан бастап), бірнеше рет депутат болып сайланған тұлға.

Ғабит Мүсірепов білім алуды туған ауылы Жамбыл ауданы Жаңажол ауылында сауат ашу курсынан бастады, одан кейін 1916 жылы екі сыныптық орыс училищесіне түсіп, бір жыл оқып, кейін 2-ші деңгейлі орыс мектебіне оқуға түсіп, 1921 жылы бітірді. 1923-1926 жылдары

Орынбордағы жұмысшылар факультетінде, одан кейін Омбы ауыл шаруашылығы институтында оқыды. Көптеген жылдар бойы әртүрлі газеттер мен журналдардың редакторы, КСРО Жазушылар Одағы басқармасының мүшесі болып жұмыс істеді. Өзінің әдеби қызметін 1925 жылы бастады. Бірінші повесті «Тулаған толқында» (1928) азаматтық соғыс кезіндегі оқиғалар туралы баяндайды. Жазушының шығармалары әлемнің 34 тіліне аударылды. Орыс тіліне аударылған жазушының шығармаларының саны – 295.

Ұлпан Артықбайқызы жерленген жер – Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романының басты кейіпкеріне арналған, 2012 жылы қайта жаңғыртылған тарихи ескерткіш. Ұлпан Артықбайқызына (1828-1878) арналған ескерткіш Жамбыл ауданы, Жаңажол ауылында орналасқан.

ДІНМҰХАММЕД МЕШІТІ – Петропавл қаласының Сәбит Мұқанов көшесінде орналасқан.

Мешітті 1854 жылы Сібір татары Бачурин Дінмұхаммед салған. Үй иесі, ұлдары Сабыр мен Фазд мешіт ауласында медресе тұрғызған. Мешіт имамы Әбдуқадыр Нақдыров, муазині – Хаирсан Құрбанғалиев, одан кейін Сүлейманов Ғалым болды. Мешіт 1938 жылға дейін жұмыс істеді. Кейін мешіт спортзалға, ал 90-жылдардың басынан мәдени-сауықтыру орталығына бейімделді. Мешіттің басты мұрасы мұсылман кітабы – Құран болып табылады. Құранның бір кітабы 1780 жылы, екіншісі 1890 жылдан бері сақталған. Араб жазуымен жазылған сүрелерді мешіт имамы күн сайын бірнеше рет оқиды. «Бізге ғимаратты берген кезде біз мұнда жөндеу жұмыстарын бастадық. Айнала бәрі қирап, барлық жерде қоқыс шашылып жатты. Себебі, ғимарат ұзақ уақыт қоймалар, жатақхана, казарма ретінде пайдаланылды. Мен екінші қабатқа көтеріліп, мұнара бұрышында жатқан бір қағаздарды байқадым. Олар жартылай лас болды, бірақ мен мәтінді оқи алдым. Бұл араб тілінде жазылған Құран сүрелері болды! Олар осында қалай сақталғаны түсініксіз! Бұл нағыз керемет! Менің ойымша, бұл кездейсоқ емес, қасиетті мәтін мешітті жоғалудан қорғайды. Содан кейін Аллаһ бұл кітапты мені қолдау және сыйлық ретінде берді», – деді Рафаил эфенди.

Дінмұхаммед мешіті мен медресесінде балаларды оқытқан. Мұнда 1910 жылғы математика оқулығы, география және астрономияның иллюстрацияланған оқулықтары, сондай-ақ 1912 жылғы географиялық атлас және араб қарпімен жазылған көркем әдебиет сақталған. Оған мысал ретінде татар жазушы-



сы Ғабдолла Тұқайдың 100 жылдан астам уақыт сақталған кітабын айтуға болады.

ЕРКІН ӘУЕЛБЕКОВ БЮСТІ – Ғабит Мүсірепов ауданы Новоишимское ауылында орналасқан саяси қайраткерге қойылған ескерткіш. Мүсіннің авторы – Т. Досмағамбетов.

Еркін Нұржанұлы Әуелбеков (1930-1999) – белгілі мемлекет қайраткері, Социалистік Еңбек Ері,



КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Ол К.А.Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясын бітірген. Бас агроном, Коновалов МТС директоры, «Марьевский» совхозының директоры болып жұмыс істеді. 1961 жылдан бастап Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді. 1965 жылы ҚазақКСР Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары, 1968 жылы ҚазақКСР өнімдері және құрама жем өнеркәсібі министрі болып тағайындалды. 1985 жылдан бастап Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы. 1988 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар кеңесінің ұлттық саясат және ұлтаралық қатынастар жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары болып сайланды. КОКП ОК мүшелігіне кандидат (1971-1976), КОКП ОК мүшесі (1976-1990). 1989-1991 жылдары КСРО Халық депутаты, 1991-1992 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі болды.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЙҰЛЫ БЮСТІ – қалалық қазақ классикалық гимназиясы алдындағы алаңда орналасқан мүсін (Жамбыл және Бөкетов көшелерінің қиылысы).

Жамбыл Жабайұлы (1846-1945) – ақын-импровизатор, Қазақстанның ең танымал ақындарының бірі. Аңыз бойынша, Жамбыл Шу өзенінің



жоғарғы жағындағы Жамбыл тауының етегінде дүниеге келгендіктен әкесі Жабай Ыстыбаев (шамамен 1812-1899 жж.) ұлына осы таудың атын берген. Жамбыл белгілі домбырашы болған әкесінің ағасынан бала жасынан бастап домбыра ойнауды, ал суырып салма өнерін ұстазы Сүйінбай ақыннан үйренген. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында белгілі ақындар айтыстарына бірнеше рет қатысып, жеңіске жетті. Кейін Қазан төңкерісіне дейінгі репертуарынан, ақынның өз аузынан «Сұраншы-батыр», «Өтеген батыр» эпостары, «Хан және ақын», «Жалқау туралы» ертегілері және т.б. жазылып алынған. Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі оның «Махаббат пен ашу поэмасы», «Сталин шақырған сағат», «Ленинградтықтар, балаларым», «Мәскеу» әндері кеңінен танымал болды.

Тоқсан жастағы Жамбылдың бейнесі шығыстың данагөй ақсақалы ретінде көрсетілді. Ақын жаңа қоғамдық көзқарасты ұстанатын адамдарға жақсы шырай танытты. Ол Қазақстанның ең құрметті ақынына, ал оның әндері қазақ ауылының жаңа тұрмыс-тіршілігінің бір бөлігіне айналды.

ЖАНСҮГІР БАТЫР ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Аққайың ауданы Тереңкөл көлінің жанында орналасқан. Кесенені Біржан Әбділманұлы Шаймерденов пен Елтай Қайырбекұлы Зікірин салған.

Жансүгір Баубекұлы (1742-1832) – Қазақстанның Орталық және Оңтүстік өңірлерін жоңғар басқыншыларынан азат ету ұрыстарында қолбасшылық қабілетімен көзге түскен батыр. Оның атағы 15 жасында шыққан екен. 17-18 жасында өз руынан құралған қазақ әскерін басқарады. Есейген жасында би атанады. 1822 жылы хандық билік тарағаннан кейін ол Ресей патшалығы әскерінің капитаны шенінде болыстық басқарушы атанады. Әкесі Баубек (1690-1760) – қалмақтармен соғыс кезінде Қожаберген жырау жасағын, кейін Бөгенбай батыр жасағын басқарған батыр. Халық Жансүгір батырды тарыдай шашылып жатқан қазақ руларын біріктіріп, туындаған барлық дауларды әділ шешкен тұлға ретінде еске алады.



ЗЕЙНЕЛҒАБИДЕН ӘЛ ЖАУХАРИ ЗИРАТЫ – Ақжар ауданы Сиыршы ауылында (бұрын Жаңатілек) орналасқан.

Зейнелғабиден Әл Жаухари (1881-1920) – діни ағартушы, мұғалім, публицист. Ол Қызылжар қаласында білім алып, кейін Уфа қаласында «Ғалия» деп аталатын атақты медресені аяқтайды. 1916 жылы Сиыршы ауылындағы үйіне қайтып келіп, жаңа оқыту үл-



гісі бойынша тегін мектеп ашты (жәдидтік мектеп). Сонымен қатар сол кездегі полиграфиялық басылымдарды (газеттер, журналдар) сатып алып, болып жатқан оқиғалар туралы қарапайым халыққа түсінік беріп отырды.

Зейнелғабиденнің негізгі еңбегі – «Насихат Қазақия» Уфа қаласында (1909 жылы) жеке кітап болып жарияланды.

ИВАН ШУХОВТЫҢ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙ-ҮЙІ – Жамбыл ауданы, Пресновка ауылы, Гоголь көшесінде орналасқан әдеби-мемориалдық музей-үйі өңірдегі бірегей мәдени ошақтың бірі. Музей 1981 жылы 21 желтоқсанда жазушы тұрған үйде құрылған. Территориясында көл жағасындағы үй және 137,9 шаршы метр аумақты алып жататын әкімшілік ғимараты орналасқан, онда жазушының ауылдастары мен туыстары жинаған экспонаттар мен құжаттар сақталуда. Мемориалдық мұражайда атақты ақын, жазушы және журналистің өмірбаяны мен шығармашылығы, сонымен қатар осы өлкенің тарихымен танысуға болады.

Музей экспозициясы И.Шуховтың әдеби мұрасы, көркем шығармашылығы, мемлекеттік қызметі мен өмір жолы негізінде құрылған. Ол төрт тақырыптық залдарда орналасып, уақыт бөліктері бойынша бөлінген. Бірінші зал Пресновка ауылының 1752 қорғау бекінісі ретінде құрылғаны жайында айтады. Екінші зал өлкедегі Кеңес өкіметінің орнатылуы және Азаматтық соғыспен байланысты оқиғаларды баяндайды. Үшінші залда Ұлы Отан соғысының жылдары көрсетілген. Төртінші зал өлкедегі тың және тыңайған жерлерді игеруге арналған. Экспонаттардың жалпы саны – 3867, олар – фотоматериалдар, газеттер, хаттар, И.Шухов жеке кітапханасының кітаптары, жеке заттар.

Иван Петрович Шухов (1906-1977) – атақты жазушы, аудармашы және журналист, орыс әдебиетінің тарихында елеулі із қалдырған дарынды қаламгер. 1914-1927 жылдар аралығында Преснов бастауыш мектебінде, Петропавл педагогикалық техникумында, Омбы рабфагында оқыды. Осы жылдары Шухов өзінің алғашқы өлеңдері, әңгімелерін жариялайды. 1928 жылдан бастап ол түрлі газет баспаларымен тығыз жұмыс жасайды. 30-шы жылдары Кеңес Жазушыларының 1-ші Бүкілодақтық съезін шақыру бойынша ұйымдастыру комитетінің мүшесі болады. «Горькая линия», «Өшпенділік» (ол бойынша 1935 жылы «Жау соқпағы» фильмі түсірілді), «Родина» және «Действующая армия» романдары жазушының негізгі жұмыстары болып табылады.



Ұлы Отан соғысы жылдарында жазушы «Ударник» газетін редакциялап, ҚазССР-ден майданға делегациямен барды. Сапарының нәтижесі орталық баспасөзде және шетелдік газет-журналдарда бірқатар очерктер ретінде жарияланды. Республиканың әдеби өміріндегі айтулы оқиға оның «Күн келбеті», «Алтын түбі», «Дала күндері», «Тың игерушілер» және т.б. кітаптарының шығуы болды. 1959 жылы жазушылар делегациясының құрамында АҚШ-қа барды. Бұл сапардың қорытындысы ретінде «Американың күндері мен түндері» атты публицистикалық кітап жарық көрді. 1963 жылы Югославияға барған сапарынан кейін «Известия» газетінде «Адриатиканың тынысы» атты жол жазбалары жарық көрді. Осы жылдан бастап «Простор» әдеби-көркем және қоғамдық-саяси журналының бас редакторы болып тағайындалды.

«Қоңырау», «Таза даладағы шөп», «Отмерцавшие марева» повестері Шуховтың соңғы туындылары. Олар «Жазушы» баспасында 1975 жылы «Пресновские страницы» кітабында біріктіріліп қоса шыққан өмірбаяндық циклды құрайды. Бұл кітап Қазақ КСР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

ИИСУС ЖҮРЕГІНІҢ АСА ҚАСИЕТТІ КАТОЛИК ХРАМЫ – Петропавл қаласындағы Қазақстан Конституциясы көшесінде орналасқан ғибадатхана. Аса құпия құжаттарды жария ету кезінде облыстық мемлекеттік мұрағатта 1928 жылға дейін Кеңес үкіметі кезеңінде қаланың Ленин көшесінде, саябақтың артында орналасқан Костел жанындағы рим-католиктік діндарлардың тобы әрекет еткенін куәландыратын құжаттар табылды. Костел туралы деректер «1921-1928 жылдардағы губисполкомның Ақмола әкімшілік бөлімі» қорының материалдарында бар. Әкімшілік бөлім (Петропавл милициясы) сол жылдары діни топтар мен қауымдастықтарды тіркеп, оларға бақылау жүргізді.

XIX ғасырдың соңында Петропавл рим-католиктік қауымының өкілдері С.Р.Вонсович, К.О.Добровольский, Р.Ю.Клопотовский және т.б. Дала өлкесінің генерал-губернаторы, ішкі істер министрі, Архиепископқа Петропавл қаласында Костел салуға рұқсат беру туралы бірнеше рет өтініш жазған. Нәтижесінде, 1898-1908 жылдары рұқсат алынды (нақты жылы мен күнін анықтау мүмкін болмады).



Шіркеу католиктік қауым мүшелері жинаған қаражатқа салынды, құрылысқа рұқсат беру туралы өтінішке Рим-католиктік бағытты ұстанатын Петропавлдықтар және қала маңындағы 205 тұрғын қол қойды. 1910 жылы Петропавл картасында Костел үшін бөлінген жер телімдері белгіленген, жер телімдері қалалық бақшамен, мұсылман зиратымен және жаңа ауруханамен шектеседі. Алғашында Костел Вознесенский даңғылындағы ағаш ғимаратта орналасқан. Сол жерде жексенбі күндері католик балалары сауат ашу үшін жексенбілік мектеп жұмыс істеді. Қазан төңкерісінен кейін Костел ғимараты мемлекет меншігіне алынды және партхозактивінің қызметкерлеріне тұрғын үй ретінде берілді. Сол кездегі қала тұрғыны Константин Сергеевич Ушаков өткен ғасырдың 20-шы жылдары Костел мұнарасы бөлшектеліп, ғимарат қойма астына бейімделгені туралы жазады. 30-шы жылдары ғимарат облыстық партия комитетінің бірінші хатшылары үшін тұрғын үй-жай ретінде тағы да өзгертіледі. Бірінші хатшылардың тұрғын бөлмелерінен басқа, Петропавл қаласына іссапарға келген жоғары партия қызметкерлеріне арналған бөлмелер мен асхана жабдықталды. Александр Коцеруба «Костел преткновения» мақаласында былай деп жазды: «Католиктер Костелды революцияға дейін өз ақшасына салған. Содан кейін онда комиссарлар отырды, партия жетекшілері тұрды, музыкалық училище мен балабақша орналастырылды. Жалпы жекешелендіру кезеңінде ғимаратта бір күмәнді фирма орналасты, оның банкроттығынан кейін Костел қалалық мәдениет және демалыс паркіне берілді. Көпшілік-әуесқойлар оған кіріс орнын, қарапайым тілмен айтқанда – казино, тарихи құнды ғимаратты қайта жоспарлай отырып, бес кабина салғысы келді».

Петропавл қаласындағы сәулет және тарих нысандарына ғылыми зерттеулер жүргізген «Қазпроектреставрация» республикалық институты бұл ғимараттың табынушылық, культтік сипатта болғанын растады. Нысан діни сәулет ескерткіші ретінде мемлекеттік қорғауға қабылдау үшін ұсынылды. 1999-2001 жылдар аралығында бұл ғибадатхана қайта қалпына келтіріліп, бүгінгі таңда халыққа жұмыс істеуде.

КӨПЕС ИЗМАЙЛОВТЫҢ ҮЙІ – Петропавл қаласының Жамбыл көшесінде орналасқан ғимарат (XIX ғасырдың аяғы).

Кірпіштен қаланған, бір қабатты ғимарат көпес Измайлов Әбдірашит қаражатына салынған. Дүкен мен кірпіш үйдің арасында жер асты өткелі бар. Үй-жай ансамбліне ұн сататын дүкендер (1996 жылы реставрацияланған және мейрамхана үй-жайы үшін пайдаланылатын қойма бөлмелері) енгізілді. 1917 жылдан кейін ғимарат мемлекет қарамағына өтіп, түрлі кеңес мекемелеріне берілді.

Үй «Г» әрпі формасында салынған. Татар көпестерінің баспаналары сияқты үйде ерлер мен

әйелдер үшін екі есік болды. Есік баспалдақпен шығып тұратын. Бұл құрылыс техникасы татар үйлері-



не ғана тән. Үй-жайдың ішінде төбенің негізін ұстайтын ағаш арқалар, сондай-ақ жабылған тақталар сақталған. «Генерал Корнилов» мейрамханасының ғимаратындағы қабырғалар, терезелер, екі жақты есік түрінде жасалған кіру бөлігі, соғылған темірмен көмкерілген, металл қақпасы бар бағаналар оны салынған уақыттан бері сақталған қаладағы ең ескі ғимараттардың бірі ретінде есептеуге негіз береді.

КӨПЕС КАЗАНЦЕВТІҢ ҮЙІ – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында салынған, Петропавл қаласындағы Қазақстан Конституциясы көшесінде орналасқан екі қабатты ғимарат. Бір кездері бұл ғимарат бірінші гильдия көпесі Григорий Иванович Казанцевке тиесілі болды.

Көпестің барлық мүлкін тәркілегеннен кейін, 1920 жылдары онда тұтыну қоғамдарының губсоюзы, содан кейін облсоюз орналасты. 30-шы жылдары мұнда арнайы қоныс аудару басқармасы, соғыс жылдары және 1981 жылға дейін «Комсомол» тігін фабрикасы жұмыс істеді.

Бүгінде көпес Григорий Казанцевтің дүкен және тұрғын үй ғимараттарын Қазақстан Конституциясы көшесі, 2 және 4 мекенжайлары бойынша табуға болады. Олардың салынған уақыты дәл анықталмады, бірақ XIX ғасырдың екінші жартысына жатады. № 2 үйдің төменгі қабатында шаруашылық тауарлар дүкені, екінші қабатта – кеңсе және көпес пәтері орналасқан. Бастапқыда, осы ғимарат пен Пушкин көшесінде орналасқан Овсянников және Ганшин көпестерінің ұлдарымен әмбебап дүкенінің арасында біраз қашықтық болды. Бірақ кейін, көршілерге тиесілі дүкеннің ғимаратын қайта құру кезінде, өзінің мүлкі үшін қорқып, Казанцев өзінің бас ғимаратына екінші бөлігін салуға асықты. Осылайша, екі үйді «біріктіріп», көпес-көршілер бір шатырдың астында ортақ ішкі аула қоймаларын жасады.

Кәсіпкерлік таланттан басқа, Қазанцевтер әулеті қаланың мәдени өмірінде елеулі із қалдырды. Көпес әулетінің барлық ұрпағы қаланың құрметті азаматтары ретінде ағартушылық іске де баса назар аударды. Петропавлдағы бай Григорий көпестің ұлы – Петр Григорьевич Казанцев қаладағы жалғыз



қалалық көпшілік кітапхананы қаржылай қолдап отырды. Петр Казанцев әйелі Магдалина Казимировна Курдвановская (1962 жылы қайтыс болды, музыка мұғалімі, 1863 ж. көтеріліске қатысқаны үшін Сібірге жер аударылған Гусар полковнигінің қызы) және ұлы Александрмен (бүкіл әлемге танымал жазушы-фантаст болды) 1912 жылы Ақмоладан Петропавлға көшіп келді. Сонымен қатар Казанцевтардың дүкені және мейрамханасы болды.

КӨПЕС МАЗАЕВТЫҢ ДИІРМЕНІ – Қазақстан Конституциясы көшесінде орналасқан сәулет ескерткіші. Диірменді 1913 жылы саудагер Гаврила Иванович Мазаев салған.

Ғимарат кірпіштен салынған. Негізгі көлемі үш қабатты. Аула қасбеті жағынан бір қабатты қосымша құрылыс бар. Табылған ескі сызбалар негізінде шатыр конструкциялары ағаштан жасалған, ал оның жабыны шатыр темірден құрылған. Бас қасбеті жағынан екі терезесі болды. Терезе өлшемдері жоғарыда кірпіш қалаудың «сәулелік» формасымен аяқталады. Өндірістік процестердің технологиялық ерекшеліктеріне байланысты ғимараттың барлық үш қабатының биіктігі әртүрлі.



Гаврила Иванович Мазаев (1858-1944) – миссионер. Солтүстік Кавказдағы Прохладная станицасының тумасы Мазаев XIX ғасырдың соңында Петропавлға көшіп келеді. Өте талантты және іскер адам болған ол диірмен ісі үлкен пайда әкелетінін бірден түсінеді. Қариялар облыстық баспахана ғимаратының жанында орналасқан үйді әлі күнге дейін естеріне алады. Ол үй 1,5 қабатты болған екен. Жоғарғы қабат ағаш, ал төменгі жартылай жер тастан салынған.

1917 жылы революция алдында диірменді Пинекир және Абрамов деген көпестер сатып алып, екеуі иелік етеді.

Революциядан кейін диірмен мен үй мемлекет меншігіне өтеді. Мазаев пен оның бүкіл отбасы Краснояр өлкесіне жер аударылады. Диірменді бұзуға әрекет жасаған кезде бульдозерлер оған барлық жағынан жақындаса да оны қирата алмайды. 1978 жылға дейін мұнда ұн тарту өндірісі болды. Қазіргі уақытта бұл ескерткіш католик шіркеуі ағымдарының біріне берілді.

Діни сенім бойынша, Гаврила Иванович баптист болды. Мазаев диірмені орналасқан ғимарат христиан баптистерінің храмы болып саналады.

КӨПЕС МҰХАМЕДИЯРОВТЫҢ ҮЙІ – XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында салынған сәулет өнері. Петропавл қаласын-

дағы Егемен Қазақстан көшесінде орналасқан (бұрынғы Первомай).

Үйді 1870 жылы саудагер Әлібай Мұхамедияров салған. Ғимарат екі қабатты кірпіштен құрастырылған. Бірінші қабатында дүкен, қойма болды. Екінші қабатта үй иесінің отбасы тұрды. Бұл үйде ақын Мағжан Жұмабаевтың болашақ әйелі Әлібайдың қызы – Зылиха дүниеге келді. Мағжан мен Зылиха үйленген соң, 1922 жылға дейін осы үйде тұрды. 1922 жылдан кейін ғимаратта түрлі мекемелер орналасты. Ұлы Отан соғысы жылдары қалалық білім басқармасы, кейінірек дүкен, мейрамхана, кафе болды. Қазіргі уақытта ғимарат облыстық «Информвест» газетінің редакциясына тиесілі.



КӨПЕС СВЕТЛИНСКИЙДІҢ ҮЙІ – XIX ғасыр ескерткіші. Бұл көпес Светлинский Василий Тимофеевичтің үй-жайы және бірқатар аула құрылыстарынан тұрады. Светлинский Василий Тимофеевич мал сатып алумен және саудамен айналысқан ауқатты саудагерлердің бірі болған. XIX ғасырдың соңында астық жинаушы Плискин Абай көшесі (бұрынғы ескі Қойма ғимараты) бойында бір қабатты ағаш үй тұрғызады, оған Светлинский үй-жайына жанасатын және осылайша жабық аула құратын кірпіш аулалық құрылыстар салынады. Плискин бүкіл аймақ бойынша астықты сатып алумен және оны Санкт-Петербургке, Ресейдің басқа қалаларына жіберумен айналысты. 1917 жылдан кейін үй мен құрылыстар тәркіленіп, әртүрлі кеңес ұйымдарына берілді. 1960-1980 жылдары Плискин үйінде зоозаттармен жабдықтау қызметі орналасты. Ғимарат қирап, аумағында гараждар салынды.

2011 жылы бұл үйде М.Қозыбаев атындағы СМУ музейі ашылды. Бірінші қабатта – демонстрациялық зал, М.Қозыбаев залы, археология және этнология залы, ал екінші қабатта мұғалімдер институтының залы, педагогикалық



және политехникалық институттардың залдары, М.Қозыбаев СҚУ залы орналасқан. Бірегей экспозицияны ғалымның құжаттары, жеке заттары, еңбектері, сондай-ақ фото және бейне материалдары құрайды. Этнографиялық бөлімде Солтүстік Қазақстан этностарының қалыптасуы мен түрлі этностардың материалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктері көрсетілген. Универ-

ситет тарихы музейінде 5000-нан астам экспонат сақталған.

КӨПЕС СМОЛИННІҢ ҮЙІ – 1874 жылы салынған үй. Ішкі аулада қоймалар орналасты және ұнды бөлшектік сауда және арақ-шарап бұйымдармен көтерме сауда жасайтын орын болды. 1916 жылы негізгі ғимаратқа Сібір сауда-өнеркәсіп банкінің бөлімшесі салынады.

Ялуторовск қаласында дүниеге келген Дмитрий Иванович Смолин (1833-1898) Ялутор уездік училищесінің толық курсын бітіріп, сау-



дамен айналысқан. 1855 жылы ол Қорған көпесі Ф.В.Шишкиннің қызына үйленіп, Қорған қаласында өмір сүреді. Өз капиталдарын біріктіре отырып, Ф.В.Шишкин мен Д.И.Смолин диірмендер, зауыттар: шарап дайындау, сыра қайнату, шошқа майын ерітумен айналысып, дүкендер ашады. Д.И.Смолиннің зауыттардан басқа, Қорған қаласының Троицкая және Запольская көшелерінде қалалық үй-жайлары болды, сонымен қатар Есіл, Ялуторовск, Құртамыш қалаларында және Көкшетау, Ақмола станицасында үйлерге иелік етті. Петропавлда ағасы Сергей Иванович қайтыс болып, мұраға Пушкин, Дмитриевская көшелеріндегі тас және жартылай тасты үйлер, Сауда алаңындағы сауда үйі, Гостиный двордағы сауда дүкені қалады.

Дмитрий әйелдердің білім алуына көп көңіл бөледі. Тобыл, Ақмола, Петропавл білім беру мекемелеріне материалдық көмек көрсетеді. Көпестің қызметін үкімет ерекше атап өтіп, 1882 жылы оған Анна лентасы байланған «Ынтасы үшін» медалі табыс етілді. Көпес Смолин 50000 рубль көлемінде өмір бойы зейнетақы қорын құрды.

Дмитрий Иванович қайтыс болған соң Қорған қаласының Александро-Невск шіркеуінің алтаріне жерленді.

КӨПЕС ХЛЕБНИКОВТЫҢ ҮЙІ – Алтынсарин көшесінде орналасқан ғимарат. Ғимарат кірпіштен қаланған, бір қабатты, әктелмеген, Г-тәрізді жоспарланған. Терезелері тікбұрышты, сәулемен аяқталған, ал орталық кіреберіс шағын портал (ағаш) түрінде безендірілген және тереземен аяқталған. Шатыры екі жағынан да құламалы шатыр етіп жасалған, темірмен жабылған.

Бұл үйді XIX ғасырдың соңында Кіші Садовая (қазіргі Алтынсарин) көшесінің бойында адвокат А.И.Хлебников тұрғызады. Үйде жақын жерде орналасқан қасиетті ғибадатхананың архиерейі Мефодия тұрған.

Азамат соғысы оқиғасынан кейін дін қызметкері қаза болады. Содан кейін бүлікшілерді бағындыра отырып, үй мемлекеттің жеке меншігіне өтеді.



XX ғасырдың 80-90 жылдары бұл ғимаратта радиотрансляциялық торап орналасқан.

КӨПЕС ЧЕРЕМИСИНОВТЫҢ ҮЙІ – Қазақстан Конституциясы көшесінде орналасқан сәулет ескерткіші. Ғимараттың жоспарлау үлгісі XIX ғасырға тән аймақтық көпес қалаларына сай келеді. Үй Владимир Иванович Черемисиновқа оның ағасы, көпес С.И.Хлебниковтан мұраға қалған.

Сауда ғимараты тік бұрышты және үлкен терезе ойықтары бар. Қасбеті қақпақпен, колоннаның үстіңгі бөлігімен аяқталған, кірпіштен қаланған және сыланған парапеттік элементтермен безендірілген. Ғимараттың орталық бөлігіндегі шатырдың күмбезді аяқталуы ерекше қызығушылық тудырады, ол ішкі интерьерде мүлдем көрінбейді және сәндік мақсатта ғана қолданылады. Төбесі металл арқалықтарға сүйенетін цилиндрлік күмбез түрінде жасалған. Бұл сауда мақсатындағы кірпіш құрылыстарының кешенді жоспарлы құрылысынан көрінеді және қаланың архитектуралық мұрасы болып табылады.

Владимир Черемисинов (1866-1921) – XX ғасырдың басында Петропавлды дамытуға және көркейтуге үлкен үлес қосқан қоғам және мемлекет қайраткері, меценат және кәсіпкер. Оның әкесі И.И.Черемисинов екінші гильдия көпесі болған (табель бойынша екінші гильдияға капиталы 1000-нан 10000 рубльге дейін жететін көпестер кірген). Черемисинов Петропавлда көпес Хлебников бастаған Всехсвятск шіркеуінің құрылысымен айналысқан, содан кейін оның старостасы болып сайланды. Өз қаражаты есебінен шіркеу жанында приход мектебін ашты. 1896 жылы Петропавл әйелдер гимназиясының, Петропавл реалдық училищесінің қамқоршылық кеңесінің мүшесі болып сайланды. 1906 жылы қала басшысы қызметін атқарды. Черемисинов басшылық еткен жылдары қаланың кірісі көбейді. 1915 жылға қарай қаланың қосалқы капиталы құрылды. Жақсы табыс көзі болған жұқпалы аурулар станциясы салынды. Ветеринарлық іс жақсы қаржыландырылды, оның табысы 23 мың рубль болды. 1909 жылы Қазақстанда бірінші болып телефон байланысы пайда болып, қалалық бюджеттің 17%-ы білім беруге жұмсалды. 29 оқу орны жұмыс істеді, қалалық балабақша абаттандырылды. Балалар үйі ашылып, босқындарға көмек көрсету пункті пайда болды. «Петрокок» революцияға дейін жоспарланған болатын (Петропавл-Көкшетау темір жолы, 180 км). 1917 жылғы революциядан кейін бәрі өзгерді. В.И.Черемисинов контрреволюция мүшесі ретінде айыпталып, қамауға алын-





ды. Отбасын Иркутск қаласына жіберіп, өзі Петропавлда қалды. Петрокок құрылысы басқармасында жұмысшы болып жұмыс істеді.

1921 жылы 21 ақпанда тұтқындалып, 3 наурызда атылды. Үлкен ағасы Александр оны Всехсвят шіркеуінің зиратында жерледі.

КӨПЕС ШАМСУТДИНОВТЫҢ САУДА ҮЙІ – Қазақстан Конституциясы көшесінде орналасқан көне ғимараттардың бірі. Үйді көпес Шамсутдинов 1915-1916 жылдары сауда үйі ретінде салғызған. 1917 жылдан кейін ғимаратта көптеген мемлекеттік мекемелер: 1930-1960 жылдары компартияның облыстық комитеті, 1970-1990 жылдары облыстық аурухана орналасты. Қазіргі уақытта бұл үй жекеменшіктің қолында.

Бұрынғы Вознесенский даңғылында көпес Шамсутдиновқа тиесілі үш үй орналасқан. Бұрын орталық дәріхана орналасқан екі қабатты үйде осы уақытқа дейін «Трибуна» газетінің редакциясы орналасқан. Барлық татар үйлерінің жоспарлануы бойынша, ерлер мен әйелдерге арналған тұрғын үйдің екі қанаты, екі баспалдағы болды. Әйелдер ерлермен кездесуге болмайды деп саналған мұндай үйлер әлі «татар өлкесінде» сақталған (қаланың бір бөлігі Ленин көшесінен Киров өткеліне дейін осылай аталды). Бай көпес Шамсутдинов әртүрлі нәрселерді сатумен айналысқан. Революциядан кейін оның үйлері тәркіленіп, Шамсутдиновтың ізі жоғалды.

Солтүстік қазақстандық В.Ф.Шушунов Иранда осы көпеспен кездескені жайында: «1943 жылы Тегеранда атақты конференция өтіп, онда ұлы державалардың басшылары кездесті. Сталинді қорғау үшін Тегеранға мені (Шушуновты) және тағы екі солтүстік қазақстандықты жіберді. Бір күні кешке күзетшілер казармасына бір адам кіріп: «Мұнда Петропавлдан келген балалар жоқ па?» деп сұрады. Солтүстік қазақстандық солдаттардың барын білген ол командирге бізді өзіне қонаққа жіберуін өтінді. Әлбетте, командир оның жоғарғы жақта беделге ие екенін білгендіктен, біздерді (солдаттарды) таң атқанға дейін босатты. Көпес Шамсутдиновтың қартайған кезі екен. Петропавл қаласын сағынған ол барлығын сұрастырып, өз үйлерінің жай-күйі туралы біраз сұрақтар қойды. Ал бізге (жерлестеріне) жылы лебіз таны-

тып, соңында қалған мұрагерлерінің жоқтығына шағымданды. Өз мұрасының қандай да бір бөлігін туған қаласының мұқтаждығына бергісі келетінін айтты», – деп баяндайды.

КӨПЕС ЮЗЕФОВИЧТІҢ ҮЙІ – Петропавл қаласында 1909 жылы салынған ағаш сәулет өнерінің біреген нысандарының бірі. Екі қабатты ғимараттың тікбұрышты көлемі қиылған күмбез түріндегі күрделі шатырмен көмкерілген. Қосымша жалғанған тамбур конус тәрізді формаға ие. Ғимараттың перде ілгіштері бай оюымен ерекшеленеді. Қасбетті безендіруде классикалық «модерн» стилінің элементтері байқалады. Жоспар Т-тәрізді, 2 бөліктен тұрады.

Ағаштан ойылған үйі революцияға дейін көпес Георгий Андреевич Юзефовичке тиесілі болған. Осы уақытқа дейін көптеген ағаш шілтермен «ағаштан ою» техникасымен жасалған үй қаланың бетке ұстар мекемелерінің бірі болып табылады.



Ғимаратқа 100 жылдан астам уақыт болғанымен, жақсы сақталған. Сыртынан ертегідегі үй сияқты әдемі, ал іші жылу мен жарыққа толы. Бұл керемет ағаш үйдің иесі туралы мәліметтер аз. Көпестің орман өсіруші және музыканы өте жақсы көргендігі жайында ақпараттан басқа мәлімет жоқ. Жергілікті өлкетанушылардың айтуы бойынша, өзінің музыкалық өнерге деген сүйіспеншілігінің арқасында, көпес қатып қалған әуенді еске түсіретін үй салған. Кейбір мәліметтер бойынша, Юзефович үйінің сәулетші-жобалаушысы – Андрей Павлович Зенков.

XX ғасырдың 20-шы жылдары ескерткіш-ғимаратты әртүрлі мекемелер пайдаланды. Кейінірек, онда жас қылмыскерлер үшін колония ұйымдастырылды, 60-70-ші жылдары жұмысшы жастар мектебі орналасқан. 1985 жылы ғимарат қалпына келтірілді және музей бірлестігіне берілді. Осы жылы Солтүстік Қазақстан облысының өлкетану мұражайында бейнелеу өнері бөлімі – сурет галереясы ашылды. Қазіргі уақытта мұнда Солтүстік Қазақстан облыстық бейнелеу өнері музейі орналасқан. Мұражай топтамасында Балтық жағалауы, Армения, сондай-ақ Санкт-Петербург, Мәскеу, Алматы, Минск, Пенза, Владивосток және басқа да көптеген қалалардан келген танымал суретшілердің туындылары бар. Музейде соңғы кездері танымал болған қолөнер шеберлерінің бұйымдары кеңінен ұсынылған.

КӨПЕС ЯНГУРАЗОВТЫҢ ҮЙІ – XX ғасырдың басында салынған сәулет ескерткіші. Тапсырыс беруші – бірінші гильдия көпесі Халит Янгуразов (1883-1943).

Лейла Рауфовна Янгуразова (Ха-

литтың немересі) былай деп жазады: «16 жасында менің атам Халит Янгуразов (1883 жылы туған) жетім қалып, Мәскеуге кетіп, онда Хусаин Бурнашевқа жұмыс істеді.



Халит оның қызы Гүлсімге үйленгісі келеді, бірақ Хусаин жас жігітке қалыңдыққа бір жыл жұмыс істеуді ұсынды. Халит сынақтан өтіп, жас әйелі үшін керемет үй салды. Архитекторы италяндық, ал үй ішіндегі бай дүние-мүлік көздің жауын алды: қабырғалары жібекпен қапталып, қытайлық құмыраларға, т.б. толды. Бұл үйде Халит пен Гүлсімнің 1910 жылы Шавкат есімді ұлы, содан кейін Асхат пен Рифхат (сәби кезінде қайтыс болды), 1918 жылы Фуат ұлы дүниеге келді».

Кіші Янгуразов май өндіретін қаланың ең ірі кәсіпорындарының біріне иелік етті. Революция басталған кезде ол өндірісті жауып, Петропавлдан кетті. Революциядан кейін Янгуразовтар отбасы және басқа да бай татар көпестері қаладан қашып, Қытайға көшуді шешті, себебі қалада өмір сүру қауіпті болды. Олар 1919 жылы дүниесін жинап, жолға шығады. Қытаймен шекара жабылып қалғандықтан, 1920 жылы Қарқаралы қаласына келіп, үлкен ағаш үйде қоныстанады. Осы жылы ол Қарқаралы аудандық комитетінің экономикалық бөліміне жұмысқа орналасады. Архив материалдарының мәліметтеріне сүйенсек, Қарқаралы қаласына көшкенге дейін көпес осы қаламен байланыста болғанын дәлелдейді. Мысалы, Семей облысының Қарқаралы қаласындағы үй шаруаларының тізімінде жылжымайтын мүлікке ие және қалалық сайлау жиынына қатысуға құқығы бар Халит Янгуразовтың есімі 1908 және 1912 жылдары кездеседі. 1910 жылы «Сібір сауда-өнеркәсіптік күнтізбесінен» Халит Қарқаралы қаласында мануфактура, шай, қант саудасымен айналысып, 2-ші гильдия көпесі аталады. Естеліктер бойынша, көпес саудасы өте табысты болды. Қарқаралы қаласында Рауф ұлынан басқа Халиттің 1923 жылы Ркия қызы дүниеге келді. 1924 жылы Янгуразовтардың отбасы Қарқаралы қаласынан Азеевоға (Рязан облысындағы татар ауылы) көшіп келеді, ал 30-шы жылдардың басында Ташкентте тұрады. Ташкентте Янгуразовтардың материалдық жағдайы өте төмен болды, олар жертөлесі бар шағын бөлмеде тұрды. Гүлсім ыдыс жуушы болып жұмыс істеді. Халит осы Ташкентте қайтыс болады.

XIX ғасырдың аяғында тұрғызылған көпестің бұл үй-жайы халықта «Қалыңдық үйі» ретінде кеңінен танымал, тек Петропавлдың ғана емес, бүкіл Қазақстанның мақтанышы болып саналады. Аңыз бойынша, жүз жыл бұрын бір оқиға орын алған. Бір күні Петропавлдық жас көпес Янгуразов Мәскеуде өз

шаруаларымен жүргенде, жас сұлуды кездестіріп, оған қатты ғашық болады. Көпес оған қолын және жүрегін ұсынады, бірақ қыз оған күліп, егер де өзі көрсеткен үйге ұқсас үй салса, келісім беретінін айтады. Янгуразов қыздың барлық шарттарын қабылдап, оны таңғалдырады. Халит өз сөзінде тұрып, қалыңдық қыз үшін бір жылдан кейін Мәскеулік үйдің көшірмесін тұрғызады.

КӨПЕСТІК КЛУБ – Петропавл қаласының Театральная көшесінде орналасқан (Г.Потанин көшесінің қиылысы) XIX ғасырдың соңында көпестердің жиналыс өткізу орны ретінде салынған ғимарат.

Көпестік клуб Петропавлға гастрольге келген театрлық труппалардың ойыны мен спектакльдер қою үшін пайдаланылды. Сол кезде бұл ойын-сауық іс-шаралары өткізілген, халық ең көп келетін ғимараттардың бірі болды. Кейінірек, 1906 жылы оған драма театр ғимараты салынады. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары, 1914-1917 жылдары ғимаратта жараланғандарға арналған әскери госпиталь орналасқан. Кейінірек, XX ғасырдың 20-шы жылдарынан 1970 жылға дейін ғимаратта Солтүстік Қазақстан облыстық орыс драма театры орналасты. 1972 жылы ғимарат кәдесыйлар фабрикасына, ал 1993 жылы – қалаға жақын орман шаруашылығына беріледі. 1999 жылдан бастап ескерткіш-ғимарат жеке меншікке өтіп, онда жиһаз өндіретін фабрика жұмыс жасады. Клубта көпестердің сүйікті ойын-сауығы – карталық, оның ішінде ең көп таралған «железка» (шмен-дефэр) ойыны ойналатын. Ол бірнеше көпестерді банкроттыққа, ал кейбір қалалық шенеуніктерді түрмеге және өзіне-өзі қол жұмсауға дейін жеткізді. Клуб жанында көрермендер залы болды, ол театрға келген антрепренерлерге берілді. Революцияға дейін қалада тұрақты театр болған жоқ. Бір қызығы, бұл театрда сахна иесі антрепренер емес, көпес клуб әкімшілігі – старшин кеңесі болды.



«КҮМІС ОРМАН» РЕЛИКТІСІ – бұл ерте дәуір ескерткіші, солтүстік Қазақстан өңірі үшін қызықты және сирек кездесетін жерлердің бірі. Ол Есіл өзеніне құятын, құрғап қалған шағын өзеннің аңғарында өседі. Бұл ежелгі мұз басу дәуіріндегі тайганың қалдығы, сондықтан ол реликті болып табылады. Орман Қызылжар ауданы Большая Малышка ауылында орналасқан. Солтүстік Қазақстанда дала ормандарының пайда болуын ғалымдардың көпшілігі Орал мен Алтай ормандарымен байланыстырып, кең ормандардың қалдықтары болып табылады деген көзқарасты ұстанады. Реликті «Күміс орман» 243 га аумақты алып жатыр және

Согровка қорықшасының құрамына кіреді. Қарағайлы орманды ақ қайың сақинасы қоршағандықтан «Күміс орман» деп атайды. Бірнеше жылдар бойы қарағай құрылыс материалы ретінде пайдаланылды.

Күміс орман – табиғи қалыптасқан қарағайдың реликтілік екпесі. Қарағайдың орташа жасы 85 жыл, орташа биіктігі 20 метр, диаметрі 26 см. Табиғи қорықша құрудың мақсаты – табиғи ерекшеліктері бойынша бірегей жоғары өнімді табиғи қарағай екпелерін сақтау. Бұл жерде жидектердің солтүстік және оңтүстік түрлері: қызылжидек, құлпынай, қой бүлдірген өседі. Сонымен қатар мүк, қыналар шүйгіншөп және желайдармен көрші өседі. Оның астында бұталар, шөптер, мүктер және қыналар тұратын ерекше қайталанбас кілем пайда болды. Шөп пен қарағайдың астында тайга өсімдіктерінің бірнеше ондаған түрі сақталған, олардың көпшілігі Қызыл кітапқа енгізілген. Қар ерігеннен кейін, алғашқы көктемгі гүл ашық кесте жусан немесе бәйшешек шығады, ол «Қызыл кітапқа» енгізілген. Орман эстетикалық, рекреациялық және қорғау функцияларынан басқа Солтүстік Қазақстан облысындағы сирек кездесетін және эталонды қылқан жапырақты ағаштар ретінде ерекше ғылыми құндылық болып табылады. 1986 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен күміс орман мемлекеттік табиғи ескерткіш ретінде анықталды.



«ҚАЗАҚСТАН ЖҰЛДЫЗЫ» АЛТАРЫ – поляк католиктерінің Қазақстан халқына жасаған арнайы сыйлығы. Тайынша ауданы, Озерное кентінде орналасқан. «Қазақстан жұлдызы» бағалы металдардың, соның ішінде алтын мен титанның ең жоғары сапасын пайдалана отырып, арнайы техника көмегімен жасалған.

Дәстүрлі христиандық мотивтермен қатар – Иса Мәсіх пен крестің бейнесі және ұлттық ою-өрнек бейнеленген. Алтарьді Польша шебері Мариуш Драпиковский 12 ал-



тарьдан тұратын цикл шеңберінде жасады, олардың біріншісі Иерусалимдегі Крест жолында тұр, ал қалғандары бүкіл әлем бойынша католиктердің қасиетті орындарында орнатылды. 2012 жылдың 10 қазанында алтарьді Рим Папасы XVI Бенедикт аластаған.

«Қазақстан жұлдызын» Қазақстан территориясында орнату

католиктердің діни сеніміне, яғни 1941 жылдың наурыз айында Тайынша ауданының Озерное ауылында болған таңғажайып оқиғаға байланысты. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарының соңында Қазақстанға ондаған мың поляктар жер аударылып, өмір сүруге жарамды жер іздеп, тақыр далаға тап болады: айналада мыңдаған шақырым мидай дала, ешқандай су қоймасы жоқ. Тақыр дала мен су көзінің жоқтығы аштыққа әкелетіні сөзсіз болды. Бірақ қоныс аударушылар ұзақ уақыт дұға еткен соң, ғажайып оқиға болады. Бір күні елдімекенге жақын қазаншұңқырлар сумен тола бастады. Көп ұзамай ауылда диаметрі 5 километрден астам толық көл пайда болды.

Сонымен қатар, көлдегі балықтар жергілікті тұрғындарға ғана емес, сондай-ақ жақын маңдағы ауылдарға да жеткілікті болды. Озерное тұрғындарының айтуынша, «үстелдерінде қуырылған, буға пісірілген балықтардың түр-түрі болды, сондықтан да аштық болған жоқ». Бұл оқиғадан 15 жыл өткен соң поляктардың «арнайы қоныс аударушылар» мәртебесі жойылған кезде көл кенеттен кеуіп қалған. Содан кейін ол бірнеше рет сумен толысып, қайта кеуіп қалып отырды. Осылайша, қиын жылдары қазаншұңқырлар суға толып, ал қолайлы кезде суы тартылып отырған. Содан бері католиктер бұл орынды ерекше құрметтейді, ал Озерное ауылында Құдайдың анасы – Әлем ханшайымы ғибадатханасы орнатылған.

ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС САЯБАҒЫ (БҰРЫНҒЫ ҚАЛАЛЫҚ БАҚ) – Петропавл қаласында орналасқан бақ. Қалада қалалық бақтар мен саябақтарды құрудың алғашқы әрекеттері XIX ғасырдың 50-60 жылдары жасалды. Қалаға келген генерал-губернатор Гасфорт өзін өлкенің қожайыны ретінде көрсетуге ұмтылған. Ол қаланың Подгорье маңында бір ғана қоғамдық бақ бар екенін ескеріп, ескі зират орнында (қазіргі Черемушки ауданы) екіншісін құруға бұйрық берді. 1860 жылдың көктемінде генерал-губернатордың тапсырмасын орындауға тырысқан қала әкімшілігі 1500-ге дейін көшет отырғызылған бау-бақша жасақтады. Жаңа бау-бақша қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналды.

1924 жылдан бастап саябақта алғашқы механикалық аттракциондар пайда болды, олар адам күшінің көмегімен қозғалысқа келтірілді. Бұл аттракциондар «бұлшық етті» деп аталды. 1947 жылы бильярд залына цирк пен кішкентай зообақ қосылды. Циркте танымал цирк труппалары ғана емес, сол кезде күрес өнерінің көрсетілуі сұранысқа ие болды. 1952 жылы бұлшық етті аттракциондар электромеханикалық аттракциондармен ауыстырылды: «Шолу дөңгелегі», «Әуе каруселі» және «Северок». Жаңа аттракциондар қала тұрғындарына қатты ұнады, саябақ әрі қарай жаңа аттракциондармен жабдықтала бастады. Негізінен, осы



жылдары саябақтың дамуы оны көгалдандыру бағытында жүрді. Мұнда 97 түрлі ағаштар мен бұталар отырғызылды. Сол кезде саябақ территориясы 29 гектарды құрады, онда белсенді демалыс аумағы, шахмат клубы, «Север» мейрамханасы және үлкен тоған орналасқан. Тоған – саябақтың бетке ұстар орны болды. Тоғанды 1916 жылы австриялық тұтқындар салған. 70-ші жылдары қалалық атқару комитетінің шешімімен саябақ аумағына бұрынғы мұсылман зиратының 7 гектары қосылды. Мұнда саяжолдар құрылып, орындықтар орнатылды, жарықтандыру жүргізілді. Саябақтың бұл бөлігі пассивті демалыс аймағы деп атала бастады. 1954 жылы саябақта би бөлмесі салынды. Жаз кезінде жастарға би кештері ұйымдастырылып отырды. Саябақтың орталық саяжолдары жазушылар мен ақындардың гипс фигураларымен безендірілді. Саябақ әртүрлі жастағы қалалықтардың демалыс орны болды: аға буын адамдарын көлеңкелі саяжолдар тартты; шахмат клубында шахмат әуесқойлары жиналды; сол кезде қалалар бойынша танымал турнирлер өткізілді. Сонымен қатар саябақта волейбол және баскетбол алаңдары салынды, мектеп оқушылары МАИ қызметкерлерімен бірге тақырыптық бағдарламалар өткізді.

Бақша бірнеше жылдан кейін жүйелі суарудың жоқтығынан жойылып кетті. Ол туралы XX ғасырда осы жерде болған «Жасыл» базарының атауында ғана сақталған.

ҚАРАСАЙ ЖӘНЕ АҒЫНТАЙ БАТЫРЛАР ЕСКЕРТКІШІ – Айыртау ауданында, Қарасай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 4 шақырым жерде орналасқан кешен. Қос арысқа және олармен бірге қанды шайқаста

қаза болған сарбаздарға 1999 жылы қос күмбезді кесене орнатылған. Қазба жұмыстары кезінде мұнда бойы 2 метрге жуық батырдың сүйектері табылды, оның жанында ауыр қылыш пен сауыт болған.

Қарасай Алтынайұлы (1589-1671) – қазақтың қаһарман батыры, әйгілі қолбасшысы.

Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Суықтөбе тауының етегінде Қарасаз деген жерде дүниеге келген Қарасай Арқа жерінде Көкшетау үшін болған шайқаста ауыр жараланып дүние салған. Аты аңызға айналған Қарасай батыр қазақ даласында ғана емес, одан тыс жерлерде де белгілі болды. Қарасай қылышынан қаза тапқан жоңғар жауынгерлері аз емес. Жоңғарлар, қытайлықтар оның атын айтқан кезде дірілдейтін болған. Есім Хан оған «Қазақтың Қарасай батыры» атағын берді. Қарасайдың есімі қазақ жауынгерлерінің ұранына айналды.

Ағынтай батыр (1599-1672) – батыр, қолбасшы, Есім мен Жәңгір хандардың сенімді серіктерінің бірі. Ағынтай 1620 жылдан бастап жоңғарлармен болған ірі шайқастардың барлығына қатысқан. Қалмақ батырларымен әлденеше рет жекпе-жекке шығып, үнемі мерейі үстем болып отырған. Ағынтай Орбұлақ шайқасында (1643 жылы) Батыр қонтайшының 50 мың жауынгеріне төтеп берген Салқам Жәңгірдің 600 сарбазының ішінде болды. Шапырашты Қарасай батыр мен бірге Жәңгірді қалмақ тұтқынынан босатуға қатысқан.

Аңыздарда Ағынтай батырдың орасан зор қара күш иесі екендігі де айтылады. Жұдырығы тигенді сау қалдырмаған. Сондықтан да халық жұдырығы қатты адамды "Ағынтай жұдырық" атап кеткен.

Қарасай мен Ағынтай батырлар 48 жыл бойы дос болып, 200-ден астам қанды майдандарда бірге шайқасады. Қанды көйлек достарға топырақ Айыртау сілемінің Құлшынбай деп аталатын төбесінен бұйырды.



ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ЗИРАТЫ – Жамбыл ауданы Благовещенка ауылында орналасқан қасиетті орын.

Қожаберген жырау (1663-1763) – ақын, музыкант, қазақ батыры, Тәуке ханның серігі, хан әскерлерінің бас қолбасшысы, «Жеті жарғы» заңдар жинағын әзірлеушілердің бірі, «Елім-ай» әнінің авторы. Қожабергеннің әкесі Толыбай сыншы (1603-1680) кезінде бүкіл Орта жүз әскерлерін басқарған атақты батыр болған. Жырауды жас кезінен бастап ағасы, атақты Жалаңтөс батыр тәрбиелеген. Қожаберген Бұхара, Самарқанд және Үргенч діни мекемелерінде оқып, араб, парсы тілдерін, Ислам дінін, сондай-ақ шығыс әдебиетін жақсы меңгерген. Шығыс тілдерін білген Қожабергеннің дарындылығын сол кезде билікте болған Тәуке ханның қасындағы уәзірлер байқап, оған дипломатиялық жұмыспен айналысуды тапсырады және ол Тәуке ханның қарамағында бес жыл бойы қызмет атқарады. Ақындық жолға 13 жасынан бастап түскен ол 17 жасында өлең түрінде аңыздар шығарады, «Ата тек» поэмасын жазады. Сыртқы жаулармен ұрыстарға қатысып, өзін қабілетті қолбасшы ретінде көрсетеді. Сондықтан 1688 жылы маусым айында Түркістан маңында Тәуке хан бастаған қазақ руларының басшылары 25 жасар Қожабергенді барлық әскердің Бас қолбасшысы етіп сайлайды.

Қожаберген батырдың ерлігі туралы дастандар (поэмалар), өлеңдер шығарылған. Батыр жайында



«Мәңгілік елдің жыршысы» (редакторы Б. Тұрғараев) кітабы басылып шықты.

Қожаберген жыраудың есімі халықтың есінде мәңгі сақталып, мазарына облыстың тұрғындары, сондай-ақ бүкіл Қазақстаннан келген туристер барып тұрады. 2018 жылдың 16 қазанында Петропавл қаласында Қожаберген жырау ескерткіші орнатылды.

ҚҰЛСАРЫ БАТЫР ЗИРАТЫ – Есіл ауданы Бұлақ ауылының жанында орналасқан. 1958 жылы батырдың алтыншы ұрпағы Қалиасқар Рақымов Құлсары жерленген жерге құлпытас қойып, темір қоршау орнатқан. 2011 жылы Абылай ханның 300 жылдығына орай Құлсары батыр Бөріұлының мазары салынды. Мазар Ақтаудан әкелінген ақтастардан өрілген.

Құлсары (1715-1776) – батыр, әулие, бойына қасиет дарыған көріпкел, Абылай хан серіктерінің бірі. XVIII ғасырдың құжаттарында оның есімі ықпалды старшина және мемлекеттік қайраткер ретінде аталады. Құлсарының өмірбаяны Абы-

лай хан есімімен тығыз байланысты, батыр өмір бойы оның көмекшісі, кеңесшісі болды, сондай-ақ Ресей үкіметімен қарым-қатынас барысында ханның тапсырмалары мен бұйрықтарын орындады. Ол көршілес мемлекеттермен тату көршілік қарым-қатынас орнатудың жақтаушысы болды.

Батыр Құлсары есімі 1739 жылы жазылған құжаттарда алғаш рет кездеседі. Сол жылы ол Әбілмәмбеттің хан сайлану салтанатына қатысты. 1742 жылы тамыз айының алғашқы күндерінде Құлсары Орынбор қаласындағы Орта жүздің сұлтандары, батыр және билер тобымен бірге Ресей патшалығының бодандығын қабылдады. Әулие, дана дипломат бола отырып, 30 жылдан астам Қазақ хандығының нығаюына, оның сыртқы және ішкі саясатына белсене қызмет еткен Құлсары сондай-ақ қазақ рулары арасындағы бірлік пен тыныштық орнату мақсатында да еңбек етті, руаралық кикілжіңдерді өзінің беделі және өткір сөзімен шешіп отырған.

Батырды Абылайдың өзі ерекше құрметтеген, өз уақытында достары мен халық арасында шексіз беделге ие болды. Көптеген құбылыстарды болжап, науқастарды емдегендіктен халық оны әулие санады. Аңыз бойынша, өзінің қайтыс болар уақытын сезген батыр: «мен өлгенде, мені ақ киізге орап, түйеге артыңдар. Түйе тоқтаған жерді қазып, тас табасыздар, бұл тас менің қабірімде тұрсын...», – дейді. Бұл өсиет орындалды. Соңғы жылдары Құлсары әулие зиратына еліміздің әр өңірінен, Ресейден, Орта Азия елдерінен адамдар тәу ету үшін келеді.

«ҚЫЗЫЛЖАР» ОРТАЛЫҚ МЕШІТІ – Петропавл қаласында Мир және К.Сүтішев көшелерінің қиылысында орналасқан діни орын.

Қызылжар мешіті 2005 жылы өз есігін ашқан Петропавлдағы орталық мешіт болып табылады.

Аталмыш мешітті 2001 жылы садақадан жиналған ақшаға сала бастады, бірақ құрылыс жұмыстарын тек 2004 жылы Сауд Арабиясы бөлген және солтүстік өңір мұсылмандарының жинаған қаражатымен аяқтау мүмкін болды.

Мешіттің сыйымдылығы 750-ден 1000 орынға дейін. Мешіт екі қабатты тік бұрышты ғимарат және





бір қабатты жапсарлас құрылыстан құралған. Сондай-ақ, мешітте неке қию залы, еске алу залы, кітапхана, асхана, оқу сабақтарына арналған екі бөлме, намазға арналған екі бөлме орналасқан.

XIX ғасырдың басында Солтүстік Қазақстандық ақсақал Тәшат Тілемісов Меккеге қажылық жасап, онда ерекше сыйлық – Қағбаны жабатын қасиетті кисуа матасына ие болады.

Заманындағы өте білімді, араб, парсы тілдерін жетік білген Т.Тілемісов осы жәдігерді алуға лайықты адам болды. Алайда, бұл құнды сыйлықты еліне жеткізе алмайтынын сезген ақсақал өлер алдында, Меккеде бірге жүрген серігі Исахметке мұраны өзінің ұлына беруді аманат етеді. Исахмет өлген соң оның әйелі Батим Тәшаттың ұлы Сабырға кисуаны табыстайды. Кеңестік жылдарда діни салт-дәстүрді сақтағаны үшін түрмеге қамау қаупі болғандықтан Сабыр кисуаны жасырып ұстайды. Кейін бұл ерекше жәдігерді «Қызылжар» мешітіне сақтауға тапсырды. Енді кисуа үлкен намаз залының қабырғасында ілулі тұр.

Кисуа жасалған мата – жоғары сапалы жібек. Қағбаны жауып, жаңбыр, жел және күн шуағына төтеп беретін төзімді мата. Кисуада жазулар бар, соның ең маңыздысы алтын жіппен жазылған: «Алладан басқа құдай жоқ, Мухаммад – Аллаһтың елшісі» деген мағынаны білдіреді. Басқа жазулар – Құраннан алынған аяттар.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АТЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ НЫСАНДАР КЕШЕНІ

Мағжан Жұмабаев музейі – 1989 жылы Сарытомар орта мектебінің жанынан құрылған. Музейдің негізін қалаушы – Күжекпаев Ерік Қаскейұлы. 1993 жылы ақынның 100 жылдығына орай аталған білім ордасының жанында жаңа ғимарат бой көтерді. Мұнда 500-ден астам құнды жәдігер сақталған. Қазақтың көрнекті тұлғасына арналған тарихи нысан СҚО киелі жерлерінің картасына енгізілді.

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев (1893-1938) – Сасықкөл шатқалы, Сарыайғыр облысы, Петропавл уезі, Ақмола облысында дүниеге келген қазақ жазушысы, публицист, педагог, жаңа қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі. 1912 жылы Қазанда оның алғашқы «Шолпан» поэтикалық жинағы қазақ тілінде араб графикасымен басылып шығады. Сол кездің өзінде ол қазақ зиялылары арасында танымал бола бастайды. 1913-1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында Сәкен Сейфуллинмен бірге білім алады, семинарияны алтын медальмен аяқтайды. 1917 жылдың жазы мен қыс мезгілдерінде Бүкіл қазақ съездерінде Ақмола облысының делегаты ретінде «Алаш» партиясы және «Алаш Орда» үкіметін құруға қатысады. Екінші Жалпы қазақ съезінде Ахмет Байтұрсыновпен бірге мектеп оқулықтарын құрастыру комиссиясы қатарына сайланады. 1918 жылдың басында ақынды

«Үш жүз» партиясының өкілдері тұтқындап, Омбының түрмесінде 7 ай отырады. Мұнда ол жас әйеліне арналған «Жан-жарымды бір сүйейін түсімде» өлеңін жазды (Мағжан семинарияны бітірер алдында Шоқан Уәлихановтың немере жиені Зейнепке үйленген).

1918 жылы Омбы және Петропавл қалаларында қазақ мұғалімдері курстарын ашып, директоры қызметін атқарады. 1922 жылы Түркістан өлкесі Совнаркомның төрағасы Тұрар Рысқұлов оны Ташкенттегі қазақ-қырғыз ағарту институтында сабақ беруге шақырады. Түрлі мерзімдік баспа редакцияларында жұмыс істейді («Ақжол», «Сана», «Шолпан» және т.б.), көптеген өлеңдер мен поэмалар, сондай-ақ бірқатар әдеби жұмыстарын жариялайды. Ташкентте екінші өлеңдер мен поэмалар жинағын шығарады және Орынборда «Педагогика» атты іргелі ғылыми еңбегін жариялайды. Сонымен қатар, 1923-1926 жылдары В.Брюсов жетекшілік еткен Мәскеу әдеби-көркем институтында оқиды. 1927 жылы оқуын аяқтап, Қазақстанға оралып, мұғалім болып жұмыс істейді. М.Жұмабаевқа алашордалық, пантюркист және жапон шпионы сияқты жала жабылып, Петропавлда тұтқындалып, 10 жылға бас бостандығынан айырылады. Сотқа дейін ол Мәскеуде, Бутыркада отырды, ал мерзімін Карелия мен Архангельск облысында, соның ішінде жаман атқа ие болған СЛОН (Словецкий лагерь особого назначения) мекемесінде өтеген. 1934 жылы



ол М.Горький және Е.Пешковаға хат жазады. 1936 жылы олардың өтінішінің арқасында Мағжан саяси тұтқындарға арналған Свир лагерінен мерзімінен бұрын босатылды. Бірақ бір жарым жылдан кейін, 1937 жылы 30 желтоқсанда Алматыда қайтадан тұтқындалып, 1938 жылы 19 наурызда ІІХК шешімімен атылды.

Музеймен қоса ауданда 1993 жылы Молодежная мекенінен 2 шақырым қашықтықта Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдық мерейтойына ескерткіш тасы орнатылған.

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ БЮСТІ

– М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің №2 ғимаратының алдында 2003 жылы орнатылған. Авторы – Алматы қаласының көркемдік қоры. Граниттік постаментке қойылған мүсін қоладан құйылған. Ескерткіштің биіктігі 3,2 м.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев (1931-2002) – Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Итсары ауылында дүниеге келген кеңес және қазақстандық тарихшы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ КСР еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Ғылым Ака-

демиясының академигі. Манаш Қозыбаев 1944-1947 жылдар аралығында Ы.Алтынсарин атындағы Меңдіқара педагогикалық училищесінде білім алып, кейін С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің тарих факультетін үздік бітірді. 1969 жылы КОКП ОК жанындағы марксизм-ленинизм институтында тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстанның Коммунистік партиясы (1941 маусым-1945 жылдары)» тақырыбында диссертация қорғады. 1970 жылы ғалымға Қазақ КСР ҒА Президиумының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйақы берілді. 1974-1980 жылдар аралығында Манаш алдымен Алматы зооветеринарлық институтының кафедра меңгерушісі, кейін С.М.Киров атындағы ҚазМУ жанындағы Қоғамдық ғылымдар оқытушыларының біліктілігін арттыру институтының кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. Алты жыл бойы Қазақ Кеңес энциклопедиясының бас редакторы қызметін атқарды. 1988 жылдан өмірінің соңғы күндеріне дейін Қазақ КСР ҒА Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры болып жұмыс істеді. 1989 жылы ғалым Қазақ КСР ҒА академигі, 1990-1993 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты болып сайланды. 1995 жылы Манаш Қабашұлына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы, ал 1997 жылы Президенттің бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығы берілді.



900-ден астам басылымның авторы (оның ішінде 30 монография), оның біразы ТМД халықтарының тілдеріне аударылған, АҚШ-та, Францияда, Қытайда, Болгарияда және т.б. елдерде жарияланған. Сонымен қатар ол Қазақстан тарихы бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазған. М.Қозыбаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан тарихын зерттеудің жаңартылған тұжырымдамасы авторларының бірі.

МЕҢГЕСЕР КӨЛІ – Петропавлдан оңтүстік-батысқа қарай 85 шақырым және Мамлют ауданынан 60 шақырым жерде орналасқан. «Меңгесердің балшығы күкіртті-сутекті. 1988 жылы жергілікті жоғары оқу орнының студенттері мен оқытушылары көлдің солтүстік жағын зерттеді. Емдік балшығының қабаты 20-30 см, кей жерлерде одан да көп және 30 мың текше метр жерді алып жатыр. Көлдің формасы сопақша пішінді. Оның ең жоғарғы ұзындығы 9,1 шақырым солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай, ал ені 6,1 шақырым, көлдің рельефі биіктіктердің шағын ауытқуымен ерекшеленеді, мұнда жалдары төмен

тегістелген. Суы ащы-тұзды, желсіз күндері көк түске боялады. Балшық күкіртті болып келеді, көлдегі рап құрамы магний-натрий түріндегі хлоридті. Жағадағы бұлақ төмен температурадағы минералданған сумен ерекшеленеді.

Аңыз бойынша, бір кедей батыр өте бай отбасының қызына ғашық болады. Қыздың отбасы олардың үйленуіне қарсы болғандықтан екі жас жасырын кездесе бастайды. Оны білген қыздың ағалары батырды аңдып жүріп өлтіреді. Жігіт өлгеннен кейін бұлаққа айналып кетеді. Күн сайын қыз бұлаққа келіп, өксіп жылайды. Қыздың жасынан бұлақтың жанында орналасқан көл тұзды болып, емдік қасиеттерге ие болды. Қыз қайғыдан қара құсқа айналады. Олар әлі күнге дейін құс бейнесінде бұлақтан су ішу үшін ұшып келген сәтте сүйіктісімен кездеседі. Халық арасында «көлге бара жатқанда, алдыңнан қара құс ұшса, онда көлге барудың қажеті жоқ, себебі бұл жағдай орын алғанда көл саған ем әкелмейді» деген тәмсіл бар.

Тұзды көлге оның қасиетін білетіндер шілденің ортасынан бастап ағыла бастайды. Халық бұл жерде дем алып қана қоймай, иммунитеттерін көтеріп, денсаулықтарын



түзеу үшін қонып жатып, ем қабылдайды.

МҰРАТОВ ДИІРМЕНІ – Петропавл қаласындағы Тоқсан би көшесі (Интернационал көшесінің қиылысы) бойында орналасқан XX ғасырдың басындағы ірі өнеркәсіптік құрылыстарының бірі. Бұл ғимаратты халық арасында кәсіпкер Мұратовтың диірмені деп атайды. Алайда, Петропавлдың сауда фирмалары мен сауда-өнеркәсіп кәсіпорындарының тізімінде Мұратовтың ұн тарту диірмені жоқ, ал «ұн тарту» механикалық диірмені бар. Мұнда нөлдік және бірінші сортты ұн тартылады, нөлдік сорттан төртінші сортқа дейін ар-



шылған, кебек, қуыршақтар, бидай және қара бидай ұнын өндірген. Кәсіпкер Мұратов оны 1904 жылы салған, диірмен 1905 жылы жұмыс істей бастады. Ол өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейін жұмыс істеді, содан кейін пайда әкелмегендіктен жабылды.

Ғимарат бес қабатты, жоспарда тік бұрышты формаға ие. Кірпіштен жасалған, сыланбаған, бесінші қабат – техникалық. Қабаттар ара-

сындағы байланыс ішкі сатының көмегімен жүзеге асырылады. Баспалдақ торының көлемі ризалит типі қасбеттің сызығынан біршама шыққан. Шатырдың деңгейінде бұл көлем готикалық архитектураға тән элементтермен, сәндік фронтонмен аяқталады. Ғимарат кейінірек салынған құрылысқа жатады.

НАҚТЫ УЧИЛИЩЕ – Петропавл қаласындағы оқу мақсатында тұрғызылған алғашқы құрылыстардың бірі. Ғимарат 1886-1897 жылдары Булавский көшесінде салынған. Бастапқыда ол қалалық училище ретінде жұмыс істеді. 1903 жылы реалдық (орта жалпы білім беру мекемесі) болып қайта құрылды. Құрылыс мемлекеттің үлгілік жобасы бойынша жүргізілді. 1917 жылы мұнда партиялық кітапхана және РСДЖП қалалық ұйымының оқу залы орналасты. Кеңес кезеңінде бұл ескерткіш №2 және №7 қалалық орта мектептер орналасқан оқу ғимараты ретінде пайдаланылды. Қазіргі уақытта жеке коммерциялық қызметке берілді.

Ғимарат бір қабатты, кірпіштен салынған, жоспарда күрделі пішінді болып келеді. Қабырғалар мен бөліктердің ішкі және сыртқы беттері сыланған. Ғимараттың басты қасбеті ерекше және қайталанбастай етіп безендірілген. Ескерткіштің шатырлық бөлігінің парапеттік сәндік элементтері, біреуі негізгі кіреберістің үстінде, екіншісі – ғимараттың бүйірінде орналасқан, соңғы парапеттік элемент талғампаз және сәнді болып келеді. Негізгі кіреберіс әдемі етіп өрнектелген. Үлкен салтанатты қанаттың үстіндегі шатырлы күнқағар ашық металл тормен қапталған және талғампаз, иілген металл тіреулермен ұсталады. Шатыр құрылымы ағаш, шатыр темірмен жабылған. Ғимараттың астында жертөле бар.

XIX ғасырдың аяғында Петропавл қаласы салыстырмалы түрде шағын уездік қала болғанына қарамастан, мұнда білім беру жүйесі жоғары деңгейге қойылды. «Петропавл қаласы 200 жыл ішінде» кітабында Александр Семенов 1913 жылы мектеп жасындағы 7 мың баланың 3,5 мыңнан астамы мектепке барғанын жазады – бұл далалық қала үшін жақсы пайыз. Мұндай қамту көптеген ірі өнеркәсіптік қалаларда болған жоқ. 1915 жылы қалалық табыстың 17%-ы білім алуға жұмсалды. XX ғасырдың басында Петропавл қаласында 13 оқу орны, 5 сыныпты қалалық училище, прогимназия, екі шіркеу-приход мектебі, әйелдер приход училищесі, екі станицалық мектеп және мешіттер жанындағы алты медресе болды.



Ғимараттың бастапқы формасы қалада шығарылатын ашық хаттарда сақталған. Олардың біріншісі 1905 жылы жасалды. Бұл ашық хаттар Лидия Блюменталь, ағайынды Овсянников пен Ганшиннің ұлдары және мәскеулік кітап баспаларында басылып шықты. Училищенің директоры болып Санкт-Петербург университетінің тарих-филология факультетінің түлегі, орыс тілінің оқытушысы Петр Бережков тағайындалды. Нақты училищедегі сабақтар 1903 жылдың қазанында басталды. Бірінші сыныпқа түскен 38 оқушы мен екінші сыныпқа түскен 15 оқушы білім алды. 1909 жылдың бірінші қаңтарындағы мәліметтер бойынша, училищеде 183 оқушы біліп алып, 11 оқытушы жұмыс жасады. Мұнда оқуға түсу оңай болмады. Тек ұлдар ғана оқыған училищенің бірінші сыныбына (сол кезде Петропавлда оқу бөлек болған), мектеп бітірушілер 11 жасында түсті. Мұнда оқытылатын барлық пәндер бойынша терең білім қажет болды. Әр пән бойынша жоғары талаптар қойылды. Училищеге шіркеу-приход мектебін немесе қалалық училищені бітірген оқушы түсе алды. Оқу ақылы болды, ол 7 жылға созылды. 1911 жылы алғашқы түлектер, ал соңғы түлектер 1918 жылдың сәуірінде оқуларын тәмәмдап шықты.

«НОВЫЙ СВЕТ» КИНОТЕАТРЫ – XX ғасырдың басына тән аймақтық көпес қаласының тарихи жоспарлау үлгісі, қаланың архитектуралық мұрасы. Ғимарат қаладағы Казахстанская правда көшесінде орналасқан. Екі бөліктен тұратын ғимараттың бірінші бөлігін кәсіпкер В.А.Назаров салған. Ескерткіштің ескі бөлігі, бір қабатты жоғары зал. Бұл ғимараттың басты қасбеті жартылай бағандардың басты кіреберісте сәндік каннелюралармен, терезе ойықтарымен, әртүрлі формадағы және ғимараттың шатыр бөлігіндегі балюстрадтық құрылымдармен үйлесуі өте қызықты. Мұның бәрі классикалық стилге тән ерекшеліктер. 1961-1963 жылдары ғимарат толығымен қайта жаңартылды. «Новый свет» электротеатр залы (кеңес уақытында «Еңбек әлемі» деп аталатын) фойеде қайта жабдықталған. Ғимараттың жаңа, жапсарлас бөлігі «Қызыл зал» және «Жасыл зал» деген екі бөліктен, сонымен бірге екі қабатта орналасқан әкімшілік бөлмелерден тұрады. Ескерткіштің ғимараты кірпіштен қаланған, іргетасы – таспалы, бутобетонды. Ескі жағының жабыны ағаштан, жаңасы темірбетоннан салынған. Сыртқы және ішкі қабырғалары сыланған.



Петропавлдықтар алғашқы фильмді 1905 жылы Петропавлға жылжымалы синематограф кел-

генде көрді. Алғашқы электротеатр 1912 жылы ашылды. Ол белгілі қалалық кәсіпкер В.А.Назаровқа тиесілі болды. Оның электротеатрында фильмдерді көрсету туралы хабарландыру «Приишимье» газетінің бірінші бетінде басылды. 1917 жылдың соңында жұмысшы және солдаттық депутаттар Кеңесі Назаровқа тиесілі ғимаратты және синематографты мемлекет меншігіне өткізу туралы шешім шығарды. Кино саласын зерттеуші мамандар бұл шешімді кино туралы кеңес заманында қабылданған алғашқы мемлекеттік акт деп санайды.

НОҒАЙБАЙ БИ ЗИРАТЫ – XIX ғасырдың ортасында XX ғасырдың басында өмір сүрген белгілі тарихи тұлға жерленген жер. Зират Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай ауылында орналасқан. Бидің басына жекелеген кесене тұрғызылмағанмен, басына қойылған арабша харіптермен жазылған ескі тасы сақталған, қасында бидің балалары, ұрпақтары жерленген, қорымның сырты қоршалып, кіре беріске үлкен ескерткіш тас орнатылған, келімді-кетімді қол жаюшы адамдарға отыратын жай орнатылған.

Ноғайбай Батырбекұлы (1834-1917) – болыс, би, қоғам қайраткері. Өзінің қабілеті мен тапқырлығының арқасында жас кезінен бастап белгілі билер қатысқан дауларға араласып, далалық сот ісін жүргізу негіздерін жақсы меңгерді. Қасым мен Есім және Тәуке хандардың



«Жеті Жарғы» қағидаларын, салт-дәстүрді, дала заңын толық білген ол турашылдығымен танылып, ел дауын, жер дауын халық пайдасына шешіп, қара қылды қақ жарған әділ би болды. Мұрағаттық мәліметтер бойынша, Ноғайбай 1868 жылы құрылған Полудин болысын басқарды. Адалдықтың, әділдіктің арқасында оның есімі далаға тез тарап, оның шығарған шешімдері халық арасында бұлжытпай орындалды. Ноғайбай Батырбекұлы болыс билеушісі ретінде қызмет еткен жылдар қазақ даласының талан-таражға салыну кезеңімен тұспа-тұс келді. Отарлаудың күшеюіне қарай Ресейден қоныс аударушылардың ағыны да артты. Сол қиын уақытта би ретінде халықтың бірлігін сақтап, қоғамда алауыздық тудырмауға тырысып, ынтымақ орнатуға өз үлесін тигізді.

Ноғайбай Батырбекұлы туралы 1910 жылғы Ақмола облысының (Полудин болысының Жамантомар шатқалы) жерге орналастыру және егіншілік Бас басқармасының ресми құжаттарында мәліметтер берілген. Бидің Ресей императорымен хат алысқаны туралы архивтерде құжат-

тар бар. Ол (қартайған шағында) Полудин болысының ақсақалдарымен бірге 1916 жылы Ақмола губернаторына «тыл жұмыстарына» өзге ұлт адамдарын тарту жөнінде Жарлық шыққанда хат жолдаған. Хатта қазақтарды қара жұмысқа емес, олардың Сібір казактарымен тең құқықта екенін айтып, Бірінші дүниежүзілік соғыс майданында күресуге дайын екендігін білдіреді.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ – Петропавл қаласында тұрған 100 жылдан асатын тарихы бар орын. Алаң алғашында Базарлы, одан кейін Соборная, Вознесенская, Октябрьская, Театралды деп аталды.

XX ғасырдың басында алаңда Вознесенский соборы көтерілді, ал оның маңында атақты көпес әулеттері мен фирмалардың үйлері салынды: «Шамсутдинов сауда үйі», Брусиловский көшесі, 20; «ағайынды Овсянников және Ганшин сауда үйі», Пушкин көшесі, 61; «Казанцев сауда үйі», Конституция көшесі, 2. 70-ші жылдары Н.Погодин атындағы облыстық драма театрының ғимараты салынды. Осы нысандардың барлығы қазіргі уақытта тарих және сәулет ескерткіштері деп танылып, мемлекеттік қорғауға алынды. Революция және Ұлы Отан соғысы жылдарында алаң қала өміріндегі саяси оқиғалардың орталығы болды, бұл ескерткіштер ансамблінде көрініс тапты. 1918 жылғы 10 маусымда, 1921 жылғы 7 наурызда және 6 сәуірде алаңда 200-ден астам адам жерленді. 1932 жылы алаңда азамат соғысы кезінде қаза тапқандардың құрметіне бауырластар зиратына



ескерткіш орнатылды. 1941 жылдың маусым айында алаңда 314-ші атқыштар дивизиясының құрылуына арналған митинг өткізілді, бұл атқыштар дивизиясының жауынгерлік жолы Ұлы Отан соғысы тарихының жарқын бетіне айналды. 1979 жылы Азаматтық және Ұлы Отан соғысы жылдары қаза тапқан солтүстік өңірден шыққан қазақстандықтарды мәңгі есте сақтау мақсатында алаңда Жауынгерлік Даңқ мемориалы ашылды, оған «Мәңгілік алау» композициясы да кірді. Осы мемориалдың авторлары ленинградтық сәулетшілер: М.Е.Константинов, В.А.Федоров, В.Н.Фурсов және петропавлдық А.Н.Бугаев.

Мұнда «Мәңгілік алау» Жауынгерлік Даңқ мемориалы, Қарасай мен Ағынтай батырлардың мемориалы, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш орнатылған.

ПЕТРОПАВЛ БЕКІНІСІ – Есілдің жоғарғы оң жақ жағалауында, Қызыл Яр шатқалында орналасқан, 1752 жылы қаланған құрылыс. Ескерткіш XVIII-XIX ғасырлардағы әскери-инженерлік өнер деңгейін көрсететін Горький бекінісі желісіндегі тізбектің басты бекінісі болып табылатын құрылыс ретінде қызықты. 1752 жылы 6 нау-

рызда Тобылдағы Звериная Голова шатқалынан Омбы бекінісіне дейін Жаңа Есіл сызығын салу туралы Сенаттың Жарлығы шықты. Жұмыс үшін Вологодский полкінің сарбаздары және Есіл тұрақты емес полкінің казактары пайдаланылды. 1752 жылы 12 шілдеде Есілде, ескі сызықтан оңтүстікке қарай 180 шақырым жерде, жаңа сызықтың басты бекінісі – «Әулие Петр бекінісі» қаланды. Атауы қызық. Неге оған осындай атау берілді? Себебі, Петр мен Павел орыс шіркеуінде ұзақ уақыт бойы әскер қамқоршыларының табынушысы ретінде таралды. Новгородтағы ескі орыс қалаларында, казармалардың арасында Петр және Павел құрметіне шіркеулер салынды. Империяның әртүрлі аудандарында, Петербургтен Камчаткаға дейінгі бес бекініс, XVIII-XIX ғасырдың басында Петр мен Павелдің есімдерімен аталғаны таңғаларлық емес.

Ол кейіннен Горький деп аталатын Есіл сызығының ең үлкен бекінісі болды. Горький сызығы дұрыс алтыбұрыш формасында жобаланған. Периметрі бойынша «тығыз» ағаш қабырғалары, ал шығыс бұрыштарында зеңбірекке арналған платформалар орнатылған қамал салынған. Өз көлемі бойынша, Петропавл бекінісі Горький сызығының бекініс тізбегіне кіретін шағын бекіністерден айтарлықтай асып түсті. Онда бір шіркеу, кеңсе, казарма, цейхгауз болды. Бекініс мүйіздермен және үстінен қоршалды, бастиондар жұмыс жасады. Құрылыс 20 жыл бойы үзілістермен жалғасты. Уақыт өте келе, бекіністің



жанында елдімекендер (форштад, төменгі – таулы және жоғарғы – сарбаздар слободы) орын алды, олар Петропавл қаласынан бастау алды.

XIX ғасырдың ортасына қарай Петропавл бекінісі өзінің әскери-қорғаныс маңызын жоғалтты, алайда сәтті географиялық орналасуына байланысты Азия мен Еуропа арасындағы айырбас сауда орталығы болды. 1876 жылы бекіністің жойылуымен жер құрылыстары біртіндеп жойылып, іс жүзінде мүлде жоғалып кетті. Бекіністің көптеген құрылыстары бөлшектелді немесе қайта жаңартылды. Тас құрылыстардан (XIX ғ.) бірнеше қайта құрылған шіркеулер мен «цейхгауз» артиллериялық қоймасы сақталған, олар Ұлы Отан соғысы жылдарында зауыт цехтары ретінде қолданыла бастады.

РОМАНОВ УЧИЛИЩЕСІ – Петропавл қаласындағы Театральная көшесінде орналасқан Романовтар үйінің үш жүз жылдығына орай 1913-1915 жылдары қалалық басқарманың рұқсатымен салынған құрылыс. Сәулетші – С.А.Гранильщиков.

Екі қабатты ғимараттың жаңалығы: үй шіркеуі, су жылытатын жүйе болды. Жоғарғы және төменгі қабаттардың барлық арқалықтары –



темірбетон (бұл да сол кездегі жаңалықтардың бірі), вестибюльдегі, зал мен дәліздегі едендер – бетон, ал бөлмелерде ағаш. Үй жоспарының ішкі құрылысы нақтылық пен конструктивті логикамен үйлеседі. Ғимараттың ішкі безендіруінің айқын және қарапайым композициялық-кеңістіктік құрылымы вестибюль мен баспалдақ марштарының қарапайым және қатаң интерьерлерімен ерекшеленеді. Вестибюль орталық бөлігінің биіктігі басқа үй-жайлардың биіктігіне қарағанда біршама үлкен және алты метрге жетеді. Қасбеттер керемет безендірілген, бірақ белгілі бір қатаңдық пен айқындық бар. «Модерн» стилінде жасалған терезе ойықтары мен ғимараттың парапеттік бөлігінің элементтері ерекше. Вестибюль интерьерінде кеңестік кезеңнің мозаикалық панносы бар.

1917 жылдан кейін ғимаратта екінші деңгейлі мектеп және басқа да оқу орындары орналасқан. 1942 жылы Ленинградтан кеме құрылысының механико-конструкторлық техникумы көшіріліп, кейін механикалық техникум болып қайта құрылды. Қазіргі уақытта онда экономикалық-техникалық білім беру кешені (колледж) орналасқан.

САРЫ ЖӘНЕ СҮЙІР БАТЫРЛАР ЗИРАТЫ – Тимирязев ауданы Докучаев селолық округінің аумағында, Докучаев ауылынан 4-5 шақырым жерде орналасқан кесене.

Қазақ елінің мыңдаған жылдық тарихында басты орын алатын қазақ-жоңғар соғысына байланысты кезең туралы айтқанда XIX ғасырда өмір сүрген қос батыр Сары мен Сүйір ерекше аталады. Сары батыр (1690-1771) Павлодар облысының Жезді жерінде дүниеге келген қазақ сардары, он екі атасына дейін атынан түспей, сауытын шешпей ел қорғаған адам. Ол өзінің немере інісі батыр Баяннан шамамен жиырма төрт жылға үлкен болған. Баян Сары батырдың ағасы екенін Шоқан Уәлиханов «Исторические предания о батырах в XVIII веке» деген еңбегінде растайды. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Сары батыр уақ жасағының қолбасшысы болған өз заманында есімі Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай сияқты батырлармен қатар аталған. Маңызды жорықтарға аттанарда Абылай ханның Сары мен Баянды іздейтіні, кешіксе тосатыны, Мағжанның поэмасымен қатар, басқа да шығармаларда кездеседі. Басқалардан жақсы білетін, әрі ұстазы Қожаберген жырау атақты «Елім-ай» дастанында Сары батыр туралы бірнеше жерде атап кетеді.

Сары және Баян батырлармен бірге атағы шыққан жауынгер – Сүйір. «Жаубасар» деп жауға шапқан батыр XIX ғасырда өмір сүрген. Сүйір ел ішіндегі жер дауы, мал дауы сияқты кішігірім оқиғаларға ғана қатысып қоймай, еліміздің





сырт дұшпандарына да соққы беріп, елін қорғаған. Бізге дейін жеткен қариялардың әңгімесіне сүйенсек, Сүйір ержүрек адам болған. Халық оны ерекше құрметке бөлеген. Сүйірдің ата-бабалары он екінші ұрпағына дейін қан төгіскен шайқастарда соғысқан батыр болған. Небір қанды ұрыстарда батыр жолбарыстай жалғыз ойнап, жауларын қойша қырған. Содан да оны халық Сүйір батыр деп атап кеткен. Өте қарулы, қайратты адам болыпты. Түсі ызғарлы, көп сөйлемейтін, қалың қасы қабағын жауып тұратын көрінеді. Оны қанжарының ұшымен көтеріп тастайды екен. Тек қана, ашуланғанда қабағы желп етіп, айбарланған жүзіне кісі көз тоқтата алмайды.

Өкінішке қарай, Сүйір бабамыздың туған, дүниеден озған жылдары жайында нақты дерек қалмаған.

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙ ҮЙІ – Жамбыл ауданы, Сәбит ауылы, С.Мұқанов көшесінде орналасқан ғимарат. С.Мұқанов музейі жазушының туған ауылында, 1990 жылы ағасының үйінде ашылған. Музей 5 бөлмеден тұрады: жатын бөлме, қонақ бөлме, зал, ас үй, кіреберіс. Жазушы Благовещенка ауылының бұрынғы көпесінің ағаш үйін сатып алып, 1958 жылы Сәбит ауылына жеткізген. 1959 жылы үйді Сәбит пен оның немере ағасы Ш.Мұстафиннің өзі құрастырды. Үйде жазушының мемориалдық музейі ашылды, экспозициясы ақын өмірінің негізгі кезеңдерін көрсетеді, сондай-ақ қазақ халқының тұрмысы бойынша мәліметтер береді. Бөлмелерде жазушының жеке заттары, қолжазбалар мен кітаптар орналасқан. Мұнда С.Мұқановтың әдеби қызметіне қатысты бірегей құжаттар сақталуда. Ғимараттың алдында жазушының бюсті орнатылған.

Сәбит Мұқанов (1900-1973) – танымал жазушы, ақын және драматург, белгілі қоғам және саяси қайраткер. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Ғылым академиясының мүшесі, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет Белгісі» ордендерінің иегері. 1967 жылы оған Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Преснов (Жамбыл) ауданында дүниеге келген ол жеті жасында жетім қалып, ерте еңбекке араласады. Сауатын ауыл молдасынан ашады. Он бес жасында шығыс классиктерінің поэмаларын, Абай мен Ғ.Тоқай өлеңдерін өз бетінше оқып, өлең жазып, ауылдық айтыстарға қатыса бастады. 1918-1919 жылдары Омбы қа-

ласында мұғалімдік курстарда оқыды. 1919-1922 жылдар аралығында С.Мұқанов Қызыл әскер құрамында болды – азаматтық соғысқа қатысып, Чон (ерекше мақсаттағы бөлімдер) жасағында қызмет етті. Институтты бітіргеннен кейін 1936 жылы Алматы қаласына оралып, 1951 жылға дейін Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы болды, ал 1951 жылдан бастап еркін шығармашылық жолына бет бұрды.

Сәбит Мұқановтың алғашқы жинағы 1926 жылы жарық көрді. Ол «Мөлдір махаббат», «Өмір мектебі», «Балуан Шолақ», «Сырдария», «Дала толқындары», «Ботагөз» және т.б. көптеген әңгімелер, очерктер, повестер мен романдар жазды. Драматург ретінде «Жеңіс күні», «Арианды жібі», «Сәкен Сейфуллин» пьесалары мен опера либреттоларымен танымал.

СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВ БЮСТІ – 2003 жылдың қазан айында Ақжар ауданы Талшық ауылының мәдениет үйі алдындағы алаңда орнатылған.

Сәдуақасов Смағұл (1900-1933) Ақжар ауданы Ұялы ауылында дүниеге келген мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы-публицист, әдеби сыншы, қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі, Ұлттық театр бойынша алғашқы еңбектердің авторы. Смағұл Омбы орта ауылшаруашылық училищесін бітіріп, мектепте мұғалім болып жұмыс істеді. 1918-1919 жылдары «Кедей дауысы» («Голос бедняка») газетінің редакторы, Орынбордағы РКЖС Қазақ облыстық комитетінің хатшысы, «Еңбекші жастар» газетінің редакторы қызметін атқарды. 1918 жылы 5-13 мамыр аралығында «Жас қазақ» посткеңестік ұйымының делегаты ретінде бүкіл қазақ жастар съезіне қатысты. Алайда съезден кейін бірден Алаш автономиясының жақтаушылары құрған «Жас Азамат» қазақ жастар ұйымына кірді. 1921 жылдан бастап ҚазОСК хатшысы, ТүркіОСК жанындағы ҚазССР өкілетті өкілі, ҚазАССР жоспарлы комиссиясының төрағасы қызметтерін атқарды. 1925 жылдан бастап ҚазАССР ағарту істері бойынша нарком болып қызмет етіп, 1927 жылы босатылды. 1928 жылдың наурыз айына дейін Қазақ педагогикалық институттың



директоры қызметін атқарды. Бір уақытта «Қызыл Қазақстан» журналының (1924-1925), «Еңбекші қазақ» газетінің (1925-1926) редакторы ретінде жұмыс жасады.

1928 жылы Мәскеу көлік инженерлері институтының студенті болып қабылданды, оқуды аяқтағаннан кейін Мәскеу-Донбасс темір жолының құрылысында жұмыс істеді. Ресми мәліметтер бойынша, 1933 жылдың күзінде іш сүзегіне шалдығып, сол жылы Воронеждегі Мәскеу ауруханасында қайтыс болды. 2011 жылы С.Сәдуақасовтың мәйіті Қазақстанда қайта жерленді.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ – 1891 жылы салынған ғимарат. 1968 жылы Облыстық тарихи-өлкетану музейі аталмыш мекемеге көшіп келді. Мекеме революцияға дейін кәсіпкер Таубе Лейбович Аркельге тиесілі болды. Бірінші қабатта дайын киім дүкені, екінші қабатта – «Центральная» қонақ үйі орналасты. Осы үйдің жанында көпес Стреловтар иелігіндегі бірқатар ғимараттар орналасқан: екі қабатты үй, бір қабатты дүкен және аула ішінде орналасқан қойма бөлмелері. Революциядан кейін бұл ғимараттарда қалалық кеңестің Атқарушы комитеті, облыстық әскери воекомат, Мемстрах, тігін фабрикасы орналасқан.

1980 жылдардың басында музейді кеңейту туралы шешім қабылданды. Музейге Стрелов көпестерінің үйлері берілді. Алматылық суретшілермен бірыңғай музей кешенін



қайта құру және құру жоспары әзірленді. Ескі ғимараттарды біріктіру үшін кірпіштен 2 қабат қосымша салынған. Музей қорында 350 мыңға жуық экспонат бар. Келушілердің назарына 13 зал ұсынылды. Экскурсия табиғат залынан басталады. Одан әрі өлкенің ежелгі тарихына қатысты 4 залы бар, онда бірегей археологиялық топтамалар, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңі, Петропавл қаласының тарихы және қазіргі заман кезеңі ұсынылған. Экспозицияда Еуразиядағы көне Ботай – жылқыны қолға үйрету орталығы және Байқара қорымы – скифтердің храмдық кешені сияқты бірегей археологиялық ескерткіштердің материалдары бар. Сондай-ақ кейінгі көшпенділер: ғұндар мен моңғолдардың тарихы туралы археологиялық материалдар көрсетілген. Өлкенің барлық тарихы, оның ішінде революция, Азаматтық соғыс, қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысының тарихы, 314 атқыштар дивизиясының жауынгерлік жолы лайықты орын алады. Соғысқа қатысушылардың жеке заттары, марапаттары, киім-кешектері көрсетілген. Сонымен қатар музей тың жерлерді игеру бойынша тарихи материалдарға бай. Музейдің маңызды залдарының бірі 2012 жылдың 1 желтоқсанында ашылған ҚР Тұңғыш Президенті залы болып табылады.

СҮЙІНДІК БАТЫР ЗИРАТЫ – Жамбыл ауданы Орталық ауылының маңында екі көлдің арасында, шағын қыратта орналасқан жерлеу. 2017 жылы Жамбыл ауданында бір топ ғалымдар Сүйіндік батыр жерленген жерді анықтады. Жалғыз қайың батыр мен оның жауынгерлерінің бейіті орналасқан жердің көрсеткіші болып табылады.

Сүйіндік батыр – XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы тұрған батырлардың бірі. Батырдың өмірі туралы жазба деректер жоқ, бірақ ұрпақтан ұрпаққа берілген халық ауыз әдебиетінде мол мұра сақталған.

Сүйіндік батыр Орта жүзден шыққан, оның әкесі Дәулетімбет – Абылайдың адал батырларының бірі болған, қалмақтарға қарсы соғыстарға қатысқан. Батыр шамамен 1767 жылы қайтыс болған. Сүйіндік батырдың артынан екі ұлы қалды. Оның ұрпақтары бүгінгі күні Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында және Ресейдің Қорған облысымен шекаралас ауылдарында тұрады.



Қазақтар ата-бабаларының, соның ішінде аты шыққан адамдардың жерленген жерлерін киелі деп санаған. Сүйіндік батырдың жерленген жері де киелі жерлер қатарына жатады.

СЫРЫМБЕТ ҚОНЫСЫ – Айыртау ауданында, Сырымбет ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 шақырым жерде орналасқан XIX ғасырдың ағаш сәулет өнерінің ескерткіші. Бұл қоныс қазақ билеушісі Абылай ханның тікелей ұрпақтары – Уәлихановтар әулетіне тиесілі. Қоныс XIX ғасырдағы орыс дворяндардың усадьбаларына ұқсайды. Үй-жай император I Александрдың 1824 жылғы 30 сәуірдегі Жарлығы бойынша және Батыс Сібір генерал-губернаторы П.Капцевичтің бұйрығы негізінде Уәли ханның жесірі – Айғаным (Шоқанның әжесі) үшін салынған. Айғаным қыстауды орыс инженерлерінің сәулет жобасы бойынша салғызған.

Болашақ резиденция үшін орын таңдау кездейсоқ болмады. 1822 жылдың күзінен бастап Сырымбет шатқалы Шоқан Уәлихановтың әжесі Айғаным Уәлиеваның тұрақты қыстайтын орны болды. Сырымбет табиғаты өте керемет жер: қарағайлардың жиегіндегі биік емес төбелер ауылды дала желдерінен қорғап қана қоймай, көзге қуаныш сыйлады. Әсем ғимарат өртті және толық қирауды бастан өткізген болатын. Жанып кеткен кешен қалпына келтірілді, алайда кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында



қайта бөлшектелді, материалдар басқа ғимараттардың құрылысына пайдаланылды.

Қоныстың екінші рет дүниеге келуі 1993 жыл деп санауға болады. Сол кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен тарихи Резиденция толығымен қалпына келтірілді. Нақтырақ айтқанда, қайта салынды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй мен мешіт қайта қалпына келтірілді, ағаш қоршау, есіктер және қақпалар ауыстырылды.

ТЕКЕ КӨЛІ – Уәлиханов ауданында орналасқан ащы-тұзды көл. Құрамында ас тұзы көптеп кездеседі. Көл аумағында ас тұзын зерттеу және өндіру жүргізіледі. Тұз қоры мемлекеттік маңызға ие. Көлдің жалпы ауданы 260 км². Қар және ішінара жер асты суларымен толығады. Жағалаулары құзды, аралдары үлкен емес. Көлге 37 бұлақ (Ақсай, Кеңсай, Көбенсай, Талдысай және т.б.) құяды. Көлдің аумағында тырналар жаппай жиналады, сондай-ақ күз мезгілінде кейбір сұр тырналар мекені болып табылады. Көл жағасында тұз шөгіндісі орын алады, жағалауларда өсімдіктер жоқ. Дегенмен, тұз адам денсаулығы үшін өте маңызды. Көл өзінің емдік балшығы және тұзды



суымен бұрыннан белгілі. Бұл жерде жергілікті тұрғындар ғана емес, Ресей Федерациясының азаматтары да тұзды суда емдеу шараларын қабылдайды. Көлдің көптеген химиялық элементтері адам терісіне оң әсер етеді және сүйектер мен буындардың денсаулығы үшін пайдалы.

Теке көлінде «артемия салина» бар. Артемия (лат. Artemia salina) – желбезекаяқты (Branchiopoda) класындағы шаян тәрізділердің түрі. Артемия салина ғылым, шаруашылық және фармацевтика саласы үшін өте маңызды. Ғылыми ортада артемияны адам мен жануарлардың зат алмасуын қалпына келтіретін фармацевтикалық препараттар алу үшін шикізат ретінде қарастырады.

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ – қазіргі вокзалдың жанында орналасқан ғимарат. Ескі темiржол вокзалы 2 кезеңде салынды: 1-ші кезек – 1895 жыл; 2-ші – 1904 жыл. Бұл қаланың ең ірі және әдемі ғимараттарының бірі болды. Кірпіштен қаланған, шатыр конструкциялары ағаштан жасалып, темірмен жабылған. Кейбір бөлмелердің ішінде күмбез тәрізді төбелері бар. Ғимарат кейінгі барокко стилінде жасалды. Пайдалы ауданы 578 шаршы метрді құрайды. Бұл XIX ғасырға тән типтік жоба: мұн-





дай вокзалдар бүкіл Транссібір магистралі бойынша салынған.

Атақты Петропавл перронына келетін болсақ, ол 30-шы жылдардан бастап бүкіл Транссібір магистралінде танымал болды. Мәскеуден Владивостокқа дейін бүкіл ұзына бойы фигуралар жасыл түспен безендірілген. Жасыл сәулет құрылыс шебері – Василий Герасимович Осипов.

ТОҚСАН БИ ЖАБАЙҰЛЫ ЗИРАТЫ – Ғабит Мүсірепов ауданында, Западное ауылына жақын орналасқан.

Тоқсан би – XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген шешен, халық биі. Туған және дүниеден өткен уақыттары нақты белгісіз. Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Қарағаш ауылы орналасқан жерде дүниеге келген. Оның әкесі Жабай Абылай ханның атақты батырларының бірі болған. Жас бидің тұлғасы және оның дүниетанымының қалыптасуына оның атасы Қараби үлкен әсер етті, ол немересін шешендік өнерге үйретіп, күрделі істерді шешу тәжірибесімен бөлісті. Кішкентайынан Тоқсан би атасымен бірге белгілі шешен билермен кездесіп, сөз таластырған. 15 жасынан бастап оны солтүстік аймақ қазақтарының (Омбы, Петропавл, Көкшетау, Қостанай) Төбе (басты) биі деп атаған. Әуелі Тоқсан Жабайұлы Ақмола округінің Еменалы – Керей болысының биі, содан кейін бүкіл Тобыл губерниясының қазақ болыстары арасында би болған. Оның есімі даланың барлық қазақтарына танымал болды.

Ол зор беделге ие болды, ең қиын даулы мәселелерді шешу үшін ол Қазақстанның әртүрлі аймақтарына шақырылды, халық оны адалдық, әділдік, риясыздық үшін құрметтеді.

Тоқсан би өзінің толғауларында рулық алауыздықтарды сынға алып, ауызбіршілікке, адамдарды жағымсыз мінездерін арылуға шақырды. Халық арасында қанатты сөздер, арнаулар, қиын кезеңде демеу беретін сөздері сақталған. Оның көптеген нақыл сөздері «Халық аузынан», «Қазақтың би-шешендері» жинақтарына кірді. Тоқсан бидің өмірі туралы ақпарат «Қазақтың би-шешендері» еңбегінде кездеседі.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫ ТЫЛ ЖҰМЫСТАРЫ ТАРИХЫН СИПАТТАЙТЫН ЕСКЕРТКІШТЕР

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап облыста бес эвакуациялық госпиталь орналасқан, олардың үшеуі Петропавлда болған. Бұл эвакуациялық госпитальдарда майданда жараланған сарбаздар мен офицерлер емделді. Алған жарақат-

тарынан қайтыс болғандар Петропавлда, Ғ.Мүсірепов көшесіндегі қалалық зираттағы бауырластар зиратында құрметпен жерленді

Петропавл қаласында 1941-1945 жылдар аралығында қайтыс болған сарбаздарға арналған ескерткіштер (№ 1 христиан сарбаздар және № 2 христиан сарбаздар) – 1957 жылы орыс жауынгерлерінің қабіріне орнатылған ескерткіш. Негізгі композициялық акцент – бұл біріншісі тұғырға (Берлин қаласының Трептов-паркіндегі азат етуші жауынгерге арналған ескерткіштің қысқартылған көшірмесі) қолында қызы мен қылышы бар сарбаздың бейнесі орнатылған, сондай-ақ фигуралар – екіншісінде қайғырған ана мен солдат. Тұғырдың басты қасбетінде «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін өмірін қиған Кеңес Армиясының жауынгерлеріне Мәңгілік даңқ» деген жазу бар.

Петропавл қаласында ҰОС жылдары госпитальдарда қайтыс болған сарбаздар ескерткіші (№1 мұсылман сарбаздар және №2 мұсылман сарбаздар) –1957 жылы мұсылман жауынгерлерінің қабіріне қойылған ескерткіштер. Негізгі композициялық акцент – тұғырға қолдарында жауынгерлік туы бар жауынгерлердің екі фигурасы орнатылған. Негізгі қасбетте осы қабірге жерленгендердің аты-жөні жазылған жазу бар. ҰОС жылдары Петропавл қаласындағы госпитальдарда қайтыс болған ұшқыштар экипажының № 1және №2 қабірі – 1943 жылы ұшақ апаты кезінде қаза тапқан және Петропавл госпитальдарында қайтыс болған әскери ұшқыштар



жерленген жер. Қайтыс болған күндері әртүрлі.

ШАЛ АҚЫН БЮСТІ – Шал ақын ауданының Сергеевка қаласында орналасқан ақынға қойылған мүсін. Бюст мәрмәр тастан жасалған, авторы – мүсінші Қ.Сатыбалдин.

Шал ақынның шын есімі – Тілеуке Құлекеұлы (1748-1819). Ол Көкшетау, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы Азат темір жол станциясына жақын жерде дүниеге келген. Жастығына қарамастан, парасатты әрі тапқыр болғандықтан халық оны Шал ақын деп атап кеткен. Оның анасы Ұлы жүзден шыққан белгілі Төле бидің қызы, әкесі Құлеке қалмақ басқыншыларына қарсы күрескер және Абылай ханның досы екен. Шоқан Уәлиханов өз мақалаларында Тілеуке қазақ рулары туралы, хандар генеалогиясы жайлы көптеген аңыздар жинап, осы негізде эпос құра алды деп жазды. Сондай-ақ ақын жасаған жылнамалар бірте-бірте ұмытыла бастағанын да атап кеткен. Ақынның 15 жасында әкесінің Күреңкей деген атын Абылайдың ұлы жарысқа қосу үшін иелерінен уақытша сұратып алады да, аттың төзімділігін байқап, оны өзін-

де қалдыруды шешеді. Содан Құлеке ұлымен бірге Абылай хан ордасына осы жағдайды түсіндіру үшін аттанады. Хан қонақты тыңдап: «Құлеке, сенде, отбасыңда мал аз емес. Сіз бір құлын үшін ұзақ жолды жасадыңыз ба?» деп әңгімені шолақ қайырады. Ауылда кешкі той-томалақ басталады. Тілеуке түні бойы осы ауылдың тұрғындарымен көңіл көтеріп, өткеншек теуіп, ән шырқайды. Халық оянып, қонақтар еліне қайтуға жиналып жатқанда, хан оларға: «ұлым, түнімен сен бе ән шырқаған? Менің білуімше, бізде осындай дауыспен ән салатын адам жоқ. Кетер алдында маған бір ән салшы» дейді. Тілеуке жақсылық пен әділдік туралы, көшпенділер үшін малдың қандай маңызы бар екендігі, ханның халыққа деген махаббаты туралы ән шырқайды. Бұл әнді хан естігенде, өзінің жеңілісін мойындап, әкесіне айғырды қайтарып беруді шешіп, сонымен бірге өзінен тағы бір ат қосады. Бірақ Құлеке еліне риза болмай қайтады, себебі ұлы батыр болады деген арманы орындалмайды. Ақынның әндері мен жырлары адамның кішіпейілдігі мен қарапайымдылығын, надандық пен ақыл-ойды, байлық пен кедейлікті, жақсылық пен жамандықты сипаттайды. Ол «Жігіт туралы», «Жігіттің өзін білем дегені», «Әйел сыны», «Ата-ананың қадірі» шығармаларын жазған. Шал көптеген айтыстарға қатысты («Шал ақын мен жігіт айтысы», «Шал ақын мен қыз айтысы», «Шал ақын мен Бәйбіше айтысы»). Ақынның көптеген ойлары қанатты сөзге айналды. 1929 жылы оның алғашқы өлеңдері басылып шықты. Ал 1958 жылы оның



8 өлеңі «Қазақ әдебиеті» газетінде, 1960 жылы шығармашылығы туралы зерттеулер жарыққа шықты.

Сондай-ақ, оның туындылары «Шал ақын», «Бес ғасыр жырлайды» және «Алдаспан» басылымдарына енгізілді.

Тілеуке Сергеевка ауылының жанында жерленді. Оның зираты Есіл өзенінің оң жақ жағасында басқа зираттар арасында жоғалып кетті.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ БЮСТІ – қазақтың ұлы ғалымына арналып Петропавл қаласында орнатылған мүсін.

Шоқан (Мұхаммедханафия) Уәлиханов (1835-1865) – тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы, демократ. Ол Құсмұрын бекінісінде (Қостанай маңындағы) Аман-Қарағай округінің аға сұлтаны Шыңғыс Уәлихановтың отбасында дүниеге келген. Өзінің балалық шағын Құсмұрында, содан кейін әжесі Айғанымның Сырымбет қонысында өткізді. 1847 жылдың күзінде 12 жасар Шоқан туған жерін қалдырып, әкесімен бірге Омбы кадет корпусына оқуға келеді. 1853 жылы 18 жасында Кадет корпусты аяқтап, «әскери кавалерия бойынша» корнет дәрежесін алады.

Оның қоғамдық және әдеби қызметі оқуды аяқтағаннан кейін басталды. Шоқан қазақ пен қырғыздардың географиясын, тарихын, әдет-ғұрпын, халық поэзиясын тереңірек зерттей бастайды. 1855 жылы генерал Гасфорттың сапарына қатысып, Орталық Қазақстан, Жетісу және Тарбағатай жерлеріне кешенді саяхат жасады. Омбыдан Семей қаласына, сол жерден Аягөз мен Қапал арқылы Іле Алатауы маршруты бойынша жүріп өтті. Бұл кезде Верныйдың бекінісі салынып жатқан еді. Бұл саяхат Ш.Уәлихановтың қазақтардың тарихы мен дәстүрін зерттеуіне себеп болған алғашқы бастама болды. Ғалым қазақ халқының статистикасы, әдеттегі құқық және ежелгі діні бойынша материалдар жинады. 1856-1857 жылдары полковник М.М.Хоментовскийдің басшылығымен ұйымдастырылған ірі әскери-ғылыми экспедицияға қатысады. Экспедицияның мақсаты – қырғыз халқымен танысу және Ыстықкөл бассейні сызбасын түсіру болды. Ол орнитологиялық және энтомологиялық топтама жинап, Жетісу мен Ыстықкөлдің флорасы мен фаунасын зерттеді. Ыстықкөлдің түсіріліміне қатысып, соның нәтижесінде жаңа картада көл жағасының пішіні мен контуры өзгертілді. Сонымен қатар, алғаш рет қырғыз халқының атақты «Манас» жырын зерттеп, поэманың алғашқы ғылыми жазбасын және орыс тіліне жартылай аудармасын жасады. Аты аңызға айналған батыр Манастың, т.б. кейіпкерлердің бейнесі сомдалған поэма алғаш рет тарихи-әдеби талданады.



1856 жылдың тамыз айының басында ғалым Құлжаға барады. Жол бойында ол батыс Қытайдың бірқатар шекаралық бекеттерін аралайды. Бұл сапар Қашқарға экспедиция алдындағы алғашқы қадам болып табылады. 1857 жылы 27 ақпанда Шоқан Уәлиханов Орыс Географиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланады. 1858-1859 жылдары ол өзінің атақты Қашқарияға сапарын жасайды. Ш.Уәлиханов бұған дейін Еуропа елдеріне бейтаныс болған Шығыс Түркістанның географиясын, тарихын, саяси құрылымын, мәдениет ерекшеліктері мен тұрмыс-тіршілігін зерттеп, аталмыш аймақты ғылыми тұрғыдан зерттеуге зор үлес қосты. Шоқанның Қашқарға сапарының басты нәтижесі «Алтышардың немесе Қытай Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхарин) алты шығыс қалаларының жағдайы туралы» күрделі еңбегі болып табылады. Бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихы, географиясы мен көшпелілердің әлеуметтік құрылысына арналған алғашқы ғылыми еңбек болды.

Ол Тезек ауылында, Алтынемел жотасының етегінде орналасқан Көшентоған жотасында қайтыс болды.





ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Қазақстан Республикасының шығысында орналасқан Шығыс Қазақстан облысы – Алтай-Тарбағатай тау жүйелері мен Ертістің алқабын алып жатқан еліміздегі табиғаты сұлу, тарихы терең аймақтардың бірі. Облыстың аумағы 283 226 км². Жер көлемі бойынша Шығыс Қазақстан облысы елімізде үшінші орын алады. Облыс солтүстігінде Ресеймен, оңтүстік-шығысында Қытай елімен, батысында Сарыарқа, оңтүстігінде Балқаш-Алакөл ойысымен шектесіп жатыр. Облыстың басты географиялық ерекшеліктері – жер шарының құрлықтық полюсі мен Еуразияның географиялық орталығы осында орналасуында.

Табиғат бұл өңірді тұмса табиғатпен байытып, жер астын байлықтар мен сарқылмас су көздерімен, ал үстін әртүрлі жануарлармен, сан қилы өсімдіктермен көмкеріп, толтырған.

Шығыс Қазақстан таулы-далалы өлкесімен ғана сұлу емес, ол көне өркениеттің ошағы. Бұл жер Еуразия даласында мыңдаған жылдар бойы тоқтаусыз жүрген тарихи-мәдени үдерістердің түйісер тұсында орналасқан, адамзат баласының тіршілігіне ерекше қолайлы географиялық орналасуы-

ның жер асты байлықтарымен үйлесуі әлемдік жауһарлардың қатарына қосылған бірегей мәдени құндылықтар жүйесін жасауға ықпал еткен еді. Өңірдің тарихи-мәдени мұрасы бүгінде бүкіл әлем жұртшылығына танымал. Жыл сайын облыс аумағында өңірдің көне тарихы мен мәдениетін зерттеуді мақсат еткен ғылыми экспедициялар ұйымдастырылады. Әлемнің ортақ мәдени мұрасына айналып үлгерген Шілікті, Берел және Елекесазы сияқты тарихи мұра ескерткіштері – сол кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері. Сақ, ғұн, түркілердің ескерткіштерін зерттеу барысында табылған әлемде баламасы жоқ бірегей олжалар еліміздің бас музейлерінде мәдени мұра ескерткіштері ретінде сақталып, Еуропаның, Азия мен Америка құрлықтарына шеру жасап, Қазақстанның бай тарихымен әлем халқын тамсандыруда.

Ата-бабамыздан бізге мұра болып қалған осынау материалды және рухани құндылықтарды көздің қарашығындай сақтау бүгінгі және келер ұрпақтың борышы. Шығыс Қазақстан иісі түркі халқы қасиет санайтын Алтайдың төрінде орналасқан өңір. Мұндағы тарихи-мәдени ландшафт ғажайып табиғатпен үндесіп, адамзаттың асыл мұрасына айналып отыр. Алтайдың мұздықтарынан бастап Ертістің жазықты даласын ашық аспан астындағы музей деп қабылдасақ та болады. Адам баласының пайда болып, әлемге таралу кезеңі, ақиқатынан құпиясы мол кезең тарихта тас дәуірі немесе палеолит деп аталады. Бұл қоғамдық дамудың негізін қалаған өте маңызды кезеңге жатады. Археолог мамандардың пайымдауларынша, Шығыс Қазақстан территориясы адамзаттың көне тұрағының, мекенінің бірі.

Б.з.д. III мыңжылдықтың соңы мен II мыңжылдықтың басы Ұлы Даланы қоныс еткен адам баласы дамуының өтпелі кезеңі болды. Осы уақытта Шығыс өңірінде шаруашылық жүргізудің бақташылық формасы түбегейлі орнығып, мыс кен орындарын игеру ісі қауырт дами бастады. Энеолит кезеңі деп аталатын ескерткіштерді әзірге Усть-нарым, Черновая, Айнакөл және Өскемен қаласының іргесіндегі Меновное ауылының маңынан табылған ескерткіштер тобы құрайды. Қола дәуірі – адамзат дамуының ең маңызды кезеңі. Бұл кезеңде қазіргі таңдағы шаруашылық типтердің барлығы қалыптасып, мәдени дүниетанымдық көзқарастар айқындалып, рулық-тайпалық қатынастар жаңа деңгейге көтеріліп, мемлекеттіліктің алғышарттары қалыптаса бастаған еді. Ақбауыр, Көкентау, Шимайлы, Абыралы ескерткіштер тобы қола дәуірі адамының күрделі діни-мифологиялық дүниетанымдарынан сыр шертер бірден-бір кешен. Ертістің оң жағалауын бойлай тұрғызылған қола дәуірінің қоныстары өздерінің алыптығы және табылған жәдігерлерінің құндылығымен қола дәуірінің протоқалалық мәдени кешенін қалыптастырып отыр.

Қола ғасырының аяғы, яғни б.д.д. 1-мыңжылдықтың басы Еуразияның далалық аймағында аридизация үдерісінің қарқынды жүруі шаруашылық жүргізудің жаңа түрі – көшпелі шаруашылықтың қалыптаса бастауымен

ерекшеленді. Жаңа шаруашылық түрі көшпелілер өмірінің рухани және материалдық салаларының барлығына түбейгейлі өзгерістер әкелді. Еуразия даласында жаңа шаруашылыққа бейімделген алғашқы аймақтардың бірі осы шығыс өңірі болды. Шығыс Қазақстанды ерте темір дәуірінде мекендеген көшпелі тайпалар Алтай мен Тарбағатайда, Зайсан ойпатында, Ертіс бойы далаларында Берел, Шілікті, Елекесазы, Қырықоба сияқты археологиялық кешендерді қалдырды. Аталған кешендерде елімізбен, шетелге танымал З.Самашев, Ә.Төлеубаев және т.б. археолог ғалымдар жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде табылған жәдігерлер ерте темір дәуіріндегі адамдардың өнерлерінен, олардың заттар арқылы кодталып берілген дүниетанымдарынан, рухани және материалдық мәдениетінен мол мағлұмат береді.

Бірінші мыңжылдықтың ортасында Ұлы дала төсінде Орхоннан Дунайға дейінгі алып аумақта құдіретті Түркі қағанаты құрылады. Кейіннен түркі қағанаты екіге ыдырап, Шығыс өңірінде Алтай мен Гималайдың, Ертіс пен Дунайдың аралығын қамтыған алып империя Батыс түркі қағанаты салтанат құрады. Тарбағатай тауының төріндегі Елекесазы жайлауында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қағандық мәнерде жасалған көне түркілік ғибадатхана, Шыңғыстаудың баурайындағы Сарыкөл кешенінен табылған алтын, күміс тостағандар, Семей, Өскемен, Зайсанның музейлерінде сақтаулы тұрған тас мүсіндер Шығыс өңірінің Батыс түркі қағанатының рухани және саяси орталықтары болғандығын көрсетеді.

Нарративті дереккөздер Жоғарғы Ертіс бойын IX-X ғасырлар аралығында қимақтар (имектер) деп аталатын ірі тайпалық одақтың мекендегенінен хабар береді. Сол дәуірдің аңызымен бізді тербеткен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» кесенесі осы шығыс жерінде тұр. Қарақоба, Аян, Зевакино және т.б. қимақ дәуірімен мерзімделетін кешендерде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде алынған қобызға ұқсас музыкалық аспаптар, безендірілген ат-әбзелдерінің табылуы қимақ мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Қазіргі Шығыс Қазақстан жерінде XI-XIII ғасырларда Найман хандығы салтанат құрды. Хандықтың алғашқы аумағы Орхоннан Ертіске дейінгі аумақты, Алтай-Тарбағатай таулы өлкелерін қамтыды. Рашид ад-Дин өз еңбегінде «Наймандардың хандары қадірлі, қуатты, олардың халқының саны көп, әскері де қуатты болды» деп жазады. Ортағасырлардағы көшпелілердің тарихын зерттеуші мамандар Найман хандығы Орталық Азияның шығысындағы көшпелілердің ең өркениеттісі болды деген пікір білдіреді.

XIII ғасырда Шыңғыс хан құрған империяның құрамындағы Дешті Қыпшақ, қазіргі Қазақстан аумағында Жошы ұлысы немесе Алтын орда деп аталған көшпелі мемлекет орнығады. Алтын орда Жошының ұлы Батудың кезінде гүлденіп, дамып, Шығыс Еуропа мен Еуразия даласының көптеген жерлерін бағындырады. Жошы ұлысы Зайсан ойпатынан Дунайға дейінгі территорияны өзіне бағындырады. Жошының үлкен ұлы Орда Ежен Бату

жорыққа кеткенде осы Ертістің бойында орда тігіп, хандық жүргізеді. Орда Еженнің ордасы Жоғары Ертіс бойындағы Гардизи жазған қимақ қалаларының бірі болуы мүмкін деген болжамдар бар.

XV ғасырда Алтын орда мемлекеті жеке хандықтарға ыдырап, Қазақ хандығы деген жеке хандық пайда болады. Хандықтың басында Керей мен Жәнібек хандар тұрды. Қазақ хандығының күшеюі Қасым ханның тұсына келді. Осы кезде Шыңғыс ханның Жасақ заңына негізделген қазақ хандарының жасаған заңдар жүйесі пайда бола бастады. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», немесе «Қара қылды қақ жару» деген сияқты әділет жолы осы заң ережелерінде алғаш көрініс тапқан болатын. Қазақ хандығы дәуірі еліміздің тарихында сындарлы кезең болды. Қазақ елі шығысында Ойрат, Қалмақтардан, оңтүстігінде Орта Азия хандықтарынан, батысы мен солтүстігінде башқұрттардан төнген қауіп-қатерлерге тойтарыс беріп отырды. Бұл қазақ жерінде шаршы топта сөз бастайтын шешендер мен қол бастайтын батырлар институтының қалыптасуына әкеліп соқты. Ақтамберді жырау, Абылайдың Дарабозы атанған Қаракерей Қабанбайдың қасына жиналған батырлар уыстан шығып кеткен Шығыс жерін жау қолынан азат етіп, қазақ хандығының құрамына қайтарды. Сол заманның батырлары Қабанбай, Боранбай, Барақ, Тоқтамыс және т.б. батырлардың жүрген, жерленген жерлері – күні бүгінге дейін халқымыздың қасиетті санап, басына барып түнейтін қасиетті орындарының бірі.

XVIII ғасырдың аяғында Қазақстан жерінің көпшілік бөліктері сияқты Шығыс Қазақстан жері де Ресей құрамына енген еді. Қазақ даласына жаңа дәуір келді. Патшалық тәртіп жүздеген жылдар бойы қалыптасқан тәртіпті өзгертті. Дегенмен қазақ халқы өзінің түп-тамырын жоғалтпай, барлық қиындыққа төзе біліп халқымыз жаңа өрісте дами бастады. Дана Дулат, хәкім Абай, данышпан Шәкәрім, кемеңгер Мұхтар сынды алыптар шықты. Ф.М.Достоевский Семейде тұрып шығармаларын жазды.

Шығыс Қазақстан өңірі түрлі-түсті металдарға бай өлке. Өлкенің байлығын игеру үшін Ресейдің ішкі губерниясынан шаруалар келіп қоныстанып, Риддер (1784), Зырянов (1794), Белоусов (1797), Сокольный (1822), т.б. түсті металл кеніштері іске қосылды. 1844 жылдан Зырянов кеніші Алтай кен зауыттарының шикізат базасына айналды. Ресейде басыбайлылық құқықтың жойылуы салдарынан арзан жұмыс күшінен айырылған және техникалық қайта құруды керек еткен Алтайдың кен өнеркәсібі күрт құлдырай бастады. Оны осы кезде Алтайдың кен өнеркәсібінің негізгі өнімі болып саналатын – күміс бағасының арзандауы ушықтырып жіберді. Алтай зауыттарының түгелдей дерлік жабылуымен бірге Алтайдың басыбайлылық кен өнеркәсібі ауданы, кейбір полиметалл кеніштері австралиялық, ағылшындық, франциялық, т.б. шетелдік капиталға концессияға берілді.

XIX ғасырдың соңынан бастап Семей қаласында өңдеу өнеркәсібі біршама дами бастады. Оның негізгі салалары: ұн тарту мен жүн жуу болды.

Жиналған астық пен бидай ұны Ертіс арқылы кememен 600 км-дей жердегі Сібір темір жолына жеткізіліп тұрды. Ал Қазақстанның бүкіл шығыс бөлігінен және ішінара Шыңжаң аймағынан (Қытайдан) жиналып әкелініп, Семейде жуылған жүн алғашқы өңдеуден өткеннен соң еуропалық Ресейдің шұға фабрикаларына жеткізілді. Өнеркәсіптің бұл екі саласынан басқа облыс жерінің әр тұсында орналасқан ірі елдімекендерде арақ-шарап пен сыра қайнату, сондай-ақ тері илеу, тон тігу, май және сабын қайнату өндірістері де болды. Зайсан, Марқакөл, Алакөл көлдері мен Ертіс өзенінің салаларында балық аулау кәсібі, Риддер мен Алтай ағаш және темір ұсталық кәсіптер орын алды. XIX ғасырдың екінші жартысында Ертіс өзенінде пайда болған кеме жол қатынасының маңызы күшейді. Кемелер Семейден Омбыға дейін, Зайсан көлі мен Қара Ертіс бойымен жоғары көтерілді.

Шығыс Қазақстан облысы Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында елеулі дами қойған жоқ. Тек XX ғасырдың 30-жылдары ауыл шаруашылығын ұйымдастыру және елді индустрияландыру науқанын жүзеге асыруға байланысты Кенді Алтай Қазақстандағы түсті металлургия мен кен өнеркәсібінің ең ірі орталығына айналды. Алтайдың қазақтар тұратын бөліктерінде сан алуан елдімекендер пайда болды. Облыс экономикасының әрі қарай дамуына Түркістан – Сібір темір жолы мен Локоть – Риддер және Өскемен – Зырянов темір жолын салу, Ертіс өзенінің көліктік маңызын көтеру, Түрксіб темір жолы Жаңғызтөбе стансасынан басталатын "Шығыс айналма жолы" деп аталған жақсартылған қара жол салу едәуір әсер етті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары облыс экономикасы тез қарқынмен дамыды. Ертіс өзенінде Бұқтырма, Өскемен және Шүлбі электр стансалары салынды. Кенді Алтай бойында түсті металл өндіретін жаңа кеніштер мен оны өңдейтін металлургиялық кәсіпорындар, Семейде бұрынғы одақ көлемінде қуаты жағынан КСРО-да екінші орын алған ет комбинатының қуаты артып, Өскеменде титан-магний комбинаты, жасанды жібек комбинаты сияқты көптеген өнеркәсіп орындары пайда болды. Республикалық маңызы бар Алматы – Семей және облыс ішінде өнеркәсіп орындарын темір жолы стансаларымен және ауылдық елдімекендерді ірі қалалармен, аудан орталықтарымен байланыстыратын облыстық маңызы бар көптеген автомобильдік жолдары салынды.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде еліміздің тарихында өшпес із қалдырған тарихи тұлғалар, тарихи жерлер қайта жаңғырып, еліміздің қасиетті орындары мен нысандары тізіміне енгізілді. Жалпы облыс бойынша 17 жалпыұлттық, 26 өңірлік киелі нысан тіркелген.

АБАЙДЫҢ «ЖИДЕБАЙ-БӨРІЛІ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ КЕШЕНІ – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстанның киелі картасына енгізілген киелі нысандардың бірі. Жидебай жері қазақтың ойшыл ғұламалары Абай мен Шәкәрімнің жатқан жері болса, Бөрілі – заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің туып-өскен ауылы. Аталған тарихи-мәдени кешенге Абайдың музей үйі, Абай-Шәкәрім кесенелері, Абайдың аналары Ұлжан мен Зеренің мазары, Кеңгірбай би кесенесі, М.Әуезовтің музей үйі, Шәкәрімнің саят қорасы, т.б. енген.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне қарайтын Жидебай мекенінде орналасқан Абайдың музей-үйінің маңайындағы тарихи ескерткіштер мен тарихи орындарды қамтыған 6400 га жер, ақынның 150 жылдығы қарсаңында ҚР Үкіметінің арнайы 05.04.1990 жылғы №141 қаулысымен «Жидебай қорығы» статусымен ұлы ақын музейінің қарамағына берілді. Бөрілідегі М.Әуезовтің музей-үйі 1997 жылы қайта жабдықталып, жаңғыртылады, ал 2015-2020 жылдары музей-үйге ғылыми-реставрациялық жұмыстары жүргізілді. Жидебайдағы Абайдың музей-үйі 1945 жылы Абайдың туғанына 100 толуына орай ақынның қыстауы музей-үй болып ұйымдастырылды. Ғимаратқа ақынның 175 жылдық мерейтойына орай ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізілді.

Абай ауданының Жидебай қонысындағы «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені көпшілік баратын киелі орындардың бірі. Сәулетті «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені Абай хакімнің 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО шешімімен әлемдік деңгейде атап өту шаралары қарсаңында орнатылған. Кешеннің құрылысы 1993 жылы басталған болатын. Сәулетшілері – Б.Ибраев, С.Ағынтаев, А.Қарпықов, жобалаушы – Т.Ержігітов, суретші – Қ.Алтынбеков. Платформа екі бейітті – Абай мен Шәкәрім зираттарын қосып тұр, олардың арақашықтығы – 140 м. Бұл платформа биіктігі бойымен қазақтардың мифологиясындағы Әлемнің үш деңгейіне сәйкес үш бөлікке бөлінген. Кесенелердің келбеті мұнара тәрізді, бір-бірінен пластикалық қасбетімен және күмбездерінің қалай біткендігімен ерекшеленеді. Бұларға қоса диаметрі 36 м болатын «Орталық Азиядағы жазба мәдениет тарихы» музей орны, келіп-кетушілерге арналған қонақжай, амфитеатр, мешіт салынды. Бұрын осы орынға жерленген Абай, Оспан, Шәкәрім, Ахат бейіттерін қозғамай, солардың бәрін ішіне ала тұрғызылған кесене құрылысы көшпелілер мәдениетіне сай қазақ халқының космогониялық таным-зердесін бейнелейді. Абай-



дың анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің зираты да Жидебай қыстауында тұр. Сонымен бірге бұл кесенеден Самарқандағы Гүр-Әмір, Аградағы Тәж-Махал кесенелерінің үлгісі де байқалады. Кесене құрылымында ислам әлемі мен Қазақстандағы жерлеу дәстүрінің негіздері сақталған. Шағын мешіттің төрт күмбезді, орталық бағаналы пішіні де тек қазақ дәстүріне тән. Мемориал композициясында бастан-аяқ тұтастық сақталған. Оның барлық ғимараты бірін-бірі толықтырып, даланың кеңдігімен үйлесім тапқан. Құрылыс жұмыстарына негізінен Маңғыстаудың ұлу тастары пайдаланылған.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың ақындық әлемінің мағыналық ауқымы өте кең. Абай мұрасы өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейтесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия. Оның өлеңдерінде, қара сөздерінде сол замандағы қазақ халқының өмірі көркем бейнеленген шындығы жатыр. Хакімнің «Қара сөздері» әлемнің жүздеген тіліне аударылып, адамзат игілігіне жарап отыр.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931) – ақын, жазушы, философ, шежіреші-тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі туған немере інісі, Хакім негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын көре білуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Шәкәрім Құдайбердіұлы Абай бағытын ұстанды. Өз заманында қазақ арасындағы аса білімдар адамдардың бірі болды. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білді. Бойында табиғи таланты, ақындық дарыны бар Шәкәрімнің өмірдегі ұстазы, мектебі, университеті – Абай болды.

Қазіргі таңда ұлылар өмір сүрген қасиетті өлкеге тағзым ете келушілер, Жидебайдағы Абайдың музей-үйіне келетін туристер саны жылдан-жылға артуда.

АБЛАЙКИТ БЕКІНІС-ҒИБАДАТХАНАСЫ – 1654 жылы Қалба жотасында салынған сәулет өнерінің ескерткіші. Өскемен қаласының оңтүстік-шығысынан 70 шақырым жерде, Сібе көлдерінің жағалауында орналасқан. Ертіс өзенінің сол жағалауы мен Қалба сілемдерінің басым бөлігі Аблайкиттің негізін қалаушы – Абылай тайшының иелігінде болған. Ғибадатхана тіктөртбұрышты платформада орналасқан.

Аблайкит XVII ғасырдың 50-60-жылдарының ортасындағы



будда құндылықтарын сақтайтын ірі діни орталық болған. 1720 жылы ғибадатхана үйінділері арасынан будда иконалары, әртүрлі құдайлардың мүсіндері табылған. XVIII ғасырдың басында будда ғибадатханасы аумағынан жауынгер мүсініндегі шырағдан, жауынгер мүсініндегі ыдыс, құдай-ананың мүсіні сияқты қола мүсіндер табылған. Аблайкиттен табылған олжалардың хронологиялық шегі V-VI ғасырдан XVI-XVIII ғасыр аралықтарын қамтиды. Бұл – осы өңірдің Ұлы Жібек жолының бір торабы болғандығының көрінісі.

Жазба деректер мен археологиялық қазба жұмыстары Аблайкит лама ғибадатханасының, қазақ елінің Орта және Таяу Шығыс елдерімен саяси және мәдени байланыстарының болғандығын көрсетеді. Ғибадатхананың суреттері мен сипаттамасы алғаш рет ғылыми экспедиция мүшелері Г.Ф.Миллер, П.Паллас және саяхатшылар Е.Мейер, П.Чихачевич және т.б. еңбектерінде кездеседі. Аблайкит туралы деректер И.Г.Гмелиннің, С.С.Черниковтың еңбектерінде баяндалған. 2017-2019 жылдар аралығында академик К.М.Байпақовтың басшылығымен Аблайкит ғибадатханасында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

АЙПАРА-АНА МАЗАРЫ – XX ғасырдың 90-жылдары Айпара-ананың бейітінің басына тұрғызылған сәулет ескерткіші. Мазар Абай ауданы Қарауыл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 15 шақырымда, Бөкенші өзенінің жағасында орналасқан.

Айпара – Абайдың төртінші атасы Айдостың әйелі, қазақ ұлтына есімі



мәлім, беделді, әулие ана. Ол өткір мінезді, сыншыл, ақынжанды адам болған. Айпара туралы деректер Абай өлеңдерінің жинақтары мен М.Әуезовтің зерттеу еңбектерінде кездеседі. Жазушы О.Бөкеев «Мұзтау» деген повестер жинағына («Жазушы», 1973) енген «Айпара» шығармасында Айпара бейнесін сипаттап жазып шыққан.

Айпара анамыздың аналық мейірімі, ақтабан шұбырынды кезіндегі ерлік еңбегі, ұрпағының болашақтағы болмысы жөнінде айтқан сәуегейлігі жөнінде көп айтылған. Оның Тобықты жұртының Шыңғыстауға көшіп жорық жолында еліне ақылы, қайратты жігерімен жөн сілтеген және сәуегейлігі, сыншылдығы айрықша болған. Айпара ананың Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай деген төрт ұлына: «Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым, Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым, Әрі де кетпес, берді де кеспес Топайым, Сірә да, оңбас Торайым....», – деп айтқан сыны Алланың арнаған тағдырын дәл басқандай.

Абай елінің қадірлі азаматы Қонысбай Төлеубековтың (1997-2002) бастауымен Айпара басына «Ана» атты кешенді ескерткіш орнатты. Ескерткіш Шыңғыстаудың екінші Хан биігі іспетті Кеңгірбай, Қара-

менде, Көбей, Өскенбай, Құнанбай, Бөжей, Байсал, Қаратай, Мамай, Тоқтамыс, Мотыш, Доғал сияқты елді ел еткен би, батырлар мен Абай, Шәкәрім, Мұхтар, Көкбай, Байкөкшедей ақын-ойшылдарды дүниеге әкелген күллі алтын құрсақ аналарға деген құрметтің символы болып асқақтап тұр.

АҚБАУЫР ТАРИХИ-АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІ – Ұлан ауданы Бестерек ауылының маңында орналасқан ескерткіш. Кешен аумағындағы археологиялық ескерткішке әртүрлі дәуірлердің петроглифтері, қола дәуір қорымдары, сирек археологиялық кешендер – «мұртты» обалар, ерте темір ғасыр обалары, ерте орта ғасырлар дәуірімен мерзімделген жерлеулер шоғырланған. Жартастарында б.д.д. V-III мыңжылдықтарда жоса (сары я қызыл қошқыл түсті минерал бояу) бояумен салған суреттері бар үңгір ерекше орын алады. Бұл жерде маусымдық – күнтізбелік циклге жататын күрделі діни жөн-жоралғылар мен жерлеу, тәу ету әдет-ғұрыптары ғана өткізіліп қоймаған, сонымен қатар күнге, ай мен жұлдыздарға астрономиялық бақылау жасалып, күн мен түннің теңесуін және күннің тоқырауын белгілеп отырған.



Ежелгі адамдар аспан кітабын алақандағыдай оқи білген сияқты. Жеті Қарақшы жұлдызы бейнеленген және күн сағаттарымен белгіленген алаң – гранит плиталар сақталған ежелгі астрономиялық зертхана. Гранит массивінің жанында осы жерге қонған ғарыш кемесінің түсу сәтін сипаттайтын таңбалар мен белгілер сақталған үңгір тұр. Қуысқа апаратын тастан жасалған баспалдақтар да ғарыштық таңба – әлем шыңына көтерілумен байланысты. Үңгір таңбаларының арасында Күн белгісін білдіретін түрлі айқыш-крестер бар.

Зерттеушілер мұнда жүйелі астрономиялық байқау өткізілген деген ғалымдардың тұжырымдарын растайды, ал неолит дәуірінің сызбалық петроглифтері пиктографиялық (пиктограмма – шартты суреттермен таңбаланатын ежелгі жазу түрі) хаттардың пайда болуын көрсетеді. Жартастардың бірінде жасанды тесік бар. Егер олардың біреуіне су құйса, онда көктемгі күн мен түннің теңелуінде күн сәулесі көрініп, жоғарғы тесікке түседі. Жартастың жанында үлкен тас тұр. Онда да бильярд шарларына арналғандай тесік бар. Мұнда тас ұңғыларының пішінін қайталайтын руда құймалары, шатқал аумағында үлкенді-кішілі домна пештерінің қалдықтары табылды. Осы жерден бірнеше жүз метр жерде жергілікті жануарлар – марал, сібір тауешкілері – теке, арқарларды бейнелейтін петроглифтер бар. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, «Ақбауыр» кешені энергетикалық және ақпараттық генератор болып табылады. Бұл бірегей орынға 22 наурыз және 22 қыркүйекте барған қолай-

лы. Бұл – көктем мен күзгі күн теңелуінің уақыты.

Толық зерттелмегендіктен Ақбауыр жұмбағы хақында болжамдар аз емес. «Тастан тұрғызылған құрылысы күрделі ескерткіш-гротерте дүниедегі аспан әлемін бағамдайтын обсерватория емес пе екен?» дейтіндер де бар. Өйткені ата-бабаларымыз жұлдыздардың қозғалысы арқылы уақыт есебін жүргізіп, түрлі табиғат құбылыстарының алдын алып отырған. Ақбауыр жөнінде Бестерек ауылының ақсақалдарының сөзіне сенсек, күннің үңгірдің дәл ортасына түскен сәулесі арқылы Наурыздың келгенін анықтаған екен. Демек, Жаңа жылды тойлау жоралғысы осы арада өткен. Бұл бір болжам ғана. Ал Ақбауыр болса, өз сырын ішіне әлі күнге бүгіп жатыр. Бұл жұмбақтың ашылар сәті алыс емес. Археолог З.Самашевтің басшылығымен 2019 жылы басталған ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде жартас суреттері мен жерлеу кешендерін қалдырған тайпалардың тұрғын жайлары зерттелуде. Зерттеу нәтижесінде ежелгі адамдардың жер өңдеу құралдары, қыш ыдыстары табылды. «Қола мен ортағасырлардағы Алтай-Тарбағатай аймағы» облыстық ғылыми жобаның аясында зерттеу жұмыстары жалғасуда.

АҚБЕРДІ ӘУЛИЕ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген абыз ақсақал жатқан қорым. Ақсуат пен Үржар өңірлері аралығында Тарбағатай тауларын мекендеген Ақберді әулие ел сөзін ұстанған әрі болашақты болжай білетін көріпкел болған деседі. Аңызға сенсек, әулие жасын (найзағай) жайғастыратын қасиетке ие болыпты. Дүниеден өтер шағында өзін Барқытбелдің биік шыңдарының біріне жерлеуді өтінген. Ұрпақтары абыз өтінішін орындап, Тарбағатайдың теңіз деңгейінен 3 000 метр биіктіктегі шыңына жерлейді. Содан бері шың «Ақберді» аталып келеді. Жол шеккен жолаушылар мен мал баққан қазақ баласы әулие қорымына тәу етіп, құрбандық шалып өтеді. Ақберді шыңында жазғы маусымда шыбын-шіркей, маса мүлдем болмайды. Зеңгір көгінен ұшпа бұлт кетпейтін шыңның сай-саласында, шатқалдарында мәңгілік қар жатады.

Көне түркілер мен сақтардан қалған таңбалар-петроглифтердің мол қоры Ақберді шыңында сақталған. Ақберді әулиенің өзін осы жерде жерлеуін аманаттап кетуінде тарихи жады арқылы жеткен сыр бар. Ақберді жазығы байырғы замандарда көшпелі тайпалардың діни орталықтарының бірі болған. Осы жерде көшпелілер өздерінің діни-көзқарастарына сай жоралғылар жасап, көшпелілер күнтізбесінде кездесетін атаулы күндерді осы жерде өткізетін болған. Ежелгі тайпалар өздерінің кие тұтқан жануарларын тас бетіне сурет етіп қа-



шап салған. Ақберді әулие байырғы ата-бабасының діни-культтік орталығын осы үшін арнайы таңдаған.

АҚБЕРДІ ПЕТРОГЛИФТЕРІ – Үржар ауылының солтүстік-шығысында орналасқан петроглифтер кешені. Суреттер арасында өзінің құрамы, стилистік ерекшеліктері, салыну техникасы мен әралуандылығы жағынан қызықты да құнды материалдарды кездестіруге болады. Олардың ішінде бір жазық бетте толығымен тау ешкілердің кескіндері бейнеленген. Басым бөлігі бастарымен солға қарай бағытталып бейнеленген. Ешкі бейнелері мүйіздері тұлғасынан бірнеше есе ұзын параллельді ирек сызықтармен көрсетілген. Келесі бір тас қырының бетіне де бірнеше тауешкінің бейнелері салынған. Мұндағы кескіндерде олардың дене тұрқы ұзына бойы созылған қалыпта суреттелген.

Тағы бір тегістіктің бетіне ортасында шыбықтары бар дөңгелек бейнесі салынған. Шыбықтардың саны жеті, олардың өзі бастауларын кіші тұйық дөңгелектен алады. Негізгі дөңгелектің қабырғалары осы жеті шыбықты қосу арқылы жасалынған. Осылайша үшбұрышталып келген шыбықтардың арасындағы кеңістіктің орта тұсына нүктелер салынған. Қара түсті үлкен қара тастың қырына жоғарыда сипатталған кескіндегі екі дөңгелек бедерленген. Олар бір-бірінe жабыстырылып, орталарындағы сызықша арқылы жалғанған. Бейнесі анық байқалатын сол жақтағы дөңгелекке қатар тұрған екі жылқы байланған образды беретін кескін бар. Жылқылардың тұрқы ұзынша созылған қалыпта бейнеленген. Мойындары ұзын. Желке тұстарындағы тік сызықшалар жалды бейнелеп тұрғандай. Төрт аяғы да тік түсірілген сызықшалар түрінде ғана берілген. Құйрықтары көлбей төменге қа-



рай созылып жатыр. Жоғарыдағыдай тағы бір кішірек қара тастың қырына жалғыз салт атты кескіні бейнеленген. Жылқының образы аяндап бара жатқан қалыпта берілген. Аяқтары екі тік келген сызықша арқылы салынып, денесі ұзына созылған. Үстінде адам бір қолымен жылқының езуінен бастау алатын тізгінді ұстап отырса, екінші қолында белгісіз бір зат кескінделген (қару, қамшы?).

Осы кешендегі келесі бір кішірек қара тастың бетіне бірнеше сурет берілген. Оның бірі түсініксіз бейнені беретін сурет. Ол тастың оң жақ бетін толық алып жатыр. Тастың сол жақ бетінің жоғарғы жағына бағыты солға қарай бағытталған түйе суреті салынған. Түйе басын тік ұстаған. Денесі ұзынша келген. Екі өркешінің арасы бір-бірінен алыстау орналастырылған. Аяқтары тік, бірақ төмендеген сайын сәл ішке қарай көлбей берілген. Түйе бейнесінің төменгі жағында, сәл солға қарай тауешкінің образы сомдалған.

Тағы тастың бетіне шытырманның (лабиринт) бейнесі кескінделген. Ортадан бастап шиырланған шытырман алты орамнан тұрады. Сыртқы шыға берісінде екі қатар сызықтан тұратын жол тәрізді жолақ кетеді.

АҚТАМБЕРДІ САРЫҰЛЫ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Абай ауданы Жүрекжота мекенінде орналасқан.

Ақтамберді Сарыұлы (1675-1768) – қазіргі Оңтүстік Қазақстандағы Қаратауда дүниеге келген қолбасы, қазақтың көне жыраулық мектебінің белді өкілі, дипломат. Ес білгеннен бастап 70 жыл бойы ат үстінен түспей, елі мен жерін қорғаған қас батыр, айтулы шешен, қабырғалы би болған тұлға. "Он екіде аттанып, қылыш ілдім білекке" деп өзі жырлағандай, 1738-1752 жылдары қазақ-қалмақтың қанды қақтығыстарының барлығына дерлік қатысып, "Ақтабан шұбырынды" оқиғасының зұлмат қан кешуін бастан өткерген. 1742 жылы Орта жүз ру басшыларының Орынборда ант беру жиналысына өкіл болды.

Ақтамберді қысқа нақыл, шешен сөздің шебері. Тұрмыстың қыр-сырын, отбасы, елдік, ерлік, жер мәселелерін жырларында жақсы бейнелейді. Қазақ жауынгерлерінің азаттық, құлдық жөніндегі түсініктері, көшпелі халықтың тыныс-тіршілігі, болашаққа деген сенімі, адалдық-жауыздық, қиянат, әділетсіздік хақындағы таным-түсініктері Ақтамберді талғамынан өтіп жыр-толғауға айналған. Оның қазіргі қолда бар жырлары 300 жолдан аспайды. Азғантай қазынасының өзі афоризмдерге толы. "Уа, қарт Бөгембай", "Менімен ханым ойнаспа", "Жауға шаптым ту байлап", "Заманым менің тар болды" және тағы басқа өлең-толғаулары батылдыққа, ізгілікке, патриоттық күй-сезімдерге толы. Ақтамбердінің "Балаларыма өсиет" деп аталатын толғауы соңғы туындыларының бірі болса керек. Жырау балаларын тірліктегі бірлікке, талап мұратқа, татулыққа үндейді. Жас ұрпақтың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруы елді мақсатына жеткізерін ескертеді. Халықты алауыз мінездерден сақтандырады.

Жауынгерлік поэзияның үздік үлгілері – «Күлдір-күлдір кісі-



нетіп», «От басар орны отаудай» толғаулары тағы басқа өлеңдері қазақ поэзиясының алтын қорына қосылды. Әуезов «Қазақ КСР тарихының» 1-томындағы (1957) «Қазақтың ауыз әдебиеті» тарауында XVIII ғасырдағы жыраулық поэзияны талдай келіп: «Ақтамберді жырау эпостық жанр ақыны еді. Өзінің толғауларында ол батырлардың ерлігі мен батылдығын таңдана жырлады» деген. Ақтамберді толғаулары мен жырлары С.Мұқановтың "Қазақтың 18-19 ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер" (1942), "Ертедегі әдебиет нұсқалары" (1967), "Алдаспан" (1971), "15-18 ғасырдағы қазақ поэзиясы" (1982), "Бес ғасыр жырлайды" (1985) жинақтарына енгізілген.

АҚТАС ТАУЫНДАҒЫ ҚОҢЫР ӘУЛИЕ ҮҢГІРІ – Шыңғыстаудың батысындағы есте жоқ ескі заманнан бері киелі орын саналған табиғи нысан. Үңгір Абай ауданы Саржал және Қарауыл ауылының арасында орналасқан. Үңгірдің тар аузы Шаған өзенінің жарқабақты жиегінен 80-100 метр жоғары тұр. Негізі үңгірдің оң жағында тар қуыс бар, ол үлкен бөлмеге ұласады. Бұдан солтүстік бағытта үңгір төбесі 2 күмбезді болып келеді де, көлге жалғасып аяқталады. Негізгі бөлменің төрінен көлге шығар жолда бөлме бар. Үңгір ауасының температурасы 10 градустан аспайды.

Үңгір, оның ішіндегі көлшік суы қасиетті саналып, ғасырлар бойы елдің тәу етіп, құрбан шалатын жеріне айналған. Қазіргі кезде Қоңыр әулиенің басына келушілерге арнап кісі қабылдайтын кешен тұрғызылып, қонақ қабылдау қызметі толық көрсетіледі. Ел арасында тараған аңыздар Қоңыр әулие үңгірінің пайда болуы, Қоңыр сөзінің мағынасына қатысты бірнеше болжамдар бар. Үңгірдің кіре берісінде қойылған тақтайшаларда сондай аңыздардың бір тобы берілген. Сол аңыздардың ішінде мына бір аңызда Қоңыр әулие үңгірінің пайда болуы былайша түсіндіріледі:

«Әлемді топан су басып, Нұх пайғамбар кемесіне күллі хайуанның тұқымы мінген кезде біразына орын болмай қалады. Құлан, Қыран, Қоңыр әулиелер орын болмаған соң ағаштан сал жасап, Нұхтың кемесіне тіркеледі. Ағынмен келе жатқан кезде үш әулиенің салы үш жаққа



кеткен дейді. Топан су қайтып, тау-тастар көріне бастаған кезде әулиелердің салы үш тауға бөгеліп қалыпты. Қоңыр әулиенің салы ең соңғы болып үңгірге тірелген көрінеді.

Қоңыр әулие үңгірінің түп жағында жылап аққан бұлақ көзі бар. Жұрт оны шипалық қасиеті бар деп ем үшін ішеді. Үңгірге түскен, жалбарына барған адам ауруынан айығады, дүниеге ұрпақ әкелуден үміт үзгендер «Қоңыр әулие» үңгірінің қараңғы жерлеріндегі тылсым күштерден тілек тілесе перзентті болады деп сенеді. Үңгір киелі саналып, адамдардың көптеп баратын ғибадат орнына айналған. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, ата-бабалары соғыс кезіндегі үзілістерде осы жерге келіп жараларын емдеген. Қоңыр әулие жайында 1892 жылы «Витебские губерненские ведомости» газетінің №63 санында мынадай дерек берілген: «Қоңыр әулие – қазақтардың Семей маңындағы әулие үңгірі, онда адам бойындай әйелдің мүсініне тәу етуге көптеген адамдар келіп жатады. Оның айналасында тастан жасалған ұсақ заттар, моншақ және қола мүсіндер шашылып жатады. Әулие маңында құрбандық шалынады, індет болған жағдайда ауырған мал да осы жерге әкелінеді».

АҚШОҚЫДАҒЫ ҚҰНАНБАЙ ӘУЛЕТІ ҚОРЫМЫ. Ақшоқы – Абай ауданының солтүстігіндегі таулы мекен. Бұл жерде Абайдың қыстауы орналасқан. Ақшоқы Үлкен, орта және шеткі деп өзара іштей бөлінеді. Шеткі Ақшоқыны Құнанбай Ақшоқысы деп бөлектеп жатады.

Ақшоқы таулы мекені – Өскенбай әулетінің ата қонысы, тарихы бай жер. Ақшоқы тауының Ералы жазығымен жалғасатын ортаңғы бөлігіндегі шоқы – Үлкен Ақшоқы, Кіші Ақшоқы деп те аталады. Құнанбай Үлжаннан туған балалары – Тәңірбердіні 20 жасында, Абайды 16 жасында, Ысқақты 14 жасында үйлендіріп, Абай мен Ысқақтың еншісіне осы Ақшоқыны береді. Үлкен Ақшоқыда Абай Ділдәмен отау құрады. Осы жерде Абайдың тұңғышы Ақылбай дүниеге келеді. Абай Ақшоқыда өз жобасымен сегіз бөлмелі қыстау үйін салғызады. Абай қыстауының ішкі-сыртқы құрылысы М.Әуезовтің «Абай жолы» романының «Еңісте», «Оқапта» атты тарауларында суреттеледі. Кіші Ақшоқыда Абай Пушкиннің "Евгений Онегинін" қазақшаға аударады. Сол сияқты «Айттым сәлем, Қаламқас», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» атты өлеңдерін жазады. Осы Ақшоқының басында Найман мен Тобықтының билері үкім шығарып, Еңлік пен Кебекті өлім жазасына бұйырып, асау аттың құйрығына байлап, азаптап өлтіреді. Ақшоқыда Құнанбай Өскенбайұлының, Құнанбайдың балалары Тәкежан мен Ысқақтың, Абайдың балалары Әбдірахман мен Мағауия-



ның, Әубәкірдің әйелі Кәмәлияның, Кәкітай Ысқақұлының, Мұхтардың атасы Әуездің, Мағауияның немерелері Ғазел және Ишағы Жағыпарқыздарының бейіттері бар.

АЛАУ АДЫРЛАР ШОҚЫСЫ – екі шақырым жерге созылып жатқан Марс ғаламшарына тән қызыл қошқыл саздардан құралған табиғат қойнауы. Тарбағатай ауданы Ақжар ауылының солтүстік-шығысынан 20 шақырым жерде орналасқан.

Алау адырлар шоқысы 130 миллион жыл бұрынғы уақытпен мерзімделеді. Ауданы 2 га жерді қамтиды. Адырлардан табылған қалдық олжалар жоғары бор дәуірінің қалдықтары мен мезозой және төменгі неогенді кайназой дәуірлерінің қалдықтарының ұласпалы шегін айқындауға мүмкіндік берді. 1965 жылы тұңғыш рет КСРО территориясынан динозавр жұмыртқасы мен сүйегінің қалдықтары табылды. Палеофлорасы бойынша келесі өсімдіктер кездеседі: секвоя, шалшық кипарисі, платан, аралия, анепис, гингко, анепис, дебея. Маңырақ жотасының етегін ала орналасқан шоқыдан табылған ескерткіштің маңында бүгінгі кездері сирек кездесетін жануарлардың өкілдері – түз қыраны, ителгі қыран, жыланжегіш қыран, үкі, арқар, жалман, қалқанқұлақ тәрізді табиғат перзенттері тіршілік етеді.

Алау адырлар шоқысы миллиондаған жылдар бұрын Қазақстан территориясында ылғалды климат болғандығын көрсететін еліміздің керемет табиғат нысанының бірі.



Бүгінде Зайсан маңының шөлейтті даласына айналған Алау адырлар шоқысы замандарды ормандары жайқалған, жанға жайлы аймақ еді. Еуразия даласында б.д.д. 1-мыңжылдықта жүрген аридизация үдерісі Зайсан өңірінде жер бедерінің өзгеріп, шөлейттенуіне әкеп соқты. Осы үдеріспен бірге Ұлы Дала төсіндегі халықтардың шаруашылығы мен дүниетанымдарын өзгерткен көшпелі өркениеттің алғышарттары қалыптаса бастады.

АЛАКӨЛ КӨЛІ – Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағында орналасқан тұйық көл. Емдік қасиеті өте мол ағынсыз су қоймасы. Көлге 15-тен аса өзен құяды. Алакөл жағалауы, негізінен төрттік дәуірдің түрлі тау жыныстары – саз балшық, құмды топырақ, қиыршық тас, ұсақ құмнан тұрады. Мұндағы Арқаның қуаң даласындағы құрғақ ауа теңіз бетіндегі дымқыл ауамен араласып адамға жағымды әсер береді. Көл суы да минералды ресурстарға, йодқа, тұзға, химиялық элементтерге бай болғандықтан, судың денсаулыққа пайдасы медицинада дәлелденген. Кезінде Жібек



Жолының керуендері көл жағасын басып өткендіктен, ұзақ жолдан келген саяхатшылар жағалауда оның ауасымен демалып, көл суынан нәр алған екен. Кеңес үкіметі кезеңінде Алакөлде Ғарышкерлер үйі жұмыс істеді. Кеңестік ғарышкерлер ғана емес, басқа капиталистік алпауыт елдердің де көктен оралған ұшқыштары бойындағы радиациядан осы көлде арылған екен.

XII-XIX ғасырларда көл Түрге-Нор (моңғолдың көпір-көл), Алақтагөл, Алатеңіз, Алақта болып бірнеше атауға ие болған. Көлдің атауы Ала+көл – «Ұлы көл» деген көне түркі сөзі мен моңғол сөзінің бірігуінен алынған деген пікір бар (Ғ.Қонқашбаев). Судың түсі расында да түрлі түспен құбылып жатады: бірде таңғы тұнық ауада көгілдір болса, күн ұясына батар мезгілде көкшіл тартады.

АРҚАРБАЙ ӘУЛИЕ ШОҚАНТАЙҰЛЫ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Жарма ауданы Аршалы ауылы Бөлектас тауында орналасқан кесене.

Халық аңыздарына сай, Арқарбай Шоқантайұлы 1862 жылы Аршалы округінің Әлжан тауында туған. Бақсы, көріпкел әрі емшілік қасиеттері бар ерекше адам болған. Батасын алған кісілер тез арада сауығып кетеді екен. Жаяу жүргенде жүйрік-ақ, өмірінде пойызға, машинаға отырған емес. Елдің айтуына қарағанда, Арқарбай дуана «Ұшатын адам» атанған, дуана Арқарбай өміріне байланысты оны көзі көріп, жүздескен темiржолшы, Аягөз қаласының тұрғыны Жатәмір Әбділда былай дейді: «1937-1938 жылдары Ақтоғай-Жарма станцияларында пойыз шебері болып істейтінмін. Күз мезгілі. Кезекті пойыздың Жармадан жүруіне аз уақыт қалған-ды. Арқарбай дуананы станция басынан көріп сәлемдескен едім. Аягөзге бармақшы екен. Арқарбай менен: «Мына пойыз қашан жүреді» деп сұрады. «Қазір жүреді» деп жауап қаттым. Пойыз қозғалғанда оның қалып қойғанын көзім көрді. Төрт-бес сағаттан кейін Аягөзге келгенімде, вокзал алдында фонтандағы суға бетін жуып тұрған Арқарбайды көріп таңғалдым. Аягөз бен Жарма аралығы 110 шақырым. Арқарбаймен көрші тұрып, оны жақсы білетін бір қарт шешейден сұрағанымда, ол кісі: «Арқарбайдың көтеріп кететін киесі бар» деп еді.

Арқарбайдың қызы Аман апай болса: «Әкем бақи дүниеге аттанарда бізге «Мен өлмеймін, менің денемді жерлеген соң үш күннен кейін алып кетеді. Ақ түйе мініп, бүкіл әлемді кезіп, сендерді көріп жүремін. Бұл Бөлектаста ел қалмайды. Менің зиратымның басына ары-бері өткен ел дұға оқып, Құран бағыштап, сиынып жүретін қазандық орнатыңдар» деп өсиет қалдырып кеткен», – дейді. Айтқаны келіп, қазіргі кезде Арқарбай дуа-





наның зиратының басында ары-бері өткен адамдар дұға оқып, Құран бағыштап, сиынып жүретін үй бар.

АШУТАС ТАУЫ – табиғи геологиялық-палеоботаникалық ескерткіш. Күршім ауданынан 155 шақырым, Боран ауылының шығысынан 10 шақырым жерде, Қара Ертістің оң сағасында, Боран және Ардынка ауылдарынан жоғары орналасқан. Ашутастың ұзындығы шамамен 8, ені 1 км, биіктігі 411 м. Ашутас атауын Қара Ертіс суының үстінен табылған үшінші кезеңдегі субтропикалық өсімдіктер қалдықтарының қабаттарынан шығатын күкіртті иісіне бола алған. Бұл жерде 25 млн жыл өскен өсімдіктердің 80-ге жуық түрі кездеседі. Флора өкілдерінен – пальма, шетен ағаштары, бамбук, лавр кездеседі. Жәндіктердің, жорғалаушылардың және сүтқоректілер – шошқа тәрізді энтелодонттар мен мүйізтұмсықтардың іздері де ұшырасады.

XX ғасырдың басында ежелгі өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары алғаш рет табылды. Орыс географиялық қоғамының Омбыдағы Батыс Сібір бөлімшесінің музейінің қор сақтаушысы А.Н.Седельников Ашутас тауының ғылыми құндылығы өте жоғары екен деп баға берген. Ашутаста кездесетін өсімдіктердің 79 түрінің 45 түрі тек осы алқапта кездеседі.

Жаңбыр, күн, желдің әсерінен табиғат ескерткіші бүлініп жатыр. 1990 жылы Зайсанда болған жер сілкінісі салдарынан қатты зиян шекті. Сол жылы флора қабаттары топырақ астында қалып қойды. Қазіргі заманғы жартастарда сасық көкектер, көк қарғалар, үкілер ұялайды.

ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАН МЕШІТІНІҢ ОРНЫ – Абай ауданы Әбілпейіз (жергілікті тұрғындар Әлпейіс деп атайды) өзенінің жағасындағы кішкене төбенің үстіне тастан қалап салынған шағын көлемді діни орын. Мешіт Әбілпейіздің Орта жүз Найман еліне алғашқы хан болып келген 1745-1750 жылдары салынуы мүмкін. Тарихи деректерде бұл мешіт «Ханым патша мешіті» деп те аталады. Мешіттің бұлай аталуын кейбір деректер Әбілпейіздің бәйбішесі, Нұралы ханның қызы Патшайымның есімімен байланыстырады. Құрбанғали Халиди келтірген мәліметтерге сәйкес, бұл мешіттің іргетасы 1860 жылдарға дейін сақталып тұрған екен, мешіттің имамы

Аюб қожа болған. Бүгінде Аюб қажының ұрпақтары мұрын ішіне сіңіп кеткен. Мешіт орналасқан төбеден етекке қарай жергілікті халықтардың пікірлері бойынша, Әбілпейіз сұлтанның ішек-қарны жерленген шикі кірпіштен қаланған зираттың орны сақталған. Денесі Түркістан қаласында жерленген.

Әбілпейіз сұлтан Әбілмәмбетұлы – Қазақ хандығының XVIII ғасырдағы қарама-қайшылығы мен ұрыс-жорықтары мол кезеңіндегі көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Жоңғария мемлекеті құлағаннан кейін қазақтардың шығыс өңірге қоныстануын бастаған ұлыс билеушісі. Цинь империясымен арадағы қарым-қатынасты реттеу, Шығыстағы қазаққа қорған болу, шаруашылығын жүргізу сияқты зор міндеттер жүктелген тұлға.

Әбілпейіздің көзін көрген орыс офицері И.Андреевтің жазбаларында «1782 жылы Әбілпейіз сұлтан Семипалат бекінісінен 300 шақырым қашықтықтағы Шыңғыстау ішіндегі өз қыстауында отырды. Ол бұл жерді 40 жылдан бері тұрақты мекендеп келеді» деп көрсетілген. Әбілпейіздің 1783 жылы дүниеден өткендігін де осы И.Андреевтің: «1784 жылы ақпанда Әбілпейіз сұлтанның жылдығына қытай императорының бұйрығы бойынша Пекиннен 2 офицер, 50 мұңғұл, 50 қалмақ, 6 манчжурдан құралған делегацияны басқарып амбан келді» деген дерегі арқылы нақтылауға болады. Қарқаралы жақтан шығып, Шыңғысты бауырлай Аягөзге қарай баратын ескі керуен жолының «Хан жолы» аталу себебі Әбілпейіздің найман еліне төре болып алғаш келгендегі жолы болғандықтан болуы керек. Осы өңірдегі Ханкелді аталатын жер атауы да осы нұсқаны бекіте түскендей.



Әбілпейіздің жаңа қонысы Шыңғыстауда Қазақ хандығының рухани ұстанымын айшықтайтын белгі ретінде мешіт салуы сол кездегі жағдайға байланысты үлкен саяси мәнге ие болды, әрі сол өңірді қоныстанған Қазақ руларының үлкен қасиетті орталықтарына айналды.

ӘРІП ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ КЕСЕНЕСІ – Аягөз ауданы Майлин ауылынан 60 шақырым жердегі Жыланды жайлауында орналасқан. Кесене 2006 жылы ақынның 150 жылдық мерейтойына орай қайта салынды. Силикат кірпіштен 6 қырлы, алды мен артқы жағы ашық пирамида тектес салынған кесененің биіктігі – 6,85 м, көлденеңі – 4,5 см.

Әріп Тәңірбергенұлы (1856-1924) – Жарма ауданы Үшбиік темір жол бекетінің маңындағы Жыланды мекенінде дүниеге келген Абайдың талантты шәкірттерінің бірі. 11-12 жасында ауыл медресесінде, бастауыш орыс мектебінде оқыған. 1877 жылы Семейдегі уездік училищеге оқуға түсіп, оны 1881 жылы үздік

бітірген. Семейде оқыған кезінде Абаймен танысып, оны өзіне ұстаз тұтқан. 1882-1884 жылдары Сергиополь уезінде тілмаш болып істеді. 1884–1887 жылдары Шәуешек қаласында Ресейдің Қытайдағы елшілігінде тілмаш болып қызмет атқарды, одан кейін Қапалда, Бішкек және Алматы қалаларында пошта саласында істеп, 1890 жылы өзі туып өскен Қандығатай, Еңірекей болыстарында тілмаш болды. Әріп татар, орыс тілдерін жетік білумен бірге араб, парсы, түрік, қытай тілдерін жақсы меңгерген. Шығыс және орыс классикалық әдебиетін оқып, нәр алған. Бала күнінен ақындық жолға түсіп, ақындар айтысына қатысқан. Өлеңді қолма-қол суырып салып айтуға шебер, айтыс өнерінің өрен жүйрігі болды. Оның Сәдір, Қуанышбай, Қаумет, Боранбай ақындармен, Көкбай, Әсет сияқты Абайдың талантты шәкірттерімен айтыстары белгілі.

Әріп ақын шығыс шайырларының үлгісінде бірнеше дастан жазған. Оның 1884 жылы жазылған «Зияда-Шаймұрат» дастаны түрлі жылдары Қазан қаласында басылып шықты. Сондай-ақ, ақынның «Қисса-и Байрам», «Қожа Ғалон», «Нұрғызарун» сияқты дастандары махаббат тақырыбына арналған қисса үлгісінде жазылған шығармалар қатарына жатады. Әріп сонымен бірге, ислам дінін жақсы біліп, мұсылмандық әдет-ғұрыптарды зерттеген. Әріптің қиссашылдығын айыптаған Абайдың әділ сынынан кейін ол өз кезінің әлеуметтік өмір шындығын жырлауға бет бұрып,



қарапайым халық жоқшысы болды. Өлеңдерінің тақырып аясы кеңейіп, ғылым, білім, еңбек туралы шабыттана жырлап, сараң байлар мен жебір би-болыстарды, өтірікші-өсекшілерді, халық есебінен күн көруші пайдакүнем алаяқтарды сын тезіне алды. Көптеген өлеңдерінде қалың мал сияқты ескі әдет-ғұрыпты әшкерелеп, әйел теңдігі мәселесін батыл көтерді, өнер-ғылымды насихаттап, жастарды білім алуға шақырды. Әріп өз шығармашылығында Абайдың дәстүрін ілгері жалғастыра білді. Қапалда қызметте болған кезінде атақты ақын қыз Сарамен танысып, ғашықтық жырларын арнады. Біржан-Сара айтысын көркемдік жағынан қайта өңдеп, хатқа түсірді, баспаға ұсынып, мәңгілік мұра етіп қалдыруда көп еңбек сіңірді.

БАЙҒАРА БИ КЕСЕНЕСІ – Аягөз ауданы, Аягөз қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 55 шақырым жерде орналасқан XVIII ғасырдың сәулет өнері ескерткіші. Кесенені 1991 жылы Алматы архитектура және құрылыс академиясының экспедициясы (жетекшісі Е.М.Бәйтенов) зерттеген. Кесене қорымның оң жақ бөлігіндегі шағын дөңесте тұр.

Шикі кірпіштен шаршы жобамен (11,7х11,0 м) тұрғызылған кесененің үшкіл күмбезі болған. Бұл Аягөз өзені маңайындағы ескерткіштерге тән үлгі. Оңтүстік-батыс қабырғасындағы кіретін ойықтың ағаш жақтаулары бар. Күмбездің төрт қырында да үшбұрышты терезелер болғанға ұқсайды, қазір екеуі ғана сақталған. Кесененің ішкі жағында сарғыш түсті сылақтың ізі байқалады. Сағана шикі кірпіштен төрт бұрышты етіп жасалған, оның солтүстік бетіндегі қабырғасына осы заманғы темір тақта орнатылған. Оған жоқтау сөз жазылған.

Байғара Құттыбайұлы (1716-1791) – би, ақын. Атасы Нарымбай би Ташкентте бек болған, ал әкесі Құттыбай би қазақ тарихында асқан шешендігіне орай «Қу дауысты Құттыбай» атанған. Байғара ата-бабасының жолын үлгі етіп, билікке ерте араласқан. Зиялы ортада тәрбиеленген Байғара 16 жасында Оңтүстіктегі әулиелердің өлісіне зиярат, тірісіне қол берген, тауарихтық жолға түскен. Жетім-жесірге пана болған Байғара бидің әділдігін, шешендігін Дулат, Әсет ақындар жырға қосса, Біржан мен Сара айтысында оның өз заманының айтулы адамы болғандығы тілге тиек етіледі. Баласы Ақтайлақ би ақын, жырау Байғараның мектебінен шыққан 17 ақынның бірі.

Байғара би кезінде ел басқарған көсем, жұрт аузында сөзі жатталған шешен ғана емес, «қыдыр дарып, бақ қонған» қасиетті әулие адам болған. Ел арасындағы дау-шараларды шешу кезінде билік айтып, заманының келеңсіз көріністерін сынап өлең



шығарған. Оның адамгершілік, асыл қасиеттер жайлы философиялық толғаулары, үй-іші, ата-ана тағылымы мен жас ұрпақ тәрбиесі туралы тәрбиелік жыр-өлеңдері бар.

БАЛТАБЕК ҚАЖЫ КЕСЕНЕСІ – Үржар ауданының оңтүстік-батысынан батысқа қарай 33 шақырым жерде, Ай өзенінің оң жағалауындағы тегіс қыратта орналасқан сәулет өнері ескерткіші. Балтабек қажы кесенесі Қазақстанда шикі кірпіштен тұрғызылған кесенелердің ең биігі, көлемі мен формасы жағынан да ерекше. Кесенені 1991 жылы Алматы архитектура және құрылыс институтының экспедициясы (жетекшісі Е.Бәйтенов) зерттеген. Шикі кірпіштен тұрғызылған зәулім кесене диаметрі 9,30 м, биікт. 16,1 м. 10 шақырым жерден анық көрінеді. Кесене бір бөлмелі, он алты қырлы тұғыр кірпіші ішке қарай шығарыла қаланған биік күмбезбен жабылған. Кесене негізі қасбетінде күрекше тәрізді, негіз бен күмбез арасындағы белдеу жұқа тақтаймен бөлінген, кіретін ойықтың жоғарғы жағы мен оның екі



жақ қабырғасында мәнерлеп қалаудың ізі байқалады. Ішкі жағында кесененің тек төменгі бөлігі сыланған, кіретін ойықтың екі жағындағы сылақтың үстінен ірі әріпті арабша жазудың жұқанақтары көрінеді.

Балтабек Байсұлтанұлы (1860-1920) – қазақ биі, қоғам қайраткері, қажы. Жетісу облысы Лепсі уезінің Сергиополь округі, Тауқұм-Балқаш болысының № 6 ауылында дүниеге келген. Әкесінен 13 жасында жетім қалған ол 14 жасқа дейін ауыл молдасынан хат танып, сауатын ашқан. Өте қарулы, қайратты, жастайынан зерделі, зерек болып өскен. Бозбала жасынан Қожан ауылының билігіне араласып, ел көзіне ерте түседі. Кейін келе Әділ би деген атағы Арқа, Жетісу өңірлеріне кеңінен жайылады. Балтабек қажы еліне белгілі айтулы үш шежірешінің бірі. Оның шежіресінің түпнұсқасы Сәбит Мұқановтың жеке архивінен табылуы мүмкін. Қаламгер Ғабиден Құлахметовтың айтуы бойынша, Сәбит Мұқанов 1957 жылы шежірені алғаны туралы Балтабек қажының ұлы Қодығұлға қолхат берген көрінеді. Ұлт азаттығы жолында айтулы күрескер болған Балтабек қажы кеңес ұйымдарының үкімімен атылған.

БАРАҚ БАТЫР ШҮРЕКҰЛЫ ЕСКЕРТКІШІ – Күршім ауданы Күршім ауылында орналасқан.

Барақ Шүрекұлы (1702-1772) – қазақ халқының батыры, жоңғар басқыншыларына қарсы шығып, қазақ халқының азаттық соғысына зор ықпал еткен қолбасшылардың бірі. Халық оны Көкжал Барақ деп атаған. «Көкжал» сөзі жал дегенді білдіреді, батырдың шынымен де жалға ұқсайтын мойнынан омыртқасына дейін шаштың жолағы болған. Жаугершілік өнерде Барақ батырдың аты Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек сияқты қазақтың батыр-қолбасшыларымен тең аталады.

Батыр жеңілген жауына жомарттық, мейірімділік танытып отыратын. Көптеген тарихшылардың айтуынша, қазіргі Күршім ауданы ұзақ жылдар бойы жоңғар тайпаларының бақылауында болды, бұл кейбір атаулармен де расталады: Тарбағатай, Чоян, Зайсан, Долан-Хора және тағы басқалар. Барақ батыр өз жауынгерлерімен осы жерлерді босатты. Бір сапарында Барақ батырдың сарбаздарына Ертіс өзені кедергі келтіреді, сонда ол өткел жасауды бұйырады. Сол кезде Барақ батырдың бұл шешімі шайқастың жүруіне әсер еткен батыл, күтпеген оқиға болады. Содан бері әскерлер өз аттарымен Ертістен өткен, халық оны Барақ өткел (яғни Барақтың өткелі) деп атай-



ды. Жасаған ерлігі үшін Абылай хан батырға Күршім өзенінің оң жағындағы жерді береді. Ол – қазіргі Текті бұлақ ауылы, ал оның тұрғындары – Барақ батырдың тікелей ұрпақтары.

БАРАҚ СҰЛТАН КЕСЕНЕСІ – Аягөз қаласы мен Үшбиік стансасының аралығында, Ақшоқы тауының етегіндегі Ащысу алабында орналасқан XIX ғасырдың сәулет өнері ескерткіші. Кесенені 1990 жылдары Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы ұйымдастырған экспедиция зерттеген. Ескерткіш пирамида тектес, биіктігі 9 м, шикі кірпіштен біртіндеп ішке қарай қалау әдісімен, үш қырлы күмбез шығара тұрғызылған. Мұндай әдіс күмбез қалауға ағаш тұғыр қою мүмкіндігі жоқ ормансыз қазақ даласына тән. Кесене пішіні жағынан Қозы Көрпеш–Баян Сұлу кесенесіне ұқсайды. Жобасына қарағанда, бұл жерде үш пирамида салынбақ болған, бірақ толық аяқталғаны Барақ сұлтан кесенесі ғана. Қалған екеуі тік өрілген тұғыр күйінде қалып қойған. Жоба бойынша құрылыс толық аяқталғанда шаршының үш жағында үш пирамида, төртінші жағында сырғауылдан қоршау, оның бас қақпасы қиюластыра қаланған белдеумен өрнектелмек болған.

Барақ сұлтан Найманның Сыбан руын басқарған. Жиһанкез Адольф Янушкевич: Құнанбай мен Барақ сұлтан «даланың барлық жұртының ішіндегі екі ең жарық жұлдыздары» деп жазған. Барақтың батырлығынан басқа да көптеген өнері болған, солардың бірі – мергендік.



Ол кісінің басына бір сомдық тиын ақша қойып, атып түсіреді екен. Киім тігуде, етік тігуде, ағаш ісінде, темір соғуда бірінші дәрежедегі шебер, өзі ақын болған. Батыр атағын алғанда Барақ 21 жаста екен.

Барақтың басына халық қалаған бейіті де сол атына лайықты, әрі Барақтың қандай құрметке ие болғанын әйгілеп тұр.

БАТЫР КҮШІКБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ КЕШЕНІ – Семей-Қарауыл тас жолының бойында орналасқан қорым. Күшікбай кезеңі – Семей мен Шыңғыстау арасындағы Абай

сан рет тоқтап, басында түнеген бекет.

Күшікбай батыр – XVIII ғасырдың соңында өмір сүрген, жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен белгілі батырлардың бірі. Жомарттығы мен әділеттілігінің арқасында даңқы жайылып, жиырма жасында аты бүкіл Алашқа әйгілі болды.

Батырдың есімі М.Әуезов жазбаларында баяндалғандықтан та, ел есінде қалды. Батыр зиратының қасында күннің ең суық кезінде қатпайтын, шипалы бұлақ бар. Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінде Күшікбай батыр туралы мынадай дерек бар: «Арқалықтың жолы асатын кезең – Күшікбай кезеңі деп аталады. Күшікбай – Арқалықты қыстайтын бес-алты ауылдың атасы. Өзі батыр болған адам дейді. Дәл қара жолдың аузында, Арқалықтың бір кішілеу биігінің басында тастан үйген оба секілді жалғыз мола бар. Сол мола Күшікбай батырдікі. Кезең де сол себепті Күшікбай атымен аталған...».

Батыр жайындағы ел ішіндегі аңыз бойынша, қоныс еткен жеріне тосыннан шабуылдап, ауылдастарының малын тартып әкеткен ойрат-қалмақтардың соңынан түре қуып келіп, осы жерде айқасқа түскен. Өн бойына шешек қаптап, ауыр халде жатқанына қарамастан, атқа қонған ол жаудың бетін қайтарғанымен, жарақаты ауырлап, жасы 20-дан енді асқанда осы жерде найзасына сүйеніп тұрып жантәсілім еткен.



БАТЫР ШАХАНТАЙ ЖАУҒАШАРҰЛЫ КЕСЕНЕСІ – Аягөз ауданы Қосағаш ауылынан 4 шақырым жерде, Қарағанды-Боғас тасжолы бойында, Орта қарауыл төбеде, Бақанас өзенінің аңғарындағы некропольдің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан мазар. Батырдың кесенесі, өзінің тірі кезінде айтқанындай, дөңгелек пішінде салынған. Шахантай батырдың кесенесінің салынған кезеңі XVIII ғасырдың соңы. Кесене табаны алты бұрышты таған түрінде. Бұрын тас зират болған. 1993 жылы жаңартылды.


Шахантай Жауғашарұлы (шамамен 1706-1791) – жоңғар шапқыншылығына қатысқан қазақ қолбасшыларының бірі, осы өңірдегі қазақтардың саяси өмірінде айрықша орны бар батыр тұлға. Шахантай батырдың туған жері алтын тау Алтайдың Сауыр деген жері екен. Шахантай батыр атақты Жобалай бидің туысы әрі досы болып келеді, олардың көші Бақанас өзенінің аңғарына келіп орналасқан. Батырдың қабірі төбенің басында (сол қабірде Шахантай батырдың ағасы Матақ та жерленген), солтүстік-шығысқа қарай



төбенің етегінде батырдың туыстары мен ұрпақтары жерленген.

БАТЫР ШЫНҚОЖА БАЗАРҚҰЛҰЛЫ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Аягөз ауданында орналасқан.

Шынқожа Базарқұлұлы (1706-1768) – жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстарда ерен ерліктер жасап, қазаққа даңқы жайылған батыр, қазақ жасақтары қолбасыларының бірі. Шынқожаның батыр атағы жиырма бір жасында, жоңғардың Аюқара атанған Доба деген батырымен жекпе-жекке шығып, оны өлтірген кезінде шығады. Одан кейін де Аңырақай, Қалба, Алакөл шайқастарында Қабанбай батыр мыңдықтарымен бірге жеңістерге жеткен Шынқожа есімі осы өңірдің ұранына айналған.



Елі ішіндегі шежірелерде Шынқожа батыр Тума, Тоқпақ, Байғана жасағына қолбасы болып, Ақшәуліге (Тарбағатай биігі) ту тігіп, жорыққа дайындалып жатқан (Еміл, Алакөл, Үржар, Қатынсу бойында) Қабанбай, Есенгелді, Еспембет, Баймұрат, Дәулетбай батырларға келіп қосылып, ұрыс жүргізген. Бұл өңірде қырық жылдай мекендеп, шұрайлы өлкені иемденген сыңсыған көп қалмақ аса қатты қарсылық көрсетіп, сұрапыл соғыс онан әрі үдей түскендігі айтылады. Осы шайқастарда бас қолбасшы Қабанбай батыр Еспембет мыңдығын – маңдайда, Шынқожа мен Баймұрат жасағын екі қанатта, Есенгелді мен Дәулетбай құрамын артқы тосқауылда ұстап соғысқан екен деген де деректер бар.

БЕКТҰРҒАН ӘУЛИЕ КЕСЕНЕСІ – Қапанбұлақ ауылының батыс жағындағы Қаратұмсық тауының етегінде орналасқан.

Бектұрған – Сыбан Байкөбектен шыққан Түкі батырдың 12 ұлының бірі Бораншыдан тарайтын көріпкелдігі бар тұлға. Әулиенің туған, қайтыс болған жылы белгісіз, шамамен XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген. Оның әулиелік қасиеті жөнінде халық арасында көргендердің әңгімелері көптеп кездеседі. Аңыз бойынша, бесін намазы кезінде қос атпен бір жігіт келіп: «Сізге арнайы жіберді, байдың баласы қатты ауырып жатыр, сізден бір жәр-

дем бола ма деп отырмыз» дейді. Әулие: «Бармасам, аттың тері мойнымда, барсам...» деп көп ойланып, ақыры баруға келіседі. «Сен төртінші жұртыңда отырмысың? – дейді бара байдан. – Үшінші жұртыңдағы төбенің басында отырғаныңда ширатқан екі түп көде табылса, балаң жазылады, табылмаса – өледі» дейді. Содан бай ауыл-аймақты жинап, көдені іздеп табады екен де, шөппен ұшықтап, бала ауруынан жазылып кеткен екен.

Бектұрған өзінің өлерін үш ай бұрын білген, «Менімен қоштасуға келемін деген ағайындарға хабарландар» дейді. Өлетін күні ағайыны Қабдолла (Ерменбайдың әкесі) келеді. «Сендер кешке келіңдер» деп кері қайтарады. Кенет «Қабдоллаға айтыңдаршы, үйдің жанындағы сайда шылбыры ердің қасына ілулі қасқа ат тұр, екі қасқыр келіп қалды, жарып жіберді-ау, тез барсыншы» дейді. Қабдолла барса, айтқандай-ақ қаңтарулы бір ат тұр екен, қараса ішегі шұбатылып жатыр. Ал



өзі сол күні түн ортасында дүниеден қайтыпты. Қазірге дейін әулиенің қасиетін білетұғын адамдар зиратына барып тағзым етіп жүреді.

БЕРЕЛ КЕШЕНІ – Қатон-Қарағай ауданы Берел ауылының оңтүстік-батысында 8 шақырым жерде орналасқан сақтардың өмірі мен дәстүрінен хабар беретін бірден-бір жер. Қазақ Алтайының төрінде орналасқан Берел қорымындағы ең ерте обалар б.д.д. IV-III ғғ. тұрғызылған (2400-2300 ж. бұрын), ал кейінгілері көне түркілер (б.д. VII-VIII ғғ.) дәуірімен мерзімделеді. Ежелгі және кейінгі көшпелілер дәуірімен мерзімделетін 70 астам обадан тұратын қорым – 4000x1000 шаршы метр жерді алып жатыр. Берел қорымындағы обалар мен ғұрыптық ескерткіштер оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай тізбектеле созылып жатқан бірнеше тізбекке және жеке топтарға шоғырланған. Әрбір тізбекте бұл өңірді б.д.д. 1-мыңжылдықтың екінші жартысында мекендеген тайпалық одақтардың өкілдері жерленген болуы мүмкін. Тізбектердегі үлкен, орташа және кішігірім обалар сол замандағы әлеуметтік жіктің болғандығының көрінісі болып табылады. Берел қорымын 1865 жылы Василий Радлов, 1959 жылы С.Сорокин зерттесе, еліміз тәуелсіздік алған соң тарих ғылымдарының докторы З.Самашев бастаған археологтар тобы әр жылдары қазба жұмыстарын жүргізді. Кешеніндегі обаларды зерттеу нәтижесінде жасанды тон қабатының астынан бүлінбей табылған жәдігерлер арқылы Берел әлемге әйгілі болды. Жасанды обаларды жасау үшін қарағай ағашының ең мықтысы арнайы қиылып, жазыққа айналып, қорым салынған екен. Үлкен обаларда табиғат пен климат қосылып, обаны үйген материалдар мен ескерткіш құрылысының үйлесімінен пайда болған тоңның нәтижесінде орга-



ника, яғни киім, ат әбзелдері, ағаш бұйымдары, ер тоқым, тері мен киізден жасалған заттар шірімей жақсы сақталған. Содан ежелгі түркі салт атты жауынгерінің қалай киінгенін, қолөнер бұйымдарынан ортағасыр дәуіріне тән аңдық стиль дәстүрін, өлген адамға қатысты ғұрыпта алдыңғы дәуірлерден жалғасқан архаикалық элементтерді сақтағанын, иесі мен атын қоса жерлегенін көруге болады.

Жерлеу ғұрыптарына байланысты наным-сенімдер рухани дүниесінен мол хабар алуға болады. Онда табылған мифтік жануарлар, бұғы, пырақ, тауешкі, т.б. қазірде еліміздің маңызды нышандары болып отырған бейнелер. Еркіндікті бейнелейтін «Қос мүйізді пырақ» пен «Самұрық» құсы – тәуелсіз Қазақстан үшін мәңгілік өмірдің белгісі. Ежелгі мәдениеттердің бастауы болған, саяси-идеологиялық, этно-мәдени тұрғыдан Алтай өңірі – сақтар, түркілердің ұрпағы қазақтар үшін киелі, қасиетті орын.

Есік, Бесшатыр, Шілікті, Мәйемер, Берел, Үкек, Пазырық, Аржан – бәрі де қазақ жеріндегі көне мәдениетті айшықтайтын алтынды обалар болып табылады.

БОРАНБАЙ БИ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ КЕСЕНЕСІ – Жарма ауданы Қапанбұлақ бекеті маңында орналасқан.

Боранбай Қалқаманұлы (шамамен 1704-1802) – қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы қатысқан батыр, Билер сотына сайланған жеті бидің бірі. Жас кезінде Түркістанда ескіше оқыған. Тарихи деректерде Боранбай мен Қаракерей Қабанбайдың есімі қатар жүреді. Ол қазақ хандығының тәуелсіздігі мен ел бірлігі жолында Абылай хан жүргізген саясатты жүзеге асыру ісіне үлкен үлес қосқан. В.В.Вельяминов-Зерновтың еңбектерінде Кіші жүздің қаза тапқан ханы Әбілқайырдың орнына таққа оның ұлы Нұралыны отырғызуға мұрындық болып, Орынборға барып қайтқан билердің бірі осы Боранбай екендігі айтылады. 1748 жылы Әбілқайыр ханды Барақ сұлтанның өлтіруіне байланысты құрылған Көкшетаудағы билер сотында ханның құнын жоқтап, Барақты айыптаған сөздің тізгінін Шекті Сырлыбай ұстаса, ақтайтын сөздің бұйдасын Боранбай ұстаған деген сөз бар. Халқына қорған болып, қабырғалы бір ру елді билеген Боранбай Қалқаманұлы жайында: «Тұсында Абылайдың ақылшы боп,



ордасында қызмет қылған» деген сынды өлең-жырлар қалған.

БӨРІТАСТАҒАН ҚҰЗ-ЖАРТАСЫ – Тарбағатай ауданы Күмісті жазығында орналасқан. Жартастың ұзындығы 300 метр шамасында, ені 10 метр, биіктігі 50 метр. Жартас шығыстан батысқа созылып жатыр. Оңтүстік жағынан жартас тік. Кезінде қазақтар осы жерде құрбандық шалған. Жартас үстіне өсіп тұрған талға халық ақтық байлап кететін болған. Бөрітастаған алыстан қарағанда, жазық далада жүзіп келе жатқан кеме іспеттес.

Кезінде осы өңірдің тума перзенті, алаш арыстарының бірі – Отыншы Әлжанұлы «Дала уәлаяты» газетіне Бөрітастаған туралы қызықты аңыздың нұсқасын мынандай ықшам мәтінде жариялаған: «Тарбағатай тауының солтүстіктегі һәм Қалба тауының оңтүстіктегі бөктерлерінің ортасында Сарыдала деген жазық бар. Бұл даланың ортасында Бөрітастаған деген недәуір биік тау жартасы жападан-жалғыз тұрады. Ұшар басында үйілген тастар бар.

Бөрітастаған туралы тағы бір аңызда: «Бағзы бір заманда Тарбағатай тауының бөктерінде бір алып ер жігіт тұрған екен. Оның алып болғаны соншалықты, түйенің үстіне отырғанда аяғы жерге тиіп тұрады екен. Бір күні сол алыптың әйелі қозыларды жайылымға жіберіп, өзі жүн иіріп отырғанда оның қозыларына қасқыр шабады, есі шыққан әйел қолындағы ұршығын жыртқыштарға лақтырып жібергенде ұршық жазыққа домалап түсіп, үлкен тауға айналған» делінген.



ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ КЕСЕНЕСІ – Ақшатау ауылынан 20 шақырым жердегі Қызылжар ауылының маңында. Дулат ақынның жерленген жері белгісіз болып келген, тек 1990 жылы жерленген жері жазылған тас табылды.

Дулат Бабатайұлы (1802-1874) – Аягөз ауданы Сандықтас қонысында дүниеге келген туған елінің тарихи бір кезеңін жырлап өткен қайталанбас, көрнекті ақын. Патшалық Ресейдің қазақ өлкесін күшпен отарлау кезеңін, одан туған зобаландарды өз көзімен көріп, соған барынша наразылық білдірген, халықты күреске үгіттеу міндеттерін алдына мақсат қылған нағыз ел қамқоры, сыншыл да күрескер елбасы адамдарының бірі. Ақынның өмірі туралы деректер толық зерттелмеген. Дулат ескіше оқыған, сауатты болған. Ол өз өлеңдерін қолжазба кітап етіп тізіп жүрген. Өлеңдері ел ішіне ауызша және қолжазба түрінде таралған. Кейбір өлеңдері Қазан қаласынан 1880 жылы алғаш рет "Өсиетнама" деген атпен жеке кітап болып жарық көрген. Жинаққа ақынның сол кезеңдегі қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірін





шыншылдықпен жырлаған ой-толғаныстары енген. Дулат шығармалары негізінен дидактикалық негізде жазылған. Дулат арқылы осы Аягөз өңірінен шыққан асқақ жырау Ақтамбердінің толғаулары халыққа жетіп, ақсақалдар жадында сақталып қалды.

Дулат ақын КСРО уақытында діншіл, ескілікті аңсаушы деген баға алады. Ақынның шығармашылығын жоғары бағалаған М.О.Әуезов Дулатты «Абай жолы» романында Барлас деген бүркеншек атпен береді.

ЕЛЕКЕСАЗЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІ – Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылынан оңтүстікке қарай 80 шақырым қашықтықта Елеке сазы жазығында, Қарғыба өзенінің бастауында орналасқан ежелгі көшпелілер мен ортағасырлық түркілерге дейінгі уақыт аралығында тұрғызылған жерлеу-аза тұту кешендері мен діни-ғұрыптық ғибадатханадан тұратын кешен.

Далалық археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 300-ден аса обалардан тұратын 7 қорым анықталды. Кешендегі ең үлкен обаның диаметрі – 120 м, биіктігі – 5 м. Обалардың архитектуралық кескіндері Еуразияның далалық белдеуінде көшпелі тайпалар б.д.д. I мыңжылдықта тұрғызған жерлеу, аза тұту кешендеріне ұқсас келеді. 2016 жылдан бастап археологтар З.Самашев пен Ә.Төлеубаев жүргізіп келе жатқан стационарлық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде сақ мәдениетінің қалыптасу кезеңімен мерзімделетін 20-дан аса обада зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде сақ мәдениетінің жарқын үлгілері қатарына жататын бұғылар, арқарлар, аюлар және т.б. андар бейнеленген бірегей археологиялық жәдігерлер, сонымен қатар, Елекесазында Батыс түрік қағанатының жоғары билік иесіне арнайы тұрғызылған Қазақстандағы жалғыз қағандық кешен табылды. Далалық зерттеу жұмыстарының алғашқы тұжырымдары Елекесазы ескерткіштер кешенінің ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің қасиетті мекендері болғандығын көрсетіп отыр.

ЕҢЛІК-КЕБЕК КЕСЕНЕСІ – билер сотының кесімі бойынша 1780 жылдың шілдесінде құрбан болған қос ғашық – Еңлік пен Кебектің зиратына қойылған ескерткіш мұнара. Абай ауданындағы Ералы жайлауының шығыс жағында, Семей-Қарауыл тас жолынан 5 шақырым жерде орналасқан. Жер-



гілікті тұрғындардың ерекше ықыласымен ескерткіш 1960 жылы тұрғызылған. 1917 жылы жарық көрген М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» поэмасы қазіргі таңға дейін қазақ драма театрында қойылып келеді және тарихи, мәдени құндылығын жойған жоқ.

Бір күні Кебек атын ерттеп, бүркітін баптап, аң аулауға шығады. Аң аулап жүріп уақыттың өткенін білмей кешті батырып алады. Бір төмпешіктің үстіне шығып қарап тұрса, Хан тауынан алыс емес Шыңғыс-хан тау шатқалынан ақырын ғана будақтаған түтінді көреді де, бір пана бар екен деген сеніммен сол жаққа бет алады. Сол ауылда әдемі бойжеткен Еңлікке кездеседі. Олар танысып, бірін-бірі жақсы көріп қалады. Алайда Еңліктің атастырып қойған жігіті болған екен. Осыған қарамастан олар түн ішінде ауылдан қашып кетеді, арада уақыт өте келе ұлды болады, алайда қуаныштары ұзаққа созылмайды, себебі қыз жақтың туыстары Кебектің руына тыныштық бермей кектене түседі, кегін алу мақсатында найман руы атақты Кеңгірбай биге барып ақыл сұрайды, ол екі жасты өлім жазасына кеседі. Соңында екі жастың мойнына қыл арқан салынып, ат құйрығына байланып өлтіріледі. Өлерінің алдында Еңлік пен Кебек екеуін бір орынға жерлеуді өтінеді.

ЕРАЛЫ ӘУЛИЕ КЕҢГІРБАЙҰЛЫ ЗИРАТЫ – Абай ауданы, Ералы жазығы аталатын кең алқап, құйқалы қорықтың тап ортасындағы шағын төмпешікте орналасқан.

Ералы Кеңгірбайұлы (1790-1864) – Кеңгірбай (Би ата) Жандосұлының үлкен ұлы. Ол Шыңғыстауда туып-өскен. Ералының әулие, киелі адам екені ол кісінің көзі тірісінде-ақ білінген, айтылған екен. Әкесі Кеңгірбай үлгісімен ел билеуге мүмкіндігі болса да, билікке ден қоймаған. Ералыдан атақты Бөжей туады.

Қеңгірбай би ұлды болды дегенді естіп, жасы тоқсанды алқымдап қалған Мамай батыр атқа қонады. Баланы алғызып, мандайынан иіскеп отырып:

- Кеңгір-жан, әлгінде келе жатып жол-жөнекей ырым етіп мына бала еліне ес, еріне әл болар, атын Ерәлі қойдым! – депті. Кейін ауызекі айтылғанда ол Ералы болып естіліп, солай аталып кетеді.

“Сара көкірек Сара әжей ”әңгімелерінде қасиетті, дуалы ауыз бір адамның Би атаның балаларын сынай келіп Ералыны көргенде:

– Мынауының екі иығында екі үкі тұрғанын қарашы. Қасиеті елден артқан аруақты адам болады екен. Өзі қарғысы да, алғысы да екі сағаттан (екі минуттан) ары жібермейтін



тез қатыр екен, – депті дейтін ел аузында аңыз бар.

Ералы жас уақытында ел басқару ісіне, билік айту, жол-жораға біраз жүрсе де, оған құлық қоймаған, пейілі аумаған сияқты. Ол өзінің бойында киелі қасиет барын сезбесе де, болашақты болжап, сырқат адамға, малдың індетіне ем жасаған. Жылдың әр мезгілінде шөп, дән, тамырды жинап, одан дәру сусын жасаған. Шәкәрім қажының «Еңлік-Кебегінде»: «Ол кезде шәй болмайды, сусыны құрт, Ұсынды қарсақжон қып езіп әкеп», – дегеніндей, оның шөбін тауып, бұл өңірге шәйді қайнатып ішуді осы кісі шығарған екен.

Шыңғыс өңірінде там үйді ең алғаш салғызған да Ералы екенін қарттар әңгіме ететін. Ералы дүниеден өтер шағында өзін өзі жатқан жазыққа қоюды аманат етеді. Ол кезде бұл Тобықты елі мен Уақ, Матайлардың аздап болса да пішен дайындап, қар түсіп бекігенше мал тойындыратын шекара бөлігі анықталмаған ортақ күзектік жер болыпты. Баба басына тәу етуге, түнеуге арнайы келгендер, өзге де жолаушылар зиратқа тоқтамай, мінәжат етпей өтпейді.

ЕР ЖӘНІБЕК БЕРДӘУЛЕТҰЛЫ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Жарма ауданы, Қалбатау ауылында орналасқан мемориалдық кешен.

Жәнібек Бердәулетұлы (1714–1792) – қазақ даласына жоңғар әскері қаптай шапқыншылық жасап, қанды жорықтар мен жан алып, жан беріскен қырғын шайқастар жүрген күрделі кезеңнің бел ортасында болып, өмірі ат үстінде өткен баһадүр, қолбасшы. Абылай ханның бас батырларының бірі ретінде есімі талай өлең-жырлар мен қиссаларға арқау болып, кешеден – бүгінге, атадан – балаға жетті. Ол Сыр бойында туған. Шығыс өңіріне, оның ішінде Алтайға қазақ-тайпа рулары орнықтыруда елеулі қызмет атқарған ол Қазыбек бидің жиені, ұлы Абайдың арғы нағашысы. Абақ керей елін шын мәнінде билеген адам. Әбілпейіз сұлтаннан баласы Көгедайды сұрап алып, бүкіл абақ керейге төре жасаған.



Оның ерліктерімен қоса, бала кезінен қартайған шағына дейінгі тірлігі жылнамалық сипат алған. Мәселен, батырдың дүниеге келуі туралы ел аузындағы бір әңгіме былайша өріледі: «Атақты Шақшақ Жәнібек батыр бір ұзақ сапардан келе жатып, керей Бердәулеттің ауылына түссе керек. Сол уақытта Бердәулет нәрестелі болып, бәйбішесі ұл тауып, мәз-мейрам екен. Шақшақ Жәнібек түстеніп жатқанда, «Жаңа туған нәрестеге ат қойып беріңіз» деп шақалақты алдына әкеліпті. Шақшақ Жәнібек батыр толғанып отырып: «Ей, Бердәулет, мына нәрестеге көңілім толып, көкірегім желпініп отыр, өз атымды қояйын, дұшпанға боқтатпас, жаманға даттатпас!» – деп, Жәнібек деп ат қойыпты.

Аңыз бойынша, Жәнібектің киесі – қос бөрісі болған. Кесененің алдында шайқаста атынан айырылған Абылайға атын түсіп беріп, жаяу қалған сәтінен көрініс беретін батырдың мүсіні тұр. Оның жанында еркелеп тұрған екі бөрісі де осы ескерткіште бейнеленген. Ер Жәнібектің батырлығы мен батылдығы, таудан-тастан қайтпайтын жүректілігі, сардарлық қасиеті айқын танылып, жұрт оның ерліктерін аңыз қылып айтып жүретін болған. Ел арасында «Жәнібектің ақ туы» деген ұғым текке айтылмаса керек. Үш кез ақ мата Ер Жәнібек қолының алдында желбірегенде доскa – рух, айбын, дұшпанға – үрей, сес береді екен. Бұл туды қас батырға Абылай ханның өзі сыйлаған көрінеді. Абылай оған оң тізесінен орын берген деседі. Бұл батырдың шын мәнінде өз тұсында қазақтың қол бастаған ерлері мен сөз ұстаған билері арасында үлкен беделге ие болғанын көрсетеді. Қазақтың әйгілі бағландары мен батырларынан, игі-жақсыларынан бала кезінен осындай бата алып, көзге түскен Ер Жәнібектің өмір жолы жаудың мысын басар бahадүрлігімен, шашақты найзаның ұшындай, алмас қылыштың жүзіндей өткір әрі ерлікке толы болғанын бағамдау қиын емес.

ЕРТІС ӨЗЕНІ – солтүстік мұзды мұхит бассейініне кіретін, Обь өзенінің сол жақ саласы. Жалпы ұзындығы 4248 шақырым. Бастауын Алтай (ҚХР) сілемдерінен (Найрамдалы тауынан) алады. Зайсан көліне дейінгі бөлігі Қара Ертіс, көлден Ертіс болып шығады.

Ертіс атауы алғаш рет көне түркі жазба ескерткіштері негізінде VI-VIII ғасырларда кездеседі. Ғалымдардың болжамдары бойынша, жазба ескерткішінде көрсетілген мерзімнен бұрын атау б.д.д. III-II ғасырларда, яғни ғұн заманында жасалуы мүмкін. Ертіс атауының қалыптасуына қатысты тарихи деректер мен халық ауызында көптеген аңыздар сақталып қалған. Сондай



кең тараған, ортағасырлардағы Қазақстанның этно-мәдени тарихынан сыр шертетін, аңыздардың бірі Ортағасырлық парсы тарихшысы Гардизидің «Зайн аль-Ахбар» еңбегінде баяндалатын келесі аңыз: «Ертеде татарлардың билеушісі қаза болып, оның екі ұлы мұрагерлікке таласады. Біреуі ақыл-парасатты болғандықтан, билікті өз қолына алуға шешім шығарып, екіншісін ханзада етіп тағайындайды. Бірақ бұл ханзадалыққа көңілі толмаған інісі хан болған ағасына қастандық жасамақ болады. Ойлағаны іске аспай, елден қашуға тура келеді. Ұзақ-ұзақ жол жүріп, ақыры суы арнасынан асқан, шөбі шүйгін, балыққа бай бір өзеннің маңына келіп тоқтаған екен. Тұрмысқа ыңғайлы болғандықтан, осы маңға тұрақталып қалады. Бірақ, қашқын деген аты бар оған артынан іздеп келушілер көп болады. Егер құдайы қонақ келіп тұрса, әйелі «адал нитпен келсеңіз, аттан түсіңіз» дегенді «Ер, түс!» деп екі сөзбен ишара білдіретін болыпты. Бәйбішенің сөзі елге таралып, халық өзенді Ертіс атап кеткен екен».

Тарихи деректер мен археологиялық зерттеу нәтижелері Ертіс бойын адамзат баласы сонау тас ғасырынан бастап қоныс еткендігін көрсетеді. Ертеден Ертістің бойы адамзат баласын өзінің тұмса табиғатымен, шұрайлы жайылымдары және құнарлы топырағымен қызықтырған. Бұл жерде ежелгі адамдардың тас құралдары, алғашқы кен өндірушілердің мыс пен қоладан жасалған еңбек құралдары, көшпелі сақ, түркі, қимақ сияқты көшпелі мемлекеттер мен империялар құрған тайпалардың қалдырған мұралары көптеп табылып, біздерге мұра болып жетіп отыр.

Ертіс өзенін көшпелі тайпалар құрмет тұтып, сыйынғандықтары белгілі. Араб-парсы тіліндегі тарихи деректерде Ертістің бойында қимақ тайпаларының құлшылық жасау орындары болғандығы жазылады. Гардизи Қимақтардың Ертіске құрмет көрсетіп, табынып, «Өзен – адамның құдайы» деген сенімдері болғандығын көрсетеді.

ЕСКІ ТАМ МЕКТЕП-МЕДРЕСЕСІ – XIX ғасырдағы қазақ ұлтының ағарту қызметін дәріптейтін тарихи орын. Абай ауданы, Жидебайдан батысқа 15 шақырым жердегі Кіші орда мен Доғалақ тауларының ортасында орналасқан.

Құнанбай Өскенбайұлы Шыңғыстаудағы Ескі там деген жерде тұңғыш медресе салдырады. Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің естеліктерінде: «Қажы сауаттылықты өз еркімен меңгерді, кітаптар оқитын. Сондай-ақ, қазақ балаларының сауатын ашу үшін ноғай молдаларын шақырып, оларға үй тұрғызып берді. Сол жер қазір Ескі там деп аталады» деп жазады. Құнанбай 1845 жылы жергілікті патша үкіметінің әкімшілігіне хат жолдайды. Онда мектеп салуға рұқсат және қазақ тілін білетін мұғалімдер тауып беруін сұрайды. Бұл жайлы Семей қаласындағы Абай мұражайының қорында №1838 іс-қағаз сақталған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының орталық мұрағатында (374-қор, 5051-



іс, 590-папка, 1-қатар) жоғарыдағы деректерді растайтын №151 іс қағаз сақталған. Осы папкада «Мектеп салу туралы» құжат та сақталған.

Аталған орын қыстаудан сонша алыс емес қолайлы жер болған. Оның үстіне мұнда көктем мен күзде алты-жеті ай бойы ауылдардан балалар жиналатын. Құнанбай осы мүмкіндікті пайдаланып, балалардың сауатын ашу жұмыстарын жүзеге асырады. Мектеп-медресенің алғашқы ұстазы «Абай жолы» романы арқылы көпшілікке таныс Ғабитхан молда болады. Осы медреседе Құнанбайдың балалары Тәңірберді, Абай, Ысқақ, Оспан, Халиолла, Смағұл білім алды.

ЖАЙТӨБЕ – Үржар ауданында, Тарбағатай жотасының оңтүстік бауырайында орналасқан төбе. Абсолюттік биіктігі 791 м. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым созылып жатыр, енді жері 3 км. Оңтүстік және солтүстік беткейлері тік жарқабақты, ал шығыс және батыс беткейлері көлбеу келген. Оңтүстігінен Қатынсу өзенінің салалары бастау алады. Жайтөбе туралы халық арасында аңыз көп. Жоңғар шапқыншылығы кезінде батыр бабамыз Қаракерей Қабанбай осы төбенің басына шығып, маңайына шолу жасап, ат шалдырған деген аңыз бар. Батыр бабамыздың 300 жылдық мерейтойы 1991 жылы дәл осы Жайтөбе баурайында тойланды. Тіпті Қашқарияға сапары кезінде даңқты ғалым Ш.Уәлиханов Жайтөбеге аялдаған деседі.

Шығыс Тарбағатайға сапары туралы Г.Н.Потанин мен Карл Струвенің жазғаны тарихи география бойынша да біраз мәлімет береді. 1864 жылы олар сапарын Үржар станицасынан бастап, Жайтөбенің шығыс етегіндегі Мақаншы бұлақтарынан өтеді. Мақаншы Үржар станицасының



оңтүстік-шығысындағы Қытайдың Шәуешек қаласына қарайғы қысқа жолда орналасқан. Авторлар бұл жерлердің топонимикалық атауларына да тоқталады. Жайтөбеден шығысқа қарай Бақты тауларына дейінгі төбешік жерлерде өсімдіктер өте көп. Олардың аттарын Г.Н.Потанин мен Карл Струве латынша берген. Жолда қытайлар салған үйлер де көп екенін жазған. Оның біреуі Қатынсу мен Лайбұлақ өзендерінің арасында орналасқан.

Жайтөбе – ұлылардың ізі қалған киелі мекен. Оның маңайында Қа-

банбай батыр бастаған төрт Төлегетай, әсіресе оның Қаракерей бұтағы қоныстанған. Ноғайбай Сүлейменұлы, Әріп Тәңірбергенұлы, Әсет Найманбайұлы сынды арқалы ақындар жырлаған, Қытай қазақтарына сапарында А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Р.Марсеков, О.Әлжанов сияқты Алаш арыстары аялдаған жер. Бейімбет Майлин «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» сынды төрт-бес әңгімесін осы өңірде жазыпты.

ЖАМАНБАЛА, САДЫРБАЙ КЕСЕНЕСІ – Аягөз ауданы, Өркен ауылынан оңтүстікке қарай 10 шақырым жерде орналасқан XIX ғасыр ескерткіші. Бұл кесенеде ағалы-інілі Садырбай мен Жаманбала жерленген. Кесенені інісі Жаманбала қайтыс болған соң көзінің тірісінде Садырбай бай салдырған. Халық ауызында сақталған аңыздарға сәйкес, мүрделеріне қастандық жасалмауды көздеп, оларды кесене ішінде емес, басқа жерге жерлеген екен.


Садырбай мен Жаманбала – ағалы-інілі адамдар, кезінде Балқашқа құятын Аякөз, Бақанас, Құрайлы өзендерінің сағасын қыстап, жазда Ақшәуілінің жайлауларын жайлаған байлар екен.

Кесененің көркемдік маңызы ерекше. Ескерткіш 1990 жылы зерттелген. Кесене күмбезі, қабырғалары және күмбездің төбесіндегі доңғалақ бүлінген. Бұл ескерткіш Бақанас өзенінің оң жағалауындағы некропольдің батыс бөлігіне орналасқан. Жалғастырғыш галлереясы бар кесене екі камерадан тұрады. Камераларға сылақ жүргізілмеген. Іргесін



тас қосып қалаған. Құрылыс материалы ретінде негізінен шикі кірпіш пайдаланылған. Ұзыны мен ені 18,5х17,8 м етіп салынған. Кесене қабырғаларының қалыңдығы 1,4 м, биіктігі 11,7 м. Жалпы көлемі 1085,3 текше метр.

ЖОБАЛАЙ БИ КЕСЕНЕСІ – Жобалай би кесенесі Аягөз ауданы Мәдениет ауылынан батысқа қарай орналасқан. Бұзылып қалған зиратты жөндеп кесене тұрғызылған. Ескерткіштің құрылысы (1924-1925 жылдар шамасында) Жобалай бидің ұрпағы, 1916 жылдары араб жазуымен ескерткіш тақта қойған Бейсенбай Тойсариннің бастамасымен салынады. Құрылыс жұмыстарына Естебай шебер жетекшілік етіп, алдын ала дайындалған кірпішпен небәрі 4-5 күннің ішінде салынып бітеді. Кесене бір бөлмелі, алты қырлы, төбесі доғалданып жабылған. Балшықтан тікбұрышты болып құйылған кірпішпен қабырғасы үш қатар таспен қаланған. Кесененің ішінде қабір орналасқан, ұзындығы 4,5 м, биіктігі 8,6 м, қабырғасының қалыңдығы 1,44 м. Араб әрпімен жазылған ескерткіш тақта кесененің батысына қарай орналастырылған, жазуда керей руы-



ның тарихы мен Жобалайдың өсиеттері жазылған. Жазулар алғашқыда бояумен боялған (бояу қалдықтары сақталған).

2000 жылы ескі құрылыстың үстіне доға тәрізді жабық силикат кірпішпен қапталған кесене тұрғызылды. Жаңа ескерткіш бұрынғы кесене сияқты алты қырлы болып салынды, бірақ биік, доғаның үстінде жарты ай тәріздес ауыр металл шар орнатылған. Жоғарыда және оң жағында қара мәрмәр тастар орнатылған: біреуінде бидің аты, өмір сүрген кезеңі мен руы, екіншісінде оның өсиеттері жазылған.

Жобалай би (шамамен 1700-1770) – ру арасындағы тартыс, дау-дамайды ақылмен, даналықпен шешкен би, жоңғар шапқыншылығынан кейін Алтайдан Бақанас өзенінің бойына өз руын көшіріп әкелген ру басшыларының бірі. Ол 12 жасында бала би атанған.

ЗАЙСАН КӨЛІ – 90 млн жыл бұрын пайда болған табиғи-ландшафтық нысан. Өскемен қаласынан 458 шақырым қашықтықта орналасқан. Көлдің ұзындығы 105 км, ені 48 км, тереңдігі 6 м. 90 миллион жыл бұрын Зайсан көлінің жағасында динозаврлар мекендеген. Көлдің жанында атақты Азия саяхатшыларының жүріп өткен жолы жатыр.

Зайсанның көптеген атауы бар: 280 жыл бұрын – Қызыл-Пу, кейіннен – Корсан, Теңіз. Көлдің атауы «сайхан» (әдемі, әсем) деген моңғол сөзімен, сонымен қатар ойрат тіліндегі «запасун» (балық) сөзімен байланысты. Сонымен қатар, Нұр-Зайсан, Зайсан-нұр және Заасингор – «ғажайып балықты көл» деген мағына береді. Аңыз бойынша, моңғолдар мен қалмақтар балық жемеген, жұт жылдары Зайсан көлінен балық аулап жеп, аштықтан аман қалған екен. Соған байланысты көлді Нұр-Зайсан, жақсы көл деп атаған екен. Шығыстың кей тілдерінде әлі күнге дейін басшыларды, қолбасшыларды «зайсан» деп атайды, «зайсан» сөзі «беруші», «асыраушы» деген мағына береді. Зайсан көлінің шаруашылықта маңызы зор. Қазіргі кезде 360-тан аса балықтың түрлері бар, олардың көпшілігі шаруашылыққа жарамды. Көлдің жағасында ҚР Қызыл кітабына енген көптеген құстар мен сүтқоректілер мекендейді.

Ежелгі түркілердің танымдары бойынша су жерден бұрын жаратылған. Өмір сұру, егіннің бітік шығуы сумен байланысты болғандықтан, ежелгі түркілердің көлдер мен су қоймаларының басына келіп





құрбандық шалатыны жайында VI ғасырда Византиялық деректерде жазылған. Түркілік танымнан бастау алып, жалғасып келе жатқан қазақы танымда суды ластауға, судың жағасында әдепсіз қылық жасауға болмайды. Зайсан көлінің Зайсан атануы да осы көлдің жағасын қоныс еткен халықтардың зор қошеметінен туындаған фактор.

КЕҢГІРБАЙ ЖАНДОСҰЛЫ КЕСЕНЕСІ – Абай ауданы, Жидебайдан 4-5 шақырым қашықтықта батысқа қойылған күмбез.

Кеңгірбай Жандосұлы (1735-1825) – Кеңгір өзені бойында дүниеге келген атақты би, қасиетті елбасшы, киелі баба. Ол ел билігіне жастай араласады. Абылай ханның көзіне түсіп би аталғанда Кеңгірбай небәрі 17 жаста екен. Бидің алғашқы билік айтқанда киген бас киімі оның алтыншы ұрпағы Би ата кесенесінің шырақшысы болып отырған Амантау Сүлейменовтің қолында. Халқымызда «Көш бастау қиын ба, ел бастау қиын ба, сөз бастау қиын ба?» дейтін танымдық пайымдау бар. Кеңгірбай осы қиындықтың бәрін абыроймен атқарып, жас батыр, көреген көсем, әділ би танылып, ел құрметіне бөленіп Қабекең атанған, бұл күнде иісі Тобықты Би ата деп табынатын, есімі Тобықты елінің ұраны болған, сыйынатын киелі бабасы.

Кеңгірбай бидің ерекше еңбегі азғана ауыл Тобықты жұртын Шыңғыстауға, Арғын атаның, Жеті Момынның ата қонысына әкеліп қоныстандыруы, оны өзге жұрттан ақыл-айла күшімен де, билік күшімен де тартып алып, Тобықтыны тұтас ел етуіне орай айтылады. Кеңгірбай би орыстарға тәуелді болмай, халқының салт-дәстүрін, тілі мен дінін сақтауды мұрат тұтады. Сол үшін Ресей басқыншыларымен мезгіл-мезгіл қақтығыс, күрес жүргізеді. Кеңгірбай бидің кім екені, елі үшін еткен еңбегі қандай, халқына қадірі қандай болғаны, заманында әділ, алғыр, өжет, кемеңгер би саналғаны «Абылай хан» кітабындағы Міржақып Дулатовтың поэмасында, Әнуар Әлімжановтың «Жаушы» романында, Мұхтар Әуезовтың, Сәбит Мұқановтың шығармаларында, т.б. тарихи басылымдарда баршылық. Халқымыздың мәйегі

мол қазынасын жинаған кемеңгер ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Ақ жолында» Кеңгірбай бидің қазасына айтқан Зере анамыздың жоқтауы толық берілген. Кеңгірбай бидің Тобықты елі үшін кемеңгерлік еңбегін кезінде ұлы Абай да қатты құрмет тұтқан. Ол Байкөкше ақынға «Кеңгірбай би» деген дастан шығартады.

КӨКБАЙ МЕДРЕСЕСІ – Абай ауданы, Көкбай ауылында орналасқан діни оқу орны. Медресе 1901-1921 жылдар аралығында жұмыс істеген. Онда сабақ мұсылманша, яғни арабша және орыс тілінде жүргізілген. Көкбай шәкірттеріне араб тілін үйрету үшін «Араб тілінің қағидаларын» өлеңмен жазады. Орыс тілін үйрету үшін Семейден үш орыс мұғалімін жалдап әкелген. Оның бірі – әскери бөлімшесі Семей арқылы Новосибирскіге кетіп бара жатқанда жасырынып қалып қойған солдат – Тютиков И.В. Кейіннен медреседе мұсылманша оқуды халифелері жүргізсе, орыс тілін Көкбай өзі оқытады. 1917-1920 жылдары медіреседе бала саны азайып, 1920 жылы Көкбай өзі салған медресені Кеңес үкіметі саясатымен, жаңа оқу жүйесімен оқытатын мұғалімдерге босатып береді. Онда 1928 жылға дейін мектеп болады.



Тоқсаныншы жылдары медресенің сыртқы төрт қабырғасы құлауға айналып, кірпішін су шайған. Абайдың 150 жылдық тойы қарсаңында халық Көкбай зиратын Маңғыстаудың ақ тасымен қайта қалап, медресесін жаңартып, Абай мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының тақырдағы «Көкбай Жанатайұлының мешіт-медресе экспозициясы» болып 1997 жылы он екінші қыркүйегінде қайта ашылды. Қазіргі таңда Көкбай мұражайында ақын турасында, оның төңірегіндегі шәкірттері, ақын жайында көптеген деректер-суреттер қоры жинақталған.

КӨКЕНТАУ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІ – Семей қаласынан оңтүстік-батысқа қарай, Көкентау ауылынан (бұрынғы Знаменка) оңтүстікке 30 шақырым қашықтықта орналасқан. Тау солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 15 шақырымға созылып жатыр, ені 10 шақырымға жуық. Абсолюттік биіктігі 825 м.

Көкентау тауының бөктері адамзат баласының қоныстануы үшін қолайлы болғандықтан адамдар барлық уақытта тауды қоныс еткен. Көкентау кешенінде жүргізілген тарихи-археологиялық зерттеулер аймақта тас ғасырынан бастап этнографиялық кезеңге дейінгі ескерткіштерге толы екендігі анықталды. Көкентаудың



орталық бөлігіндегі Үшайыр тауы өзінің пішінімен Ежелгі түркілердің діни дүниетанымындағы Ұмай ананың бас киіміне ұқсас екендігі байқалады. Көкентаудың байырғы тұрғындары сонау қола ғасырынан бастап Үшайырды кие тұтып, табынғандығын зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Көкентаудың бөктерлеріндегі жартастар мен үңгірлерден Қазақстанда өте сирек кездесетін қызыл жосамен салынған қола ғасырының суреттерін көруге болады. Бұл жартас суреттері сол замандағы адамдардың діни дүниетанымдық көзқарастарының күрделілігін аңғартады. Жартас суреттерінің сол жақ бөлігінде қола ғасырының қонысы мен үлкен қорымы тіркеліп отыр.

Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде ежелгі адамдардың тұрғын жайлары, олардың тұрмыста қолданған ыдыстары, үйлерін жылытқан пештер мен шеберханалар орындары анықталды. Сондай-ақ, Көкентауда ежелгі көшпелілердің ірі шонжарларына тиесілі жерле, аза тұту кешендері мен қатардағы жауынгерлерге тұрғызылған обалар тобы көптеп кездеседі.

Көкентау өңірін этнографиялық кезеңде Уақтардың «Көкен уақтары» атымен белгілі бір аталары қоныс еткен. Күні бүгінге дейін Көкентаудың сайларында XIX ғасырмен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қораларының іргетастары сақтаулы.

Көкентаудың баурайы Әлиханға қазақтың Бас ақыны Абай Құнанбаевты таныстырған өлке. Абайдың қайтыс болуына қатысты жазған қазанамасында Әлихан Абайдың атын, әндерін, аудармаларын осы Көкентауда Мұқа Әділханұлы есімді Абайдың ақын шәкіртінің ауызынан естігендігін жазады. Көкентауда меценат, қоғам қайраткері, Алаш Орда үкіметінің мүшесі, Абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедхановтың әкесі Мұхамедхан Сейітқұлов дүниеге келген.

Көкентаудың археологиялық және этнографиялық ескерткіштері тарихи-мәдени жағынан алғанда бірегей болып саналады. Мұнда табылған көптеген археологиялық жәдігерлер осы аумақтың тарихындағы мыңдаған жылдармен есептелетін өте үлкен кезеңін көрсетеді. Семей қаласының жақын орналасуы Көкентауға халық жиі баратын, тарихи-этнографиялық туристік кластерді дамытуға зор мүмкіндік беретін аймақ.

ҚАРАМОЛА ЕРЕЖЕСІ ЖАЗЫЛҒАН ЖЕР – Жарма ауданы Шар қаласының маңында, Семей қаласынан 70 шақырым жерде қазақ тілінде тұңғыш жарық көрген құқықтық құжат. Ереже 1885 жылы мамыр айында Павлодар, Қарқаралы, Семей және Өскемен уездерінің билері мен құрметті адамдарының төтенше съезінде қабылданып бекітілген, 73-баптан (статьядан) тұратын "Ереже" деп аталатын Заң нұсқасы. Съезде ірі маңызы бар құқықтық құжат – «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережелері» қабылданған. Бұл құжатты съезде төбе би болып сайланған Абайдың өзі жазып шыққан. Оның 1886 жылы Қазан университетінің баспаханасында араб әрпімен басылып шығарылған, мұқият түптелген шағын кітапша түріндегі бір данасын белгілі жазушы Ғабит Мүсірепов ғұмырының соңғы кезінде Қазақстан Орталық мемлекеттік архивіне табыс еткен. Павлодар оязының биі Жүсіп Бәтішұлы, би Иса Бердіәліұлы, би



Молдабай Сарсенұлы, би Мұқатай Келдібекұлы, би Санияз Бабайұлы, би Смағұл Шоқпарұлы қолдарын қойды. Би Серғазы Тайсарыұлы, би Жалалиддин Рамазанұлы мөрлерін басты. Қарқаралы оязының биі Хакім Құдаймендеұлы, би Абай Майқыұлы, би Бөкеш Сыбанұлы, би Елубай Қашқынбайұлы, би Билебай Тұманбайұлы, Абыралы болысының кандидаты Шәкірұлы мөрлерін басты, би Оспан Атақозұлы, би Баймұхамет Алдабергенұлы қолдарын қойды. Би Иса Шонтыұлы таңбасын басты. Семиполат оязының құрметті қазақтары Ибрагим Құнанбайұлы, Құдайберген Бостанбекұлы, Ибрагим Нүркенұлы, билер Бектоғай Ботабайұлы, Иса Сұтжанұлы, Айтқазы Бейсенбайұлы, би Жұмақан Жарқынбайұлы қолдарын қойды. Би Сүйіндік Шақабайұлы, би Әлжән Назарұлы мөрлерін басты.

ҚАСАБАЙ БАТЫР КЕСЕНЕСІ – Аягөз ауданы, Мамырсу ауылының оңтүстігінде 3 шақырым жерде, Абылай ханның ордасы тігілген Мамырсу өзенінің жағасындағы төбенің басында орналасқан сәулет ескерткіші. Кесенеге 1993 жылы алғашқы

ескерткіш тасы орнатылды. 2011 жылы батыр ұрпақтары Қабдолла Төлегенов, Ж.Байтукбаев, Әскербек Жауанбаев және тағы басқа ауыл азаматтары қызыл кірпіштен кесене тұрғызды.

Қасабай Батыр Шахарұлы (1753-1793) аралығында өмір сүрген, қазақ-қалмақ соғысында ерекше көзге түскен жаужүрек батыр. Ол қазақ жерін Жоңғар хандығының езгісінен азат ету жолындағы күреске белсене қатысып, Қаракерей Қабанбай батырға серік болған. Қабанбай қиссасында

«Базардан алып келген
сырлы ашамай,
Батырлар өліп кетті-ау
көп жасамай,
Бас қосты барлық батыр»
дегеннен соң,
Тоқпақтан іздеп кепті ер Қаса
бай», – делінген.

Халық аңыздары Қасабайды Абылайдың мыңбасы болған деседі. Аңырақай шайқасы мен Сайрам соғысында қалмақ батырларымен



болған жекпе-жек шайқаста жеңімпаз атанып, қазақ жерін ата жаудан тазартуға айтарлықтай үлес қосқан еді. Батырдың ұрпақтары Алакөл ауданында тұрады.

ҚАСИЕТТІ БҰЛАҚ – Семей қаласындағы христиандық мәдениетке тиесілі мәдени орын. Қасиетті бұлақтың тарихы 1719 жылдан басталады. Сол жылы Тоболдан Ертіске қарай Ресей империясын жоңғар шапқыншылығынан қорғау үшін қорғандар салу мақсатында гвардия майоры Иван Лихаревтың жетекшілігімен экспедиция жолға шығады. Діндар адам өзінің алдында кезігетін қауіп-қатерден сақтану үшін Тобол түбіндегі Абалацк шіркеуіне келіп, жергілікті шіркеу қызметкерінен өзінің кемесіне жолының ашық болуы үшін құдайға сыйынып, жалбарынып амандығын сұрап сыйынуды сұраған.

Қазіргі Семей тұрғындары Қасиетті бұлаққа барып қана қоймай, шіркеуді де естерінде сақтаған. Бұл жерде діни дәстүрді өткізушілер саны жылдан-жылға артып келеді. В.Колбин мен А.Долгушев есімді жергілікті өлкетанушылардың жетекшілік етуімен мектеп археологиялық экспедициясы шіркеуге қазба жұмыстарын жүргізген. Бұлақ жанындағы шіркеу орны анықталды, жертөледегі шіркеу қалдықтары табылды, олардың қабырғасы ақтас және жұмыртқа қосылған лаймен сыланған. Экспедиция мүшелерін таңғалдырғаны – «Қасиетті бұлақ» деген жазуы бар шыны құтының бөліктерінің табылғаны.

Семейге жеткеннен кейін И.Лихаревтің кемесі тоқтап, орнынан жылжымай қалады. И.Лихарев кемедегі әулие иконасын шіркеуге апарып қоюды бұйырады. Осыдан кейін кеме орнынан оңай қозғалады. Осындай қасиетімен танылған икона Антоний және Феодосия Печерскийдің шіркеуінде сақталады.

1740 жылы иконаның жоғалуы туралы тағы бір аңыз бар. Оны шіркеуден жоғалғаннан кейін тау жанындағы бұлақтың басынан тапқан. Оның алдында майшам жанып тұрған. Икона шіркеуге қайтарылып, «Қасиетті бұлақ» деген атау алды. Осыдан бастап, бұл жер тәу ететін орынға айналды.



ҚИЫН-КЕРІШ ТАУЛАРЫ – құм, саз және альевролит қатпарларының бірегей кескіні мен тропикалық және жалпақ жапырақты ормандардың, субтропикалық өсімдіктерінің таңбалары сақталған геолого-палеонтологиялық және геморфологиялық табиғи ескерткіш. Күршім ауданы Моныкой ауылының солтүстігіне қарай 20 шақырымда орналасқан.

Қиын-Керіш табиғи-ландшафтық нысанындағы барлық кескіндер пішіндерімен ерекшеленеді, олар Ашутас адырындағы таңбалардан бұрын пайда болған. Қиын-Керіш тауының флорасы 47 түр, 22 тұқымдастан тұрады. Қазылған өсімдіктер төрт түрге бөлінеді: ағаштар, бұталар, лианалар және шөптер. Олардың ішінде ірі, жалпақ жапырақты, жіңішке пішінді жапырақтылар мен қылқан жапырақтылар басым. Бұл өсімдіктер келесі экологиялық түрлерге бөлінеді: су өсімдіктері, жағалаулық-сулы және жалпақ жапырақты орман өсімдіктері. Флораның жақсы сақталуы шөгінділердің мерзімін анықтауға және палеографиялық жаңғырту жасауға мүмкіндік береді.

Шөгінділердің жоғарғы қабатында субтропикалық ормандарға тән мүйізтұмсықтардың, шошқа тәрізділер, қолтырауындар, тасбақалар мен кесірткелер сүйектері кездеседі. Қиын-Керіштің халықаралық геология ғылымы үшін маңызы зор. Бұл жердегідей мол сүйек қалдықтары мен сан алуан палеогон шөгінділері Еуразия аумағының басқа жерлерінде кездеспейді.



ҚОЗЫ КӨРПЕШ ПЕН БАЯН СҰЛУ КЕСЕНЕСІ – Аягөз ауданы, Таңсық станциясының маңында, Аягөз өзенінің оң жағалауында орналасқан сәулет өнері ескерткіші. Мазар X-XI ғасырлармен мерзімделеді. Көне түркі дәуіріне жататын Қозы Көрпеш–Баян Сұлу мазары – қос ғашықтың қайғылы махаббатына арнап соғылған махаббат мазары. Қазақ лиро-эпосының ең көнесі саналатын бұл жырды ислам дініне дейінгі ұлы даланы мекендеген тайпалардың қоғамдық қарым-қатынасы, күн көрісі, экономикалық, мал шаруашылық негізі, көшпелілік табиғаты суреттелген ресми дүние деп те қабылдауға болады. Көпвариантылығы бұл жырдың реалистік қасиетін арттыра түседі.

Қозы мен Баян некрополі – Египет пирамидаларының жебе бейнесіндегі бір түрі. Бұл да төрт қырлы және сүйір. Кесененің құрылыс материалы – жалпақ тастар пирамидалық үлгіге сәйкестене қаланған. Төрт жағының бірінде симметрияның сақталмауынан ойыс пайда болған. Қалаушы ол ассиметрияны сыртқы сәулемен мазардың биоөрісінен бөлінетін рух ұшқынының қосылуынан туындайтын энергетикалық құйынның тұрағына айналдыру ниетімен әдейі ойыс етіп қалдыруы мүмкін. Осы фокуста жиналған энергетикалық құйынның қоршаған ортаға тигізер әсері мол болады деп болжаған шебер садақтай иілген өзен иінінің үстіне төрт қырлы жебеге ұқсаған некропольді тұрғызды. Ескерткіш адырнасы оншақты шақырымға кере тартылған алып садақтың атылуға даяр тұрған



жебесіне ұқсайды. Қазақтың бір руының таңбасы – жебе. Садаққа ұқсаған иінін жиырма шақты шақырымға жуық жерден көруге болады. Бабаларымыз некропольды тұрғызғанда оның меңзейтін ойын қоса ойластырыпты. Қашанда жебенің жауды нысанаға алатыны белгілі. Мына ескерткіш-жебенің нысанаға байлағаны – жауыздық.

Кесененің авторы өз қолымен өрген құрылыстың өскін ұрпаққа қалдырар өнегесі мен өсиетінің келер заман құндылықтарымен жымдаса қабысуын жан-жақты ойластырғандай. Жырдың тереңіне үңілсек, кесенеден тарайтын энергетиканың адамды ізгілікке үндейтінін аңдауға болады. Осыдан кейін сәулет өнерінің ғаламатын танудағы бабалар көрегендігіне таңқалмасқа шара қалмайды.

«Қозы Көрпеш–Баян сұлу» күмбезіндегі бәдіздерді академик Әлкей Марғұлан X ғасыр ескерткіштеріне жатқызады. Ескерткіш өткен күннің жай жаңғырығына ғана емес, рухани өнегесінің толғаныс-күйзеліске толы темпераментін бүгінге бұзбай жеткізді. Сонымен бірге, ескерткіш «дің» ескерткіштердің Қазақстандағы санаулы топтамасына кіреді.

Қос ғашықтың махаббаты ақындар, драматургтер мен этнографтарға сан ғасырлар бойы шабыт сыйлап келеді.

МАЙЕМЕР ЕСКЕРТКІШІ – Қатон-Қарағай ауданы, Нарын өзенінің жоғары ағысы, Майемер жазығында орналасқан ерте темір дәуірімен мерзімделетін археологиялық мұра.

Тарихи мерзімдемеде ерте темір дәуірі деп аталатын кезенде Шығыс Қазақстан территориясын мекендеген тайпалардың қалдырған мәдениеті осы ескерткіштің атауымен Майемер мәдениеті деп аталады. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, ерте темір дәуірі – Еуразияның далалық белдеуінде климаттық өзгерістер мен адамзаттың жаңа метал – темірді игеруіне байланысты күрделі өзгерістер орын алып, көшпелі мәдениеттің алғышарттары қалыптасқан кезең. Майемер ескерткіштерін 1917 жылғы төңкеріске дейінгі зерттеу ісі В.В.Радлов, А.В.Адрианов есімдерімен ал, тәуелсіздіктен кейінгі зерттеулер археолог З.Самашев бастаған ғылыми топтың зерттеулерімен тығыз байланысты. Әдетте, Майемер ескерткіштерінде обалар тізбектеліп орналасады. Тарих және өнертанушы мамандарға жіте таныс «Майемер көмбесі» осы жазықтан табылған болатын. Көмбе үзеңгі типтес ұштығы бар ауыздық, оратылған мысық тұқымдас аң бейнесіндегі алтын қапсырмалар, жыртқыш құстың басы мүсінделген алтын жалатылған қола қапсырма және т.б. заттардан тұрады. Аң стилінде жасалған бұл бұйымдар Еуразия даласындағы сақ мәдениетінің ажырамас бөлігі.



1997 және 2009 жылдары ерте темір дәуірінің қалыптасу кезеңіне тән обалар тобы зерттелінді. Зерттеу нәтижесінде алынған қанатты жебе ұштары, сырға, ат-әбзелдері, оба құрылысы ескерткіштің б.д.д. VIII-VII ғасырлар аралығында тұрғызылғандығын көрсетеді. Майемер жазығында көне жерлеу-аза тұту ескерткіштерінің көптеп шоғырлануы өңірдің қасиетті жерлердің бірі болғандығынан хабар береді. Көшпелі тайпалардың дүниетанымдарында ата-баба рухын қастерлеу және оларға сыйыну ғұрпы кең таралғандығы белгілі, осы сенімге сәйкес ғұрыптық жоралғылар адам аяғы көп баса бермейтін Майемер даласы сияқты жерлерде жүргізілетін болған.

Майемер ескерткіштері шоғырланған табиғаты тамаша далаға туристер мен саяхатшылар жиі қызықтап келеді. Сонымен бірге аталмыш жер Берел қорымы мен «Рахман бұлағы» санаторийіне апаратын туристік жолдың үстінде орналасқан.

МАМЫРСУ-ҚАНДЫЖАП БІТІМІ ЖАСАЛҒАН ЖЕР – қа-

жақтар мен қалмақтар арасында келісім жасалған тарихи орын. Аягөз ауданы Мамырсу ауылдық округі аумағында орналасқан. Екі ғасырға созылған қазақ-жоңғар қатынастарына 1757 жылы Аягөз өзенінің маңайындағы Мамырсу деген жерде нүкте қойылған. Қиын да қысталаң шақта халқымыздың басын біріктіре білген Абылай хан осы жерде Қытай әміршілерімен келісімге келіп, шекарамызды бекітіп алуға қол жеткізген. Екі ел арасындағы бұл уағдаластық Қандыжап шарты, яки Мамырсу келісімі деген атпен тарихта қалған.

Абылай хан қалмақпен шайқасып жатқанда қытайлар Жоңғар хандығын жойып, Құлжа шаһарына ауыз салады. Жоңғарларды толық бағындырған еді де, шабылған қалмақ, торғауыт елі қытай қорғанын қабылдамай қашып еді, алайда қашқандары бойларына құт болмай, бәлеге душар болды; ақыры қуылып, одан барып қытайды паналауға мәжбүр болды. Ижн хан атынан Қара Дурчун деген Құлжадан көп әскермен шығып, жапа көрген қалмақтан 2000-дай адам алып, екі жақтың ортасында, Аягөз суының етек жағы – Су батпақ жеріне (оны Батпақ су деп атаған) (осы жердегі бір соғыста қалмақтың Қандыжап деген ханы өлген) түсіп, Абылай ханға елші салады.

Абылай да мыңнан аса қолмен келіп, лай су басында бітім жасасты. Көк қасқа айғыр мен қара бас қошқар сойылды, қолдарын қанға батырды. Шарт бойынша өткен іс кешірім болып, құн, мал дауы болмайды, қазақ пен қалмақ бір-біріне зиян тигізбейтін болады деді. Содан былай суды халық «Мамырсу», Абылайға «ижн» аты берілді. Бұлардың ғұрпы бойынша келісім қағаз, мөрмен емес, қолдарын қанға малуымен, яғни осы шартқа кім қарсы болса денесі қанға батсын, жанын құдай атсын, мәңгі тамұқта жатсын деген келісім жасалған.

Бұл бітімнің нәтижесінде Жоңғар хандығының кезінде басып алған қазақтардың Орта жүз руларының тарихи мекендері – Алтай, Тарбағатай, Зайсан көлі, Қара Ертіс өңірлерінің осы жердің байырғы иесі қазақ халқына қайта оралды.



МАРҚАКӨЛ КӨЛІ – 70 мың жылмен мерзімделетін табиғи-ландшафтық киелі нысан. Күршім ауданы Теректі ауылының солтүстігінде 60 шақырым жерде орналасқан. Көлдің ұзындығы 38 км, ені 19 км, тереңдігі 27 м. Марқакөл жайлы аңыздар қазақтың марқа – жарты жастағы қозы сөзімен байланысты. Қарттардың айтуынша, ертеде көл маңайын қоныстанған байдың сұлу қызы болыпты. Бай қызын ешкімге қимаған екен. Күндердің бір күнінде бай сөз салып жүрген жігіттерге: «Кімде-кім марқа еті піскенше мына көлді атпен айналып шығады, соған өз қызымды және жарты отар малымды беремін» деп шарт қояды. Жігіттер арасында жас қойшы жігіт болған екен. Жігіттер шаба жөнелгенде, аспаздар қойды сойып, қазанға салып от жағып, етті қойшы жігіт келгенше дейін пісірген дейді. Сөйтіп, қойшы жігіт жеңіске жетіп, сол марқа етімен той жасап, көлдің атын Марқакөл деп атап кеткен деседі.

Тағы бір аңызда, ерте кезде көлдің орнында кең жазық дала болыпты дейді. Бір күні шопан осы жерде отар жайып жүргенде, қойлардың ішіндегі ең жақсы марқасы бұлақ басына су ішіп тұрып жер астына құлап кетеді. Қойшы оны көріп, қойды бар күшімен суырып алады. Сол мезетте бұлақ орнынан су атқылап шығады. Жайылған су шөптерді ағаштарды басып, жоғары көтеріліп, тау бауырайына дейін жетеді. Осылайша Марқакөл көлі пайда болады. Жел, көлдің толқындарын көбіктетіп көтерген кезде шынымен де көл үстінде әппақ қозылар жайылып жүргендей көрінеді.



МҰЗТАУ ТАУЫ – Алтай тау жүйесінің Ресей және Қазақстан жеріндегі ең биік мұздықты шыңы (4506 м). Мұзтау жер бедері (жер қыртысының биікше келген учаскілері) ерте төрттік дәуіріне (1,5 млн жыл бұрын) жатады. Тау Қатын жотасының шығыс жағын ала, Қазақстан мен Алтай өлкесінің (Ресей) әкімшілік шекарасы маңында жатыр. Ұшар басында Үлкен, Кіші Берел, Меңсу, т.б. мұздықтары бар, бұлардан Қатынсу өзені бастау алады. Мұзтауды қазақтар Ақсүмбі, Ақтайқы деп атаса, алтайлықтар Үч сумер деп атайды. Мұзтаумен жалғасып жатқан өзен бассейіндерінде жалпы көлемі 146 шаршы километрді құрайтын 162 мұздық бар. Олардың бастылары – Аққем (Родэевич), Едігем өзенінің бастауларындағы Сапожников, Үлкен Берел, Катун (Геблер), Рассыпная өзеніне құятын Кара, ағайынды Троновтар.

Мұзтаудың атауы таудың басынан аяғына дейін мәңгі қалың қар басып жатқандықтан аталған болар. Алтайлықтар Мұзтауды «Құдайдың мекені», «Ұлы қария» деп еркелетіп айтады. Ал Н.К.Рерихтің пікірінше, бұл тау туралы тіпті «шөлдер де сыбырласады». Оның Мұзтаудан Жерұйықты – Шамбаланы іздегені белгілі. Бұл қосбасты жарқыраған ұлылықты өз көздерімен қызықтаған саяхатшылар, оның сөз жетпес сұлулығын, күнбатыстағы ғажайып түстерінің ауысуын, аспанға жақындығын, жұлдыздардың жымыңдасуын ешбір жермен салыстыруға келмейтіндігін таңдана айтады. 1914 жылдың 26 маусымында ағайынды Борис пен Михаил Троновтар, сондай-ақ кезінде Борис Делоне, Игорь Тамм, Борис Соустин, шыңына көтерілген.

Мұзтаудың алқымынан жанжаққа құлай аққан аппақ мұздықтар бойжеткен қыздың күміс шашбауына ұқсайды. Мұзтау – қос өркешті. Алыстан қарасаң – аттың еріне ұқсайды. Алтайдың жон арқасына



аппақ күміс ерді жарқыратып ерттей салған секілді. Мұзтаудың жанжағы көз көрім көкжиекке дейін ала шұбар шың-жартастар. Қара орманды, қапсал шатқалды таулардың ажарында Мұзтау ғана қақ күмісше жарқырап жатады. Осы екі өркештің арасын «Седловина» деп атайды. Ел арасына кеңінен тараған аңыздарға қарағанда, Мұзтау киелі тау саналады. Буддашылардың айтуынша, бұл аймақ гүлжазиралы ғажайып ел – Шамбаланың мекені. Әрі Будда – Гаутама Үндістанға осы арадан сапар шеккен. Николай Рерих пен Елена Блаватскаяның мистикалық ілімін қуушылар Шамбалаға кірер есік осы Мұзтаудың төңірегінде деседі. Ол есік жылына екі рет – күн мен түннің теңелген кезінде, яғни жазда 24 маусымда, қыста 24 желтоқсанда ашылады-мыс. Оны көруді екінің бірінің маңдайына жазбаған. Алайда, көру міндет емес, Мұзтауға келген адамға оның шапағаты жұғысты болмақ-мыс.

Жер шарының энергетикалық өрісі осы Мұзтауда тоғысқан деген де сенім бар. Ол энергетикалық өріс ғарышпен байланысты, сол арқылы бұл маңайға келген адамдарға Мұзтау күш-қуат беріп, жан сарайын тазартады, денсаулығын түзейді. Осы себепті де Мұзтау – Жер-ананың кіндігі саналады. Мұзтау – ғылыми, мәдени және тәжірибелік тұрғыдан да құнды объект. Бұл жерге жылына жүздеген альпинистер, мыңдаған туристер тоғысады. Рерихшілер мен Будда дінінің тегін іздеуші шамбалашылар легі ала жаздай толассыз шұбырып жатады. Адам жанының рухани қазынасын іздеушілер Мұзтауды рух мекені деп дәл таныған. Қазақтың көптеген ақын-жазушылары Мұзтауы асқақ Алтайдың ақ қар, көк мұз құрсаған таңғажайып көркем һәм қатал, бекзат суретін сүйіп бейнелеуден жалықпайды. Мұз жастанып, бұлт емген Мұзтаудың поэтикасы мен мистикасы ғылым мен діннің өзара қабысуын растап тұр.

НАЙМАНҚАЛА ҚАЛАШЫҒЫ

– Үржар ауданы Науалы ауылынан оңтүстікте 11 шақырым жерде, Алакөлдің солтүстігінде 52,3 шақырым қашықтықта, Тамды өзенінің жағасына жақын орналасқан бекініс-қалашық. Ұзындығы 350-400 м шамасында. Ескерткіш әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Ә.Т.Төлеубаевтың жетекшілігімен ұйымдастырылған Алакөл археологиялық экспедиция тарапынан 2014 жылы зерттеліп, гео-координаттары анықталып, өлшемдері алынған еді. Қала туралы алғашқы дерек Плано Карпинидің жазбасында кездеседі.

Қалашықты қай ғасырда және кімдер салғаны туралы ғалымдар арасында түрлі болжамдар айтылады. Кейбір ғалымдар бұл бекіністі Еуразияның орталық бөлігінде, Алтай-Тарбағатай өңірінде орналасқан,



ортағасырларда көшпелі ең күшті, ең өркениетті мемлекет құрған Найман мемлекетіне тиесілі қалашық деп санайды. Келесі бір ғалымдар тобы бұл тарихи деректерде кездесетін Қарақытайлардың (Қидан) Еміл өзені бойында Омыл немесе Еміл деп аталатын қала салғандығын алға тартып, бұл қалашықты Қарақытайлардың қаласы болуы мүмкін дейді. Жергілікті тұрғындар ескерткішті «Жамбы қорғаны» деп атап кеткен, қайсыбір азаматтар «Найманқала» дейді. Төрт бұрышында төрт мұнара және кірер қақпасының екі жағында тағы екі мұнара қаланған. Бір қызығы, қақпадан тура кіре алмайсың, екі бүйірден ғана кіруге мүмкіндік жасалған, сонан соң қақпаға бұрыласың. Қорған-қаланың айналасы кезінде терең ор болғаны байқалады. Бұл, әрине, шабуылдаушы жауға үлкен кедергі болғаны белгілі.

Қорған-қала қазір үлкен төмпешік болып жатыр. Қабырғаларының кейбір ашық қалған тұсынан күйдірілген қызыл-ала кірпіштерді көруге болады.

Қаланы салғанда арнайы кірпіш құйып, әдемілеп өріп отырып қалаған. Ішінде казарма секілді ұзын-ұзын үйлер бірінен кейін бірі салынған. Тегі, тұрғындардан бұрын барақтарда әскерлер тұрған секілді. Ол үйлердің алдында кең алаң бар. Осы арада әскерлер жаттыққан болуы мүмкін. Найманқала толық зерттеуді қажет етеді. Үржар ауданында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің мамандары осы Найманқаладан табылған қыш ыдыстарды IX-XII ғасырлар аралығымен мерзімдейді.


НҰРАЛЫ БАТЫР КЕСЕНЕСІ – XIX ғасырда Байқошқар ауылдық округында салынған.

Нұралы (1699-1763) – жаугершілік заманда ел қорғаған батыр. Оның ерліктері туралы ел аузында аңыз-әңгімелер көп тараған. Нұралы батырдан тараған 10 ұл жайында:

«Ата жауы алысқан,
Қалмақты Керей қиратты.
Жастабан деген елі екен,
Алтай деген жері екен.
Нұралының он ұлының сегізі,
Соғыста өлген ер екен», –

деген шумақтардан Нұралының өзі де, он ұлы да бірдей батыр болғанын білуге болады.

Халық арасында аңыз болып жеткен әңгімер бойынша, Нұралының батырлық белгілері бала кезінен әйгілі бола бастағаны айтылады. Сондай мәліметтің бірін өткен ғасырда жүзге келіп дүниеден өткен Байдомалақ Тиыштықбай деген қарияның аузынан жазып алып хатқа түсірген. Онда баяндалғанындай: Нұралы батыр бала кезінде өзінің бойындағы ерекше қасиеттерімен де ел аузында қалғаны айтылады. Өзен бойында балалармен ойнап отырып, су шайған жұмыр малта тастарды мытып жібергенде малта тастар үгіліп құмға айналып кетеді екен. Нұралыны әкесі тіл-көзден аман сақтауды ойлап, оны көп көзіне түсірмейтін болған. Халық арасында Нұралы батыр алты жасында атпал азаматпен күресіп жығып-





ты, атан өгізді көтеріп кетіпті дейтін аңыздар да бар. Нұралы батыр мен Шахантай батыр Керей ішіндегі Жастабандардың 300 отбасын бастап, Қабанбай батыр мен Ақтанберді жыраулардың ақыл-кеңесімен Шыңғыстаудан шыққан үш өзеннің тоғысар тұсы Шұбартау өңірін мекендеп қалған екен.

ОМАР СМАҒҰЛҰЛЫ КЕСЕНЕСІ – Тарбағатай ауданында орналасқан. Омар Смағұлұлының кесенесін 1918 жылы белгілі шебер Есілбай деген кісі салған.

Омар Смағұлұлы жайында деректер өте аз, тек әкесі сияқты оның да бай болғаны белгілі. Ескерткіш жазықты жерде орналасқан. Кесене үш бөлмелі, тік күмбезді пішінде. Әр күмбез төрт бұрышты негізгі бөлменің үстінде орналасқан. Ортасындағы күмбез жанындағы екеуінен биік. Кіреберісі оңтүстікшығысқа қаратылған. Әр бөлменің екеуден, төртеуден ауа кіруге арналған саңылау орындары, бірінші және екінші бөлмелерінде қабір тастары бар. Кіреберіс бөлмесінде арабографиялық жазумен 1918 жыл деп жазылған.

Кесенеден бірнеше метр жерде тас стела орналасқан, стелада арабографиялық жазумен 1918 жыл саны тағы да жазылған. Кесене тікбұрышты пішінді, саз балшықтан жасалып, өңделмеген кірпіштен тұрғызылған. Жуықтық өлшемдері – 6,3 х 17,6 м, биіктігі – 7,4 м, қабырға қалыңдығы – 1,0 м. Сәулеттік тұрғыдан, қазақ мемориалының көп камералы композициясының бір нұсқасы түріндегі кесене үлкен қызығушылық туғызады.

РАХМАН КӨЛІ – табиғи-қорықтық қордың гидрологиялық нысаны. Катонқарағай ауданы Берел ауылының солтүстігінде 32 шақырым жерде орналасқан.

Рахман көлі – Бұқтырма өзенінің жоғарғы ағысында XVIII ғасырдан бастап анықталған. Ұзындығы 2,6 км, ені 0,6 км, теңіз деңгейінен биіктігі 1,760 км. Көлді беткейлеріне са-

мырсын, балқарағай, шырша, етегіне қайың, тал өскен биік тау сілемдері (2600 м дейін) қоршап жатыр. Көлден Арасан бұлағы ағып шығады. Көл жауын, қар, жер асты суларымен қоректенеді. Орта тереңдігі – 19,5 м, ең терең жері 30 м-ге жетеді, су көлемі – 20 млн м. Орта есеппен жылдық тербелісі 1,5 м-ді құрайды.

Рахман көлімен байланысты бірнеше аңыз бар. Біріншісі аңшы Рахманның атымен байланысты. Ерте кезде Алтай тауларының бөктерінде Әбдірахман деген аңшы өмір сүргендігі, оның бір күні жалғыз баласын ертіп аңға шыққандығы аңыз желісі болады да, алдарынан лағын ерткен сұңар мүйізді марал кезіккенде бала көздеп оқ атады. Маралдың лағы жер сүзіп құлап, оның жаралы аяғынан аққан қанды көрген бала шошынып, есінен танғандығы тебірене әңгімеленеді. Жақын маңнан судың сылдырын естіген Әбдірахман баласының есін жиғызу үшін су әкелуге кеткенде сол бұлақ басынан жаңағы марал мен лаққа тап болады да, жаралы лақтың бұлақ суы ішіндегі аяғының қаны



тоқтап, жарасы жазылғанын көріп аң-таң болады. Бұлақтан жантор-сығына қасиетті судан құйып алады да, баласына апарып ішкізеді. Осы кезде бала есін жияды. Әбдірахман ауылға су әкеліп ауру-сырқауларға береді. Осыдан кейін бұлақты «Әбдірахман қайнары», кейіннен «Рахман қайнары» деп атап кеткен.

САРЫКӨЛ КЕШЕНІ – Шығыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар ескерткіші. Абай ауданы, Қарауыл ауылынан оңтүстікке қарай 30 шақырым қашықтықта, Сарыкөл өзенінің маңында орналасқан. Шыңғыстың сыртындағы Сарыкөл аймағындағы ескерткіштер туралы алғашқы деректер В.Никитиннің жазбаларында кездеседі. 1946-1949 жылдары ғалым Әбіш Жиреншиннің басшылығымен жүргізіле бастаған экспедицияның зерттеу ісі (Семейдің атом полигонының құпиялылығын сақтау мақсатында тоқтатылған) аяқталмаған. Тәуелсіздік жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазақҰУ археологтары Ә.Төлеубаев және Ғ.Омаров зерттеу жұмыстарын жүргізсе, 2006-2009 жылдары А.Исин және Е.Сайлаубай бастаған Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің мамандары тарапынан зерттеледі. Зерттеу нәтижесінде қола, темір және алтыннан жасалған әшекей бұйымдар табылады. Сонымен әлі терең зерттеліп, құпия сыры ашылмаған көптеген петроглифтер, қола дәуірінің жерлеулері, Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері шоғырланған қорымдар, астрономиялық қорғандар мен Сақ дәуірінің обалары, тас мүсіндер, құлпытас, дікілтас, діңген тас, сағана, күмбезді мазарлар, «мықтың үйі» аталатын



тас қорымдар жүздеп саналады. Мұндағы тасқа салынған суреттегі мамонт, бауырымен жорғалайтын жыртқышты аулап жүрген адамдар бейнесі, жазу үлгілері мен түрлі таңбалар – үнсіз сайрап тұрған бабаларымыздың тағдыры, халық тарихы. Қозбағар (Жүзбенбет) қорасының маңындағы төбенің үстінде «Тоғызқұмалақ» ойынының стадионы дерлік алаң, кең алаңдағы ұзындығы жетпіс метрлік обсерватория алаңының отыз бес метріне жалпақ тастар төселген. Тең ортасында киіз үй пішінді орын салынған.

Сарыкөл байырғы тұрғындардың ата-бабаға дұға оқып, құрбандық шалу рәсімдері жүргізілген ежелгі және ортағасырлық көшпелі тайпалардың киелі мекені.

САУЫР ТАУЛАРЫ – Тарбағатай тау жүйесі Алтай-Саян және Тянь-Шань екі ірі тауының торабында жатқан таулар. Оның ең биік нүктесі – Мұзтау (3816 м). Жотаның Қазақстан жеріндегі ұзындығы 50 км. Сауырдың шыңдары тегіс және күмбез тәрізді. Сауыр шыңдарынан Зайсан көліне Үлкен Ұласты, Кендерлік, Қараүңгір, Обалы, Теректі, Жеменей, Үйдене өзендері ағады. Сауыр-Тарбағатай тауларының аймағы табиғи ерекшеліктеріне сәйкес Тарбағатай таулы-далалы ауданы және Сауырдың таулы орманды-шалғынды даласы болып бөлінеді. Тарбағатай даласының өсімдіктері бұталы, қарағайлы болып келеді де, таудың солтүстік беткейінде альпі шалғы-



нына ұласады. Оңтүстік беткейде де бұталы өсімдіктер көп. Сайларда жеміс-жидек ағаштары, көк терек, ақ терек шағын ормандар кездеседі. Тарбағатайдың биік шалғыны Алтай тауынан ауысса, алма, Түркістан аршасы сияқты түрлер Тянь-Шань аймағынан келген. Оңтүстік беткейдің далалық бөлігінде жусанды өсімдіктер көп, ол жайылым есебінде пайдаланылады. Тау алқабында егістік мол әрі таудың батыс беткейінде бақтар бар. Ормандары Сібір ағаштары мен Тянь-Шань шыршасынан тұрады. Бұл аймақтың Сібір мен Орта Азия аралығындағы өткінші орын екенін тағы да дәлелдейді. Сауырдың оңтүстігі мен Тарбағатайдың шығыс бөлігі аралығын Шілікті шөлейт даласы алып жатыр.

Сауыр тауының баурайы ежелден адамдардың қоныс тепкен құтты киелі мекені. Өңірде жүргізілген архе-

ологиялық деректер адамзат баласының бұл жерді қоныстануы сонау палеолит дәуірінде басталғандығын көрсетеді. Ә.Т.Төлеубаевтың жетекшілігімен жүргізілген тарихи-археологиялық зерттеулердің нәтижесінде ерте қола ғасырымен мерзімделетін обалар кешені, Гардизидің еңбектерінде кездесетін қимақтың құпия қалаларының орындары анықталды. Зайсан қаласының музейінде сақтаулы тұрған түркі дәуірінің тас мүсіндері Сауыр тауының ортағасырларда көшпелі түркі тайпаларының киелі мекені болғандығын айғақтайды.



СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ БЕЙІТІ – Семей қаласының шығыс бөлігіндегі мұсылман зиратында орналасқан (1933 ж.).

Сәбит Дөнентаев (1891-1933) – қазақ әдебиетіне елеулі үлес қосқан көрнекті қазақ ақыны, қоғам қайраткері. Ол бұрынғы Семей облысы (қазіргі Павлодар облысы), Павлодар уезі, Ақсу болысының №4 ауылында кедей шаруаның отбасында туған. Әліпбиді мұсылман мектебінде танып, кейін Павлодарда Қасым Ертікбаев негізін қалаған мектепте оқыған. Оның алғашқы өлеңдері 1913 жылы алғашқы қазақ журналы «Айқапта» жарияланса, 1916 жылы Уфада өлеңдер жинағы жарық көрген. 1916 жылы С.Дөнентаев тылдағы жұмыстарды атқаруға әскерге шақырылады. Отанына ақпан революциясынан кейін оралып, Семейдегі мұғалімдер даярлайтын курсқа оқуға түседі. 1919-1922 жылдары ақын ауылдарында жергілікті жерлерде еңбекші бұқараны совет өкіметі маңына топтастырып, белсенді жұмыс істейді. 1923 жылы С.Дөнентаевты губерниялық «Қазақ тілі» газетінің редакциясына жұмысқа шақырады. Осы сәттен бастап, оның ақын, әрі публицист ретіндегі жемісті еңбек жолы басталады. Ол осы кезде Қазақстанда болған өзгерістерді сипаттайтын көптеген өлеңдер, фельетондар, мақалалар жазды. Бұл жылдары Дөнентаев совет жазушыларының позициясын ұстанады, мұны оның өлеңдерінен байқауға болады.

1929 жылдан өмірінің ақырына дейін ақын пролетар жазушылары ассоциациясының мүшесі болды. Отызыншы жылдардағы ашаршылық пен белең алған репрессия ақынды қатты күйзеліске ұшыратады.

Ол ұзаққа созылған дерттен қайтыс болып, Семейге жерленеді.

2014 жылы павлодарлық кәсіпкер Қуат Есімхановтың қолдауымен, Сәбит Дөнентаевтың бейіті қалыпқа келтіріледі.

СЕМЕЙДЕГІ «АЛАШ АРЫСТАРЫ» ҮЙІ – Қазақстан тарихындағы тұңғыш әдеби мұражай. Ғимарат Семей қаласында орналасқан. Бұл – XIX ғасырдың екінші жартысында қос қабатты ағаштан салынған, астыңғы қабаты қызыл кірпіштен қаланған үй.

Бұл үйдің иесі Әнияр (Әнуар) Молдабайұлы (1856-1934) – Шыңғыс болысында дүниеге келген Абайдың замандасы, жерлесі, шәкірті. Оның өмір жолдары М.Әуезовтің «Абай жолы» романында Данияр Қондыбаев деген атпен берілген. Абайдың талап етуімен Әнияр Ресейде білім алып, адвокат куәлігімен елге оралады. Алаш зиялыларының бірі болған Ә.Молдабаев 1917 жылы Семей облыстық оған мүше болып сайланған. Ол Алаш облыстық комитетінің қазынашысы, Семей облысы Земствосы жиналысының мүшесі, Семей уездік қазақ соты жиналысының мүшесі, Земск банкі төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған.

Үйді Әнияр Молдабаев 1898 жылы 19 қаңтарда көпес Москвиннен сатып алған. Абай және Шәкәрім, Абайдың балалары Әбдірахман, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай Семейге келгенде осы үйге тоқтаған. 20-жылдары мұнда М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов тұрған. Абай мен Алашты байланыстыратын бірден-бір тарихи орын осы үй болғандықтан, Ә.Молдабаевтың үйінде 1944-1967 жылдары Абай музейі орналасты. 1988 жылға дейін қаладағы балалар кітапханасы болып, 1990 жылы Абай музейіне



қайта берілді. 1997 жылы 28 қыркүйекте М. Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына орай «Алаш арыстары – М.Әуезов» атты жаңа музей экспозициясы ашылды. Семейдің алаш астанасы болуынан хабар беретін музейде алаш арыстарының бұрышы арнайы ашылған. Экспозиция М.Әуезовтің Семейдегі кезеңіне, шығармашылығына, қоғамдық қызметіне және Алаш зиялыларының тәуелсіздік жолындағы қызметіне арналған төрт бөлімнен тұрады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылы Ақпан, Қазан төңкерістері, Алаш қозғалысы, азамат соғысы – осы тарихи оқиғалар бәрі де төл топырағымызда өзіндік із-бедерін қалдырды. 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда екінші жалпықазақ съезі өтеді. Оған 82 өкіл қатысады. Съездің күн тәртібінде он мәселенің ішінде ең маңыздылары – Ұлттық автономия, милиция, Ұлт Кеңес мәселелері бойынша қоғам қайраткерлері Ә.Бөкейханов, Х. Ғаббасов, М. Шоқай, Ж.Досмұхамедов баяндама жасайды. Съезд қаулысында: «Ұлттық жерлі Автономия болсын; қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын, Алаш автономиясының жер үстіндегі түгі, суы, астындағы кені Алаш мүл-

кі болсын; Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты Алашорда болсын. Алашорданың уақытша тұратын орыны – Семей қаласы болсын» делінді. Алашорданың төрағасы – қазақ көсемі, саяси-қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханов болды.

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ ТАТАР СЛОБОДКАСЫНДАҒЫ МЕШІТТЕР – XIX ғасырдың сәулет ескерткіші. Мешіттер Семей қаласында, Ертіс өзенінің оң жағалауында Татар ауданында орналасқан.

Семей қаласында мешіттердің салынуы 1782 жылғы Императордың Сібір шебінде мұсылман мешіт-медреселері мен керуен сарайларын салу бұйрығымен байланысты. Осы уақыттан бастап Семей қаласында татар және Орта Азиядан келген көпестер діни мінәжат ету орындарын салуды қолдарына ала бастайды. 1826 жылы Семей қаласында 4 мешіт қызмет жасайды. Татар слободкасында мешіттердің жандануы XIX ғасырдың II жартысымен тұспа-тұс келеді. Тарихи және архив деректері осы уақытта Татар ауданында 9 мешіт-медресе қызмет жасағандығын айғақтайды. Ол мешіттер тек қана Семей мұсылмандарының діни жоралғыларын атқаратын орын ғана болып қоймай, Семейдің жалпы Қазақ даласының рухани-мәдени өмірлерінде айырықша рөл ойнаған мекемелер болды. Сондай мешіт-медресенің бірі, халық арасында Ахмед Риза медресесі аталып кеткен медреседе Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев тәлім алған. Медресенің кітапха-



насында парсы, түрік, араб тілінде жазылған көптеген кітаптар болған. 1994 жылы медресе Абай музейінің аумағына көшірілгенде, медреседе сақталған кітаптардың барлығы музейге өткізілді. Сарт мешіті аталып кеткен №8 мешітте мұнара болмағандықтан, «тоқал» мешіт деп, халық арасында Ташкенттік лақаб аты «Боқаш» Мирқұрбан байдың қаражатына салынғандықтан, «Боқаш-мешіті» деп танылған мешітте пайғамбар Мұхаммедтің екі тал сақалы сақталғандығы айтылады. Реттік нөмірі бесінші ағаш мешіттің кітапхана қорында «И.Гаспринский атындағы Семей мұсылмандарының кітапханасы» деген мөр басылған араб тіліндегі діни кітаптар сақтаулы. Бұл Семей мұсылман қауымдастығының арасында И.Гаспринский негізін қалаған жәдитшілік идеяның кең таралғандығын көрсетеді. XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында Ресей империясы территориясындағы мұсылман халықтардың санасына үлкен қозғау салған жәдитшілік сияқты саяси және мәдени қозғалыстар мен идеялардың таралуы, Семей қаласын сол замандағы қазақ даласының ең ірі саяси және мәдени орталығы етті. Осы қалада Қазақ тәуелсіздігін ту еткен Алаш идеясы дүниеге келді. Алаш идеясының басында тұрған ірі қоғам қайраткері, Ұлт Ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлы ағайынды Мусиндар салдырған №3 мешітте халық арасында «Тас мешіт» атанған мешітте Бәдрисафа анамызбен некесін қиды. Кезінде ташкенттіктер, бұхаралықтар салғызған Сарт мешіті, Тоқал мешіт, Ибрагим молда мешіті, Ғидаят мешіті қазір жоқ. Бүгінгі таңда Семей қаласының татар ауданында 1852-1862 жылдар аралығында салынған қос мұнаралы мешіт, ағайынды Мусиндер 1908-1910 жылдар аралығында салдыртқан тас мешіт және Ғаниятулла байдың қаражатына 1859 жылы ағаштан салынған тарихи деректерде №5 мешіт ретінде танымал мешіт қызмет жасап отыр. Татар ауданындағы мешіттер тарихи-мәдени мұра ескерткіштер санатына жатқызылып, мемлекеттің қорғауында. Мемлекеттік «Мәдени-мұра» бағдарламасының аясында мешіттер күрделі жөндеуден өткізілді.

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫ ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛҒАН «ӨЛІМНЕН ДЕ КҮШТІ» МОНУМЕНТІ – бейбітшілікті, соғыстың болмауын, береке мен бірлікті, өткен күннің қаһарлы қасіретін білдіретін мемориалдық ескерткіш.

Семей ядролық полигоны – әлемдегі ең қайғылы орындардың бірі. Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетіндегі немесе әуе кеңістігінде жасалды. Семей полигонында әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. Семей ядролық полигоны ауданында 456 жерүсті және жерасты ядролық сынақтарының өткізілуі



нәтижесінде атмосфераға, гидросфераға және литосфераға өте үлкен мөлшерде радиоактивті материалдар шығарылды. Тек Семей ядролық полигонының ғана емес, соған жақын жатқан орасан үлкен аумақтар да (Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жезқазған облыстары және Ресей Федерациясының Алтай өлкесі) радиоактивті ластануға ұшырады. Соның нәтижесінде сол аумақтағы көптеген тірі ағзалар және тұрғын халықтар зардап шекті. Атом бомбаларының жарылыстары сұмдық ауыр болды. Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы сынақтан азап шекті. Әлі күнге дейін нақты қанша адам қаза болғаны белгісіз сынақ алаңы Кеңес үкіметінің қатыгез жүйесін еске түсіреді.

1991 жылдың 28 тамызында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев Семей полигонын жабу туралы Жарлық шығарды. Бұл еліміз үшін әлем тарихындағы маңызды оқиға болды.

СЕМЕЙТАУ – Семей қаласынан 40 шақырым оңтүстік-батыста орналасқан тау. Солтүстік-батыстан оңтүстікке қарай доғаша иіліп жатыр. Ұзындығы 45 км, ең биік жері – Қарақұс тауы (606 м). Семейтау Шаған, Мырзабек, Мұқыр өзендерінің суайрығы саналады. Батысында бірнеше шағын тұзды көлдер (Қарабастұз, Балықтыкөл, Шұға) орналасқан. Баурайында бірнеше бұлақ бар.

Семейтау Семейдің Ертіс бойын қоныстанған қимақ тайпаларының табынатын киелі тауы болған. Семейтау атауы тарихи деректерге сүйенетін болсақ, көне түркі тіліндегі «Семей» ғибадатхана сөзінен шыққан. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Семейтаудың шығыс жақ беткейінен көшпелілер заманымен мерзімделетін жерлеу-аза



тұту кешендерінің көптеп табылуы таудың атауына қатысты тарихи деректерді қуаттай түседі. Ертіс бойындағы қимақтардың мәдениеті, діни танымдары туралы деректер қалдырған ортағасырлық араб-парсы деректерінде қимақтардың тауларды кие тұтып, табынғандығы туралы айтылады.

Семейтау Отандық тарихымызда өзіндік ерекше орны бар тарихи тау. «Хан жолы» деген атаумен белгілі атақты керуен жолы осы Семейтаудың үстін басып өтіп, Семей қаласы арқылы Сібірге өтеді. Семейтаудың батысындағы Қыземшек тауының үстінде ежелгі қарауыл мұнарасы орналасқан. Алаш партиясының негізін қалаушы Әлихан Бөкейхан Патша үкіметінің қазақ даласына арнайы ұйымдастырған экспедиция құрамында осы Семейтауға келгенде түскен жері «Төренің қуысы» атауымен белгілі. Қазақ геология ғылымының негізін салушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Том технология институтында оқыған жылдары осы Семейтауда өзінің тұңғыш геологиялық практикасын өткізген.

Семейтауда алғашқы археологиялық зерттеу жұмыстары 2015-2018 жылдар аралығында З.Самашев жетекшілік ететін Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының Семей тобы тарапынан жүргізілді. Мұнда 30-дан аса тарихи-мәдени мұра ескерткіштері есепке алынды. Ерте көшпелілер кезеңімен мерзімделетін алты обада қазба жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде көшпелілердің рухани және заттай мәдениеттерінен хабар беретін соны мәліметтер алынды. Барлау нәтижесінде агат, яшма сияқты ежелгі кен орындары ашылды. Зерттеуші мамандардың зерттеулері бойынша неолоит, энеолит сияқты тарихтың көне кезеңдерінде Сібірге жартылай бағалы агат, яшма және т.б. тастар осы Семейтау сияқты Семейдің Ертіс бойынан тасымалданған екен.

СЫРТ ҚАСҚАБҰЛАҚ – Абай ауданы Қасқабұлақ ауылының аумағында орналасқан жер. Бұл жерде Абай Құнанбаев 1845 жылы дүниеге келген. Халық ауызындағы деректерге сәйкес, бұл жер Үлкен Қасқабұлақ, Кіші Қасқабұлақ және Сырт Қасқабұлақ деп аталған. Бертін келе, Абайдың Қасқабұлағы – Абай бұлағы деп атала бастады. Ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойының құрметіне орай Сырт Қасқабұлақта абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, Абайдың үш ішекті домбырасының формасын қайталайтын алаң салынды.

Ащысу өзеніне құятын Абай бұлағында Құнанбай әулеті жылда көктем мен күзде осы бұлақтың басын жайлаған. Бұлақтың басында кішкене Абай күздің ұзақ кешінде әжесі Зеренің талмай айтатын ертегі, аңыз-әңгімелерін тыңдап өседі. Бұл ауылға әнші, ақындар, жыршылар жиі келіп тұратын. Осы бұлақтың басында әйгілі "Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай" т.б. өлеңдері жазылған.

Қасқабұлақ жотасының солтүстік-батысында Абай өлеңдерін көшіріп, ел арасына таратқан Мүрсейіт Бікеұлының туған жері Шол-



пан биігі де алыс емес. Мүрсейіттің көшірмесі арқылы ақын өлеңдері тұңғыш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көреді.

ТАНА БИ ТІЛЕМІСҰЛЫ КЕСЕНЕСІ – Тарбағатай ауданында орналасқан.

Тана Тілемісұлы (1803-1868) – ел ішінде Тана мырза деген атпен мәлім атақты би, Құнанбайдың замандасы, құдасы. Тананың немере қызы Тектіге Құнанбайдың баласы Ысқақ үйленген. Одан Кәкітай туған. 1837 жылы Тана өз өңірі болыстығының билеушісі болып сайланады. Орта жүздің шығысындағы іргелі елге ғасырдан астам билік жүргізген Әбілпейіз сұлтанның әулетінен тараған өлке төріндегі төрелер арасынан қарадан дара шыққан Тананың таңдалуы, оның өресінің тым биік болғандығын көрсетеді. Ел ішіндегі саяси жағдайларға белсене араласып, сол кездегі өзекті мәселелердің бірі – бодандыққа мойынсынуды қолдаған қаракерей, мұрын руларының сұлтан билері қатарында 1830 жылы ант беруге қатынасқаны белгілі. Алайда осы көзқарасын кейін өзгертіп, Ресей ұлықтарына ымырасыз күрес жүргізген Сыбанқұл сұлтанның ықпалында болғандығы жөнінде мұрағат деректерінде кеңінен баяндалады. 1842 жылы Мұрын-Назар болысының басқарушысы болған. 1849 жылы Көкпекті округіне ғылыми-зерттеумен келген инженер А.Влангалидің, 1863 жылы К.Струве мен Г.Потаниннің экспедициясына қатысып, жолбасшы болған.

Бұл жөнінде осы аталған ғалымдардың жолжазбаларында айтылады. Тана мырзаның Қарғыба өзені бойында су диірменін орнату



үшін генерал-губернатордан алған рұқсат қағазы, мұрағат қағаздары сақталған. Тана Лепсі аймағының Шұбар ағаш деген жерінде орыс-қытай шекарасы туралы комиссияның мүшесі ретінде (1858) құжатқа қол қойған. Оған поручик (1868) шені берілген. Өзі билік жүргізген елде суармалы жерлерге егін ектірген, елді өнер-білімге баулып, мешіттер салдырған. Оған мысал – Ертіс өзеніне таяу жердегі Көкпектідегі мешіт. Тана мырза салдырған елдегі алғашқы білім ордасы «Ақ мектеп» орны әлі күнге дейін бар.

ТАСБАҚАТАУ – Үржар ауданы Тасбұлақ ауылы аумағында Таскескен-Бақты тас жолынан 5 шақырым

жерде орналасқан. Көпшіліктің көз жауын алатын суреттегі алып тасты жұрт «Тасбақатау» деп атап кеткен. Бағдарлап қараған кісіге бірде тасбақа жоғары өрлеп барады, ал келесі кезде тасбақа төмен құлдилап келе жатыр.

Тау табиғаттың миллиондаған жылдар бойы жасаған қашауының нәтижесінде пайда болған. Бұл жерде табиғаттың құдіретімен салынған түйе, динозаврларға ұқсас 100-ден астам түрлі мүсіндерді байқауға болады. Сондай-ақ, тау табиғат салған мүсіндерден бөлек Тарбағатай тауының күнгей бетін осыдан 4000-3000 жылдар бұрын мекендеген көшпелі халықтардың қолынан туындаған тастың бетіне қашалып салынған суреттерге аса бай. Ғылыми тілде петроглифтер деп аталатын бұндай суреттерде байырғы адамдардың өнері мен діни-дүниетанымдарынан хабардар береді. Бұл жердегі тастарға ежелгі адамдар негізінен бұғы, марал, тауешкі сияқты өздерінің танымдарында жоғары әлеммен байланысты білдіретін бейнелерді салған.

Тасбақатаудағы тастағы суреттердің басым бөлігі ерте темір дәуіріне жатқызылды. Олар көп жағдайда сол дәуірдегі мифті-салттық кешенмен және адамның архаикалық ойлауымен байланысты көп фигуралы композицияларға біріктірілген. Ежелгі замандарда Тасбақатау осы аймақты мекендеген көшпелі халықтардың тәу етіп, сыйынатын тауы болған.



ТОҚТАМЫС ЛАҚАҰЛЫ МАЗАРЫ – Қарауыл төбенің күнбатыс жағындағы Белбасар деген төбеде орналасқан. Батырдың 1940 жылы көтерілген ескі бейітінің орнына 1993 жылы Маңғыстаудың ұлу ақтасынан арнайы архитектуралық жобамен көркем, көлемді, мазар тұрғызылып, ас берілгені жөнінде деректер бар.

Тоқтамыс Лақаұлы (1730-1797) – батыр. Тоқтамыс батырдың ерлігі халық аузындағы әңгіме, өлең-жырда көп айтылады. Шәкәрім қажының «Жолсыз жаза, яки кез болған іс» атты Еңлік-Кебек оқиғасына байланысты дастанында қазақ-қалмақ соғысының бас қаһармандарының бірі, толарсақтан қан кешіп, туған жерін ақ найзаның ұшымен, қос білектің күшімен қорғаған даңқты батыр Лақаұлы Тоқтамыс батыр туралы айтылған. 2003 жылы қарт журналист Жағыпар Жүнісжанов құрастырып, Алматыдан бастырылып шыққан «Ту тіккен тобықтының қолбасшысы» атты жинақ жарық көрді. Онда 1963 жылы батырдың тікелей ұрпағы шежіре қарт – Әбіш ақсақалдың арнайы тапсырысы бойынша халық ақыны – Шәкір Әбеновтың жазған «Тоқтамыс батыр» аталатын көлемді дастаны және батыр жөнінде ел аузында айтылып, жазылып жүрген деректердің бір-



сыпырасы топтастырылған. Тарихи әңгімелерге қарағанда, Тобықтының өз туы болған. Яғни, қазақ-қалмақ соғысында осы рудың сарбаздарынан құралған жасақтарды басқаратын батыр Тобықты туын көтеріп, ұран шақырған.

Алғашқыда бұл туды Тобықтының бас батыры Көкенай ұстаған. Көкенай батыр қазақ-қалмақ соғысында шеп құрып соғысып, көш ұзағанша жауды бір ай бөгеп, ата қонысында қалған Әнет бабаны іздеп барарда туды жас батыр Мамайға ұстатады. Ел намысын жықпауды аманат етеді. Сыр бойынан ауған ел Мұғаджар (Ақтөбе), одан Қаратау, одан Сарыарқаға келіп, осы күнгі Көкен, Доғалаң, Ащысу, Ордаға ат басын тіреген уақытта ту Мамай батырдың қолында болады. Мамай тұғырдан түсіп қартайған шағында туды Тоқтамысқа беріпті. Тоқтамыс батырдың қолында болған осы тарихи ту мен батырдың қару-жарағы оның ұрпағы «Қызыл ту» совхозының орталығы Сарғалдақта тұратын Әбіш ақсақалдың қолында болды. Ол қазір Нұрмаханның баласы, Әбіш ақсақалдың немересі Несіптайдың қолында көздің қарашығындай сақталып келеді.

Тоқтамыс батыр Абылайхан заманының қалмақтармен болған шайқастарында ерекше көзге түсіпті. Тоқтамыстың тұңғыш танылғаны Шаған шайқасында болған екен. Шаған соғысы 1750 жылдардың орта тұсында болған. Бұл соғыс кейіннен «Шаңды жорық» немесе «Қалмаққырған» деп аталады. Мөлшері 1756 жылдары болған Аякөз шайқасында Тоқтамыс батыр иісі Орта жүздің ұранын шақырып, жекпе-жекте қалмақтың екі батырын жер жастандырады. Тоқтамыс батыр туралы аңыз-әңгімелер көп. Оның ішінде Тоқтамыстың тек батырлығы ғана емес, асқан адамгершілік қасиеті айтылады. Батырдың соңғы ғұмыры ел ішіндегі айтыс-тартысты реттеуге арналғаны, ондағы ол кісінің әділеттілігі, әділдігі байқалады.

ТЫНЫБАЙ ҚАУКЕНОВ МЕШІТІ – дінімізге тосқауыл қойылған кеңес заманында да үздіксіз жұмыс істеген бірден-бір мешіт. Семей қаласының Жамбыл көшесінде орналасқан. Мешіт 2-гильдиялық қазақ көпесі Тыныбай Қаукеновтің қаражатына 1830-1840 жылдары салынған. Т.Қаукенов мешітінің тарихы жайындағы жазбаларда, мысалы, 1858 жылы 6 мамырда толтырылған «Семей қаласындағы магометандық мешіттер және келетін ерлер мен әйелдердің саны жайында» тізімдемеге сәйкес, Т.Қаукенов мешітіне 145 еркек және 137 әйел адам келіп жүрген.



Мешіттің іргетасы тастан, ал мешіт мұнарасының күмбезіне дейінгі қабырғалар ағаштан жасалған. Мешіт жайында екі қабатты залдар құрылған, астындағы қабат ер адамдардың намаз оқуына арналған, ал үстіңгісі әйел адамдарға арналған. Күмбез бен сыртқы қабырғаның бөлігі түрлі пішіндегі өрнекпен безендірілген.

1872 жылғы 15 желтоқсанда Семей қалалық думасы Үкіметтік сенаттан Ертістің сол жақ жағалауындағы Слободкаларды қаланың шеңберіне қосуды сұрайды. Бұл туралы Омбы мұражайындағы «Судың ар жағындағы Слободканың Семей қаласына қосылуы туралы істің» материалдарында жазылған.

ҮРЖАР ХАНШАЙЫМЫ – Үржар ауданы Тасарық елдімекенінің маңынан табылған сақ дәуірінің жерлеу ескерткішінен табылған жәдігер. Үржар ханшайымы кешені б.д.д IV-III ғасырлармен мерзімделеді. Кешенде археологиялық зерттеу жұмыстарын 2013 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мамандары жүргізді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде оба үйіндісінің астынан 1,70 см тереңдіктегі мола шұңқырынан



киімдерінің жекелеген элементтері, әшекей бұйымдары жақсы сақталған әйел адамның мүрдесі анықталды. Ғылыми-көпшілік бұл ашылымды «Үржар ханшайымы» деп атап кетті. Жерлеу камерасының ішінен қыштан және ағаштан жасалған ыдыстар, құрбандық малының сүйектері табылды. Әйел адамның бас жағынан қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде қалыңдықтың бас киімі саналатын сәукелеге ұқсас бас киімнің қалдықтары анықталды.

Археолог, реставратор, генетик және т.б. ғылым салаларының бірлескен ғылыми жұмыстары нәтижесінде «Үржар ханшайымы» табылымының жерлеу киімі, ханшайымның ДНК-сы ажыратылып, бет-әлпеті бойынша жаңғыртпасы жасалды.

«Үржар ханшайымы» табылған Тарбағатай өлкесі көшпелі тайпалардың киелі мекендері болғандығын көрсетеді. Тасарық елдімекенінің

маңайында орналасқан Тасбақатау, Ақберді петроглифтер кешені сақ тайпаларының діни-ритуалдық қызметтерін атқаратын орталықтардың бірі. Ханшайым өз заманында осы кешендерде діни-ритуалдар жасаған көшпелі тайпалардың бас абызы болуы мүмкін.



Ф.М. ДОСТОЕВСКИЙ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫ ҮЙІ – XIX ғасырдың екінші жартысына тиесілі ескерткіш. Семей қаласында орналасқан.

Федор Михайлович Достоевский (1821-1881) – орыстың ұлы жазушысы, Шоқан Уәлихановтың досы. Ол Семей қаласында бес жыл тұрған. Ф.М.Достоевскийдің әдеби-мемориалды үй-мұражайының тарихы XIX ғасырдың екінші жартысында М.Д.Исаевамен некелескеннен кейін пәтер жалдап тұрған кездегі кішігірім ескі ағаш үйінен басталады. Бірнеше жыл қысымда жүрген ол әдебиет әлеміне қайта оралды. Бұл қалада қызықты адамдармен жүздесуін жүргізді: П.П.Семенов-Тянь-Шанский, А.Е.Врангель, қазақтың атақты ғалымы әрі саяхаттанушысы Ш.Уәлихановпен бірге достығын асқан ілтипатпен еске алады.

Ф.М.Достоевскийдің қазақ халқының еркіндікке құштарлығының белгісі «Өлілер үйінен табылған хаттар», «Қылмыс пен жаза», «Ойыншы» романдарында бейнеленген. Мәселен, «Қылмыс пен жаза» романында «Раскольников сарайдан шығып, жағалауға келді, сарай жанындағы бөрене үстіне жайғасып, жалпақ та бос өзенге көз салды. Биік жар басынан бар маң айқын байқалады. Арғы алыс беттен талып ән естіледі. Ол жақта күн шұғыласына малынған сайын дала төсінде қараң-құраң етіп көшпелілердің киіз үйі қараяды. Онда бостандық самалы еседі және мұндағыларға ұқсамайтын мүлде басқа адамдар мекен етеді», – деп жазады.

Орыс руханият әлемін қабылдауда батыстық көзқарас үстем тұратын Еуропа мен Америкада классик жазушы Федор Михайлович Достоевскийдің прозасын аса жоғары бағалайды, керемет қастерлейді әрі бұл елдерде де Достоевскийді сүйіп оқитын оқырмандар аудиториясы замана ауысқан сайын ешқашан азайған емес.

ШАЛ ҚАЖЫ МАЗАРЫ – XIX ғасырдағы тарихи ескерткіш. Тарбағатай ауданы Қызылкесік ауылдық округінде орналасқан.

Шал қажы Доңдағұлы – алғаш дін ашушы, Найман руынан қажылыққа алғаш барған, халқы пір тұтып, бас иген қасиетті жан болған. Шал қажының басты ұстанымы қайырымдылық пен әділдік болған екен.

Қажылыққа шыққанда өзіне жол серік ретінде Ілияс деген адамды ертіп алады. Осы қасиетті де ауыр жолда қажының сенімін ақтаған Ілиясты Меккеден келген соң үш жылдан кейін жол қаражатын толық қып беріп, бедел қажы ретінде Меккеге тағы жіберіп алады. Осы арқылы мұсылмандық заңына сәйкес Шал қажы Меккеге екі рет барып келген болып есептеледі. Қажының Мекке-Медина сапарында серіктесі болған Ілиястың айтуы бойынша, Қағбаның ішіне ұрпақтарымыздан қайсыбірі келеді деп тосып жүрген Шал қажымен бірге Би Боранбай, Шәкі би және Қыржы Кенжалы би сияқты найман елінің пірлеріне айналған жандардың аруақтары кірген екен.

Шал қажы ұлты мен діні басқа жандарды өзіне табындырған. Сондай бір әңгіменің бірі: Көктерек старшыны болған Егер Беловтың ұлы Владимирдің Шал қажының зиратына тәу етіп, мұсылман дінін қабылдап, 19 жасында сүндетке отырғандығы айтылады. Ақсуат өңірінің шежіресін жазған Кәрмен мырза: «Шал қажының зиратынан үнемі бір нұр аспанмен тілдесіп тұратындығын көруші едім. Соңғы үш жыл бойы байқалмай кетті. Оның себебі, қасына бөтен зираттар көп түскендіктен», – деген екен. Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріліп, бүгінге дейін жеткен осы аңыздар халық санасында Шал қажы бейнесінің ерекше киелі, қасиетті тұлға ретінде орныққандығын, оны ерекше сүйіп, қастерлеп есте сақтағандығын көрсетеді.

ШӘКӘРІМ САЯТ ҚОРАСЫ – Шыңғыстау сыртындағы, Шақпақ тауы бауырындағы шошала. Ақынның Саят қорасы Қарауылдан 100-120 шақырым жерде. Қазіргі таңда қораның сұлбасы ғана қалған. Саят қора ақынның өмірінің, шығармашылығының куәсі және асыл ұясы болды. Саят қора деп Шәкәрім өзі атаған.

«1912 жылдың жазында Кеңқоныс жайлауына Шәкәрім Құдайбердіұлы қора салдырып, «ойға оңаша жер керек» деп айтқанындай, шығармашылықпен айналысады. 1924 жылы бұрынғы қорасы жерімен бірге крестьян болып орнаған шаруалардың теліміне беріліп кетті. 1925 жылы Кереймен жапсарлас, Шақпақтың күнгей бетінен, бұрынғы қорасынана он бес шақырымдай ары, жайлаудан әкейге қора салып бердік. Бір там, бір шошала, айналдыра салған пішен қора, ат қорасы болды. Жазда отынын, атқа шөбін дайындап береміз. Соятын малын, соғымын 15 шақырымдай жердегі Байқошқар ауылындағыларға қойып кетеміз. Қыстай сол қорасында жазуын жазып, кітаптарын оқып жатады. Ауыл жайлауға шыққанда бірақ қосылады. Анда-санда ауылдан кісі барып, қал-жайын біліп





тұрады. Ауыл қыстауға қайтарда әкей қорасында қалады. Не ауылмен келіп, қараша, желтоқсан айларында қорасына қайта барып жатады», – деп жазады Ахат Шәкәрімұлы. 1931 жылдың 3 ақпанында жазушы Сәбит Мұқановқа жіберген хатында оның Саят қорада жазылғанын айтқан.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931) – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, ақын негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. 1924-1925 жылдары Шәкәрім М.Әуезовпен пікірлесті. Абайдың толық жинағына құнды мағлұматтар берді. «Таң» журналына арнап «Әділ-Мәрия» романын жазды. 1926-1929 жылдары «Иманым», «Жаралыс сыры», «Жан сыры» атты топтамаларға енген ғақлия поэзиясы жарық көрді. 1929-1931 жылдары «Мұтылғанның өмірі», тағы басқа өмірбаяндық жырларын жазды. 73 мүшел жасында жендеттер оғынан қаза тауып, мәйіті құрқұдыққа тасталды. 1961 жылы 8 тамызда құрқұдықтағы сүйегі қазылып алынып, Жидебайдағы Абай зиратына жерленеді. 1958 жыл 29 қазанда СССР бас прокуроры канцеляриясы Шәкәрімнің ақталғаны жайында құжатқа қол қояды. 1988 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасы Орталық комитеті, Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қаулысы бойынша толық ақталады.

ШӘКІ БИ ТАСЫБАЙҰЛЫ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – Тарбағатай ауданы Үштөбе ауылдық мекенінде орналасқан.

Шәкі Тасыбайұлы (1805-1885) – би әрі елінің намысын қорғап, сөзін сөйлеген аса бетті де білгір шешен болған тұлға. Шәкі шешен кезінде Құнанбай, Кеңгірбай, Алшынбай, Едіге сияқты әр елдің атақты би-сұлтандарымен даулы мәселелерді шешуде айтыс-тартыстарға қатысқан.

Бидің Шал Қажымен, Құнанбаймен, Тана мырзаның әкесі Тілеміспен, т.б. белгілі тарихи адамдармен кездесулері туралы ол кісінің ерекше қасиетін танытатын әңгімелер ел аузында баршылық. Бір келгенде Шәкі де, Құнанбай да «Мұхтасарды» бір молдаға оқытып тыңдап отырады. Бір кезде Шәкі: «Құнанжан, мына жерде бір беті жоқ қой» депті. Сол күні қос атпен кітапты Семейдегі хазіретке жіберсе, жоғы рас екен.

Тағы бір рет күзді күні Құнанбайдікіне ел қораға қонғанда келіпті. Шөп түспеген екен. Кешке би атшыға қарап: «Аттарды ауыл маңына тұсап жібере сал» десе керек. Сонда Құнекең: «Би, ауыл маңы тақыр,



ештеңе тауып жей алмайды ғой, таң атқан соң ұзатыңқырап жайып келмесе?» деген екен. Сонда «Құнанжан, жер – анасы, мал – баласы емес пе, баласы еміренсе, иімейтін ана бола ма, бірдеңе тауып жер» депті Шәкі би.

ШИМАЙЛЫ ПЕТРОГЛИФТЕРІ – Тарбағатай ауданы территориясында орналасқан б.д.д. III – б.д. I мыңжылдықтың арасында салынған жартас суреттері. Суреттер Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының мамандары тарапынан жүргізілген далалық зерттеулері нәтижесінде анықталды. 2015 жылдан бастап бұл жерде стационарлы зерттеулер жүргізіліп келеді.

Шимайлы – құмтас жыныстарының тегіс беттеріне салынған көптеген суреттерге қарап қойылған шатқалдың жалпы атауы. Сонымен қатар шатқалда әрбір шоқының, жыралардың бұлақтардың және т.б. нақты атауы бар, мысалы, Молдажар, Сарыдоңғал. Мұнда археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде қола ғасырынан бастап түркі дәуіріне дейінгі аралықты қамтитын түрлі композициялар мен сюжеттер көрсетілген петроглифтердің 13 тобы тіркелді. Петроглифтердің негізгі тақырыптары өсіп-өну, аңшылық, діни рәсімдер және т.б. әрекеттермен байланысты.

Шимайлының жартастағы суреттерінің басым бөлігі қола ғасырына жатқызылды. Олар көп жағдайда сол дәуірдегі мифті-салттық кешенмен және адамның архаикалық ойлауымен байланысты көп фигуралы композицияларға біріктірілген. Жартастағы бейнелердің басым бөлігін сеймин-турбин стилінде орындалған жылқылар мен бұқалардың бейнелері құрайды. Шимайлы петроглифтерінде саны жағынан екінші орынды әртүрлі жағдайларда көр-



сетілген антропоморфты фигуралар алады. Бұл жаппай салт-жоралық би, жыртқыш және аң бейнесіндегі бетперде киген эротикалық көріністер, сондай-ақ әртүрлі аңшылық сюжеттер мен соғыс көріністеріне біріктірілген садақшылар, шоқпаршылар дөңгелекшілердің динамикалық фигуралары.

Сақ кезеңінің петроглифтері аз ғана, бірақ олар әрдайым өте жарқын, серпінді және экспрессивті. Ежелгі аң стилінде салынған асыл бұғы, жыртқыш аңдар, жылқылар мен басқа да жануарлардың фигуралары ерекше әсер етеді. Дамыған сақ кезеңіне және әсіресе ерте темір дәуірінің соңғы кезеңіне жататын жартастағы бейнелерді ажырату қиын. Шимайлы петроглифтерінің кейбір бөлігі ғұн-сармат кезеңіне жатуы әбден мүмкін, яғни, бұл кейінгі сақтар мен ерте түріктер арасындағы хронологияның кемшін тұстарын толықтырады.

Ежелгі түркілер дәуірінің нақыштары аз, бірақ олар техника мен стилистикалық ерекшеліктерге сәйкес нақтыланып тұрады. Бұл, негізінен, атты жауынгерлердің бейнелері ұсынылған, кейде жауынгерлік садақпен көрсетілген кең таралу сипатындағы сюжеттер. Жауынгерлік аттардың кейде үш тісті қысқа кекілдері сызылған, ер-тоқымдар мен тебінгілері, жүгендері көрсетілген. Бұл бейнеленген кейіпкерлердің этномәдени келбетін қатесіз анықтауға мүмкіндік береді.

Шимайлы шатқалындағы петроглифтер Орталық Азияның петроглифтік өнерінің арасында лайықты орын алады деп айтуға болады.

ШІЛІКТІ КЕШЕНІ – Зайсан ауданы Шілікті ауылының маңындағы табиғаттың үйлесімді әсерімен және адамның ғасырлар бойы қызметінің салдарынан пайда болған тарихи-мәдени ландшафт, ерте сақтар заманындағы таңдаулы ескерткіштер. Шілікті алқабы – Зайсан ауданындағы 80 шақырымға созылған жазық, айналасында Тарбағатай, Маңырақ, Сауыр-Сайқан, Жүрек таулары көз тартады. Бұл шынымен Патша алқабы, мұнда 200-ден астам қатар-қатар үлкен обалар орналасқан. 1960 жылы археолог С.С.Черников №5 обаны қазып ашты, мұнда 524 алтын зат табылды. «Ұшып келе жатқан бұғы» түріндегі қапсырмалар, бүркіттер, балықтар, қабан бейнелерінің мүлтіксіздігі және мәнерлілігі таң қалдырады. Шіліктіден табылған бұғылар кескіні өте көркемдігімен, эстетикалық сипатымен көз тартады. Қазір олар тұспалдық логотип ретінде айшықталады.

Шілікті мұрасын ары қарай ашуды қазақстандық археолог Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаев жалғастырды. 2003 жылы көлемді және орналасу ерекшелігімен белгілі №1 обаны қазып ашқан кезде көптеген заттар табылды. Биіктігі сегіз метр үйме астынан балқарағай бөренелерінен салынған қабір табылды. Обаның тоналғаны анықталған кезде, оның бұзылғаны расталды. Табылған адамның бас сүйегі бойынша антропологтар патша тұлғасының сыртқы келбетін бұрынғы қалпына келтірді. 4333 алтын бұйым табылды: барыс, бүркіт, бұғы, бөлтірік, арқар түрінде жасалған қапсырмалар, ежелгі



көшпенділер өнерінің төлтума жауһары – екі бұғыдан жасалған геральдикалық композициясы бар қапсырма, т.б.

2016 жылы бұл ескерткіш «Шығыс Қазақстан облысында археология саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытудың 2016-2018 жылдарға арналған бағдарламасы» атты облыс әкімдігінің жобасына енгізілген. Қазба жұмыстары №16 обада жалғастырылды. Обада тоналған балқарағай мазары табылған. Оның әртүрлі бөліктерінде табақ алтыннан жасалған 2000-нан астам әшекейлер: бұғы, бүркіт-гриф он, қабылан, балық, қабан түріндегі қапсырмалар, геометриялық пішінде киімге тігілген жапсырмалар, аң стилінде жасалған әшекейлер көп кездескен. Ең маңыздысы – қабір үстіндегі жерлеу құрылыс сәулетін, құрылыс технологиясын жүйелеп тексеруге мүмкіндік болған. Материалдар біздің дәуірге дейін VII-VI ғасырлармен мерзімделеді.

Шіліктінің алтын әшекейлері сақтар өнерінде ең алғашқы болып табылады. Олар адамның көзі тірісінде тағуға арналған заттар болатын. Сақтар басқарушысы маңызды мерекелер кезінде алтын қапсырмалармен безендірілген киім киген. Бұл мерекелік костюмді ғалымдар бұрынғы қалпына келтірген. Бұл тек Қазақстанда емес, бүкіл еуразиялық кеңістіктегі бірегей «Алтын адам» болып табылады. Материалдар ерте сақ заманымен, яғни біздің дәуірге дейін VIII-VII ғасырлармен мерзімделеді. Шілікті қорымындағы қазбалар соңғы жылдардың ең көрнекті жаңалықтарының қатарына кіріп, біздің дәуірге дейінгі I мыңжылдықтың ортасында біздің өңірде болған мәдени-тарихи процестердің бұрынғы қалпына келуіне әсер еткен.

ЫРҒЫЗБАЙ АТА КЕСЕНЕСІ – Шығыс өңіріне танымал әулие адамға қойылған ескерткіш. Кесене Тарбағатай ауданы Тарбағатай тауының теріскей бетіндегі бұйратты құба белде, Ақсуат ауылынан Кіндікті ауылына апаратын жолдың

бойында, солтүстікке қарай 5 шақырым жерде Күмісті бастауының қасында орналасқан.

Ырғызбай Досқанұлы (1787-1850) – Орта жүзге белгілі халық емшісі, әулие, көріпкел. Оның атағы Абайдың әкесі Құнанбай қажыны емдеп жазғандығымен жайылған. Ол өзі молда, өзі тәуіп һәм әулие кісі болғанымен қоса, арнайы емдеу орны болмаған кезеңде, шөптен дәрілер жасау арқылы адам жанын дауалай білген. Емделуге келген адамнан ақы талап етпеген, «Жетім-жесірге беріңдер, менің міндетім бөлек», – дейді екен. Қазақта «Алладан тіле, әулиеге түне» деген жақсы сөз бар. Сондай қасиет қонған өңірлердің бірі – Ырғызбай әулиенің басына түнеп, дұға еткен жандардың тілегі қабыл болғанына талай мысал келтіруге болады. Ел ішіндегі ақпараттарға қарағанда, Ырғызбай Досқанұлы қайтыс болар сезіп: «Топырақ маған осы жерден бұйырған. Менің сүйегімді Кіндіктіге апармаңдар, анау тұрған құба белге жерлейсіңдер», – деп, қазір өзі жатқан жотаны көрсетеді. «Мені сандықша бейітке қоясыңдар. Басыма зират үйін тұрғызбаңдар. Зират үйін тұрғызу келешек ұрпақтың міндеті», – деп өсиет еткен екен. Ырғызбай ата 1920 жылдары Шыныбай Жәнібекұлы деген ақсақалдың түсіне кіріп: «Ей, Шыныбай, менің басымда қозы-лақ ойнап жүр, зиратымды көтер, саған Алла тағала береді», – дейді. Ол қара сиырының күшімен сүйреткімен тас тасып, әулиенің жатқан жерінің алғашқы сандықшасын қойыпты. Содан кейін тұрмысы түзелген Шыныбайдың ұрпақтары бүгінде бақуатты тұрады. Одан кейін Ырғызбай Досқанұлының басына құлпытасты 1975 жылы Тағабаев Құнанбай ақсақал өз қолымен қояды.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

Р/с	Қасиетті орындар	Орналасқан жері	Уақыты
1	2	3	4
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ			
1	Аққөл – Жайылма қалашығы	Екібастұз ауылдық аймағының Қаражар ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 2 шақырым	
2	«Аққелін» – тарихи-мемориалды кешені: М.Шорманов кесенесі	Баянауыл ауданы Мұса Шорманов ауылынан 1 шақырым жерде, Аққелін тауының баурайында	1818-1884 жж.
3	Батыр Жасыбай Өміруұлы	Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 5 шақырым	XVIII ғ.
4	«Қоңыр әулие» үңгірі	Баянауыл ауданы Торайғыр ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 10 шақырым	
5	Исабек хазірет кесенесі	Екібастұз қаласы, Аққөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 15 шақырым	1792-1871 ғғ.
6	Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Кесенесі	Баянауыл ауданы, Жаңажол ауылы маңы	1858-1931 жж.
7	Сұлтанбет сұлтанның үй-жайы	Павлодар қаласы	XVIII ғ.
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ			
1	Абылай хан үйі	Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі	1829 ж.

2	Қарасай және Ағынтай батырлар кешені	Айыртау ауданы, Қарасай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 4 шақырым	1999 ж.
3	Ботай қонысы	Айыртау ауданы, Никольск-Бұрлық ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым	ж.с.д. XIV-XXII ғғ.
4	Сырымбет қонысы	Айыртау ауданы, Сырымбет ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 шақырым	XIX ғ.
5	Ақан сері зираты	Айыртау ауданы, Тереңкөл ауылынан солтүстікке қарай 9,5 шақырым	XX ғ.басы
6	Қожаберген жырау зираты (1663-1762 жж)	Жамбыл ауданы, Благовещенка ауылынан батысқа қарай 13 шақырым	2001 ж.
7	Құлсары батыр зираты	Есіл ауданы, Бұлақ ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 5,5 шақырым	XVIII ғ. 2-жартысы
8	Ноғайбай би жерленген жер	М. Жұмабаев ауданы, Ноғайбай ауылы	XX ғ.
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ			
1	Абайдың «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені	Абай ауданы, Қарауыл ауылы	XX ғ.
2	Абайдың дүниеге келген жері, Сырт Қасқабұлақ	Абай ауданы, Қасқабұлақ ауылдық округі	XIX ғ.
3	Алакөл көлі	Үржар ауданы, Қабанбай батыр ауылы	
4	Алаш арыстары үйі	Семей қаласы, Бөгенбай батыр көшесі	XIX ғ.
5	Ақбауыр» тарихи-археологиялық кешені	Ұлан ауданы, Бестерек ауылы	б.д.д. III мыңжылдық

6	Ақтас тауындағы Қоңыр әулие үңгірі	Абай ауданы, Тоқтамыс ауылы	
7	Ақшоқы Құнанбай әулетінің қорымы	Абай ауданы, Қасқабұлақ ауылдық округі	XIX ғ.
8	Берел тарихи-археологиялық кешені	Қатон-Қарағай ауданы Берел ауылы	Б.д.д IV-III ғғ.
9	Ер Жәнібек Бердәулетұлы батыр	Жарма ауданы, Қалбатау ауылы	XXI ғ.
10	Қозы Көрпеш пен Баян сұлу кесенесі	Аягөз ауданы, Таңсық ауылы	IX-X ғғ.
11	Мұзтау	Қатон-Қарағай ауданы, Берел ауылы	
12	Семей полигоны құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» монументі	Семей қаласы, Бейбітшілік аралы	XXI ғ.
13	Ф.М. Достоевскийдің әдеби – мемориалды үйі	Семей қаласы Достоевский көшесі	XIX ғ.
14	Шілікті тарихи-археологиялық кешені	Зайсан ауданы Жалши ауылы	б.д.д. VIII-VII ғғ.
15	Ырғызбай Ата кесенесі	Тарбағатай ауданы Кіндікті ауылы	XXI ғ.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

АҚҚУЛЫ АУДАНЫ

Малыбай көлі
Мерғалым сыныққшының жерленген жері, 1935 ж.
Сары бәйбіше жерленген жер, 1720 ж.

АҚСУ ҚАЛАСЫ

Қазанғап би жерленген жер, 1771 ж.

АҚТОҒАЙ АУДАНЫ

Естай ақынның кесенесі, 1874 ж.

БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ

Ақбидайық петроглифтері, б.д.д. 10-7 мыңж.
Ақын Жарылғапберді Жұмабайұлы жерленген жер, 1851 ж.
Әбжалап әулие мазары, XVIII ғ.
Әулиебұлақ
Әулиебұлақ (Ақбура әулиелерінің мекені)
Далба тауындағы Қаз дауысты Қазыбек бидің «сөре тасы», XVIII ғ.
Драверт үңгіріндегі петроглифтер
Жаяу Мұса жерленген жер, 1835 ж.
«Кемпіртас» археологиялық ескерткіші
Кентаушы Қосым Пішенбаев мазары, 1844 ж.
Қараман абыз жерленген жер, XVIII ғ.
Қыз тамы, XVII ғ.
Құрманбай абыз мазары – 1821 ж.
Сабындыкөл жағасындағы қола дәуірінің жерлеу кешені, б.д.д. II мың жылдық
Сұлтанмахмұт Торайғыров кесенесі, 1893 ж.
Торайғыр сақ қорғандары, б.д.д.VII-VIII ғғ.
Үкібай би кесенесі, XVIII ғ.

ЕКІБАСТҰЗ ҚАЛАСЫ

Күреңбай сыншы, XVIII ғ.
Өлеңті жазбалары

ЕРТІС АУДАНЫ
Жазы батыр жерленген жер, XVIII ғ.
Жалаулы көлі, XVIII ғ.
Найза мекені, XVIII ғ.
Таймас әулие кесенесі, XVIII ғ.
Түгел батыр жерленген жер, XVIII ғ.

ЖЕЛЕЗИН АУДАНЫ
Айқын апа жерленген жер, XVII ғ.
Алтын төбе жерлеуі
Бәйтерек әулие, XVII ғ.
Дербісәлі батыр Байбайұлы жерленген жер, XVIII ғ.
Жантемір қажы жерленген жер, 1856 ж.
Өмір батыр Байдәулетұлы жерленген жер, XVIII ғ.

МАЙ АУДАНЫ
Абылай жайлауы, XVIII ғ.
Ақбалық хазірет жерленген жер, 1833 ж.
Қайса Нұрғазыұлы кесенесі, 1888 ж.
Қалабалғасын мұнарасы, XIV-XVI ғ.
Қалмаққырған тауы, XVIII ғ.

ПАВЛОДАР АУДАНЫ
Нұрғали хазірет жерленген жер, 1832 ж.
Үміт апа жерленген жер, 1929 ж.

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ
Ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш, 1931-1933 жж.
Мәңгілік алау және даңқ ескерткіші, 1941-1945 жж.
Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориал, 1937 ж.
Шайхы ата жерленген жер, 1871 ж.

ТЕРЕҢКӨЛ АУДАНЫ
Қошман батыр жерленген жер, XVIII ғ.
Мұхамеджан зор молда жерленген жер, 1861 ж.
Сейілдә хазірет жерленген жер, 1874 ж.

УСПЕН АУДАНЫ
Ілияс Жанқараұлы жерленген жер, 1924 ж.

Тамөкөз батыр жерленген жер, XVIII ғ.

ШАРБАҚТЫ АУДАНЫ

Ғабдыл-Уахит хазірет кесенесі, 1853 ж.
Темірғалы Нүрекенов мазары, 1856 ж.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

АЙЫРТАУ АУДАНЫ

Айыртау-Имантау-Шалқар табиғи кешені

АҚЖАР АУДАНЫ

Байтайлақ батыр зираты, XVIII ғ.
Зейнелғабиден әл Жаухари зираты, XIX ғ.

АҚҚАЙЫҢ АУДАНЫ

Жансүгір батыр зираты, XIX ғ.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ АУДАНЫ

Тоқсанби Жабайұлы зираты, XIX ғ. басы

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ

Сәбит Мұқанов әдеби-мемориалдық музей-үйі, 1990 ж.
Ғабит Мүсірепов атымен байланысты нысандар кешені
(музей 1992 ж, Үлпан жерленген жер, 2012 жылы қайта жаңғыртылған)
Иван Шухов әдеби-мемориалдық музей-үйі, 1981 ж
Архистратиго-Михайловск әйелдер монастырі, XIX ғ.
Сүйіндік батыр зираты, XVIII ғ.

ҚЫЗЫЛЖАР АУДАНЫ

Ақ-Ирий ескі қаласы, ж.с.д. V ғ.
«Күміс орман» реликтісі

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ

Мағжан Жұмабаев атымен байланысты нысандар кешені
(Мағжан Жұмабаев музейі, 1989; ескерткіш тас, 1993; Сасықкөл өзені)

МАМЛЮТ АУДАНЫ
Меңгесер көлі

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ
Әулие апостолдар Петр және Павел шіркеуі, 1813 ж.
Бекен (Бекмағамбет) Жұмабаев жерленген жер, XX ғ. 30-ж.
Всехсвятский шіркеуі, 1894 ж.
Иисус жүрегінің аса қасиетті католик храмы
Қызылжар орталық мешіті, 2005 ж.
Мешіт, XIX ғ. II ж.
Орталық алаң, XX ғасырдың басы

ТАЙЫНША АУДАНЫ
«Қазақстан жұлдызы» алтарьі, 2014 ж.

ТИМИРЯЗЕВ АУДАНЫ
Сары және Сүйір батыр зираты, XVIII ғ.

УӘЛИХАНОВ АУДАНЫ
Теке көлі

ШАЛ АҚЫН АУДАНЫ
Байқара храмдық кешені, ж.с.д. V ғ.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

АБАЙ АУДАНЫ
Батыр Күшікбай Қанайұлы кешені, XXI ғ.
Еңлік-Кебек кесенесі, XX ғ.
Ескі там мектеп-медресесі, XIX ғ.
Кеңгірбай би кесенесі, XIX ғ.

АЯГӨЗ АУДАНЫ
Батыр Шахантай Жауғашарұлының кесенесі, XVIII ғ., 1993 ж. жаңартылған.

Дулат Бабатайұлы кесенесі, XX ғ.
Жобалай би кесенесі, XX ғ.

ЖАРМА АУДАНЫ

Арқарбай әулие Шоқантайұлы жерленген жер, XX ғ.
Бектұрған әулие кесенесі, XX ғ.
Боранбай би Қалқаманұлының кесенесі, XXI ғ.

ЗАЙСАН АУДАНЫ

Зайсан көлі
Қиын-Керіш таулары
Сауыр таулары

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫ

Рахман көлі

КҮРШІМ АУДАНЫ

Ашутас тауы
Барақ батыр Шүрекұлының ескерткіші, XXI ғ.
Марқакөл көлі

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ

Қасиетті бұлақ
Тыныбай Қаукенов мешіті, 1836 ж.

ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫ

Алау адырлар шоқысы
«Бөрітастаған» құз-жартасы
Омар Смағұлұлы кесенесі, XX ғ.
Тана би Тілемісұлының кесенесі XX ғ.
Шәкі би Тасыбайұлы жерленген жер, XX ғ.

ҰЛАН АУДАНЫ

Аблайкит – бекініс-ғибадатханасы, XVII ғ. II ж.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Айлыбаев Т.К., Тушева Е.К. Алтын төбе жерлеу орны // археологиялық зерттеулер есебі. Павлодар: ЭКО, 2018. – 45 б.

2. Ақышев З. «Жаяу Мұса» романы. – Алматы: Жазушы, 1990. – 416 б.

3. Алдаберген Қ. Орта жүз: Арғын-Айдабол тарихы. – Павлодар: ЭКО, 2015. – 1184 б.

4. Алдабергенов Қ.М., Арын Е.М., Бапхкеева Б.Т. Бір туар дара тұлғалар. – Павлодар: Университет баспа орталығы, «ЭК» Ғылыми өндірістік фирмасы, 2003. – 364 б.

5. Алпысбес М.А. Төбетұлы Б. Абылай заманындағы қазақ батырлары туралы тарихи-шежірелік таным/қазақ хандығының белгілі батыры // ғылыми жинақ. – Астана: Latin Print, 2015. – 220 б.

6. Артықбаев Ж. Баянауыл. – Астана: Фолиант, 2009. – 312 б.

7. Артықбаев Ж. Геологтарды қорқытқан айдаһарлы үңгірінің тылсым құдіреті // Қазақ тарихы, 2017. – 23.08.

8. Арын Е.М., Артықбаев Ж.О. Век казахско-джунгарского противостояния. – Павлодар: ЭКО, 2006. – 274 б.

9. Арын Е.М. Исабек ишан. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 380 б.

10. Асылан Т. «Қосымның боп тұрғаны Қалмұқан Исабайдың арқасы…» // Ақ желкен журналы, 2017. – № 6.

11. Ахметов Е. Павлодар облысынан шыққан қажылар. – Павлодар. ЭКО, 2010. – 99 б.

12. Аяшинов Д.М. Сырым руының шежіресі. – Павлодар: Сытина, 2010. – 459 б.

13. Байбосын С. Шипагер. –Павлодар: Сытина Н.И. баспаханасы, 2015. – 2016 б.

14. Горбунов С. В урочище Кылдыколь Экибастузского района построен мавзолейный комплекс Исабек Ишан Хазрета // Казахстанская Правда, 2011. № 21.

15. Джаксибаев С.И. Записки краеведа. – Павлодар: ЭКО, 2008. – 240 б.

16. Драверт П.Л. Грот с писаницей на озере Джасыбай в окрестностях Баян-Аула // Известия Западно-Сибирского отдела Русского географического общества, 1930. Вып.VII. С. 231-234;

17. Еңсебаев Т.А., Нұхұлы А. Павлодар өңірінің тарихы туралы очерктер. – Павлодар: Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, 2017. – 188 б.

18. Есім Ғ. Ақ өлең-аққулы мекен. Роман-эссе. – Алматы: Атамұра, 2012. – 224 б.

19. Жақып Б.Ө. Абылай хан: Казақ энциклопедиясы. – Алматы, 2013. – 656 б.

20. Жақсыбаев С. Үкібай би – өнегелі тарихи тұлға // Облыстық «Сарыарқа самалы» газеті, 2015. – 15 б.

21. Жаманбалинов М., Бәделханов А. Түгел батыр және оның ұрпақтары. – Павлодар: ЭКО, 1998. – 121 б.

22. Жаминов Н. История древнего Баянауыла, Коктау // Монографическое исследование. – Астана, 2005.

23. Жұбанов А. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы // Зерттеулер. – Алматы, 1942. – 235 б.

24. Жұманова Р. Қазанғап би Сатыбалдыұлы // Жаңа жол, 2017. – №37.

25. Жұматов Ғ. Таймас әулие // Шаһар қалалық газеті, 2012. 22.06. – 16 б.

26. Известия Западно-Сибирского отдела Русского географического общества. – 1930. – Вып.VII. – С.231-234.

27. Иллюстративные коллекции МАЭ как источник историко-этнографических сведений // Электронная библиотека Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН.

28. Инсебаев Т.А. Живая память слова. Т. 4. – Павлодар: ПГПИ, 2017. – 254 с.

29. Инсебаев Т.А. Павлодар – Ертіс өңірінің тарих беттері, 2 т. – Павлодар: ПМПИ, 2017. – 228 б.

30. Исабай Қ. Үкібай би (1778-1856)// тарих және тағдыр // Ақиқат, 2006. –№1. 41-45 бб.

31. Касенова А. Мавзолей сильной личности // Звезда Прииртышья. №32 18.07.2012.

32. Көпеев М.Ж. Таңдамалары. 1 т. – Алматы: Ғылым, 1990. – 273 б.

33. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. 1 т. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 436 б.

34. Көпейұлы М-Ж. Шығармалары». 8 том. – Павлодар: ЭКО, 2006. – 452 б.

35. Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін жинау: Павлодар облысы. – Алматы: Аруна, 2010. – 600 б.

36. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – 560 б.

37. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер //Древний мир права казахов: материалы, документы и исследования. 10 т. – Алматы: Жетіжарғы, 2008. – 568 б.

38. Қайыр Ж. Жер ортасы – Көктөбе. – Павлодар: Сытин. 2014. – 400 б.

39. Қайыров Е. Сыр сандық. –Павлодар: ПМУ, 2020. – 60 б.

40. Қайыров Е. Сағым жылдар // Қазақтың hас батыры Дербісәлі. – Екібастұз. 2016. – 266 б.

41. Қалабалғасұн мұнарасы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 428 б.

42. Қараман абыз // Баянтау, 2006. – №32. – 31-32 бб.

43. Құрманбек М. Қазақ батырлары. – Алматы. Қазақпарат баспасы, 2016. – 120 б.

44. Маргарян К.Г., Таиров А.Д. Каменные жертвенники Северного Казахстана // Вестник ЮУрГУ. Серия социально-гуманитарные науки. Т.17. № 2. – 2017. – С. 26-37.

45. Мәшһүр-Жүсіптің қысқаша энциклопедиясы // Өнер адамдары. – Павлодар, 2010. – 56 б.

46. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Сарыарқа тарихы. 1, 2, 3 нұсқа // Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары. – Павлодар: ЭКО, 2006. 8 т. – 264-290 бб.

47. Мерц В.К. Наскальные рисунки Павлодарского Прииртышья // Өлкетану – Краеведение. – 2002. – № 1. – С. 29-44.

48. Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия. – Алматы: ЭВЕРО, 2003. – С. 678.

49. Памятников истории и культуры Республики Казахстан // Павлодарская область. – Алматы: Аруна, 2010. – С. 415.

50. Попов Ю.Г. Баян-Аульские страницы: 1826-2006. – СПб, 2006. – С 68-69.

51. Рахимов Е.К. Муса Шорманов – общественный, государственный деятель и исследователь традиционной культуры казахов. Автореферат. – Томск, 2007. С. 39.

52. Рахметова М., Мұратова С. Жантөбет ұрпақтары. – Павлодар: Сытина, 2013. – 120 б.

53. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Павлодарская область. – Алматы: Аруна, 2010. – С. 332.

54. Смагулов Т.Н., Жанисов А.Т. Из истории и археологии Акколь-Жайильмы // Материалы международной научно-практической конференции «Проблемы сохранения и изучения культурного и природного наследия Прииртышья». Т. 1. – Павлодар: ПГПИ, 2008. – С. 247-264.

55. Смагулов Т.Н. Калбасунская башня: монография. – Алматы: ТОО «Хикари», 2012. – С. 160.

56. Тілеке Ж. Шежіре // Ертіс-Баянаул өңірі. – Павлодар: Дауа, 1995. – 368 б.

57. Хабдулина М.К. Храмы святилища сакской эпохи Северного Казах-

стана: религия и система мировоззрений древних и средневековых номадов Евразий // Сборник научных статей. – Алматы, 2016. – С 137-148.

58. Хамитов А. – Шежіре. Тарихи деректер. Қолжазба.

59. Хамитов А. Әулилер мекені. Қолжазба.

60. Хамитов А. Тамакөз батыр қыз. Қолжазба.

61. Хамитов Н., Хамитов А. Тамакөз. Қолжазба.

62. Энциклопедия // Павлодар облысы. 2003. 275 б.

63. Ягнышева Н.П. Со слов очевидца // Сборник. №93.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Абылая белый дом // Северо-Казахстанская область. Энциклопедия. – Издание 2-е, дополненное. – Алматы: Арыс, 2006. – С. 119-120. – 672 с.

2. Археологическая карта Казахстана. – Алма-Ата, Изд-во академии наук Казахской ССР, 1960. – С. 39.

3. Архивная справка от 06.05.1992г. № 27/6-2-21. ЦГА Республики Казахстан, ф.342, оп.1, д.714, л.44.

4. Архивная справка от 08.06.1992 г. ЦГА Республики Казахстан, ф.64, оп.1, д.943, лл.1-18.

5. Архивная справка от 15.02.1993 г. № 11.12/5. ГА Северо-Казахстанской области.

6. Архивные материалы института Севгражданпроект.

7. Атлас Мамлютского района Северо-Казахстанской области (школьно - краеведческий) // Имангулова Т.В., Имангулов Д.А., Безгина Т.А. – Алматы, 2008.

8. «Ауыл арайы» // Районная газета, № 7 от 08.02.2019.

9. Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1999. – 296 с.

10. Белякина А. «Забытый основатель Семипалатинска» // «Караван», 29.05.2015.

11. Воспоминания работницы фабрики «Комсомолка» В.М. Шинкаревой.

12. Воспоминания старожилов. Записано СНС Северо-Казахстанского областного краеведческого музея Л.Г. Члек, 01.04.94 г.

13. Газета «Ленинское знамя», № 4 от 07.01.1976.

14. Газета «Мир труда», 06.05.1922.

15. Газета «Приишимье», 06.05.1917.

16. Газета «Приишимье», 28.07. 1915.

17. Газета «Степная речь», № 76 от 01.08.1917.

18. Газета «Степной край». – Омск, № 11. 1896.

19. Газета «Степной край». – Омск, № 95. 1897.

20. Газета войсковой печати «Қалқан», 2018 г. По материалам, представленным д.м.н., членом-корреспондентом военных наук Республики Казахстан Сартаевым Ж.Н.

21. ГАСКО Ф. 158 «Личный фонд Бенюха М.И.»

22. ГАСКО Ф. Ф.55, оп, д 350, л. 290158 «Личный фонд Бенюха М.И.»

23. ГАСКО, ф. 1076, оп. 1, д. 56, л. 5.

24. ГАСКО, ф. 30 св. 1, оп. 1, д. 8, л. 50.

25. ГАСКО, ф. 55, оп. 1, д. 350, л. 202.

26. ГАСКО, ф.55, оп 1, д.350; Ф924, оп1, д.145.

27. ГАСКО. ф. 55, оп.1, д.350, л.149.

28. География Мамлютского района Северо-Казахстанской области (Учебное пособие. Региональный компонент). Имангулова Т.В., Безгина Т.А. Петропавловск 2006 г-138 с. +13 карто-схема, +10 с. Цв.иллюстраций.

29. Давлеткельдиева Р.Г. Школа, страницы истории. – Петропавловск, 1986.

30. Даниленко Т.А. Костяной инвентарь поселения Ботай // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск, 1985, – С. 34-47.

31. Ежегодный отчёт епархии за 1911 г. Краков.

32. Ежегодный отчёт епархии за 1912 г. Краков.

33. Ежегодный отчёт епархии за 1923 г. Краков.

34. Елеукенов Ш. Магжан. Творческая биография. –Алматы: Санат, 1995.

35. Ермолова Н.М. Остатки млекопитающих поселения Ботай (по раскопкам 1982 года) // Проблемы реконструкции хозяйства и технологий по данным археологии. – Петропавловск, 1993. – С. 87-89.

36. Жумабаев М. Ахан-Серэ, Ташкент, 1923.

37. Жунусов С. Ахан-серэ. – Москва: Советский писатель, 1979.

38. Заитов В.И. Характеристика каменных орудий поселения Ботай // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск, 1985. – С. 17-33.

39. Зайберт В.Ф. Охранные работы на поселении Ботай. Отчет. Полевые исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1980 году. – Петропавловск, 1981. – С. 5-108.

40. Зайберт В.Ф. Поселение Ботай и задачи исследования энеолита Северного Казахстана // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск, 1985. – С. 3-17.

41. Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. – Петропавловск, 1993.

42. Зайберт В.Ф., Кисленко А.М., Плешаков А.А. Разведочные обследования археологических памятников Северо-Казахстанской области. Отчет. Археологические исследования в Северо-Казахстанской области в 1988 году. – Петропавловск, 1989. – Т. 1. – С. 41.

43. Зайберт В.Ф., Расстегняев В.В., Мартынюк О.И. Разведочные обследования. Отчет. Археологические исследования в Северо-Казахстанской области в 1987 году. – Петропавловск, 1988. – С. 49.

44. Зайберт Ф. Ботайская культуры. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 576 с.

45. Зданович Г.Б., Зданович С.Я. Отчет. Археологические работы в Северо-Казахстанской области в 1966 году. – Петропавловск, 1967.

46. Зейнелғабиден бин әл-Хаж Әмре, әл-Жауари. Насихат Қазақия. – Уфа: Шарқ, 1909.

47. Зейнелғабиден Әл-Жауһари Әл-Омскауи. Насиқат Қазақия. – Алматы: Орхон, 2009. - 48 б.

48. Из истории татарских мечетей г. Петропавловска / З. Махмутов // Эхо веков. – 2008. – № 1.

49. Казахская ССР: краткая энциклопедия / Гл. ред. Р. Н. Нургалиев. – Алма-Ата, 1991. – Т. 4: Язык. Литература. Фольклор. Искусство. Архитектура. – С. 534.

50. Карасая и Агынтая батыров мемориальный комплекс // Северо-Казахстанская область. Энциклопедия. – Издание 2-е, дополненное. – Алматы: Арыс, 2006. – С. 316-317. – 672 с.

51. Кисленко А.М. Опыт реконструкции энеолитического жилища // Проблемы реконструкции хозяйства и технологий по данным археологии. – Петропавловск, 1993. – С. 117-136.

52. Кошенова Р.Н. Педагогические воззрения Магжана Жумабаева. – Алматы, 1995.

53. Кузенный А. Шалкар хранит секреты // Казахстанская правда. № 139, 2006. – С. 8.

54. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.

55. Қызылжар елі – Жемчужина севера. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, ЖШС, 2007. – Б. 496.

56. Любушак А. В краю белых берез и голубых озер: туристскими маршрутами: Айыртауский район // Северный Казахстан. – № 115, 2007. – С. 5.

57. Мартынюк О.И. Керамика поселения Ботай // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск, 1985. – С. 59-72.

58. Материалы краеведов (К.С. Ушков, Р.Г. Давлеткильдеева, М.Г. Максютова, А.В. Довженко, А.И. Молоткова, М.И. Бенюх).

59. Морозов М.А. Петропавловск в дореволюционных литературных источниках. – Л., 1991.

60. Морозов М.А. По Петропавловску. – Алма-Ата, 1981.

61. Морозов М.А. Петропавловск – северные ворота Казахстана. – Омск, 1993.

62. Муканова Г. Золото Приишимья: из истории края // Северный Казахстан. № 52, 2004. – С. 10.

63. Мусрепов Г. Ахан-сере и Актокты. – Алма-Ата, 1942.

64. Мусрепов Габит Махмудович // Большая советская энциклопедия: [в 30 т.] / гл. ред. А.М. Прохоров. - 3-е изд. - М.: Советская энциклопедия, 1969-1978.

65. Мырзахметов М. История Абаеведения. – Алматы: Ана тілі, 1994. 192 с.

66. Набоков С.Ф. Отчет об археологической разведке в Северо-Казахстанской области в 1968 году. Отчет. Археологические исследования на территории Северо-Казахстанской области в 1968 году. – Петропавловск 1968. –С. 95-96.

67. Нузданов В.Ф. Сто лет в пути // На главном ходу Транссиба. – Петропавловск, 1991.

68. Осипов Н., Холодков А. Петропавловское локомотивное депо. – Петропавловск, 1990.

69. Отчет. Археологические исследования на территории Северного Казахстана в 2004 году. – Петропавловск 2005. – С. 19.

70. Отчет. Археологические исследования на территории Северного Казахстана в 2005 году. – Петропавловск, 2006. – С. 18.

71. Отчет. Археологические исследования на территории Северного Казахстана в 2005 году. – Петропавловск, 2006. – С. 1-7.

72. Отчет. Археологические исследования на территории Северного Казахстана в 2005 году. – Петропавловск, 2006. – С. 8-18

73. Отчет. Полевые исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1980 году. – Петропавловск, 1981. – С. 109-113.

74. Парцингер Г., Зайберт В., Наглер А., Плешаков А. Большой курган Байкара. Исследование скифского святилища. Deutsches Archäologisches Iinstitut. Eurasien-Abteilung. Mainz: von Zabern, 2003. – С. 97-109.

75. Плешаков А.А. Раскопки археологического объекта Ак-Ирий. Отчет. Археологические исследования на территории Северного Казахстана в 2004 году. – Петропавловск, 2005. – С. 5-40.

76. Плешаков А.А., Зайберт В.Ф. Рубящие орудия поселения Ботай // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск, 1985. – С. 48-59.

77. Постановление Совета Министров Казахской ССР от 26 января 1982 года N 38 «О памятниках истории и культуры Казахской ССР Республиканского значения».

78. Религиозные объединения Северо-Казахстанской области: история и современность / Я.Ф. Трофимов, А.В. Никифоров, О.В. Синяков / – Петропавловск, 2016.

79. Свеча в ураганной ночи (жизнь и творчество М. Жумабаева). Редактор-составитель, автор вступительного слова и предисловий к разделам - член Союза писателей Казахстана Владимир Шестериков. – Петропавловск: Областной комитет по культуре, 1993.

80. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Северо-Казахстанская область. – Алматы: Аруна, 2007. – 496 с.

81. Северо-Казахстанская область. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2004. – 672 с.

82. Северо-Казахстанский государственный архив. Ф.1056.

83. Сейдимбек А. Шығармалары. Алты томдық. – Т. 2. Қазақ әлемі, этномәдени пайымдау. – Астана: Фолиант, 2010. – 816 б.

84. Семенов А.И. Город Петропавловск за 200 лет.

85. Семенов П.П. Географическо-статистический словарь Российской империи. – СПб. – Т.4. 1873.

86. Скальский К. Омская епархия. Опыт географического и историко-статистического описания городов, сел, станиц и поселков, входящих в состав Омской епархии Омск: Типография А.К. Демидова, 1900. – 428 с. С приложением 24 рисунков и карты.

87. Тайшыбай З. Абылай атын ардақтап / Оқу құралы. – Павлодар, 2014. – 20-21-бб.

88. Тайшыбай З. Қазақтың ханы – Абылай. – Алматы, 2011. – I том. – 223 б.

89. Тайшыбай З. Насихат Қазақия жинағындағы Абай өлеңдері // Жұлдыз, № 5, 2008.

90. Ташибаев К., Керейбаев К. Сиыршыдан шыққан білімпаз. – Көкшетау, 11.01.1994

91. Археологические исследования на территории Северного Казахстана в 2004 году. – Петропавловск, 2005. – С. 19.

92. Хасенов. Казахская история 5000 лет выпуска. – Алматы, 1996.

93. ЦГА КазССР, Ф. 342, оп. 1д 3 л 68-30 д. 167, л. 1-113.

94. ЦГА РК, Ф. 342, оп. 1, д. 93, д. 154, д. 159, д. 169 (планы домов г. Петропавловска).

95. ЦГА РК, Ф. 566, оп. 1, д. 4. «Городская управа 1861-1919 гг.».

96. Цинская империя. Казахские ханства. Вторая половина XVIII первая треть XIX. Составители К.Ш.Хафизова, В.А.Моисеев. – Алматы: Наука 1989 г., 1 часть. 216 с.

97. Чернай И.Л. Текстильное дело и керамики по материалам из памятников энеолита-бронзы Южного Зауралья и Северного Казахстана // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск, 1985. – С. 93-110.

98. Чураев Е.И. Сибирь. Спутник и адресно-справочная торгово-промышленная книга. – М., 1910.

99. Яворская В.Н. 100 представителей дикорастущей флоры Северного Казахстана и юга Западной Сибири: учебно-методическое пособие. – Петропавловск: СКГУ им. М. Козыбаева, 2008. – 178 с.

100. Яворская В.Н. Ботанические заказники Северо-Казахстанской области // Проблемы природного районирования и охраны природы. – Уфа, 1982. – С. 92-96.

101. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1975-1821 годов, Ерофеева И.В., 1 том «Письма казахских правителей 1675-1780 гг.», 696 стр., 2 том «Письма казахских правителей 1738-1821 гг.» 1032 стр., Алматы: АО «Абди компани» 2014 г.

Интернетресурстар:

http://petr-pavel.kz/istoriya-hrama

http://katolik-petropavlovsk.com/prihod

http://skomo.ucoz.kz/publ/predposylki_sozdanija_i_stanovlenija_zakaznikov_v_sko/1-1-0-36

https://pkzsk.info/tag/gazeta-petropavlovsk-kz/

http://www.warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=20671

http://jansugurov.kz/poema-kulager-2/

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Адрианов А.В. Отчет о поездке летом 1911 года. – СПб.: Типография Императорской Академии наук. 1912. – С. 105-111.

2. Адрианов А.В. К археологии Западного Алтая (из поездки в Семипалатинскую область в 1911 г.). // ИИАК. – 1916. – Вып. 62. – С. 77-79.

3. Алтынбек Б. Қазақ батырларының тағдыры. Боранбай Би Қалқаманұлы. – 2016.

4. Арсланова Ф.Х. Очерки средневековой археологии Верхнего Прииртышья. Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. 3. Под общей редакцией З. Самашева; составитель Б. Хасенова. Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана. – Астана, 2013. – 405 с.

5. Байболов Б. Легенда о происхождении горы Бор-Тастаган // Записки Семипалатинского отдела Общества изучения Казахстана. – 1914. – Вып. VIII. – С. 8.

6. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет: таңдамалы ғылыми-зерттеулер. 2-басылым. – Алматы: Жібек жолы, 2005.

7. Байтенов Э. М. Статьи для Свода памятников истории и культуры Восточно-Казахстанской области. – Областное Управление культуры ВКО.

8. Байтенов Э.М. Новые материалы по древнему наследию Тарбагатая. – Алматы: Строительство и архитектура, 2016. – С. 9-10.

9. Бес ғасыр жырлайды: 2 Томдық / Құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.

10. Березовиков Н.Н., Ерохина О.Г. и др. Физико-географическая характеристика Маркакольского заповедника / Труды Маркакольского заповедника. Т. 1. – Усть-Каменогорск, 2005.

11. Бөрітостаған және оның мәртебесі. – Алматы: Елтаным, 2014.

12. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах / Отв. ред. академик А.Х. Маргулан. – Алма-Ата: АН КазССР, 1961. –Т. 1. – 777 с.

13. Гвоздецкий Н.А., Николаев В. А. Казахстан: очерк природы. – Москва: Мысль, 1971. – С. 296.

14. Географическая энциклопедия «Восточный Казахстан». – Усть-Каменогорск, 2014.

15. Гмелин И.Г. Семь палат и Аблайкит: описание двух монастырей на Верхнем Иртыше. – Геттинген, 1751.

16. Грязнов М.П. Памятники майэмнрского этапа эпохи ранних кочевников на Алтае // КСИИМК. – 1947. – Вып. XVIII. – С. 9-17.

17. Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. В поисках следов свернувшейся пантеры: к изучению памятников Майемерской степи // ПАС. – 2011. – С. 67-88.

18. Егізбаев Қ. Тағылым. – Семей, 2001.

19. Ел аузынан: еңбек ардагері Тоққараұлы Досымханнан алынған мәліметтер.

20. Ер ұраны – Ер Жәнібек: Зерттеу мақалалары. – Алматы: Ер Жәнібек халықаралық қоғамдық қоры, 2014. – 284 б.

21. Жанболатұлы М. Тобықты – Шыңғыстау шежіресі. ЖШС «Курсив», 2004.

22. Илиуф Х.Ш. Древности Кокен-Тау // Роль музеев на современном этапе и перспективы развития: матер. Междунар. научн.-практич. конф., посвящ. 70-летию музея. – Павлодар. 2012. – С. 29-35.

23. Исин А.И. Шыңғыстау, Берел, Шілікті, Абыралы: 1999-2003 жж. Археологиялық зерттеулер. – Семей, 2004. – 183 б.

24. Кашляк В.Н. Храмы Семипалатинска: прошлое и настоящее. – Семипалатинск, 2004. – 610 с.

25. Кожа М. Памятник Козы Корпеш - Баян сулу // От Алтая до Каспия. Атлас памятников и достопримечательностей природы и культуры Казахстана. В 3-х томах. -Алматы. 2011. – Т. 1. – 584 с.

26. Козы Корпеш и Баян сулу. Кыз Жибек: Казахский романический эпос / Отв. ред. С.С. Кирабаев. Е.А. Поцелуевский. – М.: Восточная литература. 2003. – 439 с.

27. Киелі аймақ (Аякөз ауданының тарихы туралы жинақ) // Құрастырушы: Бақытөмір Шалғынбай. –Алматы, 2015. – 308 б.

28. Кудаков Е.В. Загадки и тайны Ак-Бауыра // Братина. – М., 2002. Вып. 1. – 32 с.

29. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-X вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: 1972. –156 с.

30. Қабышұлы М. Тана мырза тағылымы / Естігенім, көргенім, білгенім. – Семей, 2014.

31. Qurban Ali Halidi An Islamic Biographical Dictionary of the Eastern Kazakh Steppe: 1770-1912 (Brill's Inner Asian Library) (English and Arabic Edition), 1770-1912 / edited by Allen J. Frank and Mirkasyim A. Usmanov. p. cm. — (Brill's Inner Asian library, ISSN 1566-7162 ; v. 12)

32. Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса (бес тарих). Астана: «Prosper print» ЖШС, 2014. – 286 б.

33. Марсадолов Л.С. Астрономическая обсерватория в Горном Алтае // Археологические культуры Евразии и проблемы их интеграции: краткие

тез. докл. научи, конф . посвяш 60-летию Отдела археологии Восточной Европы и Сибири (4-5 декабря 1991, г. Санкт-Петербург). – СПб., 1991. – С. 27-29.

34. Марсадолов Л.С. Исследования Саян о Алтайской археологической экспедипии в 1998 г. // Отчетная археологическая сессия Государственного Эрмитажа за 1998 год: тез. докл. – СПб. – 1999. – С. 9-12.

35. Марсадолов Л.С. Астрономический аспект грота Ак-Бзур на Западном Алтае И Jeman 2000. Associated Symposium. Astronomy of Ancient Civilizations. – M_. 2000. – P.27.

36. Марсадолов Л.С. Методические аспекты изучения древних святилищ Саяно-Алтая Теория и практика археологических исследований: сб. научи, тр.. посвяпт. 60-летаю Ю.Ф. Кирюптинз. – Барнаул. 2005. – Выл. 1. – С. 34-42.

37. Марсадолов Л.С., Саматев З.С., Шер Я.А., Ермолаева А.С., Курманкулов Ж.К., Жетабаев Ж.М. Исследования в Восточном Казахстане в 1997 г. И Отчетная археологическая сессия Государственного Эрмитажа. – СПб. 1998. – С. 7-11.

38. Материалы и исследования по культурному наследию. Т. XII. Петроглифы Тарбагатая. Шимайлы / З.С. Самашев. Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2018. – 366 б.

39. Материалы и исследования по культурному наследию. Т. XIII. Берел. Тридцать шестой курган / З.С. Самашев. Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2018. – 324 б.

40. Мечеть Тыныбая Каукенова: (о зданиях – памятниках архитектуры города Семей) // Вести Семея. 08.03.2011.

41. Михайлов В. Маркаколь. – Алма-Ата, 1983. – С. 167.

42. Михайлова Н. И., Логиновская А. Н. Проблема разрушения берегов озера Алаколь // Интерэкспо Гео-Сибирь. 2012. № 3. – С.157-162

43. Национальная энциклопедия. Т. 1. Казахстан. – Алматы, 2001.

44. Никитин В. Краткое описание памятников древности Семипалатинской области // Известия Императорской археологической комиссии. – 1902. – Вып. 2. – С. 103-111.

45. Нұрқасым Қ. Ұмытпаңдар мені. – Алматы: Алматы баспасы, 2000.

46. Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б.Б. Үржар ауданындағы 2017 жылғы археологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері (қазақстанның киелі географиясы хақында) // Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая – World of Great Altay 3 (4) – 2017. – 625-634 бб.

47. Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б.Б., Сағындыкова С.Т. Үржар өңірінің жартас бетіндегі суреттері. «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұра-

сын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 45-54 бб.

48. Оспанов А. Құштарлық қуаты. Зияткер баспасы, 2010.

49. Отчет В. Каменского. Зайсанская экспедиция // Архив ИИМКРАН, ф. 81. д. 31.

50. Пантусов Н.Н. Памятник Козу-керпеч и Баян-солу (Лепсинского уезда) // ПТКЛА. год IV. – Ташкент. 1899.

51. Поляков Г. И. Поездка на озера Зайсан-Нор и Маркакуль в 1909 г. – Москва, 1912.

52. Прокопов К. П. Голоса Ашутаса. – Усть-Каменогорск, 2016.

53. Самашев З. Берел. – Алматы: Таймас, 2011. – 236 б.

54. Самашев З. Грот Акбаур с писаницей в Восточном Казахстан // Проблемы изучения наскальных изображений с СССР. –М., 1990. – С. 123-129.

55. Самашев З.С., Базарбаева Г.А., Джумабекова Г.С. Берельские курганы Казахского Алтая // Казахская культура: исследования и поиски. Сборник научных статей. – Алматы., 2000. – С. 66-91.

56. Самашев З., Жумабекова Г., Базарбаева Г. Берел – выдающийся памятник истории и культуры древних кочевников Казахстана // История Казахстана в школе и вузах. – 2002. – №9. – С. 17-24.

57. Самашев З., Сұңғытай С., Жұмабекова Г. Алтайдағы Берел обалары // Абай. – 2000. – №1. – Б. 6-10.

58. Самашев З., Базарбаева Г., Джумабекова Г., Сунгатай С. «Berel-Берел. Альбом». – Алматы. 2000. – 50 с. – Общественный фонд поддержки историко-археологических памятников и культурного наследия «Берел».

59. Самашев З., Байтлеу Д., Оралбай Е., Толегенов Е., Кариев Е., Олжаев Д. Наскальные рисунки Тарбагатая // Алтай – Түркі әлемінің алтын бесігі. – Өскемен, 2013. – С. 258-262.

60. Самашев З., Ермолаева А., Кущ Г. Древние сокровища Казахского Алтая. – Алматы, 2007. – 200 с.

61. Самашев З., Мургабаев С., Оралбай Е., Кариев Е. Новые петроглифы Каратау и Тарбагатая // Тр. ФИА. – 2013. Т.I. – С. 79-94.

62. Самашев З., Оралбай Е., Бесетаев Б. Сарыкөл ғибадатханасындағы қазба жұмыстарының кейбір қортындылары // Номады казахских степей: этно-социокультурные процессы и контакты в Евразии скифо-сакской эпохи. Тез. Докл. Междунар. Научн. Конф. – Астана, 2007. – С. 67-68.

63. Самашев З., Сапашев О., Оралбай Е., Исин А., Толегенов Е., Сайлаубай Е. Памятники монументального искусства Восточного Казахстана (древность и средневековье). – Алматы: ТОО «Археология», 2010. – 216 с.

64. Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы: Онер. 2006. – 200 с.

65. Святой ключ. URL: https://pravsobor.kz/SVYATOI_ KLUCH.html

66. Святой ключ. Семипалатинско-Абалацкая икона Божией Матери. URL: http://pravsobor.kz

67. Седельников А. Н. Озеро Зайсан. Записки ЗСО РГО. Вып. 35. – 1910.

68. Седельников А. Н. Озеро Маркаколь. (Предварительный отчет) // Известия Зап-Сиб. Отделения Русского Географического Общества. – 1919. – Т. 2. – Вып. 1–2.

69. Семби М. Память земли тюрко-монгольской: истоки и символика топонимов (Тюркский меридиан). – Алматы: КазНИИК, 2013. – 296 с. (Серия «Труды КазНИИК». Том. 1.).

70. Смағұлова С., Құттыбаев Е., Кәкімұлы Қ., Жұмаханов Е., Сатиев Х. Бөрітастаған: мәртебесі және болашағы // Республикалық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Елтаным, 2014.

71. Толеубаев А. Итоги исследований памятников раннего железного века Тарбагатая н Жетысуского Алатау // Свидетели тысячелетни: Археологическая наука Казахстана за 20 лет (1991-2011): сб. научн. ст. – Алматы: Институт археологии нм. А.Х. Маргулана. 20116. – С. 156-174.

72. Толеубаев А.Т. Проблема создания музея-заповедника на раннесакскнх памятниках Шиликты // Сборник материалов Международного семинара-тренинга по историко-культурному наследию стран СНГ (19-23 сентября 2011. г. Алматы). – Алматы. 2011. – С. 121-134.

73. Толеубаев А.Т. Раннесакская Шиликтинская культура. – Алматы: ИП «Садвакасов А.К.», 2018. – 528 с.

74. Уалиев Н. Қызмет еттік заманға. – Астана: Фолиант, 2006.

75. Хохлов В.А. Зайсанская котловина и Тарбагатай (птицы). Часть 1 // Известия Томского гос. ун-та, 1928. – Т. 81. – С. 158–193.

76. Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. – М: Изд-во АН СССР. 1960. – 285 с.

77. Черников С.С. Загадка Золотого кургана. Где и когда зародилось «скифское искусство». – М.: 1965. («Из истории мировой культуры»).

78. Черников С.С. Памятники архитектуры ойрат-калмыков // Записки Калмыцкого научно-исследовательского института языка, литературы и истории Калмыцкой АССР. Вып. 1. – Элиста, 1960. – С. 115–128.

79. Шалғынбай Б. Аяулы мекен Аякөз. Жинақ. Авторы және құрастырған облыстық «Мөлдір сана» қоғамдық газетінің редакторы. –Алматы Нұрлы әлем, 2008. – 160 б.

80. Шәкәрім. Энциклопедия / Бас.ред. Е.Б. Сыдықов. – Семей, 2008. – 864 б.

81. Шөмшеков С. Өмір белестері. – Семей: Семей-печать, 2010.

82. Шығыс жұлдыздары. Энциклопедиялық анықтамалық. 2-т. – Астана: Фолиант, 2011.

83. Шығыс Қазақстан. Безендірілген атлас. Шығыс Қазақстан облысы, 2011 – 224 б.

84. Шығыс Қазақстан облысы сәулет және монументалды ескерткіштерінің тізбесі / Свод архитектурных и монументальных памятников Восточно-Казахстанской области. – Өскемен: Альфа-Пресс, 2005.

85. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. – Алматы, 2005.

МАЗМҰНЫ

РЕДАКЦИЯДАН.....6

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ.....8

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ.....68

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ.....130

ҚОСЫМШАЛАР.....200

Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті орындарының тізімі.....200

Павлодар облысы бойынша
жергілікті маңызы бар ескерткіштерінің тізімі.....203

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша
жергілікті маңызы бар ескерткіштерінің тізімі.....205

Шығыс Қазақстан облысы бойынша
жергілікті маңызы бар ескерткіштерінің тізімі.....206

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....208

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

IV ТОМ

Редакторы *Ахмади А.*
Беттеген *Кәрібаева Н.*
Дизайнын жасаған *О. Анесов*

Пішімі 70x100$^{1}/_{16}$. Басуға 10.11.2020 қол қойылды.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №5350.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.050002, Алматы қаласы,
М. Мақатаев көшесі, 41.